

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№7 (184),
шілде
2020 жыл

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, – т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
М.Ноғайбаева, Д.Салқынбек,
Қ.Құнапина – т.ғ.к., доц.; С.Дүй-
сен – п.ғ.к., Қ.Қарамандаев –
тарихшы-зерттеуші.

С.Әбішқызы – тұңғыш бас
редактор. Б.Матеева – ұс-
таз-әдіскер. Ш.Танмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Исбаева,
Ұ.Елшібай – озат ұстаздар.

.....

Басуға 16.07.2020 ж. жіберілді.

Пішімі 84 x 108¹/₁₆.

Шартты б.т. – 5. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.

Таралымы – 1500.

Индекс – 75748.

Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

.....

Авторлар қазақша ғылыми-
теориялық мақалаға орысша,
ағылшынша, орысша мақалаға қа-
зақша, ағылшынша, ағылшынша
мақалаға қазақша, орысша резюме
ұсынуға міндетті. Мақаланың ғы-
лыми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың байлам-
тұжырымдары редакция көзқара-
сымен сәйкеспей де мүмкін. Кө-
шіріп басылса не пайдаланылса,
сілтеме жасалуы тиіс.

Журнал ҚР БҒМ Білім және
ғылым саласындағы бақылау
комитеті (БҒСБҚ) ұсынған
тізімде бар.

Журнал в списке рекомендо-
ванных ККСОН МОН РК.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Шерхан Зұлхарнайұлы. Хандық басқару институты	2
Е.Исахов, Б.Кәрібаев. Қазақ хандығының құрылу барысы	4
Қуаныш Бектұрғанов, Нұрай Сейілханова. Жат жерде хандық құрған	7
Сайлау Қожағұлов. Ұлттық рухымыздың, рухани дамуымыздың темірқазығы	8
Данагүл Махат. Абай және XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары	11
Аманжол Қалыш, Әлия Исаева. Ұлттық қолөнер	16
Дана Әліпова, Кәмшат Жұмабаева. Жайық, Каспий балық кәсіпшілігі	20
Әлібек Аман, Жанат Боқатов, Мәншүк Әбілғазиева. Батыс Қазақстанға депортацияланған және эвакуацияланған тұрғындар	25
Айнұр Қалыбаева. Қазақстандағы жер мәселесі	27
Өтеген Исенов. Әлихан Бөкейханов жер мәселесі хақында	30
Назира Дүйсембаева. Алаш қайраткерлері.	32
Асан Жәлелов, Алма Байжанова. Сәдуақас Боқаев	33
Минсара Қараманова, Құралай Өтегенова. Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар	36
Жаңабек Таштанов. Сайрам өңірі студенттерінің билікке жазған шағымы	38
Досалы Салқынбек. Сәуір құрылтайы	41
Танакөз Жақыпова, Айгүл Әділбаева. Шығыс Қазақстандағы этнодемография	43
Болат Нығметов. Атырау балық-құты комбинаты	46
Құндызай Ерімбетова. Артиллерия барлаушысы Нағи батырдың ерлік іздері: тың деректер	48
Күлаш Төлентаева, Маржан Дауытбекова. Хиуаз Доспанова	52
Жанар Белгібай. Асанбай Асқаровтың мемуарлық еңбектері	57
Елизавета Исибаева, Балжан Дәулетиярова. "Ауыл жылы" бағдарламасының нәтижелері	59
Олжас Шағанбекұлы. Қазақстан халқы ассамблеясы	64
Ботагөз Сапарбекова. Оңтүстік Қазақстанның демографиялық сипаты	65
А.Туякова, Э.Сеитов. Реализация стратегии ассамблеи народа Казахстана	67
Н.Лапин, К.Аканов. Казахстанско-Российские отношения	69
Даурен Майхиев. Историческая роль Нурсултана Назарбаева	73
Талдыбек Нұрпейіс, Жұмахан Арынов. Особенные мотивы "звериного стиля" древней культуры саков	77

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Рахия Дәрменова, Әсел Ахметова. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі	79
---	----

ХАНДЫҚ БАСҚАРУ ИНСТИТУТЫ: артықшылығы және қызметі

Шерхан ЗҰЛХАРНАЙҰЛЫ,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология
факультетінің 1-курс магистранты

Ежелден түркі халықтарында жоғарғы мемлекеттік билік тетігінің басында саяси-құқықтық және генеологиялық жағынан ерекшеленетін хандық басқару институты тұрды. Мемлекеттік биліктің ең жоғарғы басқару институты болып саналғандықтан, бұл миноритарлық топ өкілдерінің беделі мен маңызы дәстүрлі қазақ қоғамында аса зор мәртебеге ие болды.

Көшпелілердің ежелгі және орта ғасырлардағы мемлекеттік құрылымының ең басты белгісі – хандық билік [1, 12-б.]. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы «ақсүйек» тобына жататын қолында жоғарғы саяси билігі бар төрелер өкілдерін хан-сұлтандар құрады. Қазақ хандығы дәуірінде ең жоғарғы саяси мемлекеттік билік хан қолында болды. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тараған «алтын ұрық» («алтын ұрпақ», «чингизидтер») қазақ хандарының негізгі генеологиялық сабақтастығын тізді. Ел арасында: «қазақта хан Шыңғыстан басталып, Шыңғыспен аяқталды» деген сөз бар. Біріншісі XII ғасырда өмір сүрсе, екіншісі XIX ғасырда тіршілік еткен соңғы шыңғыс ұрпақтары Кенесары заманындағы хандармен қазақ хандарының шежіресі аяқталғанын көрсетеді. Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібектен бастап, XIX ғ. 20-60-жылдарындағы реформаларға дейін хандық биліктің әлсіреп, жойылуына дейін төрелерден шыққан хандар өз қызметін атқарды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында хан билігінің мұрагерлік жолмен легитимді түрде берілуі байырғы түркілер, кейінде моңғол үстемдігі орнаған Шыңғыс хан қолданған ретпен жүзеге асырылды. Басқару моңғолдық дәстүрмен жалғасып, жоғарғы билік Шыңғыс ұрпақтарына ғана тиесілі болды [2, 89-б.]. Тарихшы-ғалым Берекет Кәрібаевтың пікірінше жоғарғы билік мұралануда моңғолдық дәстүрді алмастыра алған қыпшақтық дәстүр арасында өзгешеліктер бар болып, XIII–XIV ғасырдың ортасына дейін моңғолдық дәстүр үстемдік құрып келген. XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың ортасына дейінгі аралықтағы саяси оқиғалардың көбісінің астарында осы екі дәстүр арасындағы күрестер жатты [3, 457-б.]. Көретініміздей хандық биліктің Жошы ұрпақтары арасында моңғолдық дәстүрмен берілуі тарихи-табиғи үрдіске сай жергілікті халық ұстанатын қағидатқа сәйкес «қыпшақтық» дәстүрмен сабақтасты. Моңғолдық дәстүр бойынша, билік

атадан әкеге, әкеден балаға, одан тікелей немереге ауысып отырған. Ал қыпшақтық дәстүрде – ол әкеден оның бірге туған бауырларына, әулеттің жасы үлкен өкіліне берілетін болған [4, 43-б.]. Мысал келтірсек, Қазақ хандығының алғашқы тізгіні дәстүр бойынша Ақ Орданың соңғы ханы Барақтың ұлы Жәнібек сұлтанға тиесілі болса да, хан лауазымына «үлкендік» (ағалық) жолмен немере ағасы Керей хан болып тағайындалды. Осылайша хандық институттың тәжірбиесінің арқасында хан мәртебесі мұрагерлік жолымен берілді, хан өлсе орнына үлкен баласы отырды, егер ер жеткен баласы болмаған жағдайда аға-інілері, немесе олардың балалары отырды. Бірақ Қазақ хандығындағы билік «мұрагерлік» жолмен әкеден балаға берілуі қатып қалған қатаң тәртіпте болмай, меритократиялық жолмен бастысы «генеологиялық шеңберді» сақтай отыра інісі, немере немесе шөбере інілері де иемдене алды. Соның біріне П.И.Рычков мынадай жолдар келтіреді: «Хан мұрагерлік тәртіппен сайланбайды. Ру басылары кімді таңдаса, сол хан болады. Хан билігі мен абыройлы атқарып отырған ісіне, ақылына байланысты өлшенеді» [5, 579-580-б.].

Ал хан мұрагерлерінің таққа отыруы сұлтандар мен ру-тайпа шонжарлары өкілдерінің жиналысындағы (құрылтайындағы) «хан көтеру» аталатын сайлаудан өтуге тиісті болды. Осылар оны хан болуға лайық деп ұйғарып, ақ киізге отырғызып, үш рет хан көтеріп, «хан атасы» болған қадірлі адамның батасын алғаннан кейін ресми заңды хан болып тақта отыратын болды [6, 17-б.]. Сөйтіп, мұрагерлік тәртіп, «хан көтеру» сайлауымен ұштасып отырды. Бұл «хан көтеру» салты – сұлтан, би, батыр және ру-тайпа бастықтарының жаңадан көтерілген хан билігін мойындайтындығының айғағы болды [7, 312-б.]. Мәселен, Абылай хан Ресей патшайымы II Екатеринаға 1778 жылы жолдаған хатында қазақтың үш жүзі хандары мен сұлтандары, Ташкент пен Түркістан аймағының үлкен-кішісі тілек қосып, 1771 жылы Түркістан қаласында, мұсылман жұртының әулиесі Қожа Ахмет кесенесінің басында ежелгі дәстүр бойынша Құран ұстап, қол жайып, қазақтың үш Алашының ханы етіп, ақ киізге өзін көтергенін жазыпты [8, 137-б.].

Мемлекеттік басқаруда хан саяси-құқықтық артықшылықтарына орай шексіз билікке ұмтылғанымен, ру-тайпа билеушілерімен санасуға мәжбүр болды.

Халықтың қалың бұқарасына жақын әрі оның тікелей қолдауына сүйенген жергілікті билік иелері – билер мен батырлар болды. Өз билігін және қоғамдық тәртіпті нығайтуда қазақ хандары өз заманында дәстүрлі әдет-құқықтарға негізделген заң жинақтарын жариялап отырды. Бізге халық жадында ауызша жеткен заңдар жинағы – «Хақназардың хақ жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Өз-Тәукенің «Жеті Жарғысы» саяси-қоғамдық қатынастарды реттеп отырды. Мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейдегі мәселелерді қамтитын жоғары билікті жүргізген хандық билік институты қазақ қоғамындағы маңызды саяси қызметтерді атқаратын әлеуметтік топ болды.

Тарихшы, тархандық және хандық институттар тақырыбын зерттеуші Ө.И.Исеновтің дерегіне сүйенсек, дәстүрлі қазақ қоғамындағы хан билігінің сипаты орта ғасырлардағы деректемелерде ханның құқықтары мен міндеттері былайша тізбектеледі:

1. *Билік етуші әулеттің басшысы және барлық қазақ тайпаларының жоғарғы сюзерені ретінде ханның бүкіл хандық аумағына, ұлысқа қарасты барлық жерге жоғары дәрежеде билік ету құқығы, оның негізгі қызметі мен басты міндеті – елді сыртқы жаулардан қарумен қорғауынан туындайтын құқығы болды.*

2. *Соғыс жариялау және бітім жасау құқығы тек ханға ғана берілді, мұның өзі әскерлердің жоғарғы басшысы міндетінен туындайтын еді.*

3. *Ханның шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізуге жоғарғы дәрежеде құқығы болды, мұның өзі мемлекеттің сыртқы саяси бағытын белгілеу міндетінен туындайтын.*

4. *Ханда өзіне бағынышты өлтіру немесе тірі қалдыру құқығы - оның жоғарғы билік міндетінен туындайтын құқығы болды. Ханның бұл құқығы мен міндеті қазақтардың «Жеті жарғы» құқық нормаларында айқын көрсетілген.*

5. *Сондай-ақ ханда заңдар және қоғамның барлық мүшелері үшін міндетті бұйрықтар шығару құқығы – оның сол кездегі қоғамдық құрылыс пен тәртіпті сақтау міндетінен туындайтын құқығы болды [9, 6 б.].*

Ортағасырлық дерек көздерінде хан құзыреті бір уақыттарда шексіз болып отырғанын көреміз. Бірақ, Қазақ хандығындағы саяси биліктің дала демократиясына сай ыңғайласуына орай хан құзыреті халық арасында беделді, айтарлықтай қоғамдық-саяси ықпалы бар би-батырлардың көмегімен шектеліп отырған. Қараша халыққа етене жақын әрі оның тікелей қолдауына сүйенген дала аристократиясы өкілдері – би-жыраулар мен батырлар хан билігін белгілі бір дәрежеде шектеп, халық жиналысында, құрылтайда, хан шешімін қайта қарастыра алатын ықпалға ие болған. От ауызды, орақ тілді билер мен жыраулар өз заманында мемлекеттік істерді шешуде ханмен келіспейтін тұстарын тура айтып, аса шешендікпен жеткізе алған. Кейде заман сипатына қарай хан лауазымын тек біртұтас ел ханына ғана тиісті емес, «хан» атауы келте хан саналатын ру-тайпа, жүз басшыларына да тағылатын болды. Мемлекеттік келелі мәселелердің шешімін тауып, хандықтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз еткен хандар дәстүрлі қазақ қоғамында

айрықша әлеуметтік бірлік болып орнықты.

РЕЗЮМЕ

Статья рассматривает главные функции ханского управленческого института в системе традиционной ханской власти и его социальные, политические-правовые преимущества в эпоху Казахского ханства. Автор охватывает историческую хронологическую рамку от закрепления Ханского института в системе управления традиционного казахского общества, начавшегося с раннего железного века, как самого высокого механизма государственного управления во второй половине XV в. до ликвидации царской России в конце XVIII – начале XIX в. Основными задачами статьи являются определение политико-правовых и генеологических особенностей казахского общества и анализ общественно-политической деятельности представителей Ханского института, исходя из письменных источников и научно-исследовательских работ по данной теме.

Ключевые слова: Казахское ханство, управленческий институт, хан, «белая кость» (аксуйек), власть, наследование.

The article considers the main functions of the khan's managerial institute in the system of the traditional khan's authority and its social, political and legal advantages in the era of the Kazakh khanate. The author covers the historical and chronological circle of the khan's institute in the management system starting from the early Iron Age in traditional kazakh society with the justification in the second half of the 15th century as the highest state managerial mechanism until the abolition of Tsarist Russia in the early 19th century. According to the written sources and research works corresponding to the topic, the tasks of the article are the clarification of the socio-political function and the determination of political, legal and geneological features of the representatives of the khan's institute in the Kazakh society.

Key words: The Kazakh khanate, managerial institute, khan, "white bone" (aksuyek), authority, inheritance.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Қинаятұлы З.** Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана: Елорда, 2004.
2. **Султанов Т.И.** Государство и общество казахов XV-XIX вв. // Казахстан Спектр. 1999. N 3 (9). – 88-104 с.
3. **Кәрібаев Б.Б.** Қазақ хандығының құрылуы тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 520 бет.
4. **Ахинжанов С.М.** Кипчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.
5. **Казахское-русское отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы).** Сборник документов и материалов. – Алматы: Наука, 1964. – 159 с.
6. **Исенов Ө., Елкей Н.** Дәстүрлі хандық институттың демократиялық негізі // Қазақ тарихы, 2015 ж., № 6 (137), 17-19- бб.
7. **Мыңжан Н.** Қазақтың қысқаша тарихы (Дайындаған М. Кани). – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
8. **Әбжанов Х.** Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методологи. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 328 б.
9. **Исенов Ө.И.** Қазақ қоғамындағы хандық институттың қалыптасуының негізі мен демократиялық дамуы // Қостанай таңы, 2015 ж., 25 шілде (№ 81).

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ БАРЫСЫ: структурализм тұрғысынан қарастыру (XV ғасырдың орта шегі)

Ердаулет ИСАХОВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті тарих, археология және этнология
факультетінің 1-курс магистранты,
Берекет КӘРІБАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы, Алматы қ., Қазақстан

Қазақ хандығының құрылу мәселесінің тарихи, тарихи деректік, тарихнамалық мәселелерінің талдауына қарамастан, жалпыға ортақ методологиялық бағыттарының бірі структурализмді қолдануымыз арқылы, аталған мәселеге жаңа қырларынан көруімізге мүмкіндік береді.

Ең алдымен "Структурализм дегеніміз не? Оның отандық тарихта қолдану ерекшеліктері мен тиімділігі, перспективасы қандай?" сынды сұрақтарды талдауымыз керек. Структурализм XX ғасырдың 20-жылдары лингвистика саласында қалыптасты. Ол макротеория ретінде қарастырылып отыруы бекер емес [1]. Оның негізі құрылымдық әдіс және модельдеу әдісі арқылы жасақталды. Тіпті, макротеориялық дәрежеге жетуі, математика және тілдік зерттеу салаларының өзара әрекеттесуінің синтезі нәтижесінде қоғамдық ғылымнан, нақты ғылымдарға да әсер беруі ірі масштабты ортақ симбиозды мәселеге айналды. XX ғасырдың 60-жылдары бұл бағыт кең көлемде дамып, француздар тарапынан үлкен қолдауға ие болды [2]. Мәселен, М.Фуко [3], Р.Барт [5], Л.Стросс [4], және тағы да басқалар. Тіпті, бұл италиандық сфераға зор ықпал көрсетті. Оны біз Умберт Эконың еңбектерінен көре аламыз. Структурализм сонымен бірге пәнаралық бағыт ретінде дами отырып, әртүрлі ғылыми-гуманитарлық және техникалық салаларды бір жүйеде қарауға әсер ете отырып, құрылымдық негізін зерттейді. Алайда бастапқы қолдану сферасы, лингвистикалық модельдің аясында қоғам, мәдениет мәселелерін анализ жасауға көмектеседі. Мәдениет – семиотика ретінде қарастырылса, яғни бірнеше белгілердің бір жүйеде болуы, өзара қарым-қатынастарды сипаттайды. Ал, Жака Лаканның көрсетуінше, қоғам символикалық тізбек және ол қалыптасады, гүлденеді, құлдырайды. Бұл көзқарасқа сәйкес, структуралистік идеялар жиынтығы ретінде атай келе тарих, психоанализ, әдебиет, теология салаларында қолданылады. Структурализмнің зерттеу нысаны ретінде, әлеуметтік, гуманитарлық, техника ғылымы салаларының аясында олардың өзара қатынастық сипатта болуы керектігімен ерекшеленеді. Жалпы әлем, индивидуалдық іс-әрекеттерімен емес, өзара қарым-қатынастар процесі тұрғысынан қаралуы керек. Структурализм методологиялық бағыттың бірі ретінде саналғандықтан, методология дегеніміз – ғылыми танымның жалпы ұстанымдары ілгері дамуының нәтижесі. Барлық ғылым салаларына әмбебап қолдануға болады. Универсалды көзқарастар жиынтығы. Немесе, методология – кешенді, көпфункциональды процестің толық нәтижесін білдіреді [6].

Структурализм мәселесінің мәнін толық түсіну үшін Умберт Эконың «Отсутствующая структура» атты еңбегіне үңілейік. Автор ең алдымен фран-

цуздық структуралы лингвистиканың ағымы зор әсер бергенін атап өтті. Кітаптың алғашқы бөлімінде белгілі бір тілдің құрылымын айшықтау үшін оны «S a» деп белгілейді. Кейіннен осы элементтің көбеюінен туыстық қатынастар құрылымы қалыптасады. Және ол әрекетті «S b» деп белгілейді. Олардың да ұқсастығын «S c» деп белгілейді. Сөйтіп бұл құрылымының сырт келбетінде өзара ұқсастық тізбе пайда болды, яғни тереңірек құрылымға жету үшін өзара айырылмас әсерлесуі нәтижесінде толыққанды «S x» қалыптасады. Енді мынандай мәселе туындайды, автордың көрсетуінше, егер ол жаңа құбылыстағы бір элементті тапса, алайда ол аталған терминдерге S a, S b, S c бағынса, басқа амал ретінде төртінші құрылым «S d» деп аталады. Оның да тереңірек ұғымы әрі құрылымы S x-ке теңеседі. Алайда, басқаша бір жаңа феномен қалыптасқанның өзінде, мүмкін болатын модельдері: S альфа, бетта, гамма сынды белгілермен толтырылады. Алайда теңесуі «S y» болады. Тіпті оның өзінде, S x және S y элементтерінің тереңірек теңесуі ортақ S n – мен көрсетеді. Осы теориялық әдіс арқылы біз белгілі бір мәселенің ядролық құрылымын айқындауымызға болады. Бұл құрылым пра жүйесі немесе кодтардың коды деген атқа да ие. Ал, келесі бөлімінде, семиология мәселесін қарастырады. Яғни жоғарыда аталған белгілер, элементтердің өзара байланысуы немесе әрекеттесуінің жолдары қалай жүзеге асырылады деген сұрақтарға жауап іздейді. Мәселен, белгілі бір қоғамның барлық құбылыстарын белгі немесе таңбалық жүйелер аясында қарастырады. Ол коммуникациялық феноменді алға тартады қазіргі мәселесінде. Мәселен, осы арқылы қазіргі ғылыми дисциплиналардың коммуникациялық байланыс факторымен байланыстырып отыр. Мысалы, психология арқылы коммуникациялық фактор ретінде «қабылдау» проблемасын қарастыруға болады. Генетика арқылы оның коммуникациялық мұралығы яғни коды қаралады. Нейрофизиология арқылы сигналдардың адамның миына өтетін басқа да нервтік соңыларына бару үрдісін көрсетеді.

У.Эко көрсеткендей, тіл – жүйе субстанциялық элементтерінің өзара үзіліссіз қатынаста болады [8]. Ал, Соссюрдің тұжырымына сәйкес: «тіл – ортақ жүйе, барлық бөлімшелер өзара синхронды байланыста болып отырады». Мысалы, шахматты қарсыластар белгілі бір тіл арқылы өзара түсініп, жарысып ойнайды. Ал сол түсінген соң фигуралардың жүрістері жиі өзгеріп отырады. Оны диахронды өзгеріс деп, соның әсерінен бірте-бірте синхронды әрекетке ұласуы мүмкін деп көрсетті [7]. Сөйтіп структурализм деп Леви Стросс концепциясының негізінде, «структура» 2 мәселеге жауап іздейді. Біріншісі, бұл жүйе ішкі байланысты бақылауда ұстайды, екіншіден, осы байланыстың аясында бақылаушыға сол жүйені

бақылауда қиындықтарға тап болады. Себебі ол үнемі жаңаша өзгеріп отырады [9]. Ал Умберт Эконның өзіндік концепциясына сәйкес: «структура» – бұл жүйе, ішкі байланысты ұстап тұратын бір механизм немесе келесі көзқарасы бойынша, структураның белгілі болуы тек түрлі феномендер өзара бір жүйеге сәйкестендіріліп, бірігіп қана нәтижелі құрылым айқындалады [8].

Ендігі мәселеде аталған барлық теориялары мен концепцияларды отандық тарихи мәселелеріне оның ішінде, Қазақ хандығының құрылу барысы мәселесіне тоқталуымызға болады.

Ең алдымен Қазақ хандығының құрылуын растайтын тарихи деректерді сараптап және структурализмнің негізінде талдауымызға болады. Аталған мәселемізге қатысты негізгі деректер тобы және жанама деректер тобы деп бөлуімізге болады. Ал бұл бөлінуді жалпыға ортақ структурализмдік теорияға сәйкес соның ішінде, У.Эконның көрсеткеніндей жоғарыдағы қарастырылған формулаға салуымызға болады. Яғни, негізгі деректер тобын “S x”, ал жанама деректер тобын «S y» деп көрсетсек болады. **Негізгі деректер қатарына: ең біріншіден, Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегіндегі мағлұматтар жатады.** Мұхаммед Хайдардың ата-бабалары Шағатай Ұлысының шығыс бөлігінде, кейіннен Моғолстан мемлекетінде ірі лауазымды қызметтер атқарып, мемлекеттің қоғамдық-саяси тарихында ерекше әрі маңызды орынға ие болды. Мұхаммед Хайдар 1499–1500 жылы Ташкентте дүниеге келеді. Оның жастық шағы XVI ғасыр басындағы Мауереннахрдағы болған ірі күйзелістік дәуірге сәйкес келіп, 1508 жылы әкесі қайтыс болады. Кейіннен Ауғанстандағы Бабырдың қолында болып, 1513–1533 жылдары Сайд ханмен бірге жүреді. Одан кейін Солтүстік Үнді жеріндегі Бабырдың ұлдарына келеді де, 1540–1551 жылдары Кашмир өлкесін өзі бағындырып, 11 жыл билейді. Алайда билігі көпке ұзамай 1551 жылы қастандықпен өлтірілді.

«Тарих-и Рашидидің» екі бөлімнен немесе екі кітаптан тұратыны белгілі. 1541–1542 жылы мемуарлық сипаттағы екінші кітапта жазылса, ал тарихи көрінісі біріншісінде 1546 жылы жазылған. Әсіресе, бірінші кітабында тек Қазақ хандығының құрылуы және датасын ғана сипаттап қоймай, біраз мөлшерде хандықтың құрылу алғышарттары, себептері, барысы да біршама көрсетілген. Мәселен, XV ғасырдың 30–50-жылдарындағы Моғолстанның ішкі саяси жағдайлары туралы мәліметтер қамтылса, бұл мәліметтер Қазақ хандығының құрылу алғышарттарында, Моғолстанның саяси жағдайынан хабардар етіп, оның хандықтың құрылу барысына қолайлы жағдайлар жасағанын көрсетеді. Сонымен қатар Есенбұға тұсындағы Моғолстанның жағдайы, оның әлсіздігі, әмірлердің қарсылықтары туралы мәліметтер. Есенбұғаның Мауереннахрдағы саяси дағдарысты пайдаланып, жасаған жорықтары туралы, Әбу Сайд мырзаның Есенбұғаны Ианги түбінде жеңуі туралы айтылды. Әрине, XV ғасырдың орта тұсындағы Шығыс Дешті Қыпшақ территориясында билік құрған Әбілхайыр хан және одан бөлініп, Моғолстан аумағына қоныс аударған Керей мен Жәнібек сұлтандарды Есенбұғаның құшақ жая қарсы алуы, Моғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбасы өңірінен жер беруі туралы айтылған [10].

Бұдан бөлек, Махмұд бен Уәлидің «Бахр әл-асрар» еңбегін атауға болады. Бұл еңбек 1634–1641 жылдары жазылған. Бұл деректегі негізгі

оқиғаларды баяндау «Тарих-и Рашиди» еңбегіне ұқсас болғанына қарамастан, тың мағлұматтарды да алуымызға болады. Мәселен, Керей мен Жәнібек бастаған халық тобының Моғолстанға көшіп келуі туралы мәселені қамтиды. Алайда бұл да «Тарих-и Рашиди»-де кездеседі. Махмұд бен Уәли ол мәліметтерді өзінше түсіндіріп, толықтырып береді. Мысалы, «Тарих-и Рашидиде» Керей мен Жәнібекке Есенбұға хан Моғолстанның батысындағы Шу мен Қозыбасы өңірін берді десе, Махмұд бен Уәли оның себептерін түсіндіреді. Осы жағынан алғанда бұның құндылығы өте жоғары. Сонымен бірге ерекшелігі ретінде алғашқы қазақ ханы болып Керейдің тағайындалуы туралы дерек келтіреді [11]. Ал, жанамалық типтегі деректер қатарына, Ходжамқұлы-бек Балхидың «Тарих-и Кыпчаки» атты еңбегінің мәліметтері жатады. XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтағы тарихи жағдайларды баяндайды. Мәселен, Әбілхайырдың билікке келуі, оның Шығыс Дешті Қыпшақтағы күрестері айтылып және Әбілхайыр ханның Мауереннахрдағы Әмір Темірлік әулеттің ішкі жағдайына араласуы, 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі қалмақтармен шайқасы және қалмақтардың әскер мөлшері туралы айтылған, Әбілхайыр ханның қайтыс болған жылы және нақты жерленген жері туралы баяндалған [12]. Келесі жанамалық деректер қатарына «Тауарих-и гузида-и нусрат-наме» еңбегінің мәліметтері жатады. Авторы толық анықталмаған шығарма 1502–1505 жылдары жазылған. Ол жөнінде пікір айтушылардың көбі шығарманың жазылуына Мұхаммед Шайбан ханның қатысы болған деп есептейді. Еңбекте Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты: XV ғасырдың бірінші жартысындағы Әбілхайырды қолдаған ру-тайпа көсемдері туралы, сонымен қатар 1457 жылғы Сығанақ түбіндегі жеңілістен соң Әбілхайыр ханның 3 жасар немересі Махмұд баһадүр-сұлтанның Өз Темір тайшыға аманат ретінде берілуі; Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Шибан әулетінің жағдайы туралы айтылған. Ал, еңбектің соңғы жағында «Жошы ұрпақтарының шежіресі» атты бөлімде қазақ хандарының шежіресі жазылған [13].

Қазақ хандығының құрылуына қатысты негізгі және жанама деректерді саралай келе У.Эконның формуласына сәйкестендіруге болады. Мәселен, біздіңше, негізгі деректер құрылымын «S x» деп алсақ, ондағы элементтер қатарына: «Тарихи Рашиди» – “S a”, «Бахр ал-асрар» – “S b” элементтері көрсетілген. Ал, жанама деректер құрылымын «S y» болса, соған тікелей қатысты: «Тарих-и Кыпчаки» – “S a” болса «Тауарих-и гузида-и нусрат-наме» - “S β” элементтің қатарына кіреді. Сөйтіп, $(S x * S y) > S n$, формуласына сәйкес «S n» – жазба деректер деп құрастыруымызға болады.

Келесі мәселе – тарихи оқиғаның өрбуін структурализмдік тұрғыда түсіндіру. Меніңше, Қазақ хандығы құрылуының өзін масштабтық деңгейде ірі және кіші дәрежеде көрсете аламыз. Кіші масштабта өрбілуі ең алдымен ірі территорияда жаңадан туылған мемлекетті көрсетуге ыңғайлы бола алады. Мысалы, Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Қазақ хандығының жаңадан қалыптасуының кіші форматта түсіндіріліп, ол құрылымды біздің түсінігімізде Шығыс Дешті Қыпшақ территориясы белгілі бір элемент иесін алып отыр, яғни «S x», ал оның субстанциялық кіші элементтер қатарына “S a” – Әбілхайыр хандығы, “S b” – Моғолстан, “S c” – Әмір Темір ұрпақтарының иеліктері, алайда қосымша элемент ретінде аталған

үш элементтерге бағынса да ол өзіндік дербестігін айқындауда жеке элемент “S d” – қазақтар немесе «Қазақ хандығы» деп көрсетуімізге болады. Ал “S n” деп біз ірі гео-саяси және этно-саяси кеңістікті мысал ретінде алып отырғандықтан ірі территория ретінде Дешті Қыпшақ аумағы ол – “S n”. Ал, енді ірі масштабтық деңгейде көрсетуде, ең алдымен мәселені жақындатып оны үлкен форматта көрсетуге де болады, яғни «S x» – Қазақ хандығы, ал оның құрастырып отыратын элементтеріне “S a” – сұлтандар немесе элиталық топ өкілдері, “S b” – қарапайым халық өкілдері, “S c” – батыстан келіп қосылған ноғайлықтар құраса, келесі жағдайда, «S y» – Моғолстан мемлекеті оған қатысты элементтер “S α”, “S β” қатарына кішігірім элитарлы топ және басым көпшілікке ие бұқара халықтарды жатқызамыз. Әрине, байланыстырушы ортақ құрылым элементі

“S n” – Шу мен Қозыбасы өңірі, яғни екі құрылымға да атап айтқанда «S x» – Қазақ хандығы және «S y» – Моғолстан мемлекетіне ортақ басты элемент және тарихи аумақ. Осындай формула арқылы біз Қазақ хандығы құрылуының жүйелі құрылымды мәнге ие болып, тарихи аумақта құрылған локациясының тарихи және жалпы маңыздылығын ашуға мүмкіндік болды.

Қарастырылып отырған мәселенің тарихнамалық зерттеу кеңістігін де структурализмдік тұрғысынан түсіндіруімізге болады. Мәселен, “S n” – басты құрылымдық элементі ретінде меніңше бұны Қазақ хандығының зерттелуі аясында деп қарастырсақ, оған тікелей қатынасы және байланысы бар элемент «S x» – ол отандық зерттеулер деп көрсетсек. Сол «S x» -ке қатысты: “S a” – 1920-1930 жылдардың аяғына дейінгі аралықтағы қазақ ғалымдарының зерттеулерін жатқызсақ, “S b” – 1980 жылдардағы зерттеулерді жатқызуға болады, ал “S c” – Тәуелсіз Қазақстан дәуіріндегі қазақ ғалымдарының жаңа зерттеулері деп көрсетуімізге болады. «S y» – ресейлік ғалымдардың зерттеулері деп қарастырсақ болады. “S α” – XIX – XX ғасырдың басына дейінгі орыс зерттеулері көрсетілсе, “S β” – 1920-1940 жылдардың зерттеулері, “S γ” – 1950- 80 жылдардағы кеңестік Ресей зерттеулері деп қарастыруымызға болады. Бұдан біз ең алдымен әр элементтің басқа тармақтарына байланыстығының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын көрсете отырып, олардың бір-біріне ортақ зерттелу мәселесі қойылғандықтан бұл мәселені шешуде хронологиялық тізбегін қалыпқа келтіріп, бір-бірін толықтырып, белгілі бір құрылым негізінде талданып отыр.

Жалпы қорытындылай келе, біз бастапқыда структурализмнің мәні мен мағынасы және оның зерттелу ареалы өте кең деңгейде жүре алатынын аңғардық. Екіншіден, осы бағытты ұстанушы ғалымдардың жүргізген концепциялары мен теорияларын атап өттік. Ал, келесіде өзіміздің проблематикаға қатысты структурализмді қолдана отырып, мәселеге қатысты деректердің талдануы және тарихи оқиғаның өзіне мән беріліп, Қазақ хандығының құрылуын структурализмдік тұрғысынан ірі және кіші масштабтың аясында Умберто Эконның теориясы әрі формуласының негізінде біршама талдадық. Соңында мәселеге қатысты зерттеулер структурализмдік-методологиялық бағыттың аясында бірнеше элементтерге, құрылымдарды уақыттық-хронологиялық ерекшеліктеріне қарай қарастырылды. Алайда, ол ортақ зерттелу мәселесінің аясында өрбігенін ескеру қажет. Осылайша, структурализм арқылы біз белгілі бір мәселені оның

тарихи оқиғалық, тарихи деректік, тарихнамалық зерттелу деңгейлерінің элементтерінің жаңа қырларын да көрсетуге мүмкіндік бере алады.

РЕЗЮМЕ

Образование Казахского ханства позволило, прежде всего, быть самостоятельным, проявлением в значении исторических, национальных, политико-этнических аспектов. Необходимо отметить, что в этом контексте мы должны проанализировать различные аспекты проблемы, особенно в виде специфического переосмысления. То есть, в нашей проблеме она рассматривается с точки зрения структурализма. Почему в рамках структурализма? Так как это является одним из общепризнанных методологических направлений, анализ к данному проблематике показывает наиболее актуальный уровень, применяя в этом вопросе отечественные исторические проблемы.

Ключевые слова: Структура, структурализм, элемент, формула, этно-политические, гео-политические, само амбициозность, ханство, султан, хан, междисциплинарное направление, семиотика, теория, коммуникация, династия, источник.

The formation of the Kazakh khanate allowed, first of all, to be independent, a manifestation in the meaning of historical, national, political and ethnic aspects. It should be noted that in this context, we must analyze various aspects of the problem, especially in the form of a specific rethink. That is, in our problem it is considered from the point of view of structuralism. Why within the framework of structuralism? Since this is one of the generally recognized methodological directions, the analysis of this issue shows the most relevant level, using domestic historical data in this issue.

Keywords: Structure, structuralism, element, formula, ethno-political, geopolitical, self-ambition, khanate, Sultan, Khan, interdisciplinary direction, semiotics, theory, communication, dynasty, sources.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Эко У. Отсутствующая структура. М., 1998. – С. 6-10.
- 2.Эко У. Отсутствующая структура. М., 1998. – С. 14-18.
- 3.Фуко М. Жизнь: опыт и наука // Вопросы философии. – 1993. – № 5. – С. 44–53.
- 4.Основные направления структурализма. М., 1964.- С. 32-36.
- 5.Зенкин С. Ролан Барт и семиологический проект // Барт Р. Система моды. Статьи по семиотике культуры. М.: Изд-во им. Сабашиных, 2003, с. 10 – 21.
- 6.<http://filosof.historic.ru/books/item/f00/s00/z0000197/st087.shtml>
- 7.Соссюр Ф. Труды по языкознанию / Пер. с франц. яз. под ред. А.А.Холодовича; Ред. М.А.Оборина; Предисл. проф. Н.С.Чемоданова. – М.: Прогресс, 1977. – С. 45.
- 8.Эко У. Отсутствующая структура. М., 1998. – С. 20-22.
- 9.Островский А.Б. Этнологический структурализм Клода Леви-Стросса // Леви-Стросс К. Первобытное мышление. – М.: Республика, 1994. – С. 3 –14.
- 10.Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы: «Сардар», 2015.- 89 б.
- 11.Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы: «Сардар», 2015.-91-92-б.
- 12.Тагирджанов А.Б. Описание таджикских и персидских рукописей Восточного отдела библиотеки ЛГУ.- Т.1. История, биография, география. – Ленинград,1962.-514 с.
- 13.Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.

ЖАТ ЖЕРДЕ ХАНДЫҚ ҚҰРҒАН

қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммед

Куаныш БЕКТҰРҒАНОВ,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік университетінің тарих магистрі,
Нұрай СЕЙІЛХАНОВА (Сеилганова),
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік университетінің 3-курс студенті

Қазақстан тарихнамасында аз зерттеліп жүрген мәселелердің бірі – қазақ тарихында өзіндік із қалдырған ұлы тұлғалар тарихы. Бүгінгі күнге дейін көптеген қазақ хан-сұлтандары, ірі билері мен батырларының өмірі мен қызметі өте аз және үстірт зерттеліп келеді. Солардың қатарында қазақ ханы Тәуекелдің немере інісі сұлтан Ораз-Мұхаммед те бар. Барша Алаш жұрты үшін айбынды бабамыздың жат елде жарты патшалық құруы аңызға бергісіз ақиқат! Ал оның ел мен елді табыстырған қызметі – мәртебелі абырой. Өйткені Ораз-Мұхаммед орыс жеріне жеке дара келген жоқ. Ол бүкіл ел аманатын, ұлы даланың дос пейілі мен бейбіт ықыласын ала келді. Содан болар табиғи төкаппарлығы мен батылдығының, зеректігі мен әділдігінің арқасында үлкен беделге ие болды. Осы елдің тағдыршешті сын сағатына араласты. Атқа қонып, еңселі ертеңі үшін күресті. Адамдар тарихи процестердің логикасын ұғынуға тырысып қана қоймайды, сонымен қатар процестің инерциясына әсер етіп, оқиғалардың барысына бетбұрыс жасаған қаһарман тұлғалар туралы ақиқатты да білгісі келеді. Ұлы Далада ғана емес, жат жұртта, орыс жерінде даңқты істерімен танымал болған Сұлтан Ораз-Мұхаммедті осындай тұлғалардың шоғырына жатқызуға болады.

Қазақ сұлтандарының арасында жат жерде орыс патшасына бағынышты аймақта хандық құрған тарихи тұлға – Ондан сұлтанның ұлы Ораз-Мұхаммед. Оның ата тегі былай таратылады: Орыс хан, одан Құйыршық хан, одан Барақ хан, одан Жәнібек хан, одан Жәдік хан, одан Шығай хан, одан Ондан сұлтан. Яғни Ораз-Мұхаммед – Кереймен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған өз Жәнібек ханның тікелей ұрпағы. Ол Ондан сұлтанның алғашқы әйелі Алтын ханымнан туған. Оның әкесі Ондан сұлтан құралайды көзге ататын мергендігімен және қарсы келген дұшпанды шыдатпас қайраттылығымен және ержүректігімен ерекше көзге түскен еді. Төрелер тарихында Онданның батырлығы оның шебер ұйымдастырушылық қасиетімен де ерекшеленді [1, 5-6.]. Оның Ақ Орданы билеген арғы атасы Орыс хан Шыңғыс бабасының жолын ұстанып, шайқастарға қызыл ту желбіретіп шығатын еді. Ал Ондан болса, қызыл ту астынан шығып, өзінің дербестігін айқындап, ұрыстарға ақ ту көтеріп шығатын болды. Осыдан соң Онданнан тараған төрелер өздерінің бабасының рәсімін ұстанып, жауға шапқанда ерқашан да ақ шаңқан ту көтеріп шығатын болды. Ал Шыңғыстан келе жатқан қызыл ту да, әрине, мұндайда назардан тыс қала қойған жоқ, оған Орыс ханның кейінгі ұрпағы, Тәуекел ханның інісі Есім хан ие болды. Бұл кезінде Қаздауысты Қазыбек: «Тұтас билікке Төле би жеткен. Тұтас хандыққа Есім хан жеткен, Бұл екеуіне кім жеткен» деп бағалаған Еңсегей бойлы ер Есім туралы [2, 71-6.]. Дегенмен, ақ тудың астына шығуының өзі Онданның өзіндік ұстанымын аңғартады. Алайда, тіл-көз сұқтанды ма, оның өмірі қысқа болды. Қаптаған қалың қалмаққа қарсы Шығай ханның жер қайысқан

қолын бастап шыққан ол отызға жаңа толған шағында қаза тауып, соңына жоқтап егілген елін қалдырып, үлкен құрметпен Қожа Ахмед Яссауидің жанына жерленді. Оның ұлы Ораз-Мұхаммед бабасы Шығай хан қайтыс болғанда небәрі сегіз жаста болса, ал әкесі Ондан сұлтан о дүниелік болғанда 13 жаста ғана еді. Осыдан соң ол біраз уақыт ағасы Тәуекел сұлтанның қамқорлығында болды [3, 7-6.].

1583 жылы Бұхар билеушісі Абдолладан қол үзіп, қазақ даласына кеткен және осыдан соң көп кешікпей-ақ хан тағына үміткер қазақ хандарының ұрпағы Ораз-Мұхаммедтен айырылғысы келмеді. «Айырылысатын дос қимасыңды сұрайды» демекші ол Ораз-Мұхаммедтің орнына Тәуекел ханның ұлын кепілдікке сұрады. Осылайша орыс патшасы мен Тәуекелдің елшісінің арасындағы келіссөз нәтижесіз аяқталды. Ал Ораз-Мұхаммед болса, туған елден жырақта аманат ретінде қалып қойды. Бірақ ол орыс ақсүйектері қатарында болып, 1597 жылы орыс патшасының Рим императорының елшісін салтанатпен қабылдау рәсіміне қатысты [6, 151-6.].

1586 жылы Ораз-Мұхаммед өзінің жақын туысы Қыдырғали Қосанұлы Жалайырмен бірге Сібір хандығының астанасы Иккерге (Қышлық) келді. 1588 жылы Сібір ханы Сейдахметпен (Сейдек, Сейдақ) бірлескен құс аулау кезінде Ораз-Мұхаммед арнайы жасақталған орыс әскерлерінің қолына түседі. Сол жылдың қыркүйегінде оны Мәскеуге жіберді. Мәскеу патшасы Ораз-Мұхаммедті ерекше жылумен қарсы алып, оны қызметке тартады. Корольдік қызметте бола отырып, Ораз-Мұхаммед патша сарайында өткен салтанатты қабылдауларға қатысты. Ал келесі жылы орыстарға қайта патша болып бекіген Борис Годуновтың ұсынысымен орыстардың 1598 жылы Қырым хандығына қарсы қанды жорығында белсенділік танытты [4, 318-6.].

1595 жылы Тәуекел хан Ресейге одақтасу туралы өтінішпен Мәскеуге Құлмұхаммед (Құлмамбет) бастаған елшілер жібереді. Тәуекел хан орыс патшасынан Ораз-Мұхаммедті туған еліне қайтаруды сұрайды, бірақ Тәуекел ханның қайтыс болуы бұл өтініштің орындалуына кедергі келтірді [4, 318-6.].

Өзінің сенімді адамына айналған Ораз-Мұхаммедке орыс патшасы Қасымов қаласын айналасындағы аймақтарымен қоса сыйлап, оның өзін осында хан тағына отырғызды. 1600 жылдың 23 мамырында болған бұл оқиға Қадырғали Жалайырдың «Жами ат-тауарих» атты еңбегінде тәптіштеп баяндалған [5, 258-6.]. Онда мынадай жолдар бар: «...ұлығы мен кішісі, орыс пен татарлар баршасы сонда жиналды. Шайх-Али ханның салдырған тас мешітінің ішінде молда, данышпандар, хафиздар, бектер, мырзалар, барлық ислам дініндегілер барлығы мешіт ішіне жиналып, келісіп, құтты алтын тақты әкеліп, мешіт ішіне құрды... Ескі жұрттың жәдігері Буляк-Саид жұтбу қайырды. Қасындағы төртеуі жоғары мәртебелі ханды төрт жағынан алтын тақтың үстіне көтерді.

Жиырма жасында ұлы мәртебелі Ораз-Мұхаммед хан хандыққа отырды» [5, 262-б.]. Хан тағына отырған Ораз-Мұхаммед енді Мәскеуде өтетін ресми мемлекеттік жиындарға қатысуға міндетті болды. Ол сондықтан да Мәскеу мен Қасымов қаласы арасын жол қылды. Мәскеудің оның алдына қойған басты міндеті орыс жерін Қырым хандығынан қорғау болды. Алайда көп кешікпей Ресейдегі саяси жағдай тұрақсыз сипат алды. Алғаш Лжедмитрий атанған біреу өзін орыс патшасы деп жарияласа, көп кешікпей тағы бір Лжедмитрий II атанған біреу өзінің орыс патшасы екендігін мәлімдеді.

Жат жерде хандық құрып отырған Ораз-Мұхаммедті діні, ділі басқа, түркітілдес мұсылман елдеріне жаулық көзқарас ұстанып отырған орыс елінің тағдыры толғандыра қойған жоқ. 1608 жылы Ораз-Мұхаммед жалған Лжедмитрий II патшаның жағына өтіп, патша сарайындағы көрнекті тұлғалардың бірі болды. Алайда ол жалған патшаның сеніміне бәрібір кіре алмады. Одан әрқашан күдіктенумен болған жалған Лжедмитрий II Ораз-Мұхаммедтің бейқамдығын біліп, оны 1610 жылы Оқа өзенінің жағасында бірлескен аң аулау кезінде жалдамалылардың қолымен өлтіреді. Бұл кезде оның жасы небәрі отыз сегізге қараған еді. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы болар, Жасаған иемнің шешіміне ренжіп болмас. Оған жат жердің топырағы бұйырды. Шалғайда шалқып хандық құрған есіл ер – қазақ сұлтаны Ораз-Мұхаммедтің денесі бүгінде, өзі билік жасаған Қасымов қаласында жатыр [4, 318-б.].

«Ораз-Мұхаммед – қазақ мемлекеті мен Ресейдің ғана емес, басқа елдердің де тарихында із қалдырған ұлы тұлға. Оның ішінде Иранның, Литваның, Польшаның мұрағаттарында да есімі алтын әріппен жазылған. Ораз-Мұхаммед тұтқынға түсіп, бөтен елде, жат жерде Мәскеу мемлекетінде жүрсе де өзін мықты екенін, Ұлы даланың ұлы тұлғалары қандай батыл болғанын дәлелдеп кетті. Ораз-Мұхаммед тұтқында болса да Мәскеу мемлекетінің ең жоғары сатысындағы билік элитасында ойып орын алып, олардың құрметіне бөленген дара тұлға. Ораз-Мұхаммед екі ел – Мәскеу мемлекеті мен Қазақ хандығы арасында тұрақты түрде

дипломатиялық байланыстың ең бірінші үлгілерін көрсетті, өзі соның себепкері болды. Ол жай ғана қарапайым сұлтан болып, Борис Годуновтың төрінде отырмай, Қасымов хандығының билеушісі болды. Халықтың тұрмысын жақсартып, бір-бірімен араздығын тоқтатып, көпұлтты өкілдердің өзара татулығын сақтаған, ерекше әдіспен өз хандығын билеген саясаткерлігі орыс тарихында алтын әріппен жазылып қалды. 16 жасқа дейін мықты білім, жақсы әскери тәлім алған қазақ сұлтаны Мәскеу мемлекетінде қызметке барғанда өзін жақсы сардар, үлгілі қолбасшы ретінде көрсете білді. Ораз-Мұхаммед – екі елге ортақ тарихи тұлға. 22 жылын Ресейде өткізген ол ант берген Мәскеу мемлекетіне адал қызмет етті.

Ораз-Мұхаммед сұлтан Онданұлының қабірі Ресей Федерациясының Рязань облысы Қасымов қаласында жатыр. Тарихи тұлға 1600-1610 жылдары дәл осы Қасымов хандығын басқарған болатын. 2019 жылдың 15 қарашасында Ресей Федерациясының Рязань облысы, Қасымов қаласында Ескі татар зиратында Жошы ұлысынан, қазақты билеген Шыңғыс тұқымынан шыққан Ораз-Мұхаммед сұлтанға (ханға) мемориалды тақта орнатылды. Осындай ірі тұлғаның ескерткішін өз елімізде орнату тарих сахнасына жаңа серпіліс беретіні анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Өтеген Күмісбаев.** Жыраулар жырындағы хандар келбеті. // Ана тілі. № 15, 16 – 22 сәуір. 2015, - 5 б.
2. **Қазақ хандары: танымдық жинақ \ құраст. Талас Омарбеков.** – Алматы, «Айғаным» баспа үйі, 2016. – 148 б.
3. **Талас Омарбеков.** Ораз Мұхаммед хан. // Ана тілі. № 36 (1294) 10–16 қыркүйек. 2015, - 7 б.
4. **Казахи.** Десяти томный популярный справочник. – Алматы: Қазақстан даму институты: том II Исторические личности. 1998. – 533 с.
5. **Сыздықов Р., Қойгелдиев М.** Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 272 б.
6. **Мұхтар Мағауин.** Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995, - 208 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 175 ЖЫЛ!

ӨОЖ 821.512.122-1

ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗДЫҢ, РУХАНИ ДАМУЫМЫЗДЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Сайлау ҚОЖАҒҰЛОВ,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік
университеті, Талдықорған қ.

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек [1].

Ұлы Абайдың туғанына 175 жыл, алғашқы жинағының жарық көргеніне 110 жылдан асты. Ә.Бөкейхановтың 1905 жылы жазған мұнаһиб-мақаласы, К.Ысқақовтың 1909 жылғы тұңғыш жинаққа жазған алғысөзі, А.Байтұрсыновтың, «Қазақтың бас ақыны»,

М.Дулатовтың «Абай» атты мақалаларынан бастау алған Абайды тануға, зерттеуге, танытуға деген талпыныс бір сәт толастаған емес, толастамайды да.

XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі саясиленген сананың сарынымен айтылған, жазылған солақай сындар төреші-уақыт сапысымен сылынып тасталды. Абайтану тарихы, ақындық мектебі, мұрасының поэтикалық, философиялық, педагогикалық-психологиялық мән-маңызы әр ғылым саласынан тереңдей талданып, зерттеліп келеді. Кеңестік кезең ақынның ислам философиясына, шығыстың классикалық әде-

биетіне, орта ғасыр, Алтын Орда дәуірі әдебиеті мен жыраулық поэзияға, «зар заман» ақындарына қатысын терең зерттеуге қол байлау болғанымен, абайтануға атқосқан алаш азаматтарының, аға буын, орта буын ғалымдардың еңбегі ұшан-теңіз. Тәуелсіздік таңының араймен М.Әуезов жүйелі зерттеген, негіздеген абайтану ғылымының бүгінгі көкжиегі кеңейіп, жаңа бір тынысы ашылып, ұлы Абайдың ойшылдық, ақындық мәртебесі әлемдік деңгейдегі ақындар мен да-нышпандар қатарынан көрінді.

Абай да әлем мәдениетінде ең әуелі ұлы ақындығымен қастерлі. Сол ақындығымен әлемдік өркениет тарихындағы ұлы тұлғалармен бой таластырып тұр. Ақын, профессор А.Егеубаев айтқанындай: «Ол адам баласына қымбат ойларын ең әуелі ақын көзімен көріп, өлең тілімен толғаған жұмбақ жан» [2].

Абай – тек қазақ поэзиясының ғана емес, ұлт мінезінің, ақыл-ой деңгейінің биік межесі, өлшем таразысы. Қай қоғамда, қай кезеңде өмір сүрмеңіз жүрегіне жүгіне жырлаған, көкірек көзі сәулелі ақынның кемел ой өсиеті, ғақлия-нақыл сөздері – адамдық, адалдық жолындағы соқпақ жол, сарабал бағыт. Абайды тану арқылы адамның болмысқа, шындыққа көзқарасы кеңейіп, жан дүниесі тазарып нұрлана түседі, білімі молайып біліктілігі артады. Абай мұрасы – адамтану мен ақиқаттану айнасы. Демек, Абай мұрасын оқып үйрену, жаттау, насихаттау, зерттеу ғана емес, ұлттық идеологиямыздың ұстанымы ретінде таныту парыз.

Ұлы гуманист-ақынның адамгершілік, әділеттілікті жырлаған асқақ мұраттарымен біте қайнасып жатқан ғұмырлы ойлары бүгінгі күн талабымен ұштасып, жас ұрпақтың сусындай берер рухани асыл қазынасы болып қала бермек.

Ақынның ел болу мұратынан туындаған «*Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос*» деген тарихи, саяси талабы Абай өмір сүрген қазақ қоғамының бодандық жағдайында ұлы ойшылдың азаматтық ақындық, қайраткерлік миссиясының өзегіне айналды.

Ақын өзінің гуманистік идеалы тұрғысынан қазақ елінің XIX ғасырдың екінші жартысындағы саяси-әлеуметтік күрделі өзгерістердің қыспағында қалған шағында туындаған сан алуан өмір талаптарының бірі ретінде жас ұрпақтың білімділік, тәрбиелік, имандылық қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше назар аударып, ағартушылық лирикасы арқылы «жаңа өспірім, көкөрімге» «артық ғылым кітапта» екенін ұқтырып, «ғылым таппай мақтанбауға» кеңес берді. «Адам болам десеңіз» «бес асыл істі» қасиет, «бес дұшпаннан» бойды аулақ салуды, «пайда ойламай, ар ойлауды» ғибрат тұтуды өсиет етті..

«Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп жырлаған ақын, ғылымды екі тарапта адамның ғылымы, Алланың ғылымы деп жіктеп, «адамның әр нәрсенің түбін білмекке ынтықтығы», «... һәммәні білетұғын ғылымға ынтықтықпен» сабақтастырады, себебі ақын өсиетінің нәрі – білмекке құштарлықта.

Күнбатыстан соққан ызғарлы замана желінің өтінде қалған, жақсы менен жаманды айырмаған қайран жұртының тағдырына қабырғасы қайысып қан жұтқан ақынның «қалың елі қазағының» қалың соры бірлік жоқ, шын пейіл жоқ мінезінде екендігін айнытпай танып, ашына айтқан, бірде күңірене, бірде түңіле жырлаған ақынның мұң-зар толғауы боямсыз.

«Таласып босқа, жау болып досқа, қор болып құрып бара» жатқан жұртының, ұлтының психологиясын терең таныған, қазақ мінезінің мінін тамыршыдай тап басқан ақын:

«Біріңді қазақ бірің дос,

Көрмесең істің бәрі бос!» деп, «*Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ*» елінің дертінің диагнозын дәл тауып, дауасын да дөп басып көрсетіп кетті.

Алғашқы өлеңдерінде ағартушылық-дидактикалық бағыттағы ақыл-кеңес айтып, өнер-білімге, талап пен еңбекке шақырған ниеті мен ойы айқын көрінсе, сыншыл реалистік ағымдағы лирикасы замана келбетін, әлеумет өмірін, адамдардың мінез-құлқын бейнелеген сарынға ауысады. Енді бірде сатираға, ащы сынға өріс береді. Ащы етке тұщы таяқ жұмсайды. «*Сөз қыдыртқан, жұрт құтыртқан*», антын, арын саудалаған, «*тасыса өсек, ысқыртса кесек, құмардан әбден шыққандай*» аяқты алшаң басқандардың кері кеткен кесапат кейпін сықақтап, адам мінезін, заманды түзетпек ойын ашық айтады. Сатиралық бейнелер өнерде оқырман үшін күлкі туғызар комедиялық көрініс десек те, өмірдегі, тірліктегі трагедия. Ұлт психологиясын терең танушы әрі шебер суреттеуші ақын сомдаған ұлттық бейнелер шынайы әрі бейнелі.

Ақыл-кеңеске құлақ аспаған, ащы сыннан айылын жимаған жұрт мінезіне бірде налыған, бірде ашынған, бірде шамырқана ширыққан ақын жер ортасы жасқа келгенде адамгершілік, имандылық туралы ғибратын діни ағартушылық-дидактикалық ағымда толғады.

«Адам деген даңқым бар» деп асқақ толғаған ақын Алла «махаббатпен жаратқан адамзаттың» асыл қасиеттерін, ізгілік сипаттарының қайнар бастауы қайда екенін «толық адам» туралы тұжырымдамасы арқылы түсіндірді. «... Адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойған»[3] ақынның «*табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті*», «*ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған*» «*толық адамы*» – Сократтың «*өзін-өзі тани білген*», шығыс ойшылдары пайымындағы «*камили инсани*», дао іліміндегі «*әбден жетілген адам*».

«*Алланың өзі де рас, сөзі де рас*» екенін, заманына қарай «*қағида шарияты өзгерсе де, тағриф Алла еш жерде өзгермейтінін*», әһлі кітап (қасиетті кітаптар) сөздерінің Алланы танытуында айырма жоқтығын, Алланың мінсіздігін, құранның Алланың сөзі екендігін, пайғамбардың хақтығын уағыздады. Абсолюттік ақиқатты тануға талпынысы, білмекке құмарлығы ақынның тәңірге ғашықтығынан туындаған.

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,

Өзіне құмар қылған оның өмірі.

«*Терең ойдың телміріп соңына ерген, Алланың рахматын жар тұтқан, құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаған*» ақын поэзиясындағы діни-дидактикалық ағымның, құран сүрелері мен аяттарындағы, хадистердегі қағидалардың, ислам ойшылдары мен хәкімдерінің пәлсафалық ой-тұжырымдарындағы пайымдаулардың ақын танымындағы көрінісі терең зерделей зерттеуге зәру.

«...Абайға шығыстан келген бұйымдардың басы – ислам дінінде», «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» [4] екендігін М.Әуезов тегін ескертпесе керек. Ақынның Алла, адам, адамзат, әділет, иман, жайындағы гуманистік ойларының түйіні – төмендегі шумақта тұжырымдалған:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті,

Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,

Және сүй, хақ жолы деп ғәделәтті.

Абайдың дін туралы пікірлері оның діни ойларының адамгершілік, әділеттілік, имандылық қасиеттермен тұтасып, үндесіп жатқанын байқатады. Абай болмыстың ақиқатын, сырын терең танып, ислам дініне ізгіліктің,

адамгершіліктің, бейбітшіліктің қайнар көзі ретінде қарап, құранның іші толған «ғамалус-салих» (ізгі ой, игілікті іс) – екенін айтқан.

Ұлы ойшылдың қарасөздеріндегі әр өсиет – саналы, сөз ұғар қазақ баласы үшін үлкен өмір мектебі. «Адамға үш алуан адамнан жақсы мінез жұғады. Ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе, солардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады», «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», «адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет, сезім» деген пайымдары – өмір тәжірибесінен екшеліп, сұрыпталып шыққан қорытпа ой түйіні. Қарасөздеріндегі әрбір өсиет, нақыл – болашағына бейжай қарамайтын білімді, тәрбиелі, саналы жас үшін зор рухани азық.

Абай қарасөздерінің жанрлық ерекшелігі де өзгеше. Бірде монолог, бірде Сократтық сұхбат, бірде шешендік сауал, бірде нақыл – ғақлия, бірде ойтолғақ, бірде көсемсөз, енді бірде ғылыми трактат. Қарасөздердің өн бойында қан тамырдай таралған сыни ойлар мен кемеңгерлік толғамдар – берісі адам, қоғам, ұлт, арысы адамзаттық көкейкесті мәселелерді пайымдаған тәлімдік, тәрбиелік, танымдық, фило-софиялық тұтас туынды.

Абай даналығы – алдында бағыт көрсетер, жол бастар соқпақ із жоқ сахарада, соқтықпалы жерде, мыңмен жалғыз алысып жүріп кемел ой, кәміл сенімге жетіп, толық адамға, ұлттың ұлы тұлғасына айналуы, әлемдік әдебиет көшінің алдыңғы легінде көрінуі.

Абай поэзиясының мазмұны адамзат игілігіне қызмет етер ізгілікке, гуманизмге ұласқан. Әлеуметтік эстетикалық талғамы асқақ сыншы тек адам атаулыны ғана емес, зұлымдық пен надандықты тудырып отырған отарлық саясатты, темір құрсау заңды, сұрқия заманды сынады. Өз ортасынан бойы да, ойы да озық ақын өз қолынан ырқы кеткен, бодандыққа басы байланған халқының ертеңін, езгіден құтылып, егемендікке ұмтылудың жолын іздеді. Ол жол оқу, білім, өнер жолы екенін бек түсінді, сондықтан ұйқыдағы елін оятуға талпынды, насихатын айтты, өңменінен өткізе сынады, ар мен ұят ойламай жанын асырағандардан, өз сөзінен басқаны ұқпайтындардан, өз елін аңдығандардан түңілді. «Қайғы мен ыза қысқан соң» тілінен зар шықты.

Түзетпек едім заманды

Өзімді өзім зор тұтып, – деген ақын мақсаты айқын.

Абайдың адам мен қоғам жайындағы тұжырымы – қазақ топырағындағы жаңа тұжырым. Абай адамды белгілі қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, моральдық келбетін өмірге, әлеуметтік тұрмысқа байланысты көріп, бағалап бейнеледі.

Өмір мен өнерді астастыра жырлаған ақынның идеялық-эстетикалық концепциясы да жігі көрінбестей біртұтас.

Абай мұрасының ел ішіне таралуынан бүгінгі күнге дейін ғасырдан астам уақыт өтті, заман да, адам да, заң да, әлеуметтік-саяси хал-ахуал да өзгерді. Дегенмен, адам бойындағы «бес дұшпан» заман ағымымен көлеңкедей ілесіп қалмай келеді. Бүгін де, өсек-өтірік, ұрлық, құлық-сұмдық, қанағатсыздық, мал шашпақ мақтан, ысырапшылдық, немқұрайдылық, тоғышарлық, парақорлық – жемқорлық, пайдакүнемдік, бақталастық, бөсекелестік, билікке, атақ-даңққа құмарлық сияқты келеңсіздіктер жайлап, тіпті, бала тәрбиесіне салғырт қараудан, дінді ғылыми негізде түсінбеуден догмалық соқыр сенімге бой ұру, теріс пайдалану тәрізді жағымсыз құбылыстардың кеңінен

өріс алғаны да ақиқаттан алыс емес.

Ұлы ақын қалың елі қазақтың қаймана қалпын, бодандыққа бойұсынып боркемік тірлік кешкен елінің бейдауа күйін, «...қайран жұртының жоғын жоқтап, мұңын мұңдап ..., бар жанымен ынтыға сүйген» (М.Әуезов) қам көңілдің қапалы толғанысын, әлеуметтік-қоғамдық жүгі ауыр, саяси астарлы мәні зор, сыншыл реалистік бағыттағы өлеңін 1986 жылы 41 жасында жазған. Отарлық озбырлықтың боданында өз ырқы өз қолынан кеткен, «талауда малы, қанауда жаны» қалың елі қазағының қамын жеп, тағдырына қабырғасы қайысып, қамсыз, қарекетсіз қалпына қынжылса да өмірі мен өнерін ұлтының болашағы жолына бағыштаған, ұрпағына баға жетпес мұрасын мирас еткен Абайдың мәңгілік мұрасы – адамның өмірге келген сәтінен ахиретке дейінгі бар болмысын танытар – тәлімдік кодекс.

Ақынның тұнық ойының тұңғығында жатқан ін-жу-маржандарын жүрегіңнің түбіне терең бойламай қасиетін тани алмайсың. Абай жолы-ақын тыңнан салған жалғыз аяқ-соқпақ жол, соқтықпалы жерде мыңмен жалғыз алысып өткен жол, артына өлмейтін сөз, өшпейтін із қалдырған өнегелі жол. Абай даналығы – алдында бағыт көрсетер жол бастар соқпақ із жоқ сахарада, соқтықпалы жерде, мыңмен жалғыз алысып, жүріп кемел ой, кәміл сенімге жетіп, толық адамға, ұлттың ұлы тұлғасына айналуы, әлемдік әдебиет көшінің алдыңғы легінде көрінуі.

Ренессанстық тұлға ұлы Абай мұрасының көркемдік көкжиегін, эстетикалық құнарын, ізгілік мұратын әлем әдебиетінің озық үлгілерімен, діни-пәлсафалық ойдың биігіндегі жауһарлармен салыстыра зерттеу де өзекті мәселе.

Абай жолы – ақын тыңнан салған жалғыз аяқ соқпақ жол, соқтықпалы жерде мыңмен жалғыз алысып өткен өмір жолы, артына өлмейтін сөз, өшпейтін із қалдырған өнегелі жол.

Абай – кемел ой, кәміл сенімге жетіп, ұлттың ұлы тұлғасына айналған, қазақ халқының маңдайына біткен данышпаны, шығармалары – теңдесі жоқ ұлттық олжамыз. Ақынның өлеңдері мен поэмаларындағы, аудармаларындағы, қарасөздеріндегі өсиет-өнеге, тәлім-тәрбие, тағылымды, ғибратты нақылдар теңдесі жоқ сарқылмас қазынамыз.

Абайдың: «Жамандықты кім көрмейді. Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседі баян жоқ екені рас...», *Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді!* – деген үмітті арманында мол ғибрат бар. Осы, бір ғасыр кенерінде, қаншама тарихи төңкеріс, саяси сүргін, қынадай қырғын көрген қалың ел – бүгінде ұлыларын ұлықтаған, рухани мұрасын мирас тұтқан, болашаққа бағдары айқын егеменді, тәуелсіз мемлекет – «Мәңгілік ел».

Шын мәніндегі профессионалдық әдебиетке айналып, әлемдік деңгейде танылған қазақ әдебиетінің көшбасшысы Абай мұрасын жан-жақты зерттеу, терең таныту, оқыту – бүгінгі күні мемлекеттік дәрежедегі маңызға ие. Ұлттық сананың берік орнығуына тұғыр болар ұлы тұлғаның теңдессіз «самародный сыры алтын» мұрасын бір жүйеге түсіріп, ҰЛТТЫҚ РУХТЫ жаңғыртуда идеологиялық темірқазыққа айналдыруды ойласатын уақыт келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» 9 қаңтар 2020 жыл.
2. **Егеубаев А.** «Ұлттық сананың ұлан асу ұлы құбылыстары» «Қазақ әдебиеті» газеті. № 21-22. 3.06.2005.
3. **Әуезов М.** 20т. ТШЖ., 17 т. 128 б.
4. **Әуезов М.** 20т. ТШЖ., 17 т. 219 б.

арнап, 12 жылында болыс, 6 жылында би болып ғұмырын әр қилы айтыс-тартысқа толы оқиғалар үстінде өткізді [5, 29-б.]. Оған Абайдың ел басқару ісіне араласқан, соған байланысты дау-шар, сот – тергеуге тартылған 1866-1884 жылдардағы, 1885 жылы Шар бойында Қарамола дейтін жерде өткен съезд және сонда Абайдың қатысуымен жазылып, қабылданған Заң Ережесі төңірегіндегі құжаттар мен деректер⁴, «Абайдың Сенатқа жазған хаты», 1903 жылы 25 сәуірде Абай мен оның балалары Тұрағұл мен Мағауия үйлерін тінтуге байланысты құжаттар дәлел [6, 7-8-б.]. А.Байтұрсынов: «Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендердің сөйлеген сөзі, көсемдердің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мәтелдер сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен. Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарап туған» [7, 72-б.], – деп, елдің жоғын жоқтайтын азамат ретінде таниды. Сондай-ақ Абайдың жиырма жастан аса бастағаннан оқу-білім, көші-қон, жер мәселелерін көтеріп, ел басқару ісіне араласқанын архив деректері де растайды. «Абай» энциклопедиясында: «1866 жылы әзірленген «Күшік-тобықты болысы Қаржау ұлысы руларының көші-қоны туралы іс» атты 13 беттік жазбаның соңына Ибраһим Құнанбаев қол қойғаны, 1866 жылы 15 сәуірде басталып, 1867 жылы 26 шілдеде аяқталған 25 беттік «Сергиопольдің сыртқы округтік приказы» деген қорда «Омбы қаласында мұсылмандарға арналған мектеп ашу туралы Семей облысының әскери-губернаторымен жазысқан хаттар» деген құжатта Ибраһим Құнанбаевтың қол қойған мәлімдемесі, Семей облысы губернаторы тапсырған істердің 1866 жылғы барысы жөніндегі тәлімметте «Күшік-тобықты болысындағы болыс басқарушысын сайлау туралы» жазбада Ибраһим Құнанбаевтың жауапқа тартылғаны жөнінде айтылады [8, 92-б.]. Сонымен қатар архивтанушы ғалым Бейсенбай Байғалиевтың «Абай өмірбаяны архив деректерінде» атты еңбегінде Абайдың ел басқару қызметіне кеңінен тоқталады [5, 23-24-б.].

Абай елді тонаған отаршылдармен қатар елді алдаған ишан, қожа, молда, қажыларды:

Кейбірі пірге қол берген,

Іші – залым, сырты – абыз.

Кейбірі қажыға барып жүр,

Болмаса да қаж парыз.

Мұсылмандық ол ойлап,

Өтеген қашан ол қарыз? [9, 183-б.]–

деп мінейді. Абай өзінің көз алдында өтіп жатқан ахуалға бей-жай қарамайды.

Ызалы жүрек, молы қол,

Ұлы сия, ащы тіл,

Не жазып кетсе – жайы сол,

Жек көрсендер, өзің біл [10, 13-б.].

Қайғы шығар ілімнен,

Ыза шығар білімнен.

Қайғы мен ыза қысқан соң,

Зар шығады тілімнен [11, 182-б.]– деп ашына жазады. Өзінің отыз сегізінші қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, ол – надандық,

еріншектік, залымдық». «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.

Бұлардың емі: халқына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадалат ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын...» [10, 207-б.], – деп елді бірлікке, ғылым-білімге, адалдыққа шақырады.

Атымды адам қойған соң,

Қайтіп надан болайын?

Халқым надан болған соң,

Қайда барып оңайын?! [10, 49-б.]

Жарлы емеспін, зарлымын,

Оны да ойла толғанып.

Жұртым деуге арлымын,

Өзге жұрттан ұялып [11, 175-б.]– деп жазды ол өз айналасында болып жатқан ру тартысы, ескілік, надандық, жағымпаздық індетін көріп. **Абайдың күрескерлігі ағартушылық деңгеймен шектелді, нақты іс-әрекетке бара алмады. Себебі ол кезде отаршылдық езгіге қарсы күресті бастайтын саяси-әлеуметтік күш енді пісіп-жетіліп келе жатқан кезең еді. XX ғасыр басындағы қазақтың ағартушы-ақыны Міржақып Дулатовтың:**

Тұманға кірді қалың біздің қазақ,

Арты жар, алды тұйық – бұл не ғажап?!

Адасқан ағайынға басшы болып,

Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ [12, 30-б.] – деп айтқаны соған дәлел.

Абай ерте оянып, ойланып, арманына жете алмады, «оянбай, қайран жұрт, ұялмай қал жым-жырт!» [10, 46-б.], – деп өксіген қалпы дүниеден өтті. Алайда **оның тағлымы мол шығармашылығы отаршылдық езгіге қарсы күресті бастайтын саяси-әлеуметтік күшті, саяси қозғалысты оятты.** Осы кезде еуропалық білім алған, шығыстың ұлттық қозғалысы мен батыстың буржуазиялық революциясынан хабардар жаңа сападағы қазақ зиялылары жетіліп келе жатқан еді. Қазақ топырағындағы ағартушылық идеясы ескі феодалдық тәртіп пен қоғамдық қатынастарға, діни фанатизмге қарсы бағытталуымен бірге, ресейлік отарлық езгіден құтылуға, заман сұранысына лайық білім мен ғылымды игеруге үндеумен ерекшеленді [13, 236-б.]. **Абай өзінің өткір өлеңдерімен саяси қозғалысты оятып, қоғамды өзгертудің алғышарттарын дайындап берді. Ғылымсыз қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа мәшһүр етті [14, 236-б.].**

Қазақ қоғамының патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсылығынан ұлттық ой-санасы оянып, ұлт зиялылары халыққа «Оян, қазақ» деп жар салды. Газет шығару, күреске шақырған кітаптар бастырып тарату, қоғамдық-саяси талаптар қойған петициялар ұйымдастыру сияқты жаңа саяси күрес құралдарын игерді. **Абайдың ағартушылық идеясы Алаш зиялыларының үні «Қазақ» газетінің елді ұйқыдан оятып, түзу жолға бастау ұстанымымен, тұтынған жолымен үндесіп жатты.** Басылым беттерінде Абай өлеңдерінен үзінділер, мақала, рецензия және басқа да материалдар жарияланды. Қалыптасқан, жаңа саяси жағдайға лайық жаңа күрес құралдары, жаңа-әдіс айла, ең негізгісі осылармен халықты қаруландырып, қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын саяси-әлеуметтік күш

⁴Абайдың және басқа да елағаларының қойған қолымен «Дала уалаяты» газетінде және Қазан қаласында жеке кітап болып басылған. Ереже 74 баптан тұрады. 1887 жылы Қазан университетінің баспаханасында араб әрпімен басылып шығарылған, мұқият түптелген шағын кітапшаны академик жазушы Қазақстан Орталық мемлекеттік архивіне тапсырған. Қараңыз: Абай және архив. – Алматы: Ғылым, 1995. – 216 б. – Б. 50.

керек болатын [15, 48-б.]. Қазақ қоғамында ондай күш қалыптасып келе жатты, олар – патша өкіметі ашқан орыс-қазақ мектептерінде оқып, орыс қалаларында жоғарғы білім алған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған қазақтың зиялы азаматтары болатын.

Әлихан Бөкейханов мен Ахмет Байтұрсынов Абай Құнанбайұлын білген, Абайдың шығармаларымен танысқан. Мәселен, Әлихан Бөкейханов 1903 жылы Петербург қаласында П.П.Семенов-Тянь-Шанский мен академик В.И.Ламанскийдің басқаруымен басылып шыққан «Россия. Полная географическое описание нашего отечества»⁵ атты көп томдық еңбектің 18-томын дайындауға қатысқан. Кітаптың «Население» деп аталған екінші бөлімінің (136-29-25-беттер) «Распределение населения Киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура» деген бесінші тарауын жазған Әлихан Бөкейханов⁶ қазақ поэзияның жаңа бағыты ретінде Абай шығармашылығын жоғары бағалаған [16, 23-б.]. Әлихан Бөкейханов Абайдың ұлы Тұрағұл, оның немере інілері Кәкітай (Ғабдылхакім) және Шәкәріммен сыйлас, пікірлес болған. Кәкітай Әлиханның үйінде болып, қоғамдық-саяси, ағарту мәселелері жайын, хат арқылы аман-саулықтан бөлек ел мен жер мәселесі жайын әңгімелеп, кеңесіп отырған.

Абайдың көзі тірісінде шығармашылығымен танысқандардың бірі – ұлт ұстазы, ағартушы Ахмет Байтұрсынов. Біздің бұл пікірімізді алаш зиялысы Міржақып Дулатовтың «Абай» деген мақаласындағы: «1904 жылы июнь жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше, Абай өзі өлеңінің басылып шығуын тілемейді нәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын нәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін», – деп. Ахметке Абайды көруді нәсіп болмады; Абай өмірі күзге жетпей, сол июньнің 23-інде опат болды» [17, 32-б.], – деп жазғаны айғақтайды. Ахмет Байтұрсыновтың өзі: «... Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырғаны біздің Әубәкір, Сейдахмет, Ақмоллаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.

1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. ... Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа келіп тіреліп, оқушылардың бірімен сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік артық» [18, 72-б.], – деп баға береді.

Абай Құнанбайұлы дүниеден өткен соң, Әлихан Бөкейханов Құнанбай Өскенбайұлының балаларына хат жазып⁷, Абайдың әдеби мұрасын жинап, кітап етіп бастырып шығару туралы кеңес берген. Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевтан Абайдың биографиялық де-

ректерін алып, қаралы хабар туралы Семейде шығып тұратын «Семипалатинский листок» газетінің 1905 жылғы санына⁸ ақынның өмірі мен лирик ақын екенін таныстырған көлемді мақала жариялаған⁹. Ысқақұлы Кәкітай¹⁰ мен Абайұлы Тұрағұл¹¹ дайындап, Мүрсеит Бікіұлы¹² [19, 28-30-б.] корректорлық еткен **Абайдың өлеңдер жинағын Санкт-Петербургтегі Ілияс Бораганскийдің¹³ баспаханасында бастырып шығаруға да Ә. Бөкейханов қол ұшын берген. «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» атты 120 беттен тұратын бұл еңбек, 1909 жылы баспадан жарық көрді.**

Абайдың шығармаларын қазақ әдебиетінің жаңа үлгісі деп танып, ақындығына тәнті болған Ахмет Байтұрсынов, өзінің «Қазақ» газетіндегі мақаласында: «Абайдың сөздері 1909 жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа тарамай жатыр. Басылған кітап Ақмола, Семей облысынан басқа облыстарға тарамай жатқаны кісі таң қаларлық іс. Абайдың сөзін Семей лепкесіне қамап, жасырып қоймай, күллі қазақ баласы бар уалаяттардағы кітап сатушылардың бәрінің де магазиндеріне жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан келген қадырлы жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» [18, 75-б.], – деп Абай идеясын халыққа тарату туралы пікір айтты. Алаштың талантты ақыны Мағжан Жұмабаев өзінің «Атақты ақын, сөзі Алтын хакім Абайға» өлеңінде:

*Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.
Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,
Қисайып, қыңырайды жұрттың итмес!
Бұртиып, теріс қарап: «Аулақ жүр!» – деп,
Болды ғой жақын туған бәрі кектес.*

*Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме,
«Қор болды қайран сөзім босқа!» – деме.*

Артында қазақтың жас балалары
Сөзіңді көсем қылып, жүрер жөнге! [20, 12-б.], – деген жыр жолдарын Абайға арнады. Мағжан ақын Абайға еліктеп, оның «Жазғытұрым», «Күз» өлеңімен бір тақырыпта өлең де жазды. Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы Орынборда жеке кітап болып басылып шыққан «Педагогика» [21, 122, 134-б.] атты еңбегінде де бала тәрбиесі мен психологиясына қатысты, Абай шығармаларына жүгінді, бірнеше жерде өлең жолдарын үлгі етіп алды.

Талантты ақын, жазушы, сыншы Сұлтанмахмұт Торайғыров: «... Асыл сөзді іздесең,

⁸Абай (Ибрагим) Құнанбаев // Абай. – 1992. - № 2. – 24-27-бб.

⁹Мақала Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі комитетінің 1905 жылдың 27 тамыздағы шешімімен жарық көрді.

¹⁰Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев (1868-1915) Абайдың немере інісі.

¹¹Тұрағұл (Тұраш) Абайұлы Құнанбаев (1875-1934) Абайдың Әйгерімнен туған баласы.

¹²Мүрсеит Бікіұлы (1860-1917) Абайдың әдеби хатшысы болған, Абайдың өлеңдерін өз қолымен көшіріп, ел арасына таратушы. Абай еңбектерінің – 1905, 1907, 1909 жылдардағы бізге жеткен үш қолжазбаны да Мүрсеит өз қолымен көшірген.

¹³І.Бораганский 1852 жылы Қырымдағы Бахшасарай қаласында туған, жас кезінде Түркияда болып, Стамбул қаласында баспа, хусни хат өнерімен шұғылданған. 1882 жылдан Петербургте мұсылман баспаханасын ашуға рұқсат алып, араб, парсы, түрік тілдерінде кітаптар басып шығарған. І.Бораганский 1898-1908 жылдары Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінде лектор болып түрік тілінен сабақ берген. Оның баспаханасынан Ш.Уәлихановтың (дайындаған П.М.Мелиоранский, редакторы Н.И.Веселовский) «Едіге би» кітабы да жарық көрген.

⁵Аталған еңбектің «Киргизский край» деп аталған бөлігі (көлемі – 478 бет) қазақ тарихына арналған.

⁶Мақала Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі комитетінің 1905 жылдың 27 тамыздағы шешімімен жарық көрді.

⁷1904 жылы.

Абайды оқы, ерінбе» [22, 70-б.], – деп өзі де Абайдан үйреніп, басқалардың да Абайдан үйренуін жөн санады, ойлы ақын:

*«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа,
Абайды оқы, таңырқан, басың шайқа,
Ақындықтың қуаты есінді алып,*

Бас алмастан оқырсың, қайта-қайта», – деп Абайдың ақындығын өте жоғары бағалады. Қостанайлық әйгілі ақын, Әбіқай Нұртазин де Абайдың 1909 жылы басылып шыққан өлеңдер жинағын оқып, танысқаннан кейін:

*Өзімді жерде, Абайды көкте көрем,
Пенделік, кейде артықты жек те көрем.
Бірақ та таласым жоқ шын ақынға,*

Өлеңге енді қайтып өкпелемен [23, 66-б.], – деп арнау жазды.

Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының ат салысуымен Орыс жағрафиялық қоғамының жазбаларында, «Айқап», «Қазақ», «Уақыт», «Абай» сияқты XX ғасыр басындағы мерзімді басылымындарда ақынның өлеңдері басылып, танымдық мақалаларда Абайдың шығармашылығы жайындағы алғашқы ой-пікірлер айтылды, шығармаларын жинап бастыру жұмыстары жүзеге асырылды¹⁴. Ж.Аймауытов пен М.Әуезов: *«Қазір бізде өлең жазушылар көбеюіне себеп болып отырған нәрсе – бір «оянудың барлығы». Бұл оянуға бірінші – Абай, екінші «Қазақ» газетасы, үшінші жалпы жұрттың ғылымға бет алуы себеп болды... Кейінгілерді бұл әсер ойлантты, оятты, бұған жалғас оянған ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған «Қазақ» газеті»* [24, 66-б.], – деп сол жылдардағы саяси ахуалды дәл басып айтты. Қазақтың бұл екі азаматы ұлттық ой-сананы ояту ісіне бел шеше кірісіп, «Сарыарқа», «Қазақ тілі» газеттеріне де мақалаларын үзбей жариялап тұрды.

Абай есімін ұлықтау, әдеби мұрасын есте қалдыру, идеясын насихаттау бағытында Семей қаласындағы оқу-ағарту мекемелері, оның ішінде Абай дүниеден өтерден бір жылдай бұрын ашылған, **Семей қаласындағы оқытушылар семинариясы**¹⁵ көп жұмыстар атқарды. Абаймен замандас Ыбырай Алтынсариннің ұлағатты ісін алға жылжитқан талантты шәкірттері, **оқытушылар семинариясының** жас ұстаздары Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар Абай Құнанбайұлына құрмет көрсетіп, өмірі мен шығармашылығын насихаттауға өз үлестерін қосты. Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар 1914 жылы Абайдың дүниеден өткенінің он жылдығына орай Семейдегі Орыс география қоғамының қолдауымен, орыс тілінде әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырды, өткізеді [25, 4-5-б.] **Мұндай бас қосулар қазақ даласындағы ағартушылық қозғалыстың өрістеп, жалпы азаттық қозғалысқа ұласуына әсер етті.** Кеш туралы «Айқап» журналының 1914 жылғы № 4 саны: *«Абайдың қадірі халыққа зор. Абайдың өлеңі оқылғанда, талай қазақтың көзінен жас мөлдіреді»* [25, 4 б.], М.Дулатов: *«Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз»* [17, 33-б.: 104-б.] – деп жазды «Қазақ» газетінде¹⁶.

¹⁴Абайды алғаш оқырманға таныстырған Ә.Бөкейханов, ақын еңбектерін жинап, ғылыми маңызды еңбек жасаған Ысқақұлы Кәкітай мен ақынның баласы Тұрағұл.

¹⁵Аталған оқу орны Халық ағарту министрлігінің 1902 жылдың 1 желтоқсанындағы Семейде оқытушылар семинариясын ашу туралы шешіміне сәйкес 1903 жылдың 1 шілдесінен өз жұмысын бастап, 1903 жылдың 23 қыркүйегінен шәкірттер оқыта бастаған болатын.

¹⁶Абай Құнанбайұлының опат болғанына 10 жыл толуына орай жазған мақаласы.

Абайдың туғанына 70 жыл толуына арналған кешті де 1915 жылдың 13 ақпанында Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар [26, 192-б.] ұйымдастырып, өткізді. Кеште Абай мен Ыбырай өлеңдері оқылды, жалпы қазақ әдебиеті жайында сөз болды. **Райымжан Мәрсеков өз баяндамасында қазақтың сөзге ұсталығы, сауық құру, ән салу, домбырамен күй тарту қазақтың жан азығы екендігін, кейінірек ел ішінде қожа, молдалар көбейіп, бұл сауықтарды обал, күнә деп халықтың көңілін қайтаруы, бертін келе Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сықылды кемеңгер ақындардың шығуы, олардың өлең-әнге жан бітіріп, өң беруі, ұлттық әуезін сақтауы туралы кең көлемді баяндап, ақындар мен билердің өлеңдерінен** [27, 154-157-б.] үзінділер келтірді. Назифа Құлжанова Ыбырай Алтынсариннің «Жаз», Мұстақым Малдыбаев «Әсиет өлең», Жүсіпбек Аймауытов «Балқожа бидің оқудағы баласына жазған хаты» өлеңдерін, Зікірия Саникин «Қарға мен түлкі» мысалын, Таһир Жомартбаев Абайдың «Қыс» өлеңін, Қаныш Сәтбаев «Бұл-бұл мен есек» мысалын оқып, Жүсіпбек пен Қаныш домбыра мен мандалинада, Зікірия скрипкада ойнап, ән салып, Мұса ақсақал күй шертіп, қыз-келіншектер мен бозбалалар ән шырқап [28, 37-б.] кештің көркін кіргізді. Аталған кеш туралы сол жылдары жалпыұлттық басылымға айналған «Айқап» пен «Қазақ» жарыса жазды. Мәселен, «Айқап» журналы Назифа Құлжанованың оқыған өлеңін, әнші Әлмағамбеттің домбыраға қосылып орындаған «Ырғақты», «Татьяна», «Жарқ етпес» деген әндерді, Т.Жомартбаев, Қ.Сәтбаев, М.Малдыбаевтың декламация оқығанын, 12 жасар Қайықбай деген баланың «Әрида-шай» әнін нақышына келтіре айтқанын, үшінші бөлімдегі Жанақ ақын мен бала айтысын, төртінші бөлімдегі салт-дәстүрден көрсетілген көріністер мен шырқалғанын әндерді жоғары бағалады. *«Қазақтың оқығандары, көзі ашық байлары, мырзалары бір үйдің ішіндей, бір кісінің баласындай қызмет аласыз етті. Қазақтың бұрынғы ұйымшылдығын көрсетті»* [29, 9-10-б.], – деп жазды.

Ұлттық ой-сананы ояту ісіне бел шеше кіріскен ұлт зиялылары қоғамдық және шығармашылық жұмыстарды қатар алып жүрді. Абайдың өмірі мен шығармаларын зерттеп, халқымыздың тарихы мен мәдениеті туралы келелі ой қозғады. Мәселен, 1917 жылы Мұхтар Әуезов «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, сахналады. Жүсіпбек Аймауытовпен бірге «Екеу» деген бүркеншік атпен: «Абайдың өмірі және қызметі» («Абай», 1918, № 2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, № 3) деген мақалалар жазды. Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов «Абай» журналын, Мәннан Тұрғанбаев «Қазақ тілі» газетін шығарды. 1914-1919 жылдары Семей оқытушылар семинариясында оқыған Қ.И.Сәтбаев, Ә.Х.Марғұлан замандастары Мұхтармен, Жүсіпбекпен танысып, Абай мұрасын насихаттауға үлес қосты. XX ғасыр басындағы қазақтың көрнекті тұлғаларының бірі Телжан Шонанов «Ақ жол» газетіндегі мақаласында: *«... Абай кітабы бұл күнде зубр тәрізді өте-мөте сирек қалды. Ол сирек қалған жалғыз-жарым нұсқаларының тозып, жыртылғаны енді аз мезгілде Абайды қолға түсіре алмасқа кәдік»* [30, 248-249-б.], – деп Абай шығармаларының толық жинағын басып шығару мәселесін көтерді. Бұл кезде Абай сөзін жатқа білетін, қай өлең қандай жағдайда, қай мезгілде жазылғанын, білетін, Абайдың өлеңдерін өз аузынан жазып алып отырған ақынның баласы Мекаил, Тұрағұл және інісі Шәкәрім, Көкбай бар болатын. Т.Шонанұлы жаңа жинақты Абай ауылының азаматы Мұхтар Әуезовке тапсыруды жөн көрген еді, алайда, бұл жұмыс таланты ақын Бернияз Күлеевке жүктелді. Басылымды дайындау барысында әр түрлі кедергілер кездесіп, 1909 жылғы жинақ қайталап басылды.

XX ғасырдың 20-30-жылдары әкімшіл-өміршіл жүйенің толық орнығуымен қазақ халқының рухани-мәдени мұраларына шабуыл басталып, Абайды тануда әртүрлі көзқарастар, айтыстар орын алды. Мәселен, С.Мұқанов өзінің «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «Қара тақтаға жазылмандар, шешендер» деген мақаласында «байлардың Абайы, біздің Абай емес» деген пікір айтты. Аталған газеттің 1923 жылғы № 69 санында: «Абай ақсүйек, атасы Құнанбай ел билеген жуан жұдырық, бұдан еңбекшілерге ешбір жақсылық жоқ», – десе, газеттің 1927 жылғы № 3 санындағы «Менің Абай туралы сондағы пікірім сол қалпында», – деп алдыңғы пікірін қайталады. 1928 жылғы «Жаңа әдебиет» журналының № 3 санында: «Абай қазақтың ... ақсүйектен жаңалыққа ұмтылған жаңашыл ойының тілегінен туған ақын», 1932 жылғы «Қазақ әдебиетіндегі» мақаласында: «Қазақтың ақсүйек, аталық тілектерінің ішіндегі кемшілікті жырлап, түзетуге, өнерге шақырған адамның алғашқысы жаңашыл (либералист) Абай болды», – деп 1923-1933 жылға дейін жалпылама, біржақты пікірлер айтумен шектелді¹⁷. Бұл пікір мерзімді басылымдарда Абай Құнанбаев тұлғасына қатысты айтысқа ұласып, оған қоғамдық-саяси көзқарастары әр түрлі бағыттағы Ы.Мұстамбаев, І.Қабылов, А.Сегізбаев, Б.Кенжебаев және басқа да азаматтар үн қосты. Сәкен Сейфуллин мен Нәзір Төреқұловтың Абай жайындағы ой-пікірлерінен олардың Абай тұлғасына, ақындығына қатысты ұстанымның екіге жарылғаны [31, 54-6.] байқалды.

Кеңестің тоталитарлық билік толық орнаған кезеңнен бастап еліміз еркіндігін алғанға дейін қазақ тарихын таптық көзқарастармен шектеп, отаршылдыққа қарсы, азаттық күреске үндеген шығармаларды ұлтшылдыққа айыптады, жеке тұлғаларды зерттеуде орыс халқымен достық көзқарасын немесе үндестігін алдыңғы орынға шығарды. Абайдың қоғамдық қызметі, қайраткерлігі, өскен ортасы, қазақ зиялыларының (Абайға дейінгі және Абайдан кейінгі) арасындағы идеялық байланыс, Абайдың ақын шәкірттері, Абайдың ақындық мектебі тарих ғылымы тұрғысынан зерттелмеді. Абайдың бүгінгі күнге дейін толық түсіне алмауымыздың да бір себебі, Абай тұлғасын кеңестік тоталитарлық жүйе қырын қараған Абайдың алдындағы «Зар заман» және өзінен кейінгі ұлттық-либералдық бағыттағы Алаш зиялыларымен сабақтастықта зерттеп, зерделеуімізде жатқаны шындық. Ұлы жазушы М.Әуезовтың: «Халық жалпы ғылымға бет қойып, көзі ашылған сайын Абайдың сөзінің бағасы артылып, өзінің нұсқаған жолдарына халықтың ұғымын сүйремек, ... Абайдың көп сөзі ертерек айтылғанға ұқсайды, бірақ іске аспай, керекке жарамай қалмайды. Жұрттың хақиқатқа көзі ашылуға айналса, тағы бірталайға шейін созылып барады» [32, 43-б.], – деген сөзі де бүгінгі күні маңызын жойған жоқ.

¹⁷С.Мұқанов 1937 жылы «Абай халық ақыны» деген мақала жазды. Онда Абайды қазақ тарихымен байланыста, оның заманы ескі феодалдық қоғамның қаймағы бұзылып, Қазақстанға алғашқы капиталистік қатынастардың келе бастаған, сауданың заманы, ақшаның қазақ өміріне араласқан кезі, жаңа дәуір деп қарастырған. Абай өз заманының қайшылығын, феодализмнің болашағы күнгірт екенін көрген ақын, қазақтың алғашқы ағартушысы, Абай елді орыс мәдениетіне шақырған деген пікір айтып, Абайға шығыс пен орыс әдебиеті бірдей әсер етті деген М.Әуезовтың пікірін қайталаған. Сол кезде А.Пушкиннің 100 жылдығы өтіп, орыс әдебиетшілері өткен кезеңдердегі шығармашылықты жаңаша бағалау бағытын ұстанған болатын, соның әсері болса керек, С.Мұқанов бұрынғы пікірлерінен өзгеріп, Абайға ұлт ақыны, әдеби тілді дамытушы деген баға берді. Абай халық ақыны // Әдебиет майданы. – 1937. – № 4. – 100-104; № 5. – 73-80 бет. С. Мұқановтың бұл мақаласы толықтырылып, 1939 жылы Абай шығармаларының бірінші томында басылды. А. Құнанбаевтың 100 жылдығы қарсаңында Абай жөніндегі көлемді кітабы жарық көрді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. Янушкевич А. Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар. – Алматы: Жалын, 1979. – 272 б.
2. Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. («Тарихи тұлғалар» сериясы). – Алматы: Қазақстан, 1996. – 296 б.
3. Садуақасұлы С. Қазақ ... тарихынан! / Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Алаш, – 2003. – 352 б.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. «Бойы бұлғаң» / Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 1995. – 336 б.
5. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2001. – 134 б.
6. Абай және архив. – Алматы: Ғылым, 1995. – 216 б.
7. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны / «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
8. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
9. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. «Қайғы шығар ілімнен» / Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 1995. – 336 б.
10. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2.: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы. – 1995. – 376 б. – Б. 7.
11. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. «Бойы бұлғаң» / Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 1995. – 336 б.
12. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы: Бірінші том: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. – А.: Мектеп, 2002. – 368 б.
13. Қойгелдиев М. Қазақ елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XX ғ. басы). Монография. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, Дәстүр, 2014. – 430 б.
14. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы: Екінші том: көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. – Алматы: Мектеп, 2003 – 392 б.
15. Қойгелдиев М. Отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері // Қазақ тарихы. – 1993. - № 1. – Б. 48.
16. Ғұмырнәма. // Абай. – 1992. - № 2. – Б. 23.
17. Дулатов М. Абай. // Абай. – 1992. - № 4. – Б. 32. Абай. Опат 23 июнь 1904 жыл / «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б. – Б. 103.
18. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны / «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
19. СұбханбердинаҰ. Абай шығармаларының тұңғыш жинағы // Абай. – 1992. - № 4. – Б. 28-30.
20. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – 2-том. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.
21. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 232 б. – Б. 122. Б. 134.
22. Өтебаев Е. Сұлтанмахмұт Абай туралы // Ақиқат. – 1995. - № 6. – Б. 70.
23. Нұртазин Ә. Өлеңге қайтып өкпелемен // Абай. – 1992. - № 2. – Б. 66.
24. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1-том: Мақалалар, пьесалар. 1917 – 1920. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 464 б.
25. М.М. Семипалаттан «Айқап», 1914 жыл, 4-маны // Абай. – 1992. - № 2. – 4-5.
26. Назипа. Бір керек жұмыс / «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
27. Мәрсеков Р. Қазақ әдебиеті жайынан. / «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
28. Құлжанова Н. Программа // Абай. – 1992. - № 4. – Б. 37. Семипалатинск (Киргизский вечер) // Сибирская жизнь. – 1915. – 7 марта. - № 52.
29. М.М. Қазақша бастапқы ойын. «Айқап», 1915 жыл, 5 саны. // Абай. – 1992. - № 2. – Б. 9-10.
30. Шонанұлы Т. Абай кітабын бастыру керек / Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар, зерттеулер және мақалалар). – Алматы: Ел-шежіре, 2011. – 368 б.
31. Төреқұлов Н. Шығармалар – Сочинения: Дипломат. – Алматы: «Қазақстан», 1997. – 336. – («Тарихи тұлғалар» сериясы). – Қазаша-орысша.
32. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1-том: Мақалалар, пьесалар. 1917 – 1920. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 464 б.

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР

(XIX - XX ғғ. шетелдік және отандық ғылыми зерттеулер бойынша)

Аманжол ҚАЛЫП,
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Әлия ИСАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Өресі биік, өрісі кең өнер атаулының қай саласынан болсын жер жүзіндегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқы да өзінің көне замандардан бері келе жатқан бай тарихымен көзге түседі. Ал қандай да болсын өнер және талант иелерін өмірге әкелетін сол халық. Сондықтан біз оларды халықтық өнер дейміз.

Қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз ету мәдениеті көп жағдайда кәсіпшілігі мен қолөнері арқылы анықталып келді. Кез-келген өндіруші шаруашылық, әсіресе, мал шаруашылығы мен егіншіліктің дамуы үшін оған ер-тұрман, ат әбзелдері секілді құрал-жабдықтар қажет екендігі сөзсіз. Қазақ халқында әр түрлі салалар бойынша мамандар, яғни ағаш өңдеушілер, темір ұсталары, тері илеушілер, тас қалаушылар, шеберлер, зергерлер, ершілер болған. Дәстүрлі қолөнер кәсіпшілігінің адам тіршілігінің неғұрлым шаруашылық жағымен байланысты және едәуір дене күшін жұмсауды талап ететін бұл саласымен негізінен ер адамдар айналысты. Осы тұста, біз зерттеп отырған кезеңдегі тұрмыстық кәсіппен айналысатын қолөнер шеберлері, көбінесе, кедейлер әулетінен шыққандығына назар аудару қажет. Белгілі бір қолөнер түріне мамандану және оны кәсіпке айналдыру шеберлердің негізгі күнкөріс көзі болғанды. Соның өзінде қолөнер шеберлерінің қажырлы еңбегі, тіпті ғажап туындылардың өзі де жете бағаланбады.

Қазақ қолөнер шеберлерінің басым көпшілігінде жабдықталған арнайы шеберханалардың жоқтығынан күнделікті еңбек тым ауыр болды. Әсіресе, ершілер, зергерлер, етікшілер тағы да басқа ұсақ-түйек бұйымдар жасайтын шеберлер қысы-жазы өзінің тұрғын үйінде, киіз үйде немесе жасатушының мекен-жайына барып істеді. Мұндай шеберлердің бұйым жасайтын шикізаты да, құрал-саймандары да көші-қонға қолайлы, шағын, сыйымды болды. Сондықтан, олар жаздығүні елмен бірге жайлауға көшіп, өзінің шағын киіз үйлерінде-ақ жұмыс істей берді. Ал енді, киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер мен арба-шана, жерағаш сияқты көлемді құралдар мен бұйымдар істейтін шеберлер, темір ұсталары, тас өңдеушілер, көбінесе, қысқы мекенінен кете алмай, жатақта қалады. Сондықтан бұлардың кейбіреулерінде, әсіресе, ұсталарда арнайы қарапайым дүкендер болған.

Ал, тастан там салып, құлпытас және басқа бұйымдар қашайтын шеберлер мен үйшілердің, арбашылардың жұмыс орны қыстаудағы қора бұрышында, шошалада немесе арнайы жасалатын лапас астында орналасты. Мұндай шеберлердің жазда жайлауға көшуіне, бір жағынан көліктің жоқтығы, кедейлік мүмкіндік бермесе, екіншіден, олардың негізгі кәсібінің өзі көші-қонға тым қолайсыздық туғызды. Айталық, ауыр тастарды былай қойғанда, киіз үй сүйегі мен арба-шана, тағы басқа шаруашылық саймандарын жасайтын шикізаттарды, оларды өңдейтін құрал-саймандарды көш-қон кезінде өзімен бірге ала жүруге мүмкіндік болмады.

Елдің үнемі көшіп-қонуы қолөнердің дамуына кері ықпалын тигізді. Солай болса да, әсіресе, теміршілер мен зергерлердің сүйектен, тастан қашап оюлап неше

түрлі бұйымдар жасауы және ағаштан түйін түйген қолөнершілердің асқан шеберлігі өзге ұлт зерттеушілерін таң қалдыратын. М.А.Леваневский: «Қазақтың қандай кәсіпке болмасын табиғатынан қабілеттілігіне тек сүйсінесің, қарапайым құралдармен тамаша ер қапталдарын жасап, алтын, күмістен әсем бұйымдар шығаратындығына таңданбасқа болмайды. Қазақтардың тіккен аяқ киімдері өте берік, киюге ыңғайлы», – деп жазады [1].

Белгілі неміс және орыс оқымысты-энциклопедисті, табиғат зерттеушісі, медицина докторы П.С.Паллас 1769 жылы Орынбор, Орал, Оңтүстік Сібір қазақтарының жеріне және Ертіс бойымен Семейге дейін аралап саяхат жасады. Ол алғашқылардың бірі болып қазақтардың тері мен киіз өңдеу, оларды әр алуан түске бояу, табиғи бояу алу әдістері туралы жазып қалдырды [2]. Оның қазақтардың темір ұсталары мен зергерлерінің түсті металдардан әсем өрнектеп жасаған заттары, ерлер киімі, қару-жарағы, т.б. қолөнер бұйымдары жайлы айтқан мәліметтерінің ғылыми маңызы этнографтар мен тарихшыларға маңызды болды.

Революцияға дейінгі қазақ халқының қолөнер табиғатын жан-жақты этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін маңызы өте зор. Өйткені, қазақтың қолөнері жалпы халық мәдениетінің ішіндегі негізгі салаларының бірі. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті, оның ішінде қолөнер шеберлерінің дәстүрлі өнері жан-жақты зерттеуді қажет ететін бағалы мұра екендігін көптеген ғылыми зерттеулерде зерделенген.

Қазақстандағы қолөнер бұйымдарының түрлері мен қосымша түрлі суреттерін саяхатшылардың, елшілердің жазбалары немесе археологиялық қазбалар, сондай-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындылары арқылы шамалауға болады. Қазақ халқын құраған этникалық топтардың қолөнер кәсібі жайлы тарихи мәліметтер бізді өте ерте заманға жетелейді. Археологиялық қазбалар мен жазбаша ескерткіштерге қарағанда, Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар мыңдаған жылдар бойы металл, тас, сүйек, саз балшық, ағаш, жүн, т.б. шикізаттарды түрлі шаруашылық кәсіптері мен күнделікті үй-ішінің мүліктеріне пайдаланып келген. Қазақ халқы өз ата-бабаларының қолөнері пен көркем өнердегі дағдысын мұра етіп қана қойған жоқ, оны айтарлықтай дамытып, байыта түсті. Мұның бәрі сол замандардағы нақтылы әлеуметтік жағдайларға, тарихи оқиғаларға, қоғам өндірісіне байланысты.

Кейбір зерттеушілердің тұжырымдауынша, Қазақстан жерінде тоқымашылық кәсібі андронов дәуірінде (б.д.д. XVIII–VIII ғасырлар) болған. Оның дәлелі есебінде осы дәуірге жататын археологиялық қазбаларда қарапайым тоқыма өрмегі (станогі), басқа да тоқуға қажетті саймандардың көрінісі ежелгі Алтай тауларының бауырында Пазырық қорғанында жүргізілген археологиялық қазба кезінде табылғандығын орыс ғалымы С.И.Руденко дәлелдейді. Бұл қазбада табылған дүниелерді кейбір ғылыми зерттеулер б.з.б. I мыңжылдықтың орта кезіне жатқызады [3].

Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі тоқымашылық өнеріне назар аударғанымызда, ол туралы археологиялық қазбаларды есептегенде, жазба деректерде пайда болуы орта ғасырдан-ақ басталады [4].

Орыстың географ-саяхатшылары, жаратылыстану ғылымдарының әуесқой өлкетанушылары және Ресей зиялылары қазақ жерінің географиялық сипатына, флора және фауна дүниесіне, табиғат пен минерал байлығына, халқының ру-тайпалық құрамына назар аудара отырып, көшіп-қону ғұрыптарын зерттеп, сонымен қатар, тұрмыс-салтына, шаруашылығының ерекшеліктеріне және көркем қолөнер түріне де терең мән береді [5].

Қазақ жеріне Мәскеу қаласында ұйымдастырылған Императорлық Орыс географиялық қоғамы этнографиялық зерттеулер жүргізді. Оның бөлімшелері жаратылыстануды, тарихты, антропологияны және этнографияны қолдау қоғамының жұмыстары үлкен әсер етті. Мұнымен қоса орыс мұражайларының жинақтау және ғылыми-зерттеу жұмыстары да бұл салаға қомақты үлес қосты. Алайда, көрнекті этнограф М.С.Мұқановтың пікірінше, Ресей империясының шалғай аймақтардағы халықтардың, соның ішінде қазақтардың да халық қолөнері мен қолданбалы сәндік өнерін ғылыми түрде зерттеуі тек XIX ғасырда ғана басталды [6]. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазалы, Түркістан, Ташкент қалаларында сапармен болған орыс ғалымы Н.Е.Симаков Орта Азия халықтарының сәндік қолөнері жөніндегі еңбегінде қазақ ауылындағы тұрмыстық заттарды әшекейлеу туралы жазды [7]. Киіз басу, тоқу өнері, зергерлік кәсібі жөнінде Ресейдің П.Маковецкий, А.И.Добросмыслов сияқты зерттеушілерінің XIX ғасырдың аяқ кезінде елеулі еңбек қалдырған.

Жалпы, қолөнершілер арасында ата-бабасынан зергерлікпен шұғылданып, ағаштан түйін түйіп, металл бұйымдарынан алуан түрлі тұрмыстық заттар жасайтын шеберлер де кездесетін, бірақ олар өте аз болған. Негізінен, қазақ қолөнершілердің қатары XIX ғасырда көбейді. Бұл туралы революцияға дейінгі зерттеушілердің еңбегінде айтылған [8].

Осы уақытта қолөнер бұйымдарын алушылар өте аз болды. Сондықтан да, қолөнершілердің еңбегі құнсыз болып, кейде істелген жұмыс, төгілген терді ақтамайтын. Сол себепті, аталмыш ұстаздар бір жағынан қолөнерімен айналысып, екінші жағынан егін, мал шаруашылығынан қол үзбеді. Олар өз еңбек ақысы үшін түйе, жылқы, қой жүн есебінде заттай ақы алатын болған. Еңбек ақы әрбір жерлердегі еңбекке беретін құнның мөлшері бойынша белгіленген. Билеуші феодалдар мен байлар қолөнершілердің көрікті жасаған әсем бұйымдарын ел ішінде қалыптасқан құнмен санаспай, көбінесе алдап-сулап арзан бағамен немесе барымталап, күшкүш көрсетіп тегін алып отырған. Осылайша, кейбір жағдайларда қолөнершілердің еңбегі өз дәрежесінде бағаланбаған.

Қолөнершілердің қасап шығарған бұйымдарына ақшалай емес, заттай ақы төленуі товар айналысының дамуына кедергі болды. Олардың табысы өздерінен ауыспады. Осындай жағдай Орта Азия халықтарына ортақ еді.

Осы тұста, қазақ және басқа халықтардың қолөнершілері арасында азды-көпті айырмашылықтың болғандығын ескеру де қажет. Мысалы, қарақалпақтар ұсталарды қауым болып, ортадан қаржы шығарып жалдайтын болған. Ал қазақ қолөнершілеріне қатысты мұндай жағдайды айта алмаймыз.

Қазан революциясынан кейін, әсіресе, ауыл шаруашылығын ұйымдастыруға байланысты, қазақ жұртшылығы түгелге жуық қоғамдық еңбекке белсене араласты да, қолөнер кәсібі, әсіресе, оның ер адамдар айналысатын түрлері күрт төмендеді, тіпті олар өндіретін бұйымдар жаңа жағдайға байланысты өзінің қажеттілігін де жойды. Соның нәтижесінде ел арасында ер адамдар қолөнеріне байланысты кәсіпшілік үй шаруашылығындағы мәнін жойды деуге болады. Ал әйелдер үлесіндегі қолөнердің киіз

басу, тоқымашылық, тігіншілік, кесте тігу сияқты түрлері керісінше өзінің бұрынғы дәстүрлі қалпын жоймады.

Революцияға дейінгі жарық көрген көптеген этнографиялық жазба мұралар ішінде тікелей қазақтың қолөнеріне, әсіресе, тек қана ер адамдар айналысатын шеберлік болмысына арналған жұмыстар сирек болды. Түрлі жағдаймен Қазақстанда болғандар жалпы қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті туралы жалпылама мағлұматтар берумен ғана шектеледі. Бұл жазбаларда, әсіресе, ел арасында өте жиі кездесетін киіз басу, тоқымашылық, сырмақ сыру, ою-өрнек сияқты әйелдер өнеріне байланысты жайларды баяндауға көңіл бөлінді.

Орыс ғалымдары И.О.Русанов [9], Г.Загряжский [10] қазақ қолөнері кәсібі жөнінде деректер береді. М.И.Бродовский [11] мен В.Балков [12] Түркістан аймағының көптеген қолөнерін зерттеумен бірге жүннен жасалатын киіз, алаша, баулар мен түкті кілемдерді дайындау әдістерін қарастырады.

К.М.Обручев тік және горизонталь өрмектерді сипаттаумен бірге «терме» әдісімен тоқуды бейнелейді [13]. Соның ішінде қазақтардың алаша тоқитын қолөнері туралы орыс ғалымы А.И.Добросмысловтың [14], австриялық суретші Р. Карутцтың еңбектерін алуға болады. Маңғыстау жерінде зерттеу жұмысын жүргізген Р.Карутц XX ғасырдың басында көптеген құнды ой-тұжырымдарын айта отырып, қазақ ою-өрнектері түгелдей жануарлық сарында орындалады, олар парсы өрнектерінің қарапайым, бүлінген түрі деген дау туғызатын, қате пікірлерді де келтіреді [15].

XIX ғасырдың екінші жартысында М. Шорманов [16], Х.Қостанаев [17], Ш.Ш. Уәлиханов [18], М.С.Бабажанов [19] сияқты қазақ авторларының халық өмірін этнографиялық тұрғыда қарастырған көптеген құнды еңбектері бүгінгі күнде де өз құндылығын жоймаған.

XIX ғасырдың соңында Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі қолөнер кәсіптерінің жалпы капиталистік қатынастардың дамуына қажетсіз түрлерін мүлдем жою керектігін уағыздаушылардың ішінде С.А.Давыдовты [20] атауға болады. Мұндай реакцияшыл пікірді кезінде атакты орыс ғалымы К.М.Обручев орынды сынға алды. Ол жергілікті қолөнер кәсібінің маңызын Ресей капитализмінің пайдасына қарай емес, оның өнімін, ең алдымен, жергілікті халықтың игілігіне қатысты қарастыру керектігін дәлелдеді [21].

Қазақ өмірін этнографиялық тұрғыда зерттеудің жаңа кезеңі Қазан төңкерісінен кейін басталды. Бұл кезеңде жалпы қазақ өмірін зерттеулермен бірге қолөнер мәселесінен де дерек жинау Қазақстан зерттеу қоғамының үлесіне тиді. 1922–1924 жылдар аралығындағы аталмыш қоғамның жылдық есептерінде көптеген материалдар жарық көрді.

«Үй жасауы – кілем» дейді халық, кілем жайсаң – төсеніш, ілсең – сән. Осындай ел аузына ілінген асыл, әлі де сақталып келе жатқан бағалы зат. Шығыс елінде оны тоқып, тұтынбағын халық болған емес. Кілем бетіндегі сан қилы сәнді өрнектерге қарап отырсаңыз, тұнып тұрған халық өмірінің шежіресін көргендей боласыз. Бір кезде өмір сүрген халықтардың тұрмысы, көшпелі елдің киіз үйі, ескі қорғандар – осының бәрі кілем бетінде бейнеленген.

Этнограф М.Мұқанов төменде келтірілген А.Е.Фелькерзам мен С.Дудин зерттеулеріне ерекше көңіл аударған [22]. Осы тұста Орта Азия халықтарының, оның ішінде қазақтардың кілем тоқу қолөнері жөнінде арнайы зерттеулер жүргізіп, көрмелер ұйымдастырған А.Е.Фелькерзамның еңбегін ерекше атау керек. Ол 1914 жылы аталмыш тақырып бойынша ғылыми еңбек жазып, кілем өрнектерінің қалыптасуы мен дамуы туралы теориялық тұжырымдар жасады. Сонымен бірге кілем тоқу техникасына сипаттама беріп, табиғи бояғыштар жөнінде көлемді мәліметтер қалдырды [23]. Жалпы қазақ халқының қолөнеріндегі кілемді зерттеу Кеңес өкіметі кезінде басталды. 1920 жылдың соңында С.Дудиннің зерттеуі

жарық көрді [24]. Мұнда ғалым Орта Азия мен Қазақстан халықтарының кілемдерін топтастыруға әрекет жасады.

Ө.С.Тәжімұратовтың пікірінше, кілемнің үй тұрмысында ұзақ қолданылуы оның өте беріктігі мен төзімділігіне байланысты. Сонау көне заманнан бері келе жатқан халықтың дәстүрлі үй мүлкінің бірі – кілемнің құндылығын сөз етсек, ол өзіндік қолданылуы жағынан көптеген материалдардан, тіпті металдан да асып түседі десек, екінші жағынан, оңайлықпен тозбайтын, күйе түсуден де қорықпайтын аса бағалы мүлік [25]. Оны қазақ халқы алтын, күмістен жасалған қымбат бұйымдар сияқты баршылықтың, байлықтың бір белгісі деп білген.

Әбдықас Тәжімұратов монографиясының құндылығы кілемнің сапасы мен түр-түсіне ерекше назар аударуында. Ғалымның пікірінше, тоқылған кілем осы ерекшелігіне байланысты Орта Азия мен Қазақстан территориясында жоғары бағаланған. Оның себебін, автор, қой жүнінің сапалылығының жоғарыда аталған аймақтың шөбі мен суына, табиғаты мен климатына, бұл жерді жайлаған түркі халықтарының ішіндегі, әсіресе, қазақ халқының табиғи таланты мен тіршілігіне байланысты екендігінен көреді. Әйткені, кілем тоқуға жұмсалатын қой жүнінің ең сапалысы Қазақстанның оңтүстік облыстарынан бастап шығыс жағын тегіс қамтыған. Сондықтан, бұл аймақта кілемнің сапалы түрлері көп, – деп өз түйінін жасайды. Сонымен қатар, Ө.С.Тәжімұратов қазіргі заман тынысын бейнелейтін ою-өрнек түрлерін келтіреді.

Өрине, 1920–1930 жылдары жарық көрген көптеген еңбектердің маңызы зор, солай бола тұрса да қазақ халқы кілемдерінің тамырын тереңнен тартып зерттей бастаған ҚР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының этнографтары еді.

Ө.Х.Марғұлан қазақ халқының қолөнері, кілем тоқу дәстүрі республика көлемінде кеңінен тарағанын алға тартады. Ғалымның зерттеуінде әсіресе кілемнің түрлері, салынатын ою-өрнектері жалпылама сипатталады. Бірақ, ғалым еңбегінің құндылығы экспедиция кезінде жиналған материалдармен, ғылыми тұжырымдармен арта түседі. Әлкей Хақанұлы қазақ халқының тоқымашылығын басқа халық қолөнерімен сабақтастыра білген [26].

Қазақтың кілем тоқу қолөнерін жүйелі зерттеу ісіне Қазақстан ғалымдары XX ғасырдың ортасынан беріде баса назар аударды. Мәселен, академик Ө.Х.Марғұлан еңбегінде бұл мәселені жан-жақты зерделегенін көреміз. Ғалым қазақ халқы қолөнерінің барлық түріне сияпаттама бере отырып, ұлттық ою-өрнектері мен кілем тоқу өнеріне арнайы тоқталады. Әлкей Хақанұлы өрнектер мен оюлардың әр түріне талдау жасап, олардың өзара үйлесуін, симметриясын және т.б. сәйкестендіріп зерттеді. Кілем тоқу қолөнерін қарастырып, олардың қалы кілем, масаты кілем, ақ кілем, т.б. түрлерін атайды. Сонымен бірге алаша, текемет, тұскиіз, тақыр кілем, түкті кілемдерді безендіру өрнектері жан-жақты талдануы [26.58].

Қазақстанның кілем тоқу қолөнері жөнінде мақалалар жазып жүрген ғалымдардың бірі – Ш.Ж.Тохтабаева. Ол өзінің еңбектерінде кілем тоқу өнерінің көркемдік және техникалық ерекшелігіне баса назар аударады. Сонымен бірге, қазақ топырағында жарық көрген бұйымдарының Орталық Азия, Таяу Шығыс елдеріндегі туындылармен уақыт пен кеңістік тұрғысынан үндестігі, антологиясы қарастырылады [27].

Киіз басу, кілем тоқу өнерінің пайда болуының көне тарихы жөнінде, ою-өрнекпен безендірудің шығу тегі, көршілес халықтар мен рулардың бір-біріне осы салада өзара әсері жөнінде құнды пікір айтқан ғалымдар К.А.Ақышев, М.К.Қадырбаев, К.Әмірқызы, Ө.М.Оразбаевтарды [28], ал Орта Азия көлемінде В.Г.Мошкова, Ю.А.Заднепровскийді атап өту қажет [29].

Белгілі қоғам қайраткері, ірі ғалым Ө.Жәнібеков қазақ мәдениетінің әр түрлі салаларына зерттеу жүргізе

отырып, кілем тоқу қолөнерін де қарастырды. Тақыр және түкті кілемдердің орта тұсына орналастырылатын әшекей розеткалардың Қазақстанның әр жерінде әр түрлі аталатындығына назар аударады. Ол да Марат Сәбитұлы секілді кілемді жан-жақты зерттеді. Мысалы, Сырдария өңірінде «күмбез», «төбе» деп аталса, оңтүстікте – «табақ», «жұлдыз», ал Сарыарқада – «түр», Жетісуда – «ою» деп аталатындығын көрсетеді. Тақыр кілемдердің «сауыл кілем», «арабы кілем», «адай кілем» деген атауларын келтіреді. Қалы кілемнің пайда болуын Иран, Шығыс Түркістан елдерімен қарым-қатынастың нәтижесі деген де тұжырым жасайды. Сонымен бірге, кілемнің әр жұртқа байланысты өзгешеліктері болғандығы аталады. Мысалы, «жетісу», «торғай түрі» және ру-тайпаға қатысты «адай кілем», «қоңырат кілем», «керей үлгісі», «найман нұсқа» деген түрдегі кілемдерді атап көрсетеді [30].

Халықтық мұрасыз кез келген салада материалдық және рухани мәдениеттің, тарихтың дамуы, алға жылжуы мүмкін емес. Егер ол болмаған жағдайда жаңа ұрпақтың әрқайсысы өзінің мәдениетін жаңадан бастауына тура келген болар еді. *«Тек ата-бабамыздың мол тәжірибесі, білімі мен ой қиялынан туған, ұрпақтан-ұрпаққа сан ғасырлар бойы келе жатқан халықтың тұрмыстық және рухани мәдениеті оның өшпес өнеге, сарқылмас мұра екенін көрсетеді»*, – деп көрнекті этнограф М.С.Мұқанов халық өнерінің дәстүрлігін, сарқылмайтынын түсіндіреді.

Зерделенген ғылыми еңбектердің құндылығы қазақ халқының қолөнеріндегі, әсіресе, киізден жасалатын бұйымдарға баса көңіл аудара отырып, олардың жасалуына, салынатын ою-өрнегіне, қолданысына баса көңіл аударып, құрылымы мен ерекшелігіне тоқталып, оларға дәл сипаттама беруінде. Мұндай, ғылыми маңызды түйіндерді бүгінгі таңда өте бай дерек көздері мен ел арасынан жинаған материалдар негізінде жасағандықтарын көреміз.

Ең бастысы, бұл бұйымдардың қай-қайсысы болсын өздерінің жеңілдігімен, беріктігімен, сапалылығымен және пайдалылығымен ғана емес, сонымен бірге үйдің сәнін келтіретін, көз тартар, әдемі дүниелер болып саналатындығын құнды. Зерттеулерде жасалған ғылыми түйіндер қазақ халқының материалдық мәдениетіне қосқан зор үлесі деп есептейміз.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается значение народных промыслов казахского народа в отечественных и зарубежных научных работах.

The article discusses the importance of the crafts of the Kazakh people in domestic and foreign scientific work.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Леваневский М.А.** Очерки киргизских степей Эмбинского уезда // Землеведение. – М., 1894. – Кн. III. – С. 52 – 64
2. **Паллас П.С.** Путешествие по разным провинциям Российского государства по повелению Санкт-Петербургской Императорской Академии наук. – Ч. 2. – Кн. 2. Перевод Ф. Томанского. – СПб.: Тип. Импер. АН, 1786. – С. 569, 571 – 572.
3. **Руденко С.И.** Культура населения Горного Алтая в скифское время. – М.–Л.: АН СССР, 1953. – С. 145 – 147.
4. **Рюи Гонзалес де Клавихо.** Жизнь и деяния великого Тамерлана // Сборник Отдела русского языка и словесности Императорской Академии наук. – СПб., 1881. – Вып. 28. – № 1. – С. 143 – 170.
5. **Бейсенова А.С.** Исторические основы географических исследований Казахстана. – Алматы: КазгосИНТИ, 2001. – 279 с.; Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI–XVIII вв. (письменные памятники). – Ташкент: Фан, 1985. – 264 с.; Вельяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и отношении России со Средней Азии. – Ч.1. – Уфа: Губернская типография, 1853. – 231 с.; Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 322 с.

6. **Муқанов М.С.** Ковровое производство и его орнаментика // ТИИАЭ АН КазССР. – Т. 6. – С. 97 – 103.

7. **Симаков Н.Е.** Искусство Средней Азии. Сборник орнаментов и узоров, снятых с натуры на памятниках архитектурных и предметов гончарных, ткацких, ювелирных и пр. в 1879 г. – СПб., 1883. – 6 с. и 50 табл.

8. **Юзефович Б.** О быте киргизов Тургайской области // Русский вестник. – М., 1880. – Кн. IV. – С. 816 – 819.

9. **Русанов И.О.** О ремесленности у киргиз // Воронежский листок. – 1863. – № 10.

10. **Загряжский Г.** Быт кочевого населения долины Чу и Сыр-Дарьи // ТВ. – 1874. – № 25, 27 – 32.

11. **Бродовский М.И.** Технические производства в Туркестанском крае. Приложение к промышленному альбому Туркестанского края. – СПб., 1875. – 99 с.

12. **Балков В.** Кустарно-ремесленная промышленность в Средней Азии. – Ташкент: изд-во САГУ, 1927. – 128 с.

13. **Обручев К.М.** Изучение кустарных промыслов Туркестанского края // Записки Русско-Технического Общества. – СПб., 1894. – № 10. – С. 22 – 32.

14. **Добросмыслов А.И.** Киргизские изделия из шерсти и волоса // Известия Оренбургского Отделения РГО. – Оренбург, 1899. – Вып. 13. – С. 96 – 98; соныкі. Добросмыслов А.И. Овцеводство и его значение в экономике киргизского населения Тургайской области // Тургайские областные ведомости. – 1893. – № 18 – 21.

15. **Карутц Р.** Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. Пер. Е. Петри. – СПб.: Изд. А.Ф. Девриена, 1910. – С. 110 – 113.

16. **Шорманов М.** О скотоводстве у киргиз Западной Сибири // Сельское хозяйство и лесоводство. – 1883. – Ч. 142. – № 1. – Отд. II. – С. 45; соныкі. Заметка о киргизах Павлодарского уезда // Записки Западно-Сибирского отдела РГО. – 1906. – Кн. XXXII. – Отд. VI. – С. 18 – 19.

17. **Қостанаев Х.** Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. – Ташкент: Типо-Литография Бр. Перцевых, 1894. – 52 с.

18. **Валиханов Ч.Ч.** Ворование киргизов в древние

времена и их военные доспехи. – // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В 5-ти томах / Редкол: А.Х.Маргулан и др. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Каз ССР, 1961. – Т.1. – 778 с. (464-466).

19. **Бабажанов М.-С.** Этнографиялық мақалалар. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 80 б.

20. **Давыдов С.А.** Кустарная промышленность Средней Азии // Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России. – СПб., 1894. – С. 15 – 16.

21. **Обручев К.М.** Изучение кустарных промыслов Туркестанского края // Туркестанские ведомости. – Ташкент, 1894. – № 72.

22. **Муқанов М.С.** Народные промыслы и ремесла // История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. – Т. 2. – Алматы: Атамұра, 1997. – С. 455.

23. **Фелькерзам А.Е.** Старинные ковры Средней Азии. – СПб., 1914. – С. 123.

24. **Дудин С.** Ковровые изделия Средней Азии // Сборник Музея антропологии и этнографии АН СССР. – М., 1959. – Т. 6. – С. 117.

25. **Тәжімұратов Ә.С.** Шебердің қолы ортақ. – А., 1977. 58 б.

26. **Маргулан А.Х.** Казахское народное прикладное искусство. – Т. 1. – С. 148 – 149.


27. **Тоқтабаева Ш.Ж.** Ұлы Дала жайуларлары – Шедевры Великой степи: [Монография]. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – С. 35 – 47; Соныкі. Обряды и обычаи казахов, связанные с произведениями прикладного искусства // Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. – Алматы: Ғылым, 2001. – С. 3 – 73.

28. **Акишев А.К.** Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 176 с.; Агапов П.В., Кадырбаев М.К. Сокровища древнего Казахстана – Treasures of ancient Kazakhstan: Памятники материальной культуры. – Алма-Ата: Жалын, 1979. – 250 с.

29. **Мошкова В.Г.** Ковры народов Средней Азии конца XIX – начала XX вв. Материалы экспедиции 1929 – 1945 гг. – Ташкент: Фан, 1970. – 256 с.

30. **Джанибеков У.Д.** Эхо... По следам легенды о золотой домбре. – Алма-Ата: Өнер, 1991. – С. 23.

ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!



ҚЫТАЙ ҒАЛЫМЫ СУ БЭЙХАЙДЫҢ «ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТАРИХЫ» ЕҢБЕГІНІҢ 2 және 3-ТОМДАРЫ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №АР 05133970 «Қытай тіліндегі Қазақстан тарихына қатысты қолжазбаларды жинақтау, жүйелеу және зерттеу: Су Бэйхай «Қазақтың жалпы тарихы» (4 томдық қолжазба)» Жобасы аясында қазақтанушы қытай ғалымы,

профессор Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» атты төрт томдық еңбегінің бірінші томы 2018 жылы баспадан шыққанын оқырманға хабарлаған едік. **2019 жылы** аталған еңбектің екінші (46,7 б.т.) және үшінші (38 б.т.) томдары, қолжазбаның түпнұсқасынан қазақ тіліне аударылып, зерттеліп, ғылыми түсініктерімен, факсимилиесімен Алматыдағы «Асыл кітап» баспа үйінен жарық көрді.

Су Бэйхай «ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТАРИХЫ: Ерте заманнан – XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін». Төрт томдық зерттеу. **Қазақ ұлтының дамуы. Аударма, зерттеу, факсимилие,** – Алматы: «Асыл кітап» баспа үйі», 2019. 2-том. – 748 бет.

Су Бэйхай. ҚАЗАҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТАРИХЫ: Ерте заманнан – XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін. Төрт томдық зерттеу. XV – XIX ғасырлар аралығындағы қазақ хандығы. **Аударма, зерттеу, факсимилие,** – Алматы: «Асыл кітап» баспа үйі», 2019. 3-том. – 608 бет.

Кітапқа Отандық және шетелдік маман тарихшылар - ҚР ҰҒА Құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков, тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар Әбдіқапал Қара (Түркия), Жамбыл Артықбаев пікір білдірген. Баспаға дайындаған, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің шығыстану кафедрасы мен «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының ғалымдары: тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынхан Қайыркен, тарих ғылымдарының докторы, профессор Данагүл Махат, қытай және ағылшын тілдерінің маманы, магистр Айгүл Қадысқызы, тарих магистрі, докторант Жанар Смаханова.

Қазақтанушы профессор Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» атты төрт томдық қолжазбасының «ТАЯУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫНДАҒЫ СЫНЫЦЗЯН ҚАЗАҚТАРЫ» деп аталатын төртінші томы үстіміздегі жылы қазақ тіліне аударылып, зерттеліп оқырманға жол тартпақ.

Редакция.

ЖАЙЫҚ, КАСПИЙ БАЛЫҚ КӘСІПШІЛІГІ: күнделікті тұрмыс тарихы хақында

Дана ӘЛІПОВА (Алипова),
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
6D020300-Тарих мамандығының 2-курс докторанты,
Кәмшат ЖҰМАБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті педагогика және білім беру
менеджменті кафедрасының оқытушысы

Тақырыптың өзектілігі. Қазақстанның тәуелсіздік жариялап, дербес мемлекет болып қалыптасуы тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарауға жол ашты. Қазіргі кезде тарихымызды күнделікті өмір тұрғысынан баяндау, сараптау тарих ғылымындағы негізгі бағыттардың біріне айналып отыр. Жаңа концепция бойынша тарихи шындықты күнделікті өмір тұрғысынан танып-білу, оларды заңдастыру, тоталитарлық кезеңнің ұстанымдарынан арылу, сөйтіп тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беріп отыр. Сондықтан да XX ғасырдың 20-40-жж. ел экономикасының дамуында балық шаруашылығының алатын орнын, оның дамуы мен қарапайым халықтың күнделікті өмірін, олардың әлеуметтік тұрмысын зерделеу өте маңызды. Соның ішінде Қазақстанның атын бүкіл Одаққа танытқан Жайық-Каспий балық өндірісі жұмысшыларының орны ерекше. Мақалада Жайық-Каспий балық кәсіпшілігіндегі балықшылардың күнделікті тұрмысы және санитарлық-медициналық хал-ахуалы сарапталған.

Методологиясы. Қазақстан тарихын күнделікті өмір тұрғысынан зерделеуде жалпы тарихи ой пікірдің дамуында тарихнаманың құрамдас бөлігі және оның теориялық негізі болып табылатын методологиялық ізденістердің орны ерекше. Бұл орайда Қазақстан балық шаруашылығы жұмысшыларының, оның ішінде Атырау балықшыларының, республикадағы балық шаруашылығы мамандарының қалыптасуының бір ғасырлық тарихы тұрғысынан саралап, отандық тәжірибе мен сабақтар зерделеніп, өзіміздің теориялық-методологиялық ұстанымдарымызды ашық және түсінікті түрде тұжырымдау үшін мәселенің философиялық, диалектикалық және тарихи принциптері, заңдылықтары, категориялары қолданылды.

КСРО тұсында үстем болған марксистік-лениндік методологияға сәйкес өндірістің дамуы, техника мен ғылым жаңалықтарының өндіріске енгізіле бастауы қоғамдық-экономикалық формациялар, өндіргіш күштер мен өндірістің қатынастар тұжырымдары, марксизм ізашарларының еңбек адамдары, материалдық байлықты өндіруші қызметкерлер және өндірістегі негізгі күш жұмысшы табы туралы ғылыми ойларының қалыптасуына себеп болды. Марксизм жеке өндірістік күшті, жұмыс күші ретінде қарастыра отырып, оның қалыптасуының физикалық және рухани жағына ерекше мән береді. Бұл бағытта жұмыс күші қалыптасуындағы арнайы білім, тәрбие, белгілі өндіріске тән тәжірибені алдыңғы орынға қояды. Жұмыс күші құрылымының әлеуметтік мәнін ерекше атап көрсетеді. Қоғамдағы өндірістің, ғылымның дамуы өндіргіш күштердің дамуына әсер етсе, жеке жұмыс күші де соншалықты дамуда болуы тиіс. Қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін зерттеп, негізгі заңдылықтарын аша отырып марксизм ізашарлары, қызметкерлердің арнайы білім алуына да ерекше мән берді. Өндіріс субъектісі өз қызметіне тән белгілі мөлшерде білім ала отырып, оны

өндірісте өз кәсібін дамытуға, жаңа әлеуметтік сапаға көтерілуіне, сол арқылы өндірісті өсіруге жағдай жасайды.

Бүгінде Қазақстан тарих ғылымында әлі де болса тиісті көңіл бөлініп, ұқыпты түрде қолға алынбай келе жатқан мәселелердің бірі – **методологиялық жүйені қайтадан жаңа ғылыми негізде зерттеу**. Біз осы уақытқа дейін қалыптасып, ғылыми айналысқа енген методологиялық тұжырымдар мен қағидаларды түгелдей теріс деп тауып, ысырып тастасақ, онда асығыстық, бірыңғай пайымсыздық көрсетер едік. Өйткені өткен дәуірде орын алған қате-кемшіліктерді, кесепаттық тылсым салдарын сынап, бой арылту барысында біз іске асар мұраның бір мысалы болса да бекер шашпай жинақтағанымыз жөн. Сондықтан методологиялық жүйе туралы мәселе қозғағанда, біз марксистік-лениндік таптық методологияның принциптерінен, оның идеологиялық шырмауынан бас тартып, сынағанда, сонымен бірге, жалпы ғылыми методологиялық жүйе, таптық шеңберден тыс жатқан ғылыми ортақ негіздегі ақиқаттық принциптер мен объективтік ой-пікір барлығын ескергеніміз абзал.

Бүгінгі Қазақстан тарихын зерттеуде қалыптасқан негізгі тұжырымдар ретінде: тарихты жасайтын адам, тарихты жазуда адамзат тәжірибесі мен тағылымын ескеру, тарихтағы сабақтастық әсіресе ұрпақтар сабақтастығы, ұлт тарихының гуманизмі, ұлт тарихының оптимизмі туралы методология қалыптасуда.

Тарихнамалық шолу. Қазақстанның балық шаруашылығының тарихы қай заманда да зерттеушілердің назарын өзіне аударып келді. Бұл жағдайда балық шаруашылығының тарихнамасын саралай отырып, оның өзіндік даму кезеңдерін анықтауға болады. XVIII ғасырдан бастау алатын түрлі экспедициялар қазақ даласындағы балық қоры туралы мәліметтерді жинақтап, оларда су қорлары мен аталмыш саланың экономикалық тиімділігі мәселелерін қарастырды.

XIX ғасырда Н.А.Бородин, А.Покотилев, Н.Я.Данилевский, С.Серюгин, Н.Агутиндердің [1] Еділ-Жайық өзендеріндегі балық аулау мәселелеріне арналған еңбектері жарық көрді. Олар Жайық бойындағы балық кәсіпшіліктерін қалыптастыруға, оны дамыту жолдарына үкімет назарын аударуға тырысты. Дегенмен, зерттеушілер қалың қазақ мекендеген Жайық бойларын патша меншігі ретінде таныды, жергілікті тұрғындарға мән бере қоймады.

XX ғасыр басында Каспий өңіріндегі балық кәсіпшілігі мәселелері Н.Навозов, И.В.Кучин, И.Д.Ливкин, И.П.Хорошхин, Л.С.Берг [2] зерттеулерінде толығырақ түсті. Мәселен, Н.Навозов Жайық-Каспий бассейніндегі ихтиофаунаға И.В.Кучин мен И.Д.Ливкин балық аулау, оны дамыту, сауда-саттыққа, И.П.Хорошхин казак-орыстардың кәсіпшіліктеріне, Л.С.Берг балық өсірудегі тұщы сулар мәселелеріне ерекше тоқталған. Қазан төңкерісі жеңіске жетіп, кеңестік жүйенің орнауы балық кәсіпшілігі тарихына да өзіндік әсерін тигізді. Басқа шаруашылық салалары секілді, балық кәсіпшілігі де тікелей мемлекет құзырына берілді. Елдегі төңкерістер, азамат соғысы, индустрияландыру, ұжымдастыру, т.б. оқиғалар мұн-

да да орын алды. Белгілі дәрежеде осы саланы әрі қарай зерттеу XX ғасырдың 50-жылдарына дейін тоқтап қалғандай көрінді. Өйткені, 1917-1950 жылдар аралығындағы Жайық-Каспийдегі балық кәсіпшілігінің тарихы жөнінде сүбелі еңбектер қалың көпшілік қолына тимеді. 50-ші жылдардан кейінгі мерзімде Б.И.Бабиннің [3], А.А.Киселев [4], В.П.Пятковский [5], М.П.Панов [6], И.Л.Бештаның [7] ізденістерін атауға болады. Қазақстанға еш қатысы болмаса да, оларда шаруашылыққа партиялық басшылықтың жүзеге асырылуы, алғашқы бесжылдықтар, қорытындылар, социалистік қайта құрулар секілді балық кәсіпшілігінің дамуындағы ортақ мәселелер қарастырылды. Солардың ішінде Б.И.Бабиннің 1927-1931 жылдардағы Астрахан облысындағы балық шаруашылықтарындағы өзгерістерді зерттеген монографиясында Каспий өңіріндегі балық өндірісіне қазақтардың қатысуы туралы деректер біз үшін құнды. Олармен қатар Қазақстандағы өзгерістер туралы А.С.Елагин, С.Т.Тілепов, С.Т.Қожабаевтың еңбектерінде жарияланды [8]. Қазақстанның батыс өңіріндегі кеңес өкіметінің орнауы туралы қайта құрылулар барысын қамтыған зерттеулер сол кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Олардан біз алғашқы қазақ балық кәсіпшіліктерінің жағдайы туралы мол мәліметтер ала аламыз. Көп ұзамай балық шаруашылығы тарихына тікелей қатысы бар арнайы диссертациялар қорғала бастады. Х.А.Мұхамбетов, Х.Б.Табылдиев, Ж.Б.Бакиев зерттеулері соның айғағы [9]. Х.А.Мұхамбетов, Х.Б.Табылдиевтер Гурьев қаласының 1937 жылға дейінгі дамуын саралап, оның төңірегінде орналасқан қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, экономикалық жағдайын, саяси белсенділігін мұрағат деректері негізінде алғаш рет кешенді түрде зерттеген. Ал, Ж.Б.Бакиевтің «Қазақстанның балық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру (1917-1937 жж.)» атты жұмысы балық шаруашылығының мән-жайын арнайы зерттеген алғашқы сүбелі зерттеу болғандығын атап өтеміз. Ғалым тұңғыш рет тақырыпқа қатысты мол мұрағат деректерін ғылыми айналымға қосты. Зерттеуші XX ғасырдан бастап 30 жылдардың аяғына дейінгі кезеңде Қазақстан аумағында балық шаруашылығының қалыптасуына баса назар аударып, социалистік балық өнеркәсібінің құрылуын және балық шаруашылығын басқа шаруашылық түрлерімен салыстыра келе, оның ел тұрмысында елеулі рөл атқарып, жергілікті халықтың табыс көзіне айналғандығын айқындайды. Ж.Б.Бакиев зерттеуінің жалғасы ретінде 1977 жылы «Орал-Каспий бассейніндегі балық өнеркәсібін дамытудағы Қазақстан партия ұйымдарының қызметі (1928-1941 жж. маусым)» атты О.Есқалиевтің диссертациясы қорғалды [10]. Автор Орал-Каспий бассейніндегі социалистік балық шаруашылығын дамытудағы Қазақстан партия ұйымдарының қызметін зерделеді. Бұл кезеңдердегі балық шаруашылығының экономикалық тиімділігін де анықтау барысындағы зерттеулердің қорытындысы көрінді. Мәселен, осындай талаппен жазылған М.Т.Таировтың еңбегі де кандидаттық диссертация ретінде қорғалды. Автор Қазақ КСР балық шаруашылығын дамытуда ішкі су айдындарын пайдалану тұрғындарды балық және балық өнімдерімен қамтамасыз ету үшін табиғи көл су қоймаларын және өзендерді толық пайдалану қажеттігін көрсетті. Бірақ, зерттеуші еңбегінде Арал бассейнінің солтүстік-шығыс бөлігін зерттеу нысаны етіп алып, Жайық-Каспий өңіріне тоқталмады және оның себебін «аймақтың тікелей Одаққа бағынуы» деп түсіндірді [11]. Балық шаруашылығының экономикалық тиімділігі мәселелері С.Қаженбаев, А.Нюжгировтың еңбектерінде талданған [12]. Олар балық өндірісінің техника-экономикалық көрсеткіштері мен статистикалық мәліметтері арқылы рес-

публиканың балық өнеркәсібінің жағдайын анықтайды. Зерттеу нысанына қатысты біраз мәселелер Ж.И.Ишмуратов, М.А.Ақынжанов, Г.Темиртасов еңбектерінде де көтерілген [13]. Оларда Ұлы Отан соғысы жылдарындағы балықшылар, олардың ерен еңбектері туралы құнды мәліметтер кездеседі.

Балық шаруашылығының тарихын жаңаша саралау өткен ғасырдың 90-жылдарында көріне бастады. Қазақстандық тарихшылар Ү.С.Қыдыралин Х.Б.Табылдиев, Т.З.Рысбеков, Б.Қ.Бірімжаров, Ә.Қ.Мұқтар, Н.А.Абдоллаев, Н.К.Мухлисовтың зерттеулерінде Жайық-Каспий өңіріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, қазақтардың балық аулауы, сол үшін казак-орыстармен талас-тартыстар, кейіннен арнайы балық шаруашылықтарының құрылуы, т.б. мәселелер қамтылған [14].

Тақырыптың тарихнамасына қосылған үлес ретінде 2007 жылы қорғалған К.Б.Меңдігереевтің кандидаттық диссертациясын атап өтеміз [15]. Диссертацияда XIX ғасырдың басынан бастап XX ғасырдың басындағы балық кәсіпшілігінің дамуы кешенді түрде мұрағат қорларына сүйене отырып зерттелген. Автор 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның батыс өңіріндегі балық шаруашылығының қалыптасуы мен дамуын тиянақты талдап, өзіне дейінгі зерттеушілердің еңбектеріне сыни баға берген.

Сонымен қатар зерттеу тақырыбына қатысты Ұлы Отан соғысы жылдарында өлкемізге байланысты жарияланған құжаттар мен материалдар жинақтары және Қ.Досқалиевтің еңбегі жарық көрді [16]. Каспий теңізі жағалауларында орналасқан балық кәсіпшіліктерінің қалыптасу тарихы, балықшылардың қызметі жөнінде, Маңғыстау түбегіндегі балық өндірісінің дамуы туралы деректер В.С.Ужкенов, С.Т.Тілепов еңбектерінде кездеседі [17]. Кейбір мағлұматтар, естеліктер, әсіресе, балықшылардың және балық кәсіпшіліктерінің алғашқы қадамдары жөнінде А.Қарағұлов, К.Кулагин Ж.Ароновтың публистикалық еңбектерінде көптеген деректер беріледі [18]. Сол сияқты, А.А.Чибилев өзінің ғылыми-танымдық еңбектерінің өзегі ретінде Жайық-Каспий бассейнінің табиғаты, табиғи қорларын игеру және зерттеу, сонымен қатар экологиялық проблемаларын көтереді [19].

Осы жоғарыда аталған арнаулы зерттеулер мен ғылыми еңбектерге жасалған тарихнамалық шолуда Жайық-Каспий балық кәсіпшілігіндегі балықшылардың күнделікті тұрмысы және санитарлық-медициналық хал-ахуалы мәселелерінің арнайы, кешенді түрде зерттелмеген. Балық кәсіпшілігіндегі балықшылардың күнделікті тұрмысы отандық тарихымыздың «ақтаңдақ бетін» құрайды.

1. XX ғасырдың басындағы Гурьев (Атырау) балықшыларының күнделікті тұрмысындағы баспана жағдайы.

Балық өндірісі орындарындағы жұмысшылардың баспана жағдайын оларды жоғарыда топтарға (ау тартатындар, плоттық және жылдықтар) бөліп қарастырамыз дұрыс. Ұйықта ау тартатын жұмысшылар қамыс күркелерде, киіз үйлерде тұрды.

Ағаш казармаларында азғантай тобы ғана жатты. Қамыс күркелері жұмысшылардың 12-18 тобынан тұратын құрамаға ғана қызмет жасады. Күркелер жағалауға салынды. Олар қарапайым түрде жасалды: ұзындығы 5 саженнен келетін байланған қамыстың 12-15 қадағынан тұрғызылды. Байланған қамыстың 1000 бауы 12-15 сом және 1000 қадағы 250-300 сом тұрды. Күркені сонда тұрған жұмысшылардың өздері салған. Күркенің бағасы 5-7 сомнан аспаған. Маусым аяқталған соң күркелер бұзылып, қадақтар сақталған да, бауларын отын ретінде пайдаланған. Күрке баспана ретінде балық өндіріс иелері үшін өте арзан және оңай әрі тез құрастырылғандықтан өте қолайлы болып, ау тартатын жұмысшыларды бір

ұйықтан екінші ұйыққа ауыстырғанда немесе майшабақ аулайтын уақытта жиналып, жұмысшылардың қозғалысы кезінде баспана мәселесі онша қиыншылық туғызбаған.

Балық өндірісі иелерінің тұрғысынан күрке қолайлы болса, тазалық тұрғысынан алғанда онда ұзақ уақыт тұруға болмайтын еді. Күркенің жалпы көлемі 23-32 шаршы метрге тең болып, онда 12-18 ау тартатын жұмысшылар жатқан. Күркенің ортасында орналасқан қазаны бар ошаққа жұмысшылар жылынған. Кез келген уақытта қамысты күркеден өрт шығып кету қаупі сақталған. Ұйықтарда баспананың екінші түрі жеркепелер (салқыны және жылысы) болды. Жеркепелердің төбесі қамыстан жабылған, төрт бұрышты шұңқыр еді. Жұмысшылар қамыс төселген жерде жатты. Жеркепелер күркелер сияқты өте салқын болды және жер асты суларына жақын болғандықтан іші сызданып кететін.

Жеркепелер мен күркелер ау тартатын жұмысшыларға баспана ретінде көктемнің бас кезінен күздің соңына дейін қызмет етті. Кез-келген ұйықта жылы жеркепелер кездесті. Онда көбінесе тексерушілер және оның көмекшілері мен ау салатындар тұрды. Жылы жеркепелің салқын кепеден айырмашылығы онда ашылмайтын 2-3 терезе, екі от жағатын пеші және ағаш төсектер болған. Бұл жеркепелер жылы болғанымен, бірақ сыз басып кететін. Жатқызу өндірістердегі санитарлық жағдайды жақсарту жөніндегі қаулының 8-бабына қарамастан, өндірістерде бұл тәжірибе сирек кездесті [20]. Аталған баптар тек Базилевскийдің және Сапожниковтардың өндірістерінде ғана сақталды [21]. Кез келген казарма бөлмелерінің бұрыштарында, кейбір кезде казарманың ортасында еденнен 35-55 см биік және ұзындығы 1,42-2,13 м төсектер салынды.

Казармаларда темір пештер орнатылып, отын ретінде қамыстар пайдаланылды. Казармаларда ауа тазартатын болмады. Ауа казарманың ішіне терезелері ашылмайтын болғандықтан есік арқылы кірді. Жұмысшылар көп болғандықтан казармаларда орын жетіспеді. Көп жағдайда жұмысшылар төсектің жоқтығынан еденге жайғасатын.

Мәселен, 1894 жылы дәрігер Н.Я. Шмидт казармалар мен жеркепелердің ауасына талдау жасайды. Оның берген анықтамасы бойынша ауада көмірқышқыл газы белгілеген шамадан 2 есе асып кеткен [22].

«Өндірістердегі санитарлық жағынан жақсарту міндеттемелері» деген қаулының 5-бабында былай деп көрсетілген: «*Өндіріс орындарындағы және ұйықтардағы жұмысшылар үшін жекелеген үйлер немесе казармалар сияқты жылы баспаналар тұрғызылуы қажет. Баспаналарда жарық, әрбір тұрғын үшін бір куб сажен (9,7 куб.м) ауа, ыза өтпейтін едендер, мықты қабырғалар, пеші, ауа тазартқышы, төсектері болуы қажет*», – делінген.

Сондай-ақ осы қаулының 10-бабында өндіріс орындары мен ұйықтарда баспананы жерге тереңдетіп салуға тыйым салынды. Қамыс күркелер мен шатырларды тек 15 сәуірден 1 қазанға дейін ғана құруға рұқсат берілді [23]. Көріп отырғанымыздай баптардың жартысы да орындалмаған. Қызметшілердің баспаналары тұрақты жұмысшылар мен маусымдарда келіп жұмыс істейтін жалдамаларға қарағанда жақсы болған. Бірақ бұл топтардың арасында әлеуметтік жағынан және қызметіне қарай тұратын баспаналар болып ерекшеленген.

2. Балықшылардың тамақтану деңгейі мен хал-ахуалы.

Тамақтану да баспана сияқты өмірдің материалдық жағдайының ең керекті бөлшегі, ал оның деңгейі адамның хал-ахуалын көрсететін көрсеткіш болып табылады.

Жұмысшылардың тамақтануы азық құрамының рационалымен, өнімнің саны және сапасымен, калория-

сымен, тұтынылатын өнімнің сіңімділігінің жұмсалатын энергияға сәйкестігімен, өнімдердің өзара арақатынасымен, сондай-ақ кейбір жанама көрсеткіштермен (тамақтану типі, тамаққа жұмсалатын шығын және т.б.) сипатталады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейде тамақтанудың екі типі өз бетінше және «кәсіп иесінен» болды. Тамақтану типі жұмысшының қандай тамақты ішетінін және «Кәсіп иесінің тамағы» жұмысшы қажеттілігінде аз орын алатын және ұсақ орындар мен маусымдық жұмыстарда қолданылатын. Ол жұмысқа алу шартының бір талабын құрайтын.

Кәсіпшіліктер мен ұйықтарда ыстық тамақ әзірлеумен ботқа пісірушілер айналысты. Бір ботқа пісіруші кәсіпте 20 адамға, ал ұйықтарда бір жинаққа (15-16 адам) келетін. Кәсіпшіліктерде ботқа пісірушілер 35-40 жастағы әйелдер, ал ұйықтарда 12-15 жастағы балалар болатын. Қазақтарда ботқа пісірушіні таңдау жинақтаушының (жалдау кезінде жинақты таңдайтын ау салу жұмысшысы) құқығы болды, ол бұл жұмысқа өзінің жасы кішкентай туысқанын қоятын, оған ау салу жұмысшысы ретінде ақы төленетін, бірақ қолына тек 5-6 сом беріп, қалғаны жинақ мүшелері арасында бөліске салынатын.

Балық кәсіпшілігіндегі қалмақтардың арасында да ботқа пісірушінің еңбегі қазақтар сияқты пайдаланылды, кейде оларда ботқа пісіруші әйелдер болды. Ботқа пісірушілердің денсаулық жағдайы жұмысқа түсер алдында тексерілмейтін, сондықтан Н.Я. Шмидтің көрсетуінше олардың арасында өкпе туберкулезімен, конъюнктивитпен, мерезбен ауыратындар аз кездеспейтін. Ұйықтарда тамақ баспана ішінде (қазақтар мен қалмақтарда) немесе баспана сыртында, ашық аспан астында (ау салушы орыстарда) дайындалды. Кәсіптерде тамақ әзірлейтін арнайы ботқа пісіретін орын болды. Олар есік-терезесіз, түтін шығатын тесік қалдырылған төбесі бар, ағаш немесе көбіне қамыс қабырғалы жәшік сияқты болатын. Отын ретінде қамыс пайдаланылды. Ірі кәсіпшіліктерде ботқа пісіретін орын кең казарма сияқты болды, оның ортасында қазандар қойылған ұзын пеш орнатылатын. Мұндай пештерде мұнай қалдықтары (мазут) жағылды, олармен кейде казармалар да жылытылатын [24].

Нан пісіру үшін барлық кәсіпшіліктерде наубайханалар болды. Олардың жағдайы санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін: кір, қоқыстар салатын жәшіктер, кішкентай терезелер, желдеткіштер болмады. «Кәсіпшіліктерді санитарлық көріктендіру жөніндегі міндетті қаулылардың» нан пісірумен сақтауға қатысты баптары орындалмады. Пісірілген нан қоймаларда, сөрелерде немесе еденде ешқандай жапқышсыз сақталды.

Кәсіпшіліктегі тұрақты нан пісірушіге маусым кезінде көмекке бірнеше жұмысшы берілді. Нан пісіруші де, оның көмекшілері де медициналық тексеруден өткізілмейтін. Тұрақты нан пісірушінің өз бөлмесі болды, ал уақытша жұмысшылар нан сақтайтын қоймаларға орналастырылды және нан сақтауға арналған сөрелерде ұйықтайтын.

Жұмысшылардың тамағы балықтан, наннан және шайдан тұрды, осы тізімге қосымша орыстарға 3 сортты бидай ұны және сары тары берілетін, қалмақтар, татарлар, қазақтар мұндай қосымша пәкті алмайтын [25].

Жұмысшылардың азық-түлік пәгінің мөлшері барлық кәсіпшіліктерде шамалас болды және жұмысшыларға кәсіпшілікке келген бірінші күннен бастап берілетін, оны дайындау балық кәсіпшілігі иесінің жұмысы болды. Қосымша «жағдай» жұмысшылардың қолдарына берілді және одан ас (қалаш, ботқа, шелпек) әзірлеу жұмысшылардың еркінде болатын.

Қара нан пісірілгеннен кейін 2-ші күні барлық артельге адам басына күніне 3 қадақ (1,228 кг) есебінен,

ұйықтағы жұмысшыларға 5-7 қадақ кәсіпшіліктегілерге 3 күнге берілді. Егер кәсіп иесі белгілі себептермен нанды тиесілі мөлшерден аз берген жағдайда, ол жұмысшыларға қадағына 2 тиыннан қосымша төлейтін, ал нормадан артық нан желінсе, қадағына 2,5 тиыннан ұстап қалатын.

Орыс еркектеріне, қосымша паяз алмайтын қалмақтар мен қазақтарға нан мөлшері зорға жететін. Нан балалы әйелдерге де жетіспейтін. Жалғыз басты әйелдер өздерінің нан паяздарын жинап, жақын ауылдардың қазақтары мен ау салатын және сал жұмысшыларына кесегін 25-40 тиыннан сатты. Тапқан ақшасын әйелдер сабын, иіссу алуға жұмсайтын. Отбасылы әйелдер кейде нанды балалары үшін сүтке айырбастайтын.

Кәсіптегі жұмысшылар тұтынатын нанның сапасы өте төмен болды. Оның себебі ұнның төмен сапалығы мен оның сапасыз әзірленуі. Жұмысшылардың нанның сапасына жасаған шағымдары кейде Каспий балық және итбалық кәсіпшілігі комитетінің отырыстарында қаралып, газет-журналдарда жарияланатын.

1-кесте. Балықтың орташа тәуліктік порциясы

Сал жұмысшыларында	Үлес	Ау тартатын жұмысшыларда	Үлес
Көктемгі маусымдағы әйелдер	-726,1 г.	орыстар	- 1249,3 г.
Күзгі маусымдағы әйелдер	- 537,3 г.	қазақтар	- 1775,5 г.
Еркектер	- 1129,3 г.	-	-

Жұмысшылардың балықты көптеп тұтынуының басты себебі олар көп мөлшерде балық алып отырды. Өнеркәсіп иесі шартқа отырған кезде жұмысшылардың қазанына түсетін балықтың тұқымы мен көлеміне байланысты ғана келісті, қалған жағдайда балықтың аулануына қарай жұмысшыларға берілетін балықтың мөлшері шектелмеді.

3. Жайық-Каспий бассейніндегі балық кәсіпшілігінің XX ғасырдың 20 – 40-жж. дамуы.

Кеңестік тарихнамада қазақтар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен, шағын бөлігі отырықшылық өмір салтына көшіп, егіншілікпен айналысты деген ұғым қалыптасқан. Алайда халықтың өзен-көлдер жағалауын мекендегендері ертеден балық шаруашылығын кәсіп еткен. Жалпы алғанда, аталған кәсіппен күнделікті тамағы үшін қазақ кедейлері айналысты. Мәселен 1915 жылы Жилая-Коса (Жылыой) ауданындағы 23 балық кәсіпшілігінде 1170 қазақ және 160 орыс жалдамалы жұмысшылары еңбек еткен [26].

Кеңес өкіметінің алғашқы күндері мен азамат соғысы жылдарында Жайық-Каспий бассейні Кеңестік Ресейді балықпен қамтамасыз етудің басты, тіпті, негізгі көзіне айналған. Еңбек және Отрғанис Кеңесінің мүшесі, Халық Комиссарлар Кеңесінің төтенше өкілі И.П.Бабкиннің 1920 жылғы 1 желтоқсандағы бұйрығымен Жайық-Ембі аудандық балық кәсіпшілік басқармасы құрылды. РСФСР халық комиссариатының 1921 жылғы 11 қаңтардағы шешімімен бұл мекеме облыстық басқарма болып қайта қарақталған.

Мекеме Гурьев қаласында орналасып, Жайық-Каспий бассейніндегі балық кәсіпшілігін қалпына келтірудің негізін қалады. Балық аулау барысында көптеген адамдардың бірлесе еңбек етуіне, ұжымдасуы тұсында, бұл кәсіпшілікке тән ерекшелік жағдайлар балықшылардың өндірістік кооперативінің құрылуына қолайлы жағдай туғызды. Жайық-Ембі ауданында алғашқы өндірістік кооператив-серіктестіктері 1919 жылдың басында құрыла бастады. Ал 1920 жылдың 22 ақпанында балықшылардың жалпы жиналысының ше-

шімімен бірауыздан Гурьев уезінде «Ракуша» теңіз балықшылар одағы ұйымдастырылды.

1930 жылдың 15 қаңтарында Қазақстан балық кооперациясының алғашқы өлкелік съезі өтіп, онда Қазақ балықшы одағы (Қазрыбаскоюз) құрылды. Оның негізгі өнім өндіру аймағы Жайық-Каспий бассейні болып қалыптасты. Одақ 18 серіктестіктен және 135 ұжымшардан құралып, оның құрамында 14671 адам болса, қазақтар саны 8442 адам болып, оның 60 пайызын құрады [27].

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі бесжылдықтарда Жайық-Каспий бассейнінде балық кәсіпшілігі жеке өндіріс саласы ретінде қалыптасты. Саланың дамуына орай, 1931 жылдың 15 қыркүйегінде Жайық-Каспий мемлекеттік балық өндірістік тресі құрылды. Трест Каспийдің қазақстандық жағалауындағы және Жайық бойындағы балық аулау, өндіру және өңдеу салаларын біріктірді. Мемлекеттік мекемелер және балық аулау ұжымшарлары қажетті балық аулау құралдарымен, моторлы флотпен, т.б. жабдықтармен қамтамасыз етілді. Партия, Кеңес және шаруашылық ұйымдары балық аулау ұжымшарларын нығайтуға, ірілендіруге қол жеткізді. Егер 1937 жылдың 1 қаңтарында Жайық-Каспий бассейнінде 77 балық аулау шаруашылығы болса, 1941 жылдың шілде айына қарай, ірілендіру нәтижесінде олардың саны 56-ға дейін қысқарды [28].

Гурьев облысының балық өнеркәсібін дамытуды өкімет орындары үнемі назарында ұстап, мемлекет қорларынан балық зауыттарын салуға қаражат бөлінді. Соның нәтижесінде соғысқа дейінгі бесжылдықтарда Гурьев балық комбинаты 1933 жылдың 6 қарашасында, Каспий теңізі жағалауындағы Форт-Шевченкод Баутино балық комбинатының құрылысы басталып, 1941 жылы іске қосылып, алғашқы өнімін шығарды. Осы кезеңде Гурьев облысының Теңіз ауданында Шортанбай балық комбинаты, 8 жүзбелі зауыттар мен балық мұздатқыш базалары салынды.

Кеңестер Одағы Жайық-Каспий бассейнінде балық өнеркәсібін қайта құруды өркендету ісінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1931 жылғы 29 қыркүйектегі «Ет және балық-құты өнеркәсібін дамыту туралы» қаулысының маңызы зор болды [29].

Аталған қаулы бойынша одақ көлемінде 23 жүзбелі және 36 жағалаулық балық-құты зауыттарының құрылысын салу белгіленген болатын. Оның ішінде, Гурьевте балық-құты комбинатын салу көзделді.

Сөйтіп, 1931 жылдың 4 қазанында Гурьев қаласынан 7 км жердегі ашық далада салтанатты түрде комбинаттың іргетасы қаланды.

Жұмысшы күшінің, көліктің, инженер-техниктер мен өндіріс жабдықтарының тапшылығы, ауа-райының қолайсыздығы, құрылыс материалдарының жетіспеуі, темір жол қатынасының жоқтығы құрылысты тез қарқынды жүргізуге кедергі болды. Соған қарамастан, құрылысшылар мен балықшылар тәулігіне 11-12 сағаттан жұмыс жасап, комбинатты мерзімінде іске қосу жолында қажырлы еңбек етті. Жұмыс күндіз-түні толастаған жоқ. Әсіресе, Досжанов, Бейімбетов, Сұлтанов басқарған құрылысшылар бригадалары еңбек ерлігінің тамаша үлгілерін көрсетті. Досжанов жетекшілік ететін бригада жұмыс жоспарын айына 262 пайызға орындады.

1933 жылдың қарашасында Гурьев балық-құты консерв комбинаты іске қосылып, алғашқы өнімдерін бере бастады. Комбинат өнім шығару көлемі жөнінен КСРО-да Астрахан балық-құты комбинатынан кейінгі екінші орында, дүние жүзі бойынша үшінші орында болды. 1934 жылдың өзінде Гурьев балық-құты комбинаты мемлекетке 25,2 мың центнер тоңазытылған, 200 центнер ысталған, бір мың центнер кептірілген балық

пен 6 миллион құтылар өндірді. Облыстың халық шаруашылығында балық кәсіпшілігінің үлес салмағы 1939 жылдың өзінде-ақ 38 пайызға жетті.

Жайық-Каспий бассейніндегі балық кәсіпшіліктерін дамытуға үлес қосқан майталман балықшылар ұрпақтарын дайындауға, қиын да, ауыр еңбектің мамандарын шыңдауға атсалысқан ардагерлердің бірі, алғашқы облыстық балық басқармасының төрағасы А.И.Соколовқа 1921 жылдың 30 сәуірінде ХКК төрағасы В.И.Ленин жеделхат жіберіп, балық өндірушілердің төлем ақысын заттай беру қорын молайту, балық өнеркәсібінің жұмысшыларының материалдық жағдайын жақсарту шараларын алып, балықты аулау және өнімді жөнелту ісін ұйымдастыруды қатаң талап етеді [30].

Сол кездің өзінде-ақ Жайық-Каспий бассейні Кеңестер одағы үшін балық өнімдерімен қамтамасыз етуде стратегиялық маңызы бар өлке болды. Мұндай жетістікке қарапайым қазақ балықшыларының ауыр да қажырлы еңбегінің арқасында жеткендігі анық еді.

Қорытынды. Каспий теңізі, оған құятын ірілі-ұсақты өзендер, соның ішінде Еділ Жайық, Жем бойларында отырықшылық пен балық кәсіпшілігін қатар үйлестіре пайдаланған ата-бабаларымыз үшін қаншалықты маңызды болғандығын уақыт дәлелдеді. Бүгінгі көзқараспен Каспий өңірінің Қазақстанның балық шаруашылығы дамуындағы алатын орнын сараптар болсақ, біздің аға ұрпақ алдындағы борышымыз айқын көрінеді. Каспий теңізі мен Жайық өзені еліміздегі бекіре тұқымдас, сондай-ақ сазан, көксерке, табан, майшабақ, қарақөз сияқты құнды балықтарға бай бассейн болып табылады. Дүние жүзінде ауланатын бекіре тұқымдас балықтардың 70-90 пайызы осы бассейннен ауланады.

Бүгінде осы балықшылардың күнделікті ерен еңбегі туралы, олардың 20-40 жж. тұрмысы мен санитарлық-медициналық хал-ахуалын сараптау тарихи шындықты қалпына келтіру болып табылады.

Балық шаруашылығына қарасты мекемелерді, зауыттар мен комбинаттарды, ұжымшарлардың жағдайы, еңбекке жұмылдыру басты міндет болды. Елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етуде балық шаруашылығы еңбеккерлері жан аямай еңбек етті. Олар балық аулау, оның өнімдерін өндірудегі қарқынды еңбегі, балық шаруашылығын дамыту, т.б. өзекті мәселеге айналды. Олардың жұмысшылары мен қызметкерлері өздерінің жанқиярлық еңбегімен Қазақстандағы балық шаруашылығының жеңісті дамуына елеулі үлестерін қосты. Балық аулау қарқынын еселеп арттырып, мемлекеттік тапсырманың асыра орындалуын қамтамасыз етті.

20-40 жылдары Қазақстанның батыс өңіріндегі балық шаруашылығының жұмысшылары мен ұжымшаршыларының жанқиярлық еңбегі мұрағаттарда жан-жақты материалдар мен деректер арқылы көрсетілген. Мәселен, Атырау облысының балықшылары балық кәсіпшіліктерін азамат соғысынан кейін жылдары қалпына келтіріп, бейбіт өмірге бейімдеп қайта құруға ат салысқан.

Қазақстанның балық өнеркәсібін өркендетуде Қ.Жұмаханов, Ш.Әбішев, Қ.Төрешев, Қ.Құрмашев, Ж.Сарбепиев, Ф.Ф.Филиппов, Е.Жазықбаев, Ж.Бермағамбетов, В.Г.Водовской, Қ.Ещанов, С.Намазалиев, Ы.Қосыбаев, Ф.Котельников, Е.Наурызбаевтар орасан күш-жігер жұмсады. Олардың кейінгі ұрпаққа өнеге болар жақсы дәстүрін, тамаша ісін бүгін осы балықшылардың із-басарлары жалғастыруда.

КСРО-ғы 20-30-жж. жүргізілген реформалар негізінде Жайық-Каспий балықшылары халық шаруашылығын қалпына келтіруде зор табыстарға ие болып, өнім мөлшерін жылдан-жылға арттырып отырды. Бұл балықшылардың күнделікті қажырлы еңбегінің арқасында

ғана мүмкін болды.

Дегенмен де балық кәсіпшілігіндегі жұмысшылардың тұрмысы барлық талаптарға сай болды деп айта алмаймыз. Оған басты кедергі болған 20-30-жж. КСРО-ғы денсаулық сақтау жүйесінің әлі де қалыптасып болмағаны, санитарлық-медициналық нормалардың сақталмауы және орталық басшылығының сол кездегі жіберген өрескел кемшіліктерінің нәтижесі еді. Өндіріс орындарында санитарлық жағдайдың жоктығы шешек, қызылша, дизентерия сияқты жұқпалы аурулардың таралуына себеп болды. Жоғарыда аталған себептер, сонымен қатар тұрмыстағы жағдайдың нашар болуы жұмысшылардың денсаулығына кері әсерін тигізіп отырды.

Осыған байланысты 20-40 жж. Кеңес Одағында балық шаруашылығы дамуының жалпы өнеркәсіптің өсу қарқынынан тым артта қалуы байқалды. Бұл жағдай бүкіл халық шаруашылығының өрге басуына тежеу болды. Балық шаруашылығының дағдарысты жағдайы бірнеше себептерге байланысты болды. Қаражаттың аз бөлінуі, материалдық-техникалық жағынан жабдықталуының жеткіліксіздігі, жалпы алғанда балық шаруашылығының ауыр өнеркәсіпке тәуелді, қосалқы сала ретінде қарастырылуы анықталды. Бұл болса, өз кезегінде, ұжымшаршылардың өнеркәсіп жұмысшылардан, ауыл-село халқының қала халқынан тәуелділігін арттырды. Оған қоса балық шаруашылығы өндірісін жоспарлаудың шамадан тыс орталықтандырылуы, ұжымшаршылардың комбинат пен зауыттар қызметкерлерінің өз еңбегінің нәтижелеріне материалдық ынталылығы принципіне теріс әсер етті. Баға белгілеуде де кемшіліктерге жол берілді, балық шаруашылығының өнімдерін сатып алу және дайындау бағасы төмен болды. «Баға сәйкессіздігі» ұжымшарлардағы халықтың әл-ауқатының нашарлауына жол ашты, өкімшілік-тоталитарлық жүйенің зардаптары көбіне-көп балық шаруашылығына тиді.

РЕЗЮМЕ

В статье проанализировано повседневная жизнь и санитарно-медицинское состояние рыбаков рыбной промышленности Урало-Каспийского бассейна.

The article analyzes the daily life and sanitary and medical condition of fishermen in the fishing industry of the Ural-Caspian basin.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Бородин Н. А.** Каспийско-Волжское рыболовство и его экономическое значение. - СПб, 1803. - 225 с.; Доклад о нуждах Уральского рыбного промысла. - Уральск, 1889.-56 с.; **А.Покотилов.** Описание рыболовства по реке Урал и Каспийском море // Журнал Министерства внутренних дел. -1831. - № 2. - с. 46-85.; **Данилевский Н. Я.** Краткий очерк рыбного хозяйства на Урале // Вестник ИРГО. - 1858. - 155 с.; **Серюгин С.** Киргизы - работники морского рыболовства // Туркестанский сборник. Т. 25. - 1869. - 127 с. **Агутин Н.** Об открытии лова рыбы на побережье Каспийского моря // Уральские войсковые ведомости. - 1869. - № 3. -74-125 с.
2. **Навозов Н.** Материалы к ихтиофауне бассейна реки Урала // Вестник рыбного промысла. - 1902. - № 8. - 88-155 с.; **Кучин И.В.** О развитии рыболовства Урала и Приуралья. - Уфа, 1908. - 125 с.; **Ливкин И.Д.** Рыболовство и тюлений промысел на Восточном побережье Каспийского моря. - СПб, 1902. - 108 с.; **Хорошхин И.П.** Краткое описание рыболовства Уральского казачьего войска. - СПб, 1902. - 227 с.; **Берг Л.С.** Рыбы пресных вод Российской империи. - Москва, 1916.-312 с.
3. **Бабин Б.Н.** Астраханская партийная организация в борьбе за подготовку и проведение коллективизация рыболовецких хозяйств Астраханского округа в 1927-1931 гг. //Автореф.... канд.

историч. наук. - Москва, 1954.-30 с.

4. **Киселев А.А.** Освоение богатств Кольского полуострова в годы первой пятилетки // Автореф.... канд. историч. наук. - Ленинград, 1958. - 30 с.

5. **Пятковский В.П.** Социалистическое преобразование Кольского полуострова в годы второй пятилетки // Автореф.... канд. историч. наук. - Ленинград, 1965. - 30 с.

6. **Панова М.П.** Партийное руководство движением за коммунистический труд в рыбной промышленности (1959-1965 гг.) (На материалах Калининградской области и советских республик Прибалтики) // Автореф.... канд. историч. наук. - Москва, 1967. - 30 с.

7. **Бешта И. Л.** Начало социалистического преобразования рыбного хозяйства колперирование рыболовецких хозяйств в 1921-1926 гг. // Автореф.... канд. историч. наук. - Ленинград, 1967. - 28 с.

8. **Елагин А.С.** Переход на мирную работу по восстановлению народного хозяйства в западном Казахстане (1921-1925 гг.). Рукопись... канд. историч. наук. - Алма-Ата, 1951. - 306 с.; **Тлепов С.Т.** Установление и укрепление Советской власти на Мангышлаке (1917-1927 гг.). Рукопись... канд. историч. наук. - Алма-Ата, 1964. - 218 с.; **Кожобаев С.Т.** Борьба трудящихся Прикаспийских районов Казахстана за победу Советской власти (1917-1920 гг.). Рукопись... канд. историч. наук. - Алма-Ата, 1965.-283 с.

9. **Мухаметов Х.А.** Дореволюционный город Гурьев и его время. Рукопись... канд. историч. наук. - Алма-Ата, 1972. - 215 с.; **Табылдиев Х.Б.** История социалистического Гурьева (1917-1937 гг.). Рукопись... канд. историч. наук. - Алма-Ата, 1973. - 214 с.; **Бакиев Ж.Б.** Социалистическое преобразование рыбного хозяйства Казахстана в 1917-1937 гг. Рукопись... канд. историч. наук. - Алма-Ата, 1972.-284 с.

10. **Есқалиев О.** Деятельность партийной организаций Казахстана по развитию рыбной промышленности Урало-Каспийского бассейна (1928 - июнь 1941 г) // Автореф.... канд. историч. наук. - Алма-Ата, 1977.-23 с.

11. **Таиров М.Т.** Рыбное хозяйство Казахской ССР и перспективы его развития // Автореф.... канд. экон. наук. - А-Ата, 1974. - 20 с.

12. **Каженбаев С.К., Нюжиров А.** Рыбная промышленность Казахстана. / стат. справочник/. - Москва, Пищевая промышленность, 1968. -175 с.; **Каженбаев С.К.** Рыбное хозяйство Казахстана и проблемы повышения его эффективности. - Алма-Ата, 1987. - 173 с.

13. **Ишмуратов Ж.И.** Трудовые подвиги и помощь фронту трудящихся Гурьевской области в период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.). Рукопись... канд. историч. наук. - Алма-Ата, 1971. - 302 с.; **Акинжанов М.А.** Трудовой подвиг колхозного крестьянства Западного Казахстана в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) // Автореф.... канд. историч. наук. - Алма-Ата, 1973. - 30 с.; **Темиртасов Г.** Ста-

новление и идейно-организационное укрепление Гурьевской областной партийной организации (1938-1945 гг.). Рукопись... канд. исторических наук. - Алма-Ата, 1977.-201 с.

14. **Қыдыралын Ү.С.** Маңғыстау қазақтарының дәстүрлі шаруашылығы. -Атырау, 1999.-165 б.; **Мұқтар Ә.Қ.** Азаттық таңы жолында. -Алматы, 2001. - 258 б.; **Рысбеков Т.З.** Батыс Қазақстан облысының тарихы. -Орал, 2001. - 204 б.; **Бримжаров Б.К.** Село Казахстана в 60-80-е годы: конкретно-исторический анализ по материалам Западных областей. Автореф... канд. историч. наук. - Алматы. 1997. - 50 с.; **Абдуллаев Н.А.** История Казахстана. - Актобьинск, 2002. - 270 с.; **Мухписов Н.К.** Экономическая история Казахстана XX века. - Актобьинск, 1999. - 133 с.

15. **Меңдігереев К.Б.** Батыс Қазақстан аумағындағы балық шаруашылығының даму тарихы (1801-1917 жж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация қолжазбасы. Атырау, 2007. - 130 б.

16. Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 гг. Сборник документов и материалов. Т. 1. июнь 1941-1943 гг. - Алма-Ата, 1964. - 596 с.; Отты жылдар (құжаттар жинағы). - Алматы, 2005. - 194 б.; Мұрағат деректері - Халық қазынасы.-Алматы, 2004.- 274 б.; **Досқалиев К.** Сражаушымыз Сталинград. - Алматы: Казахстан, 1983. - 108 с.

17. **Ужкенов В.С.** Каспий-край рыбацкой славы.-Алма-Ата, 1987.-183 с.; **Тлепов С.Т.** Страницы истории Мангышлака. - Алма-Ата, 1980. -167 с.

18. **Қарағұлов А.** Баламасы жоқ байлық. - Атырау, 2003. - 98 б.; **Кулагин К.** Морской лов. - Ақтобе, 2004. - 228 с.; **Аронов Ж.** Алдыңғы толқын – ағалар. - Алматы, 2005. - 184 б.

19. **Чибилев А.** Дорога к Каспию. - Алматы, 1988. - 284 с.; **Соныкі, Река Урал.** - Ленинград, 1987. - 168 с.

20. ГАОО. Ф.20.оп.7.д.260

21. Полное собрание законов Российской империи. Т. XIII. СПб., 1830. № 9879-123.

22. Памятная книжка Уральской области на 1916 год. Уральск. 1917. -190 с.

23. ГАОО. Ф. 20. Оп. 7. 260.

24. **Бочкарев И.** Записки об астраханском и Каспийском рыболовстве.- СПб., 1902.-226 с.

25. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай АОММ). 417-қор, 1-тізбе, 1-іс

26. **Ужкенов В.С.** Каспий – край рыбацкой славы. - Алма-Ата, 1987.-183 с.

27. АОММ. 41-қор, 1-тізбе, 19-іс.

28. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай ҚРОММ). 759-қор, 1-тізбе, 14-іс.

29. АОММ. 2-қор, 6-тізбе, 106-іс.

30. АОММ. 1-қор, 3-тізбе, 3-іс.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН және эвакуацияланған тұрғындар

Әлібек АМАН,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты
Жанат БОКАТОВ,
Мәншүк ӘБІЛҒАЗИЕВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті тарих факультетінің 4-курс студенттері

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанда, оның ішінде батыс өңірде халықтарды депортациялау және соғыс болған аудандардан эвакуацияланғандарды көшіріп әкелу нәтижесінде күшті көші-қон үдерістері орын алды. XX ғасырдың 30-жылдарының екінші жартысында жүзеге асырыла бастаған халықтар-

ды депортациялау ісі соғыс жылдарында одан әрі жалғасты. Депортацияланған халықтар арнайы қоныстанушылар ретінде республиканың түкпір-түкпірлеріне орналастырыла бастады. 1930 жылдардың екінші жартысында Қиыр Шығыстағы корейлер мен Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядан 1941 жыл-

ғы 25 қазанда Қазақстанға 467 мың Еділ бойының немістерін қабылдау жоспарланды. Жоспар бойынша Ақтөбе облысына 15 мың неміс қабылдау көзделді. Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарына қабылдау көзделмеді [1, 196-б.]. 1941 жылы 31 қазанда Ақтөбе облысына жалпы саны 5 554 адаммен 2 эшелон келеді [4, 69-б.]. Алайда кейінгі жылдары Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарына немістер еңбек колонналарының құрамында келе бастады. Оны мынадан көреміз: 1942 жылы 4-желтоқсандағы «*мұнай және көмір өнеркәсібіне мобилизацияланған немістер мен оның әйелдерін жіберу туралы*» анықтамаға сәйкес Ақтөбе облысынан Гурьевке ері, әйелі барлығы 364 неміс жіберілді [3, 131-б.].

Ал 1942 жылдың басында Ақтөбе облысына 24000-ға жуық арнайы қоныстанушы орналасады. Оның ішінде поляктар 6 200, Бессарабия молдовандары 5 364, Астрахань мен Қырымнан 3000 және 9 356 неміс арнайы қоныстанушылары болған еді [5, 3-п.].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылы 7-наурыздағы қаулысымен Шешен-Ингуш Республикасы жойылды. Орнына РСФСР құрамындағы Грозный облысы құрылды. Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1944 жылы 31 қаңтардағы шешімімен шешендер мен ингуштарды Қазақстан мен Қырғызстанға көшіру жүзеге асырылды. 1944 жылы наурыздың ортасында Ақтөбе облысына 20 309 адам көшіріліп әкелінді [1, 252-б.]. Ақтөбе қалалық атқару комитетінің мәліметінше 1944 жылы наурызда Ақтөбе қаласына 870 адам арнайы қоныстанушы шешендер келеді. Олар ұйымдастырылған тәртіппен Ақтөбе шахта басқармасы мен жергілікті өнеркәсіп шахталарына жұмысқа жіберіледі. Барлық 870 адамның жұмысқа орналасқаны 253 адам болса, қалған 567 қамқорлықтағы адамдар, оның ішінде 12 жасқа дейінгі балалар 381 адам болды [6, 15-п.]. 1944 жылғы 22-сәуірдегі Ақтөбе облыстық комитетінен орталық комитетке берілген мәлімдемеде Ақтөбе облысына келген қоныстанушы-шешендердің колхоздарға 2 320 жанұясы немесе 12 053 адам, совхоздарға 607 жанұясы немесе 2 717 адам, мұнай кәсіпшіліктеріне 73 жанұя, 355 адам, көмір өнеркәсібіне 733 жанұя, 3 023 адам, Никельтау руднигіне 37 жанұя, 165 адам; темір жол көлігінің көмекші шаруашылығына 126 жанұя, 589 адам; жергілікті өнеркәсіп артельдеріне 93 жанұя, 480 адам; әр түрлі шаруашылық ұйымдары мен мекемелеріне 140 жанұя, 607 адам орналасқаны мәлімделеді [6, 6-п.]. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Скворцовқа 1944 жылы 4-мамырда берілген мәлімдемеде Ақтөбе облысына келген барлық шешен арнайы қоныстанушылар 4 129 жанұя немесе 20 248 адам болды. Оның ері 3 860 адам, әйелі 3 467 адам, 16 жасқа дейінгі балалар 10 944 адам, 16-18 жас аралығындағылар 1 977 адам болды [6, 7-п.].

Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің 1944 жылы 2 маусымдағы № 5984 қаулысына сәйкес қырымдық болгар, грек, және армяндарды облыстар мен республиканың өнеркәсіп кәсіпорындарына, көмекші шаруашылықтарға, ауыл шаруашылығына бағыттау көзделіп, оның ішінде Гурьев облысына 7000 болгар, грек, армян қоныстандырылады [7, 74-75-бб.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан аймағына эвакуацияланған адамдар көшіріліп әкелінді. Олардың алғашқы легі 1941 жылдың шілде айында-ақ келе бастады. 1941 жылдың 1 тамызында Батыс Қазақстан облысына 1469 адам келеді [8, 249-б.]. Эвакуацияланғандардың келу қарқыны жоғары болды. Батыс Қазақстан облысы бойынша 1941 жылдың тамыз айы бойына барлығы 2 561 адам келеді. Бұған дейінгі келген 1469 адамды қоса есептегенде облыстағы эвакуацияланғандардың саны 4 030 адамға жетеді.

Оның ішінде ері 1 590, әйелі 2 440 адам, 15 жасқа дейінгі балалар саны 1 409 адам болды. Орыстар 925, украиндар 299, белорустар 428, еврейлер 2 320, қалғандары басқа ұлт өкілдері болды. Одан әрі қыркүйек айында 2 520 адам, қазан айында 3 100 адам, қараша айында 2 481 адам, желтоқсан айында 4 571 адам, 1942 жылдың қаңтар айының бірінші жартысында 618 адам келіп, осы аралықтағы барлық эвакуацияланғандардың саны 17 320 адамға жетеді. Оның ішінде ерлер 6 853, әйелдер 10 467, 16 жасқа дейінгілер 6 175 адам, орыстар 4 275, украиндар 3 586, белорустар 1 151, еврейлер 8 040, басқа ұлттар 268 адам болды [9, 13-36-пп.]. 1941 жылдың қазан айында Батыс Қазақстанның үш облысына 17 951 адам келген болса, 1942 жылдың қаңтар айында 65 762 адам келеді [10, 1,18,28-пп.]. Ал 1942 жылдың 1 мамырында Батыс Қазақстан аймағына барлығы 61 299 адам эвакуацияланып, ол Қазақстанға барлық келгендердің 29 %-н құрады [11, 2-п.].

1942 жылғы 15 қаңтардағы мәліметтерге қарағанда Ақтөбе облысында барлығы 28 033 эвакуацияланғандар болды. Оның ішінде еңбекке қабілеттілер 10 664 адам, балалар 9 280, еңбекке жарамсыз ересектер 8 064 адам болды. Эвакуацияланғандардың негізгі бөлігі Мәскеуден 5 328 адам, Харьковтан 3 109, Киевтен 20 97, Черниговтан 1 193, Днепропетровскден 1 320, Ленинградтан 968, Сталинградтан 900, Курскден 867, Николаевадан 733, Винництан 731, Воронежден 525, Рязаннан 452, Житомирден 437 адам келді. Эвакуацияланғандардан қалаларға 9 350 адам, ауылды елдімекендерге 18 683 адам орналасты. Еңбекке жарамдылардан колхоздарға 4 294, совхоздарға 605, өнеркәсіптік мекемелерге 705, темір жол көлігіне 789, МТС-тарға 89, кәсіпшілік артельдерге 287 және көшіріліп әкелінген өнеркәсіптік мекемелерге 1 700 адам жұмысқа орналасты [12, 2-3-пп.].

Эвакуацияланғандарды тұрғын үймен және жұмыспен қамтамасыз ету – ең бірінші мәселелердің бірі болды. Эвакуацияланғандардың лек-легімен келуі оларды орналастырудың қиындығын туғызып, эвакуацияланған тұрғындардың орналасу тығыздығы өте жоғары болды. Мысалы, Ақтөбе облысының Ключевой, Шалқар аудандарында және Ақтөбе қаласында эвакуацияланғандардың көпшілігінің тұрғын жағдайы қанағаттанарлықсыз болды. Бір адамға бір шаршы метр және одан да аз тұрғын алаңы болған жағдайлар да болды. Ақтөбе облысы, Ключевой ауданының Алға поселкесінде 8 шаршы метрлік ас үйде 10 адамдық 3 жанұя тұрған [11, 3-п.].

Еңбекке жарамды эвакуацияланған тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуде қиыншылықтар кездесті. 1942 жылы 1мамырда Қазақстанда тұратын эвакуацияланған еңбекке қабілетті 211 261 тұрғынның колхоздарда 72 663 адамы жұмыс жасаса, совхоздарда 4 118, МТС-тарда-1422 және кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдарда 77 647 адам жұмыс жасады. Ал 55411 адам немесе еңбекке қабілеттілердің 26,2 %-і жұмыспен қамтамасыз етілмеді. Оның ішінде Батыс Қазақстан аймағына 61 309 адам орналастырылды. Оның еңбекке қабілетті 36 835 адамынан колхоздарға 12 191, совхоздарға 637, МТС-тарға 170, кәсіпорын, мекеме, ұйымдарға 16 141 адам жұмысқа орналастырылса, жұмыс жасамайтындар саны 7 696 адам болды [сонда, 8-п.]. 1942 жылы 1 мамырда Батыс Қазақстан аумағы бойынша еңбекке қабілетті эвакуацияланғандардың саны олардыңжұмыспен қамтамасыз етілуі төмендегідей болды (1-кесте).

Эвакуацияланған адамдарды қалалар мен селоларға бөліп орналастыру да тең болмады. Тұрғын үймен қамтамасыз етудің қиындығынан эвакуация-

ланғандардың басым көпшілігі ауылдарға орналас-
тырылды. 1943 жылы 1 қыркүйектегі Батыс Қазақстан
аймағы бойынша эвакуацияланғандардың орналасуы мы-
надай болды: Ақтөбе облысы бойынша барлық эвакуа-
цияланған 25 158 адамдардың 62,8 %-і ауылға, 37,2 %-і
қалаға, Гурьев облысы бойынша 50,8 %-і ауылға, 49,2
%-і қалаға, Батыс Қазақстан облысы бойынша 72,4 %-і
ауылға, 27,6 %-і ауылға орналастырылды. Аймақ бойынша
барлығы 78 476 эвакуацияланған адамдардың 66,9 %-і
ауылға, 33,1 %-і қалаға орналастырылды [10, 16-п.].

**1-кесте. Эвакуацияланғандардың жұмыспен
қамтамасыз етілуі туралы мәлімет [сонда, 8 п.]**

Облыстар	Барлығы	Оның ішінде еңбекке қабілеттілер	Оның ішінде жұмыспен қамтылғандар				Еңбекке қабілеттілердің ішінде жұмыс жасайтындардың саны	Еңбекке қабілетті халыққа шаққандағы пайызы
			Колхоздарда	Совхоздарда	МТС-тарда	Кәсіпорын, мекеме, ұйымдарда		
Ақ- төбе	23036	12007	2194	329	69	4289	5126	42,7
Гу- рьев	8812	6070	1097	31	-	4128	814	13,4
БҚО	29458	18758	8900	277	101	7724	1756	9,3
Бар- лығы	61309	36835	12191	637	170	16141	7696	20,8

Сонымен соғыс жылдарында аймақ территориясында
халықтардың күшті көші-қон алмасулары жүрді.
Жергілікті халық майдан мен тылдағы өлім нәтижесінде
үлкен шығынға ұшырады. Табиғи өсімнің төмендеуінен
халықтың жалпы саны кеміді. Соғыс жылдарындағы
басқа халықтардың қоныстандырылуы аймақта жаңа
ұлттық топтардың пайда болуына ықпал еткені белгілі.
Сонымен бірге, соғыс жылдары және соғыстан кейінгі
жылдары күштеп көшірілген халықтардың бірқатары

тарихи Отандарына қайтарылса, бірқатарының құқық-
тары қалпына келтірілмей республикаларда қала берді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история депортации
других национальностей и эвакуированных на тер-
ритории в Западного региона Казахстана в годы ВОВ.
Насильственное выселение других национальностей
осуществлялось до войны и во время войны. Среди них
были корейцы, поляки, немцы, народы крима и кавказа.
Депортация представителей других национальностей
в западный регион способствовал появлению новых
национальных групп в регионе.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы.
- Алматы: Арыс-Казахстан, 1998.-428 с.
2. Из истории поляков в Казахстане (1939-1956гг.). Сборник
документов. - Алматы: Казахстан, 2000.-344 с.
3. Из истории немцев Казахстана (1921-1975гг.). Сборник
документов.-Алматы-Москва: Готика, 1997.-376 с.
4. Иосиф Сталин-Лаврентий Берии: «Их надо депор-
тировать». Документы, факты, комментарии.- Москва: Дружба
народов, 1992.-288 с.
5. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (АқОММ), 13-
қор, 11-тізбе, 239-іс.
6. АқОММ, 13-қор, 13-тізбе, 31-іс.
7. Бугай Н.Ф. Депортация народов Крыма. - Москва:
Инсан, 2002.-240 с.
8. Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана: история
формирования и развития (1897-1989 гг.) - Алматы: Ғылым,
1995. -220 с.
9. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты, 693-
қор, 1-тізбе, 2197-іс.
10. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік
мұрағаты, 1987-қор, 1-тізбе, 17-іс.
11. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты, 708-
қор, 2-тізбе, 1029-іс.
12. АқОММ, 13-қор, 11-тізбе, 239-іс.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

орыс зерттеушілері мен қазақ ағартушыларының еңбектерінде

Айнұр ҚАЛЫБАЕВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университеті тарих және дінтану кафедрасының
аға оқытушысы, тарих ғылымының магистрі

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ дала-
сындағы егіншілік, аграрлық қатынастар және пат-
шалықтың қоныстандыру мәселелері орыс зерттеу-
шілері, чиновниктері және т.б. еңбектерінде көтері-
ліп, мәселені империяның отаршы саясатына сай
қарастырды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы
қазақ даласындағы егіншілік, отырықшылық туралы
Л.Мейер жазды. Еңбекте Орынбор өлкесіндегі қа-
зақтардың арасындағы жер өңдеу, оның тәсілдері
және көлемі жөнінде мәліметтер келтірілген. Ав-
тор қазақ даласындағы егіншілікті қарапайым егін-
шілік және суармалы егіншілік деп екіге бөледі.
«Қарапайым егіншілік негізінен даланың солтүстік
бөлігінде, шепке жақын жерлерде айналысуға бо-
лады. Алайда бұл аймақтарда жаңбыр жаумаған
құрғақшылық болған жылдары, егін шықпай еңбек

далаға кетеді»,— деп жазады [1; 101-б.].

Сонымен бірге қазақ даласындағы егіншілікке
жарамды, өңделген жерлер туралы да мәліметтер
береді. «Қырғыздың (қазақ) мұндай тәсілмен (қа-
рапайым) өңделген жерінің көлемін анықтау қиын.
Шекара комиссиясының есебінде 1855 жылы далада
осы уақытта жер өңдеушілермен шығыс бөлікте
627 отбасы, батыста-2,019 және ортада 4,064
барлығы 6,700 түтін айналысқаны айтылады.
Сонымен бірге, мұнда бидайдың әр түрінен жыл
сайынғы түсім 9,500 десятинадан жарты миллионға
жуық пұт екендігі анықталған. Көрсетілген бір
миллион пұт егіннің үш жүз мыңы тары, осындай
көлемде бидай, қалған бөлігі арпа мен сұлуға тең
бөлінеді»,— дей келе, қазақ даласындағы қарапайым
тәсілмен егін егіп, жер өңдеу туралы ойын былай

түйіндейді: «...бұл жерде егіншілікке талпынысты сәтсіздік деп есептеуге болады. Мұның себебі елді-мекеннің ыңғайсыздығы, мекендеушілердің өздерінің еріншектігі мен бұл іске қырсыздығы. Суарылмайтын егіншілік туралы жалпы қорытындыны көріп отырғанымыздай жарамсыз. Даладағы егіншілік туралы мәліметтердің тұрақсыздығына қарамастан, бұл тез ұлғаяды. Егіншіліктің бұл жерде ұлғаюына басты кедергі жерді иеленудің айқындалмауы. Мұнда заң бойынша жер жеке адамдарға ғана емес, сондай-ақ қоғамға, яғни руларға тиесілі болмауы» [сонда, 102-104-бб.].

XIX ғасырдың аяғына таман Қазақстан территориясына орыс-украин шаруаларының қоныс аударуы ұлғая түсті. Қазақ өлкесіне қоныстанушылардың саны күн өткен сайын ұлғая түсіп, жерді иемдену жергілікті халықтың құқықтарын таптауымен бірге жүргізілді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ өлкесіндегі аграрлық қатынастардың дамуы өлкеде жұмыс жасаған түрлі комиссиялар, статистикалық мекемелер, т.б. жұмыс жасаған орыс чиновниктерінің еңбектерінде көрініс тапты. Бұлар негізінен қазақ даласындағы аграрлық қатынастар мәселесін патшалықтың мүддесі тұрғысында қарады. Бұлардың қатарында А.А.Кауфман, П.П.Румянцев, Ф.Щербина, Г.Гинс, П.Хворостанский, т.б. болды. Сондай-ақ Қазақстандағы аграрлық жағдайды шынайы көрсетіп, патша өкіметінің аграрлық саясатына сыни баға берген, демократиялық концепцияны ұстанған А.Е.Алектров, П.Герн, Т.Седельников, т.б. болды.

Көшпелі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық өміріне қатысты зерттеулерінде П.П.Румянцев қазақ даласын орыс қоныстанушылары арқылы отарлауды қазақтар өміріндегі түбірлі прогрессивті өзгерістермен байланыстыра отырып, қазақтар арасында жер өңдеумен айналысатындар санының ұлғайғандығы туралы былайша негізсіз пікір білдіреді: «Даланы орыс қоныстанушыларымен отарлау және сауданың тез дамуы, темір жол желілерінің салынуы қырғыздардың шаруашылық өміріне түбірлі өзгерістер өкелді. Бір кездері натуралды мал шаруашылықты-көшпелі шаруашылығы біртіндеп жаңа форма-мал шаруашылықты және отырықшы жер өңдеушілікке көшетін тауарлы-ақша формасына айналды. Сонымен бірге капиталистік қатынастар да дамуда, және қырғыз халқы ескі рулық ортақ ештеңесі жоқ және феодалдық-сословиелік болып жаңа экономикалық топтарға бөлінуде» [2; 36-б.].

Г.Гинстің 1913 жылы шыққан қоныстандыру мен отарлау мәселесіне қатысты еңбегінде (2-шығарылым) отарлардағы жер саясаты, отарлаушылар мен жергілікті халықты жермен қамтамасыз ету мәселесі көтеріледі. «Отарлардағы жер саясаты айтарлықтай күрделі және ол мынадай мәселелерге бөлінеді. Біріншіден, жергілікті халықты жермен қалай қамтамасыз ету. Екіншіден, отарлаушыларға жерді қандай негізде бөлу керек? Үшіншіден, отарлаушыларға қандай жерге деген құқық беріледі. Төртіншіден, мемлекеттің құзырында қандай құқық сақталады? Бесіншіден, отарлауға жер айналымының қандай формасы ыңғайлы. Жергілікті халықты жермен қамтамасыз ету күрделі де өткір. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда жер байырғы тұрғындар мен алғашқы отарлаушылар арасындағы қайшылықтың себебі екенін аңғару қиын емес. Сонымен, қарама-қарсы мүдделерді татуластырып және өз жерін сақтаушыларды да оны алушыларды да ренжітпейтіндей етіп жер саясатын жүргізу қажет»,— дей келе, оны шешу үшін отарлаушылар-

дың мүддесі тұрғысында мынадай ұсыныс айтады: «сонымен, жергілікті халықтың жерге деген мүддесін сақтаудың ең жақсы формасы – оларды жерге орналастыру. Ол үшін мынадай екі шараны қолдану қажет. Біріншіден, тұрақты, отырықшы үлес деп аталатын жерге көшпелілерді барынша кеңінен орналастыруды дамыту. Екіншіден, қоныстанушы учаскелер құруда шығындар үшін көшпелілерге сый-ақылар беріп, жаңадан орналасу үшін оларға көмек көрсету керек» [3; 7-15-бб.]. Бұдан байқайтынымыз автор қоныстандыру саясаты барысын жеңілдету, қазақтардың жерін алуда кездесетін кедергілерді, жергілікті халықтың өзіне отырықшы ретінде жер бере отырып жоюды көздеген.

Ахмет Байтұрсыновтың «Айқап» журналының беттерінде жер мәселесі, отырықшылыққа көшу, қала салу жөнінде, сонымен бірге қазақ жерін отарлауға қатысты патша өкіметінің заң-жарлықтарының отаршыл мазмұнын түсіндіріп мақалалар жазып отырды. Ол отырықшылыққа көшу, қала салуды жақтайтындардың пікіріне былайша ақыл қосады: «...Қазірде аяулы жерді алып қалудың қайласы жалғыз-ақ сол жақсы жерге қала салу, бұл қала салу деген сөз қазақтың бөріне айтылған емес, егін салып, күн көрерлік жері бар қазақтарға айтылған сөз, мұны мақұлдамайтын адам аз шығар. Талас болатұғын «сұрап салалық» деген сөз. Сұрап салғанды қолдайтындар да, қолдамайтындар да бар. Әуелі сұрап салу жайын қарастыралық, осы күнде екі түрлі сұрау болып жатыр, біреулер баяғыдан бері қыстау салып отырған жерлерін алып бара жатқан соң мұжықпен қатар жан басына он бес десятинадан жер кесіп беріп, орнымнан қозғама деп сұрап жатыр. Біреулер өзгелердің жерін алып жатқанда біздің жеріміз де аман қалмас деп алдын ойлап, қала салуды сұрап жатыр... Сөз санаулы боларға керек, жоғары айтылған сөздерді қорытып айтайын егінге жайлы жерді алып қаламын дегендер қала салу керек. Қала салуға бел байлағандар сұрап әуре болмасқа керек. Жақсы жерге жиылып қала салсаң, сен неге салып жатырсың дейтұғын ешкім жоқ. Қазақ қалаған жеріне қала болып отырса, мешіт медіресе салса, қаланың маңайындағы егіндік жерлерді өлшетіп планға түсірсе, өлшеген жер артылмастай көп болып, жиылып отырса, қалаңды бұзып, мешіттіңді қиратып, жеріңді ала қоймас, аламын десе, соны ізден. Қала салуға қазақ оміын қойса, баяғы тіленгіш ғадетін істемегенде басы ауырмайтын болса, қала салам деп сұраудың орны жоқ. Қазақтың жерін алғанда жалғыз-ақ артық деп, шығарып алып отыр, қандай өлшеуменен, қалай өлшеп артық дейді, ол бек қараңғы нәрсе» [4; 60-61-бб.].

1-кесте. Қазақтардан алынған жерлер көлемі:

Губерния	Жалпы жер көлемі (мың га есебімен)	Тартып алынған жер (мың га есебімен)	Соның ішінде			Алынған жерлер %ға шаққанда
			Қазақ аскеріне берілгені	Қоныстанушы посел. берілгені	Орманды дачалар мен арнайы бөлінген учас/ер	
Семей	59 969,9	15 272,5	6 779,8	4 995,0	3 497,0	25,6
Ақмола	53 740,3	9 405,0	1 859,1	5 751,3	1 795,6	17,5
Қостанай округі	12 178,6	4 000,5	-	3 412,3	588,2	32,0
Орал	26 405,3	8 228,6	7 066,2	967,5	204,9	31,2
Ағай округі	33 153,4	-	-	-	-	-

Ақ- табе	28 487,2	2 468,7	-	2 419,9	48,8	8,7
Сыр- дария	41 084,7	1 816,5	-	1 816,5	-	4,4
Жетісу	27 384,6	3 793,4	1 108,1	2 432,1	253,2	13,9
Бар- лығы	282 120,7	44 986,2	16 813,2	21 784,6	6 388,4	15,9

Осындай жолмен далалық облыстарды зерттеуге арналған экспедицияның құрылуы патша үкіметінің Қазақстандағы қоныс аудару саясатының жалғасы болды. Экспедицияның негізгі міндеті қазақ халқының жерін тартып алудың «ғылыми» базасын жасау болды, деп жазады зерттеушілер [5; 56-б.].

Дала облыстарындағы аграрлық мәселе мен патша өкіметінің қоныстандыру саясатын патшалық-чиновниктік концепциясы тұрғысында қарастырған авторлардың бірі А.А.Кауфман болды. Автор еңбектерінде қазақ даласына орыс шаруаларын, оның ішінде жаңа жерге бейімделуі оңай ауқатты шаруаларды қоныстандыру қажет екендігін көрсетеді. «Себебі, – дейді автор, – жаппай қоныстандыру қоныстанушыларға да жергілікті тұрғындарға да пайдасы жоқ». Дегенмен, ол қоныстандыру саясатын Ресейдегі аграрлық мәселені шешудің жолы деп есептемей, аграрлық шиеленісті жою үшін жерлерді мемлекет пайдасына алу қажет деп есептейді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ағартушыларының бірі Мұхаммед Салық Бабажанұлы да қазақтың жер мәселесін өзінің назарынан тыс қалдырмады. Мұхаммед Салық Бабажанұлының «Бөкей Ордасы қазақтарының этнографиясы» еңбегінде Ішкі Ордада мекендеген қазақтардың этнографиясы, өмір салты, көші-қоны туралы мәліметтерімен қатар жер мәселесі де қаралған. Еңбектегі «Орал казактарының Ішкі Орда қырғыздарымен дауы» деп аталатын әңгімесінде үлкен және кіші Өзен, Қамыс-Самар көлі, Қамыс-Самар көлінің оңтүстігінде Каспий теңізіне дейін созылып жатқан ұзындығы 180 вест, ені екіден 20 верстке дейінгі жер жөніндегі дау көтеріледі. Автор дауласушы жақтардың бұл жерлерді иемденуге үкіметтің белгілі-бір деңгейде төрелік етпеуін, екі жақтың басымдылықтарының жоқтығын айта келіп, жалғыз өмір сүру көзі көшпелі мал шаруашылығы болған қазақтарға жердің ауадай қажеттігін айтады. «Орданың пайдаланында 5 миллион десятинаға дейін жер бар, ал адам саны 5 мың. Жер қырғыздар үшін мал шаруашылығымен шұғылданғандықтан бастапқы қажеттілік, бірден-бір өмір сүру көзі және өмір сүрудің тірегі; ал мал шаруашылығы жеткілікті жермен қамтамасыз етілмесе аз өнім береді немесе тиімсіз болады. Қырғыздар басқа өнеркәсіп түрін білмейді, ал осы бірден-бір өмір сүру көзін жалғастыру құралынан айыру олардың қырылуына әкеледі. Оның үстіне қазақтарда мал жайылымы үшін жер аз болғандықтан Орда сыртынан ең кем дегенде 150 мың сомға, оның ішінде оралдықтардан 30 мың сом күміске жалдауға мәжбүр. Осының бәрінен қазақтарға өмір сүрудің, материалдық әл-ауқаттың жалғыз көзі мал шаруашылығы құлдырамас үшін жердің қаншалықты қажет екендігін көруге болады, деп қазақтардың мәңгілік көшпелі болып қалуын қаламайтындығын, олардың өнеркәсіптің бір түрін меңгергенге дейін жерін алып, мал шаруашылығын құлдыратудың қажет еместігі жөніндегі ойын былай жеткізеді, -Ордадағы мал шаруашылығын қолдау, оларға жеткілікті деңгейде жер беру туралы айта келіп, қырғыздардың мәңгілік мал шаруашылықты

көшпелі болып қалуын қаламаймыз. Қырғыздардың өнеркәсіп өндірісінің басқа түрлерін үйренетін уақыты келді және сол кезде мал шаруашылығы ешқандай сыртқы шектеусіз өз бетімен заманға сай өнеркәсіпке жол береді. Ал қазақтардың басқа өнеркәсіптің түрін меңгергенге дейін, олардың мал шаруашылығын қысқарту-орасан зор тері салдарға әкеліп соқтырады» [6; 121-122-бб.].

Сонымен XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасыр басындағы қазақ өлкесіндегі аграрлық мәселе аталмыш кезеңде кеңінен көтерілді. Аталмыш мәселеге қатысты арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстары болмаса да, патшалық-чиновник тарихнама өкілдері мен қазақ зиялылары бұл тақырыпты барынша талдап, қоғамдық пікірді қалыптастырды. Патшалық-чиновниктік тарихнама өкілдері Г.Гинс, А.Алектров және т.б. патшалықтың қоныстандыру, аграрлық саясатының отаршыл мәнін елеп-ескермеді.

Патшалықтың отаршыл жер саясаты XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының өткір талқылауына түсті. Патша өкіметінің аграрлық саясатына қатысты қазақ зиялыларының пікірі екіге жарылғаны белгілі. Бірі патшалықтың ұсынған отырықшы жер нормасын құп көрсе, бірі көшпелі норманы жақтады. Бұл ретте Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов бастаған топтар отырықшы норманың отаршыл мазмұнына қарсы шықты. Ғасыр басындағы патшалықтың аграрлық саясаты «Қазақ», «Айқап» секілді мерзімді басылымдарда қызу талқыға түсті. Осы арқылы патшалықтың отаршыл жер саясаты сыналды.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются взгляды исследователей на земельные вопросы в Казахстане во второй половине XIX века – начале XX века. Колониальная земельная политика царского правительства была резко раскритикована казахской интеллигенцией в начале двадцатого века. Известно, что мнение казахстанской интеллигенции об аграрной политике царского правительства разделилось. Один предпочитал оседлую земельную норму, предложенную царским правлением, а другой – кочевую норму. В то же время группы во главе с А.Бөкейхановым и А.Байтұрсыновым выступили против колониального содержания сидячей нормы. Царская аграрная политика на рубеже веков горячо обсуждалась в таких изданиях, как «Казах» и «Айқап».

Keywords: Kazakh, agriculture, expedition, kingdom, land issue, researcher.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Л.Мейер. Казахская степь Оренбургского ведомства. Астана: Алтын кітап, 2007. -193 с.
- 2.Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящим. СПб, 1910.
- 3.Гинс Г. Переселение и колонизация. Выпуск 2. Земельная политика в колониях. СПб, 1913 -65 с.
- 4.«Айқап». Құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. Ал.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. -560 б.
- 5.Амрина М.С. Ф.Щербина экспедициясының құрылуы және ұйымдастырушылық-әдістемелік принциптері. //ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, №4, 2006. -51-57 бб.
- 6.Бабаджанов М.С. Этнография казахов Букеевской Орды. –Астана: Алтын кітап, 2007.-221 с.
- 7.Әбенов Д.Қ. Орынбор әкімшілігінің қоныстанушыларды экономикалық жағынан нығайту бағытындағы саясаты. // КСРО аймағындағы түрік-мұсылман халықтарын заман талабына бейімдеудің тарихи тәжірибелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Ақтөбе: Принт-А, 2008. 116-120-бб.

ЭЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ХАҚЫНДА

(Әлихан Бөкейханов шығармалары бойынша)

Өтеген ИСЕНОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік университетінің профессоры

Патша үкіметінің билігі тұсында 1896 жылы үкімет орындарының шешімімен Ақмола, Семей және Торғай облыстарындағы жер жағдайын зерттегені мәлім. Осы мақсатта қазақ даласына орыс шаруаларының пәрменді түрде қоныс аударуына қажет ғылыми негіз жасап беруге тиіс болған Ф.А.Щербина бастаған экспедиция (1896-1903 жылдары далалық өлкені зерттеу үшін арнайы шығарылған) ұйымдастырылды. Мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханов осы экспедицияға қатысты. Оның ойы бойынша, бұл жұмыс сол тарихи кезеңде қазақ жұрты үшін ең зәру мәселеге айналған жер қатынастарын тереңірек түсініп, белгілі бір тұжырымдарға келуге жағдай жасауға тиіс еді [1, 10-б.]. Экспедицияға қатысушы адамдарға белгілі бір талаптар алдын-ала қойылды. Олардың ең маңыздысы: қазақ шаруаларын «артық» жерлерден босатып, орыс қоныстанушылар мен шаруаларына жерді дайындап беру болды.

1910 жылы жарыққа шыққан «Киргизы» атаулы тарихи очеркінде Әлихан туған халқының халін былай деп сипаттады: «... 1907 жылы қазақ даласына қоныстанушыларға 810 мың десятина немесе жан басына есептегенде 54 мың адамға жер кесіп берілген. Оның ішінде бір ғана Ақмола облысынан 36 мың жанға немесе 510 мың десятина жер үлесі кесіп берілген. Әкімшілік жер аударулармен қазақтардың жерге мұқтаждығы «билікке қарсылығына» әкелген» [2, 47-б.]. Әлихан Бөкейхан 1907 жылы қазақ халқының қандай және қалай Ресей патшалығынан зардап шеккенін, не себепті халық ызаланып, кейінгі жылдарда болған бүлікке барғаны туралы нақты, қысқа жазған. Қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген қырынан көрді және орталық биліктің таяу жылдары іске асыруға даярлық жасап жатқанын байқады, өз еңбектері арқылы мұндай өзгерістерді болдырмауға тырысты.

Бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін орыстың егіншісі қазақ-қырғыздың жерінен таңдап 25 миллион десятина жер алған. 1913 жылы жалғыз Жетісудан егінші орыс 4 миллион десятина жер алған. Бақ та, жоңышқа да, өзен де, тоған да, жайлау да осы алған жердің ішінде кеткен. Келімсек орысты қазақ-қырғыздың мойнына артып берген. Алаштың баласы иттей өліп, шөлде қалған. Жерім кетті деп арыз қылса, дала уалаятының жанаралы Шмит «сен иттерді шөлге қуам!» [3, 85-б.] деген. Өз жерінде төресіне құлақ-кесті құл егінші орыс біздің жерге келіп, жер иеленіп, орыстар төреге, өз өкіметіне сүйеніп,

қазақ-қырғызға кешегі құл би болған. Келімсек орыс байып өрге өрлеген кезде, қазақ-қырғыз күдерін үзген болатын. Ал қазақ-қырғыз қу болыстары, елдің жерін келімсек орысқа пайда қылу мақсатымен жалдаған еді. Елді сатқан қулар патша өкіметімен және келімсек орыспен қазақ-қырғызға соққы жасады.

«Қазақ» газетінің ұйымдастыру және оны жалпы ұлттық деңгейге көтерудегі Ә.Бөкейхановтың атқарған еңбегі аса зор [4]. «Қазақ» газеті бетінде Ә.Бөкейхановтың қалам тартқан негізгі тақырыбы, әрине, жер мәселесі болды. Оның мақалаларымен таныса отырып, Ә.Бөкейхановтың қайсыбір зерттеушілер көрсеткендей, жер мәселесінде тар ұлтшыл, ескі феодалдық тәртіпті жақтаушы болмағандығына көз жеткізу тіптен де қиын емес. Ол біріншіден, жер үлесін алдымен патшалық билік тұсында үлестен тыс қалып келген жергілікті халық алуға тиіс деп санады; екіншіден, жерді меншік есебінде үлестіріп беруге қарсы шығып, ондай жағдайда егіншілік мәдениетін толық игермеген қазақ шаруасы үлесін «көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сытылып, жалаңаш шыға келеді», сондықтан да жер қауымға кесіліп, «жерді бірге алған ру, ауыл, болыс өз ішінде өздері тәртіп жасап, әділдікпен пайдаланғанын жақтады. Үшіншіден, жер үлесі шаруаға жердің топырағына, жергілікті табиғатына байлаулы» болғандығын қалады. Бұл айтылған ойлардың қайсыбірінің қайшылықты, көрінуі ықтимал, бірақ олардың нақты тарихи тәжірибеден туындағандығын жоққа шығару қиын» [1, 23-б.]. Ә.Бөкейханов қазақ шаруасының өлеуметтік жағдайымен жақсы таныс болған. «Баймын, мықтымын деп атқа мінген жақсылар пішен шабатын жерге, егін жайға, жаз қонысқа, қыс тебінге зорлық қылады. Кемшілікте жүрген бишара сорлы жұрт бұл жақсылардың тепкісінде қор болғанша, орыс беретін он бес десятина болса да ие болалық деп мұжық боламын деп сұрап отыр», деп жазған болатын. «1911 жылы кестіріп алған жері Барнауыл оязында, Том губернесінде. Бұларға жер кесіп берген төрелер өткен февралде көршілес мұжық старшыны арқылы мәлім қылған: «Жер қазақтікі деген акт қағазды (землеотводная запись) қазаққа береміз, бірақ әуелі мынау қастарыңдағы көрші мұжық болыстарына бөлек-бөлек болып жазылыңдар, егер жазылмасаңдар, сендерге жер тимейді, Семей облысына көшіреміз» деген. Қазақтар бұрынғыдай Семей облысында тұрып жер (надел) алмақ» [5, 414-б.]. Қазақ халқы шыққан заңға бағынбай адасып, арам тер болып отырды.

Осы жағдайдан шығу үшін бірақ жол болды, ол: Том губерниясы Барнауыл оязында қазақ болыс болуы керек еді. Бұл суға арба салғанмен бірдей, мұнан түк пайда шықпайды, босқа арам тер болғаннан басқа деп өздеріне шешім шығарады.

Декабрьде Петербор жерінде Тобыл, Том, Үр-күт губерне-облыстарына земство береміз бе деген кеңес құрылған еді. Осы болатын Госдума (мемлекеттік дума) жиналысына Тобыл мен Томға земство шығыратын закон жобасын кіргізбек болды. Үшінші, Госдумаға Сібір депутаттары закон жобасын кіргізіп, Тобыл мен Томға земство болсын деп. Ішкі министр мекемесіндегі кісілер бәрі қолдаған болатын. Бірақ, «Депутаттардың закон жобасының жолы мынау еді: гласныйлар-өкілдер земство пайдасына төлеп отырған земский сбор атты алымға шарт болмақ еді. Мысалы, мұжық земский сбордың жүзден тоқсанын тартса, гласныйдың да әрбір жүзден тоқсаны мұжық сайлаған болмақ еді. Депутаттардың жобасының бұл әділ жолын мына жоғарыда жазылған кеңес мақұл көрмейді. Гласный-өкіл саны земский сбор шамасына қарай бірде көп, бірде аз болмақ. Мұнысы «3-інші июнь» атты заңның шыққаны» [6, 233-б.]. Тобыл және Том губернесіндегі мұжықтан басқа халық, заң бойынша шаруасы мұжық шаруасымен бірдей болғандығы рас болып шықса, осы земствоға кірген қазақ, қыпшақ, басентиін жақсы кісісін гласный – өкіл сайлап, таласып, жарысып, өнерін көрсетіп, өзге қалған қазақтың земство алуына көтермелі болу керек.

Ақпан революциясынан кейін барлық қазақ облыстарында ұлттық интеллигенцияның ұйымдастыруымен съездер өткізіле бастады. «Жер мәселесі, мемлекеттік құрылыс, халыққа білім беру жүйесі сияқты кезек күттірмейтін мәселелерді қараған бұл съездердің жалпы демократиялық сипатын айта келіп, сонымен бірге олардың ел өмірінде үлкен тарихи кезең болғандығын, терең революциялық құлшыныс туғызғандығын айтпай өту мүмкін емес. Бұл жиындарға қатынасқан өкілдер өз сөздері мен ұсыныстарында халықтың ескі тәртіпке шексіз наразылығын білдіріп, қазақ елінің өзін-өзі басқару құқын қанағандандыруды талап етті. Тарихшы А.Бочагов 1927 жылы жарық көрген еңбегінде: «Бұл съездер халықтың ескі патшалық тәртіпке қарсы жылдар бойы жиылған кегінің көрінісі болды және сонымен бірге халықтың өзін өзі басқару, ұлттық өкімет құру, отарлау саясатының тоқталуы, ұлттық мектеп, сот, милиция, ұйымдастыру және басқа да үміттерінің көрінісі болды» [1, 31-32б.], – деп жазған. Мысал келтірейік, «Жер мәселесі» деген тарауда «бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайту» деген сөйлем, Мартыненко аудармасында: «Все ранее отобранные у киргиз переселенцами земли должны быть возвращены обратно», деп ашық етіп айтты.

«Учредительное собрание» негізгі закон (Ата Заң немесе Конституция) жасағанда, жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін сыбағасын жергілікті комитеттер кесуі; сыбаға өлшеу - норма - жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу; сыбағадан артылған жер земство қолында болу; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілуі, Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілуі; жерді

қазақ үй басына иеленбей, ауыл аймақ, туысқан тобына меншіктеп алу; өзара әділдік жолымен пайдалану» [7, 45-б.]. Осымен қоса жоба жасаушылар, жер туралы заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, ал билік земство қолында. Аса зор ағаштар, көлдер мемлекеттікі болып, аз ағаш барлық көл байлықтары земство мүлкіне саналу туралы жазған.

Қорыта келе айтпағымыз, бірінішіден, Әлихан Бөкейхан қатынасқан 1896-1903 жж. Ф.Щербина басқарған зерттеу экспедициясының нәтижесінде 13 томнан тұратын – Қазақтардың жерді пайдаланудың жағдайларының жазбаша материалдарының жинағы жарияланды. Әлихан Бөкейханұлының шығармалары ұлтына қалдырған баға жетпес құнды рухани қазына. Екіншіден, ол бірінші кезекке әлеуметтік-таптық емес, жалпы ұлттық, демократиялық мәселелерді қойған. Қазақ жерін алушылар қазақ жұртына талай қисынсыз қиянат жасаған. Қазақты қорасынан, пішенінен, егінінен, суатынан көшірген. Жер туралы көрген зорлық көп болды. Үшіншіден, Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханұлы Ахмет Байтұрсынұлы, т.б. көтерген жер мәселесі күні бүгінге дейін өмірлік маңызын жойған жоқ [8, 41-б.]. Жер мәселесі қай заманда да негізгі өмір мәселесінің ең зоры болған және бола береді.

РЕЗЮМЕ

В статье автор изучает работу казахского общественного деятеля А.Букейханова в составе статистической экспедиции Щербины 1896-1903 гг., которая работала на территории Российской империи. Автор исследует все работы А.Букейханова посвященные земельному вопросу царской политики на территории Казахстана, связанный с выделением плодородных земель для переселенцев.

In the article, the author studies the work of the Kazakh public figure A. Bukeikhanov as part of the Shcherbina statistical expedition of 1896-1903, which worked on the territory of the Russian Empire. The author explores all the works of A. Bukeikhanov on the land issue of royal politics in Kazakhstan, associated with the allocation of fertile land for immigrants.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
2. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1886-1937). Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Т 1. - Астана: Сарыарқа БҰ, 2009. – 564 б.
3. Әлихан Бөкейханов. Таңдамалы. / Бас.ред. Р.Нурғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
4. Өтеген Исенов. Қазақ газеті: ұлт мүддесі. // Қазақ тарихы. – 2019. №3 - 22-23 б.
5. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1886-1937). Шығармалар. 7 томдық толық жинағы. Т 3. – Астана: Сарыарқа БҰ, 2009. – 556 б.
6. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1886-1937). Шығармалар. 7 томдық толық жинағы. Т 5. – Астана: Сарыарқа БҰ, 2009. – 560 б.
7. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1886-1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. /Құраст.: Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлы. Т 7. – Астана: Сарыарқа, 2013. – 520 б.
8. Өтеген Исенов. Жер мәселесі және Ахмет Байтұрсынұлы (Мұрағат деректері бойынша). // Қазақ тарихы. – 2019. №7 (174) - 39-41-б.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ: оқу-ағарту саласында атқарған қызметі (XX ғасырдың басы)

Назира ДҮЙСЕМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің 2-курс доктранты

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері қазақ тарихын зерттеуге жаңаша көзқарастар мен ой-пікірлер қалыптасты. Соның ішінде кеңестік Қазақстан тарихын зерттеу мен зерделеуде көптеген тарих беттері ашыла бастады. Отандық тарихымызды бұрынғы кеңестік түсініктерден тазартып, оны қайта зерделең, жаңаша талдау жүргізіліп келеді. Әсіресе, соның ішінде ерекше орын алатын қазақ зиялыларының, яғни Алаш қайраткерлерінің жүргізген еңбектері қайта қаралды. Бұл мәселені XX ғасырдың 80-жылдарының соңында алғаш рет белгілі тарихшы ғалымдар К.Нұрпейісов, М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Ө.Төкеновтер ұлт зиялылары 1916 жылғы патша жарлығына дейін патша үкіметінің отарлауына қарсы тұрғандығы және олардың оқу-ағарту саласында атқарған қызметтерін атап өтеді [1].

Патшалық Ресей қазақ халқының жері мен қазба-байлығына иелік етіп қана қоймай, жайлап тілінен, дінінен, ділінен айыра бастады. Оны түсінген ұлт зиялылары ең бастысы халықтың сана-сезімі мен ұлттық мәдениетін көтере отырып, бостандыққа жетуге болатынын түсінді. Сондықтан да зиялы қауым ел ішінде білім кешендерін тарату, яғни оқу-ағарту саласына ерекше мән беріп, сол салада көптеген жұмыстар атқарды. Қазақ ойшылдары ғылым-білім арқылы өз халқының көзін ашып, санасы мен көңілін оятып, өздерін-өздеріне танытып, ескіліктен, езгіден арылтпақ болды. Қазақ ағартушыларына қоғамдық прогресс жолындағы күресті француз немесе орыс ағартушылары сияқты феодализмнің немесе крепостнойлық тәртіптің ыдырауы жағдайында емес, үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі қауымдық қатынас үстемдігі кезеңінде жүргізуге тура келді. Осыған байланысты олардың көзқарастарында қоғамдық прогресс идеялары түрікшілдік идеясымен қатар Ресейлік білімнің жетістіктерімен, озық ойлармен астасып жатты.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында патшалық Ресейдің халыққа білім беру ісі мен мектеп жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктері Қазақстандағы халыққа білім беру ісі мен бүкіл ағарту жүйесіне едәуір өз ықпалын жасады. Оның Қазақстандағы ерекшелігі халықтың ұлттық бағыттағы сипатта жүргізілді. Патшалық Ресейдің ұлттық мектептер туралы 1870 жылы қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарға білім беру жөніндегі шаралар туралы» заң ұлттық мектептердегі және ұлттық шет аймақтардағы бүкіл ағарту жүйесін:

1) *Әлі аз орыстанғандар үшін*

2) *Орыстары көп жерде тұратындар үшін*

3) *Жеткілікті дәрежеде орыстанғандар үшін деп 3 санатқа бөлді. Бірінші санат бойынша мектептер салынып, онда білім орыс әліпбиімен ана тілінде жүргізілді. Екінші, орыстар көп қоныстанған жерлердегі мектептерде сабақ тек орыс тілінде болды, онда орыс балаларымен қатар «бұратаналардың» балаларын да оқытты. Бұл мектептерде ана тілі тек сабақты түсіндіру барысында ғана қолданылды. Үшінші санаттағы мектептерде оқыту барысы тек орыс тілінде жүргізілді. Сөйтіп патшалық Ресей қазақ жерінде*

орыстандыру саясатын оқу-ағарту саласында да іс-жүзіне асырып отырды.

Қазақтарды орыстандыруға бағытталған патшалық саясаттың зор қысымына қарамастан, еліміздегі халыққа білім беру ісінің жағымды жақтары да болды. Ол жүргізіліп отырған ресми саясатқа қарамастан, қазақтар еуропалық мәдениетпен, еуропалық өркениеттің жетістіктерімен танысты. Қазақ зиялылары орыс зиялыларының ортасынан көп нәрсені қабылдады, олар тіпті негізінен орыс топырағында еуропалық негізде білім алды. Сонымен бірге олардың арасында шетелде оқығандары да болды.

Сол тұстағы алдыңғы қатарлы ұлт зиялы қауым өкілдері қазақ елін отарлық езгіден құтқаруда, басты принцип ретінде оқу, білім және ғылым мәселелін көтеруде әрдайым көш бастаушы болды. Ұлт зиялыларының алға қойған басты мақсаттарының бірі халыққа білім беруде, оқу-ағарту және ғылым мәселесі еді. XX ғасыр басында «Қазақ» газетімен қатарлас «Айқап» журналы да Алаш қайраткерлерінің ғылыми-ағартушылық бағытындағы еңбектерін жарыққа шығарып отырды. «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың «Алаш азаматтарына» деген мақаласында: *«халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі: баспасөз, яғни газет-журнал, кітап екендігі шексіз»*, – деп көрсетуінің астарында үлкен мән жатыр [2].

Алаш зиялылары халық ағарту саласында алдымен бастауыш мектептер ашып, олар қандай болу керектігі жөнінде «Қазақ» газетінде өз мақалаларын жариялады. А.Байтұрсынов бұл туралы: *«Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз...»* деп сол кездегі оқу-ағарту ісінің жағдайына тоқталып, оқу құралы да, оны оқытатын мамандардың тапшылығын атап өтеді. Ал оқыту бағдарламасы бойынша Ахмет Байтұрсынов *«...мектептің түрі біздің ойымызша мынау: бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін бес жылдық боларға тиіс. Әуелі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек... қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаратылыс жайлы... орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназияның яки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болуға тиіс»*, – деп балаларды әрі қарай орта білім алуына бағыттап атап өтеді. Халыққа ағартушылық қызметтің үш негізгі қажеттілігін атап айтады. Ол: білімді мұғалім, оқыту құралдары және оқыту бағдарламасы. Енді осы бағытты дамыту жолында ұлт зиялыларын оқулықтар дайындауға шақырып, ғылыми-ағартушылық қызметін жүргізді [3].

Мұхамеджан Сералин 1910 жылдың аяғында ұзақ уақыт еңбектенудің нәтижесінде «Айқап» журналын шығаруға рұқсат алды. «Айқап» журналы оқу-ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. М.Сералин мен айқаптықтардың сіңірген еңбегі мынада: жәдідшілдіктен, ағартушылықтан алға кетті, өз идеяларында қазақ шаруаларының, еңбекші бұқараның бытырыңқы және стихиялы арман-тілектері мен ойларын көрсете білген

революцияшыл демократтар деңгейіне дейін көтерілді. Қазақ ағартушылары жас буынының жарқын өкілі болған М.Сералин ағартушылықтан отаршылдық жүйені қирату, қазақ ұлттық мемлекеттігін, ұлттық білім беру жүйесін құру идеясына көшті.

1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті апталық басылым болып шықты. Оның негізін салушылар А.Байтұрсынов, Ө.Бөкейханов, М.Дулатов. «Қазақ» газеті өз беттерінде халық ағарту және кітап шығару мәселелеріне баса көңіл бөлді. Ұлт зиялылары «Қазақ» газеті беттерінде қазақ балаларын оқытудың әдістемелері жайлы өз ойларын жариялап отырды. А.Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап көрсетті. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту проблемалары туралы ой-пікірлерін баяндай келіп, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді, «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп санайды. Сонымен бірге ол орысша сауаттылықты да үйрену қажет екенін атап етеді. А.Байтұрсынов қазақ балаларын қазақ және орыс мектептерінде оқыту мәселелерін айта отырып, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақша оқытуды талап етеді. Ол «...*бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс*» деп есептейді [4].

Ұлт зиялылары «Қазақ» газетінде қоғамның саяси жүйесі мәселесімен қатар қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятты. Алаш қайраткерлері XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсаринның, А.Құнанбаевтың ағартушылық қызметтерінің дәстүрлерін жалғастыра отырып баспасөз беттерінде рухани бағыттағы идеяларын ағартушылық қызметтерімен де байланыстырды. Мәселен, А.Байтұрсынов «...*өз дербестігімізді сақтап қалу үшін біз оқу-ағартуға және жалпы мәдениетке барлық күш-жігеріміз бен амал-айламызды салып ұмтылуымыз қажет*», – деп өз пікірін білдірді [5]. А. Байтұрсынов XX ғасырдың басындағы қазақ ғылымының ғана емес, түркі ғылымында жаңашылдық негіздегі жазылған оқулықтар: «Жаңа әліпби», «Оқу құралы», «Тіл құралы» атты еңбектердің авторы.

XX ғасыр басындағы баспасөз органдары қазақ зиялылары қызметінің рухани бағытының дамуы мен таралуына көмектесті. Мәселен: «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда орасан зор роль атқарды және олардың ағартушылық бағыттағы идеялары мен көзқарастары XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық өмірінде

елеулі орын алғандығы туралы тәуелсіз Қазақстанның отандық зерттеушілері де айқындап берді [6].

XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ елінде оқу-ағарту саласының қалыптасуына зор үлес қосқан зиялы қауым өкілдері ғылым мен білімнің іргетасын қалады. Олар қазақ халқының тарихи-мәдени өмірінде өзіндік із қалдырған, республикада халық ағарту ісін қалыптастыруға атсалысқан, кеңестік заңсыздықтың құрбаны болды. Көп жылдар бойы есімдері ескерілмей келген халқымыздың адал перзенттері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлов, т.б. ғылыми-ағартушылық мұрасының бүгінгі таңда ғылыми мәні орасан зор. Олардың шығармашылық мұралары тек тәуелсіздік алғаннан кейін халқымызға қайтарылып, осы бағытта еңбектер жазылып, кітаптар жарық көре бастады. Өйткені олардың барлығы өз жолын таңдап, адамзаттың дамуына септігін тигізген өз дәуірінің өкілі ретінде қазақ үшін аса қажетті болған тұлғалар.

Қорыта айтқанда оқу мен білімге, жалпы ағарту саласына үлес қосып келген XX ғасырдың басындағы қазақ зиялы қауым өкілдерінің алдына қойған міндеті – қазақ халқын ұлт ретінде көтеру, өз елін өзі басқаратын мемлекет ету. Алаш зиялылары оқу-ағарту саласында мектеп, оқу-әдістемелік құралдар туралы зерттеу әдістерін жазып, бірін-бірі толықтырып отырған. С.Торайғыровтың өлең жолдарындағы «*Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды*» армандаған алаш қайраткерлері өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу бір туар тұлғалары еді. Олардың бар өмірі ұлтты сүюдің, ел мүддесіне қалтықсыз қызмет етудің нағыз үлгісі болады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается просветительская работа и деятельность национальной интеллигенции в этой области начала XX века.

This article examines the educational work and activities of the national intelligentsia of the early XX century.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда.-Алматы: Ататек, 1995.-18-б.
2. «Қазақ». Алматы, 1998. – 78-б.
3. «Қазақ» //А.Байтұрсынов. Бастауыш мектеп., Алматы, 1998. – 100-101-бб..
4. Байтұрсынов А. Қазақша оқу жайынан // Қазақ, 1913, №14.
5. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. А., 1993, 141-б.
6. Пірманов Ә., Қапаева А. Қазақ интеллигенциясы. Алматы, 1997. 107-108-бб.

ӨӘЖ: 93/94(574)

СӘДУАҚАС БОҚАЕВ –

қазақтың алғашқы математик-ғалымы

Асан ЖӘЛЕЛОВ (Джалилов),
Алма БАЙЖАНОВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті, Шымкент

Халқымыздың әлем қауымдастығынан егемен ел ретінде өз орнын алып, тәуелсіздік туын тіккен өзгерістерге толы кезеңінде еліміздің өткен тарихына деген көзқарас та жаңа сипатқа ие болып, сол

уақытқа дейін ақиқаты айтылмай, бұрмаланған тарихи құбылыстар қайта зерделеніп, объективті баға беріле бастағаны мәлім. Халқымыздың тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған игі шаралар

Қазақ тарихы

№7 (184), шілде, 2020

жүзеге асырылып төл тарихымызда өзіндік терең із қалдырған қайраткерлердің ғұмырнамасы зерттеліп ғылыми айналымға енгізілді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «*Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігермен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ...*» [1], – деп жазды. Елбасының осы маңызды тұжырымы тарихымызды жаңаша тарихи тұрғыда зерттеуді және қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына қосуды басты мақсат еткен қазақ зиялыларының қызметтеріне шынайы баға беруді күн тәртібіне қойды.

Қазақстанда ХХ ғ. 20-30-жылдары математика ғылымының дамуына өз еңбектерімен және зерттеулерімен елеулі үлес қосқан ғалымдардың алдыңғы буыны қалыптасты. Олар математика ғылымы бойынша іргелі зерттеулер жүргізіп, елімізде ғылым саласының өркендеуіне бар күш-жігерін жұмсады. Осы кезеңдегі қазақ зиялыларының биік шоқтығы қатарында көрнекті ғалым-математик, республикада математика ғылымының өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан Сәдуақас Боқаевтың да есімі ерекше орын алатындығы сөзсіз.

Сәдуақас Хасенұлы Боқаев 1907 жылы 13 наурызда Семей облысы Абай ауданында дүниеге келді. Оның балалық шағы Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезовтер туып өскен Сарыарқа өңірінің Шыңғыстау баурайында өтті. Сәдуақас Хасенұлының білімге құштарлығын ашумен қатар дарынды оқушыны тани білген математика ғылымының шыңына жетуге мүмкіндік жасаған алғашқы ұстазы өткен ғасырдың басындағы қазақ ағарту ісі мен ұлттық әдебиеттің алғашқы қайраткерлерінің бірі Тайыр Жомартбаев болды. Шәкіртінің жаратылыстануға деген ерекше қабілетін байқаған тәжірибелі педагог оның оқуына дұрыс бағыт-бағдар берумен қатар Семей мен Зайсанда және Орынбор халық ағарту институтында білім алуына ықпал етті. Сондай-ақ С.Боқаевтың 1928 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде оқуын жалғастыруына және математик ретінде қалыптасуына профессор К.А.Тороповтың еңбегін де атаған жөн.

ХХ ғ. басында Мәскеу математика мектебінің әлемдік деңгейде танылуы Д.Ф. Егоровтың және оның шәкірттері Н.Н.Лузин, И.И.Привалов, В.В.Степанов есімдерімен байланысты болды. Мәскеу мемлекеттік университетінің механика факультетінде оқуын жалғастырған С.Боқаев Н.В.Жуковский, С.А.Чаплыгин сияқты қызмет еткен көрнекті ғалымдармен қатар П.С.Урысон, П.С.Александров, Н.Н.Лузин, В.В.Степанов сияқты белгілі математиктерден білім алу мүмкіндігіне ие болды. ХХ ғ. 30-жылдары басында аталған білім ордасында М.Сәтбаев, А.Закарин, Ө.Жұмабаев, К.Игенов, С.Аяпбергенов, Т.Дарқанбаев, С.Ибрашева, А.Шәріпханов, Ө.Қанапин сияқты қазақ жастары да білім алды. Кейіннен олардың бірқатары Қазақстанда білім беру саласы мен ғылымның қалыптасуы мен дамуында үлкен роль атқарды.

С.Х.Боқаев еңбек жолын 1932 ж. маусымында Қазақ педагогика институтының математика кафедрасында ассистент ретінде бастайды. 1934 ж. қаңтарында ҚазПИ-дің жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. Кафедра жетекшісі ретінде С.Боқаев оқытудың сапасын арттыруға, нақты ғылымдарды оқытудың озық әдістерін енгізуде өз тәжірибесі мен біліміне сүйенді. Нәтижесінде аталған кафедра республикада жоғары математикалық пәндерді оқытудың инновациялық деңгейіне көтеріліп елеулі жетістіктерге жетті.

Өйткені, білікті маман математикалық білім беру ісін дамытудың негізгі факторы – КСРО-дағы жетекші оқу орындарының іс-тәжірибелеріне назар аудару қажеттігін түсінді. Әсіресе, Мәскеу мемлекеттік университетінде математиканы оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен қатар өз институтының оқыту тәжірибесіне де енгізуге күш салды. Осы мақсатта Мәскеу қаласындағы бірқатар жетекші жоғарғы оқу орындары кафедраларының озық іс-тәжірибелерімен алмасып тығыз байланыс орнатылды, ал 1933 ж. математиктердің Бүкілресейлік конференциясына қатысты. Республикада педагогикалық білім берудің зор маңыздылығын түсініп, жоғарғы оқу орындарында дәріс беретін оқытушылардың ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында аспирантура арқылы ғылыми бағытта зерттеуші-ғалымдарды даярлауды жүзеге асыруға ат салысты. Нәтижесінде Әубәкіров, Жәутіков, Әмірбаев сынды дарынды шәкірттерін математика ғылымына баулады.

Математик-ғалым қазақ тілінде бірыңғай математика терминдерін жүйеге түсіру мақсатында орыс тіліндегі математика оқулықтары қазақ тіліне аударып, математикалық ұғымдарға сәйкестендірді. 1934 ж. институттың ғылыми-зерттеу бағытында жалпы пәндер бойынша терминологияны бір жүйеге келтіру үшін Терминология комиссиясы құрылды, оның құрамына С.Х.Боқаев, Ө.Ә.Ермеков, М.М.Мәскеевтер сияқты ғалымдар енді. Комиссия қабылдаған терминдер Мемлекеттік терминология комиссиясының бекітуіне ұсынылды. Алайда, бекіткенге дейін институт кафедраларына пәндер бойынша терминдерді ғылыми айналымға енгізуге рұқсат етілуі комиссия мүшелерінің жоғары кәсіби деңгейін байқатады. С.Х.Боқаевтың қазақ тіліне аударған оқу құралдары мен оқулықтары, жасаған ғылыми талдауы ғалымның қазақ тілінде математикалық терминдерді жасаудағы қомақты үлесін көрсетсе керек. Зерттеуші Б.М.Қосанов С.Х.Боқаевтың математика ғылымындағы оқу-әдістемелік бағытында дайындалған оқу құралдарында енгізген терминдерін 4 топқа бөліп қарастырады. Қазіргі күнге дейін қазақ тіліндегі алгебра оқулықтарындағы терминдердің мәселен, Н.А.Шапошников пен Н.К.Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» атты оқу құралын қазақ тіліне аударған кездегі автордың енгізген терминдері: «дәреже» – «степень», «дәреже негізі» – «основание степени», «теңдеу» – «уравнение», «теңдеулер жүйесі» – «система уравнений» және т.б. өзгеріссіз ғылыми айналымда қолданылуын, аударылмайтын халықаралық терминдерді қазақ тіліне аударуға қадам жасауы, автордың қазақ тілінің ғылыми тіліне сәйкестенуі үшін аса назар аударғандығын атап көрсетеді.

1934 ж. қыркүйекте Сәдуақас Хасенұлы ҚазПИ-дің физика-математика факультетінің деканы болып тағайындалды. Факультет деканы ретінде ол оқу жұмысының жоғарғы оқу орнының талаптарына сәйкес жүргізуге, материалдық-техникалық базасының қалыптасуына, математика мен физиканы оқытудың жаңа әдістерін енгізуге, студенттердің пәндерді толық меңгеруіне ерекше көңіл бөлді. Студент-жастардың интеллектуалды дамуына, логикалық және алгоритмдік ойлау негізінде математикалық қабілеттерін қалыптастыруды мақсат етті. Нәтижесінде «Еркін жинақталатын қатардың қосындысы болып табылатын функцияның құрылымдық қасиеттері», «Арнайы функциялар және олардың жалпы жағдайлардағы ерекше нүктелері», «Жалпы түрдегі кейбір анықталмаған интегралдарды интегралдаудың кейбір тәсілдері», «Конформдық бейнелеулер және олардың механика саласында

қолданылуы» атты еңбектері дайындалды. С.Х.Боқаев басшылық еткен жылдары аталған факультет елімізде математикалық білім беру ісінің дамуына үлес қосудан қатар республика көлемінде педагогикалық мамандарды дайындайтын алғашқы білім ордасының бірі болды. 1934 ж. қазанда институт әкімшілігі ғылыми-зерттеу бағыты бойынша мамандарын РКФСР ХАК-на математика мамандығынан С.Х.Боқаевты да Мәскеу мемлекеттік университетінде кандидаттық диссертация қорғау үшін ұсынды. XX ғ. 30-жылдары ММУ-дың механика-математика факультеті осы сала бойынша мамандар дайындауда және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде әлемдік деңгейдегі алдыңғы қатарлы орталықтардың бірі еді. Бұл ғылым ордасында математика саласында әлемге әйгілі Н.Е.Жуковский, Д.Ф.Егоров, Н.Н.Лузин, А.Я.Хинчин, И.И.Привалов, П.С.Александров, И.Г.Петровский сияқты ғалымдар қызмет ететін. Ізденуші-ғалым С.Х.Боқаев та осы ортада «дифференциалдық теңдеулер» мамандығы бойынша аспиранттардың оқу бағдарламасына сәйкес зерттеулер жүргізу нәтижесінде 1935 ж. ММУ-нің математика және механика ғылыми-зерттеу институтында математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған кандидаттық диссертациясын табысты қорғады. Оған математика ғылымдарының кандидаты және доцент ғылыми атағы берілді. 1932-1935-жылдары ҚазПИ-де, ҚазМУ-де математикалық пәндерден дәріс беру сапасын көтеру мен оқу үдерісін жақсарту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізді. Педагог-ғалым осы саланың жетекші курстарынан, арнайы бейіндік пәндерден дәріс курстарын дайындаумен қатар жоғарғы, арнаулы орта оқу орындарын, қазақ мектептерін оқу құралдармен, оқулықтармен қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік жұмыспен де айналысты. Атап өтетін жайт, сол кездегі оқу үдерісіне дайындалған оқу құралдарының бүгінгі күнге дейін өзіндік маңызы бар екендігі. Оның авторлығымен «Математика және халық шаруашылығының физикалық негіздері», қазақ тіліне аударылған Н.А.Шапошников пен Н.К.Вальцовтың «Алгебра есептерінің жинағы» (1933) атты еңбектері жарық көрді. Қазақстандық ғалымдар қатарында С.Х.Боқаевтың ғылымға қосқан үлесі үкімет тарапынан ескеріліп ҚазАКСР ОАК Алқасы 1935 ж. қарашада жоғары білікті мамандар дайындау ісіндегі, республикада математикалық білім беруді дамыту мен ұйымдастырудағы ерен еңбегі үшін «Қазақстанның 15 жылдығы» белгісімен марапатталса, 1936 ж. математика профессоры атағын иеленді.

XX ғ. 20-жылдары аяғында тарихта «социализмнің сталиндік моделі» деген атпен белгілі тарихи кезең басталып, ұлттардың табиғи бейнесін жоюға ұмтылған казармалық социализм жүйесіндегі саяси қуғын-сүргін ұлттық интеллигенция қатарын ойсыратып жіберді. Академик М.Қозыбаев «ұлтшылдық» туралы: «Патша өкіметі ұлтшылдықты оппозиция есебінде таныды. Оның тамырына балта шабулы саясатқа арна етті. Кеңес өкіметі сол империялық саясатты шын мәнінде жалғады, өйткені ол да аз ұлттар тым тырақай бөлініп, бөлшектеніп кетеді деп түсінді. Оларды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаудың жолы бонопартизм деп түсінген И.Сталин ұлттардың ойшыл, жасампаз топтарын тұқырту деп білді», – деп жазған еді [3]. «Ұлтшылдықпен», «халық жауларымен» күресу бірте-бірте мемлекеттің белгілерінің біріне айналды. 1937-1938 жж. қазақтың оқыған зиялы қауым өкілдерінен 66 мың адам жазықсыз жапа шекті [4]. «Жікшілдік» пен

«ұлтшылдыққа» қарсы жүргізілген сталиндік жаппай террорлық саясат қазақ зиялыларының қатарындағы С.Боқаевтың ғылыми-педагогикалық қызметінің әрі жалғасуына теріс ықпал етті. Сталиншіл билік жүйесі әсерінен ғылыми интеллигенция арасында бір-бірінің жазған еңбектеріне сыни көзбен қарап қателіктер іздеу белең алды. Осындай сенімсіздік пен күдіктенушілік жағдайында С. Боқаевқа да жазықсыз жала жабылып саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Институт әкімшілігі тарапынан 1938 ж. 1 тамызында ҚКП ОК-не, ҚазКСР ХАК-не және қалалық партия комитетіне: «ҚазПИ-де халық жауы, бұрынғы директор Бекжанов басқарған национал-фашистер, бандылар тобы ұзақ уақыт үстемдік құрды. Национал-фашист Жүргенов Бекжановпен, Жұбановпен, Әлжановпен, Боқаевпен және басқалармен бірлесіп институттың бүкіл жұмысын тоқтату үшін барлық шараларды қолданды. Бұл бандиттердің зиянкес жұмыстары мынадай жолдармен жүргізілді: институттың профессорлық оқытушылық құрамына национал фашистерді, троцкийшіл-бухариншіл бандиттерді, саяси күмәнді және жоғарғы оқу орнында жұмыс істеу үшін академиялық жарамсыз адамдарды тарту; жауапты курстарды (математика, ботаника, тарих, қазақ тілі және тағы басқалар) жетекші пәндер бойынша студенттердің дайындықтарын осы пәндер бойынша бағдарламалық материалдарды зиянды бұрмалау жолымен бұзуға түрлі шараларды қолданған халық жауларына бекіту; қазақ студенттерге орыс тілін оқыту ісінде толықтай елемеушілік жіне зияе келтіру, сондай ақ қазақ тілін оқытудағы зиянкестік...» [5] ешбір дәйексіз дайындалған анықтама негізінде С.Х. Боқаев қамауға алынып, 1939 ж. 14 қарашада КСРО ІІХ Архангельск облысындағы Каргопол лагерінің Ерцевск бөлімшесіне айдауға жіберілді. Алайда, өз әріптестері тарапынан ҚКП ОК-не, республика прокурорының атына Сәдуақас Хасенұлының ісін қайта қарау мақсатында өтініштер жолданды. Нәтижесінде ҚазКСР Жоғарғы Сотының шешімімен 1939 ж. сәуірде С.Х.Боқаевтың ісін қайта қарауда фактілер анықталып, бас бостандығынан айыру жазасы белгіленді. Өкініштісі, 1942ж. Сәдуақас Хасенұлы Боқаев белгісіз жағдайда қайтыс болды.

Уақытпен бірге қоғамның дамуы да сол қоғамға, оның өркендеп дамуына бар болмысымен қызмет еткен ұлтжанды азаматтардың ұлттық тарихи санасы да алға қарай алшаңдап қадам басқан сайын өмірден озған танымал тұлғалардың жарқын бейнесі, олардың халқының келешегі үшін сіңірген еңбегі екшеленіп құндылығы арта түсетіндігі шүбәсіз. Қазақстандағы білім мен ғылым саласының дамуы мен өркендеуіне қомақты үлес қосқан зиялылар қатарында және қазақ өлкесінде алғаш ашылған білім ордасы – қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің негізін қалаушылардың бірі Сәдуақас Хасенұлы Боқаевтың да есімі бүгінгі ұрпақтың жадында сақталатындығы ақиқат.

ӨДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында – Алматы: Атамұра, 2003.
2. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.- 45б.
3. Дюсенова Н. Қазақстандағы 20 ғ. 40-50-жылдары «ұлтшылдық» пен «космополитшылдыққа» қарсы күрес науқаны (т.ғ.к. ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация) – Алматы, 2005.
4. Бақаев Ә. Өшпес оттың жарығы / Жизнь, прерванная на взлете – Алматы, 2007. – 160 б.

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Минсара КАРАМАНОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Құралай ӨТЕГЕНОВА (Утегенова),
Қорқыт ата атындағы университеттің 2-курс магистранты

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен жанқиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, жаңаша зерделеу – бүгінгі ұрпақтың басты парызы. М.Шоқай артына мол мұра қалдырды. Ұлт қайраткерінің сол еңбектеріндегі өзекті мәселелердің бірі – жастарды ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары. Ол ең алғашқы тәрбиені өз кезіндегі тұрмыс мәдениеті жеткілікті, билік лауазымдары елге танымал әулеттің отбасында алды. Атасы Торғай датқа ел билеген шешен, озық ойлы көсем, ақыл парасаты мол “ел қамын жеген ерлер” қатарында аталған болатын. Әкесі Шоқай да ширек ғасырдай би, болыс болған. Сыр өңірінен тысқары жерлерге де мәлім болған аталы балалы екеуінің суреттерінің патша үкіметінің арнайы тапсырмасымен дайындалған фотоальбомға кіруіне көбіне-көп олардың ел ішіндегі беделі себеп болған сияқты [1,338-б.].

Осындай өзіндік мәдениеті, салт-дәстүрі жеткілікті шаңырақта дүниеге келген Мұстафа қазақтың ұлттық тәрбиесін көріп өсті. Ол кезде бүгінгідей жазба әдебиеттер өте сирек болғанымен атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша сан тақырыптағы дастандарға қазақ даласы кенде емес болатын. Ауқатты датқа болыс ауылында ақын-жыраулар да жиі болып тұратын. Олардың ел билеген хандар мен өз жерін қорғаған батырлар туралы толып жатқан жырларын, көрші елдердің, Шығыстың, түркі тектес туыстардың әртүрлі қиссаларын бала Мұстафа естіп, халықтық рухты бойына жасынан сіңірді, оны өмір бойы рухани азық етті. Мұстафаның нағашы жұрты да текті болғанға ұқсайды. Анасы Бақтыгүл әйгілі әскербасыларының бірінің ұрпағы. Оның әкесі өзбек хандарына қарсы ұрыстарда ерлік көрсеткен кісі. Ал Түркістанды патша әскерлері жаулап ала бастаған кезде ол отаршылдармен күреске шыққан. Сол кезде Мұстафаның болашақ анасы осы соғыстарға қатынасып, әкесіне жәрдем етеді. Мұстафа оқу-жазуды 5 жасында өз анасынан үйренген. Анасы Бақтыгүл ақын кісі болған [2,228-б.].

Мұстафа Шоқайдың балалық шақтан алып шыққан ұлы тағылымы – ата-анасына деген перзенттік сүйіспеншілігі еді. М.Шоқай туған анасы емес, құдай перзент бермеген үлкен анасының қолында тәрбиеленгені мәлім. 1923 жылы 6 маусымда Парижден әйелі Мария Горинаға жазған хатында “... оның өз анам емес екенін, алайда оны өз анамдай жақсы көретінімді сен, әрине білесің. Ол мен үшін идеал болатын. Әлі есімде, кішкентай кезімде шешекпен ауырғанымда ол мені үш апта бойы тізесіне жатқызып қарағанды. Соның еңбегі мен күтімінің арқасында біздің бәріміздің тәніміз бен жанымыз сау болып өстік. Бала кезімде, таңертең сабаққа кетер алдында, ішіне өкпе-бауыр салып пісірген шелпектерін жегізіп, ыстық сүт беретін. Оны ол түнде біз ұйықтап жатқанда дайындап қоятын. Мен мұндай шелпектерді өте жақсы көруші едім. Мені өзі жуындырып киіндіретін, мектептің жарты жолына дейін шығарып салатын. Ол менің әрбір жетістігіме қуанатын. Жалғыз тілегін орындай алмадым. Оның бар арманы менің әйелімнің қолында тұру болатын. Жан-жарым менің, мен үшін

анамның бұл тілегін орындайтынына кәміл сенемін. Алайда, тағдыр бізді – апам екеуімізді айыруды жөн көріпті, қайтейн...”,- дейді [3, 397-б.].

Мұның бәрін тізбелеп айтып отырған себебіміз, кез келген адамның өсіп-өркендеуі, бойындағы ізгі қасиеттердің қалыптасуы отбасындағы тәрбиемен тығыз байланысты. Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций: “Адам қанша жерден оқып-тоқыса да өзінің тегінен, табиғаты мен болмысынан алыс кетпейді”,- дейді. Сол айтқандай Мұстафа Шоқайдың бойындағы ақыл-парасат пен адами асыл қасиеттердің негізі ата-анадан тараған қан мен сүттен, тәлім-тәрбиеден бастау алса керек.

Ата-ананы сыйлау, Отанды сүю, үлкенге құрмет пен кішіге ізетті болу – Мұстафадай нар тұлғаның бойындағы бар қасиеттер. “Оның мінезі өте жұмсақ әрі нәзік болатын. Ол көпшілікті басқару үшін саясат адамның тез шешімге келе алатын, қатап мінезді болу керектігін білетін. Ешқашан өз мінезін түзеуден және оқудан жалыққан емес. Түрлі саяси көзқарастағы адамдарды және олармен пікір таластырғанды ұнататын. Өте сабырлы болып, қарсыласының пікіріне құрмет көрсететін”,- деген жан-жары Марияның естеліктерінен Мұстафаның адамгершілік, азаматтық болмыс-бітімі анық көрінеді.

Мұстафа Шоқайдың “Ұлттық зиялы” деп аталатын мақаласында “ұлттық рух” мәселесіне ерекше орын берілген. Шын мәнінде, кез-келген халыққа асқақ рух керек. Қай уақытта, қай елде болмасын ұлттың ұлы перзенттері мен ойшылдары, қайраткерлері ең алдымен өз ұлтының кескін-келбетін, ұлттық салт-дәстүрін, мінез-құлықтың шырқын бұзбай сақтай отырып, өз халқының рухын көтеруді ойлаған. Патриоттық сезім ұлттық рухтың түп негізі, алтын өзегі ретінде терең мәнге ие болған.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясында “Патриотизм дегеніміз (грек сөзі. *Patruotes* – отандас, *Patro* – отан, туған жер) Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды” [4,218-б.],- деп жазылған. Отаншылдық, елжандылық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады. Сондықтан отаншылдықтың қайнар көзі адамгершілік қасиеттер болмақ. Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады.

Мұстафа Шоқай шет жұртта жүрген мұғажырлардың, күрескерлердің Отанына деген сарқылмас сүйіспеншілігі туралы айта келіп, “1936 жыл” деп аталатын мақаласында былай дейді: “Атамекенді сүю дегеніміз – өзіңнің жеке басыңның талаптарын қанағаттандыру немесе белгілі бір топтың, не бір жеке адамның мүдделерін қорғау дегендік емес. Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады” [5, 6-б.]. Шынында да, ұлттық рух тамаша

қасиеттерге ие болуымен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқының алдындағы өз борышыңды жоғары сезіне түсінуге көмектеседі. Осы орайда М.Шоқайдың: *“Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкінбе? Тарих ондайды көрген жоқ, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді”*, – деген сөзін айта кетуіміз керек [6, 187-б.].

М.Шоқайдың пікірінше ұлттық рухтың көтерілуі, оның негізі – ұлттық тіл. *“Көне Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқымыз жоқ болатын... Мектептерде біздің тіліміз оқытылмайтын”* Автор патша өкіметі кезінде “бұратана” (орыс емес) халықтардың тілінің дамуына кісен салынғанын, мұның олардың ұлттық сана-сезімінің дамып, қалыптасуына үлкен зиян келтіргенін айта келіп былай дейді: *“Ресейдің оқу орындарында әсіресе техникалық оқу орындарында амалын тауып оқып жатқан Түркістан жастары өз тілінен шала сауатты, тіпті мүлде мақұрым қалды. Сол себепті мұндай оқымысты Түркістандықтар халқымыздың қажеттері мен талаптары тұрғысында пайдалы қызмет атқара алмайды”*. Сондықтан ұлт күрескері М.Шоқай еңбектерінде білімге байланысты салиқалы пікірлері көптеп жиі кездеседі. Ол халық бақыты үшін күреске бас байлап кіріскен адамдар үшін айқын үміт, берік сезім, қалтқысыз иман қасиеттерімен қатар терең білім қажет дейді. Әрмен қарай Мұстафа Шоқайұлы: *“Адаспас үшін, адаса қалғанда дұрыс жол табу үшін де білім керек”*, – деп өз ойын ашық айтады. Сонымен қатар патша өкіметінің Түркістандағы білім саласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатының мәнін нақты дәлелдер арқылы әшкерелеп көрсетеді. М.Шоқай өз еңбегінде кеңес мектептерінде “таптық тәрбиенің” басымдылықпен жүргізіліп отырғанын, осыған қарамастан Түркістан жастарының ұлттық рухта өсіп жатқанын қуана жазады. Ұрпақтарымыздың бойына ұлттық тәрбиені, қасиетті дарытып жатқан “шығыс зерделі” зиялыларымыз екенін мақтан етіп, *“Кез-келген чекист қаруларының қарсы алдында тұрсаңыз да, ұлттық рухты өшіріп алмай, жас ұрпақтарымызды сол рухта тәрбиелей білген, ей, менің қаһарман отандастарым! Сендерге мың да бір рахмет! Ей, менің намысты жерлестерім, сендерге өмір бойы қызмет етуден басқа ешқандай да бір ойымыз жоқ екенін білгейсіздер!”* – деп тебірене жазады.

Мұстафа Шоқайұлы ұлт мәселесін, ұлттық тәрбиені рухани мәдениетпен байланыстырады. Өйткені тілмен қатар рухани мәдениеттің рөлі ұлт болуы үшін маңызды. Ол былай деп жазды: *“Рухани мәдениетке келсек, ол мүлде басқа мәселе. Рухани мәдениет халықты есейтетін және жетілдіретін нәрсе”*. Мұстафа Шоқайұлының “Рухани мәдениет қағидасы” – бұл өте өміршең ғылыми қағида. Өйткені ұлт бар жерде, ұлттық мәдениет бар жерде ұлттық тәрбие алысқа кетпейді. Сондықтанда тәрбиенің басы – ұлттық тәрбие екендігін ерекше атап өтеді. Ұлт тәрбиесімен қазақтың имандылығы, инабаттылығы, Отансүйгіштігі және т.б. толып жатқан жағымды қасиеттері байланысып жатады. Ұлт тәрбиесі үшін, ұлтжандылық сезімді қалыптастыруымыз қажет дей отырып, ұлтжандылыққа отанды сүю, оны қорғау, ұлт ырысын көзінің қарашығындай сақтап, дамыта білу, оған қызмет ету, ұлттық намысы мен абыройын арттыруды жатқызады. Мұстафа Шоқайұлы *“Ұлт азаттығы – халқымыздың ең заңды мәселесі. Ұлт азаттығы залымдардың зұлымдығынан, өз мүддесін ойлайтындардың таласынан жұртты және халықты сақтайтын қорған”*, – деп, империялық саясаттың астарын әрмен қарай тереңдете қазбалап, оның зымыяндық сипатын әшке-

релейді. Ол тағы бірде: *“Ұлттың мақтанышы – жеке адам мен ұлт үшін бұзылмас заң. Кімде-кім өз ұлтын құрметтемесе және оны мақтан тұтпаса – ол адам сөзсіз арамза, қанғыбас”*, – десе, *“Ұлтшылдық қозғалысы – халқымыздың жаны мен жүрегі. Ұлтымыз өмір сүрсе, ол да бірге өмір сүреді”*, – деп тұжырымдайды [7, 62-б.].

Мұстафа Шоқай – өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтшылдыққа ешуақытта бой алдырмаған, ру, ұлыстарға бөлініп халықтың ішіне іріткі салатын рушылдық психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған қайраткер еді. Ол мұны Түркістандықтардың ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептеп, тәуелсіздік үшін күресте азат сана, саяси сергектік пен ұлттық рухымызды жеткілікті қалыптастырудың маңызына ерекше көңіл бөлген болатын. Осы “ұлтшылдықты” дұрыс түсінбеу, оны ұлттық астамшылықты танытатын “шовинизммен” шатастыру бүгінде жалғасып, ұлттық рухымызды көтеруге белгілі түрде кедергі келтіріп келеді.

Мұстафа Шоқайдың ұлттық рухы жоғары халықтар ғана тәуелсіздікке қол жеткізеді және оны қорғап қала алады деп санаған терең мағыналы өсиеті бүгінгі Қазақстан жағдайында ерекше сипатқа ие болып отыр.

“М.Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бері қатар тұрып келе жатқан туыстас өзбек, қырғыз, түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөлек алып қараған емес. М.Шоқай үшін Түркістан халықтарының еркіндігі – бірінсіз бірі жоқ егіз ұғымдар болған”, – дейді тарихшы М.Қойгелді. Ол Түркістандағы бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі боларын, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді.

1936 жылы Берлин қаласында Еуропада жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде ол былай дейді: *“Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан нәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. Бәріміздің құбыламыз - өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ”* – Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. *“Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы”*. Бұл нақыл сөзді жастарымыз ұмытпауы керек». Бір таңқаларлығы М.Шоқайдың өткен ғасырдың басында айтып, жазып кеткен осы идеясы қазіргі Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұстанған саясатымен толығымен дерлік үндесіп жатады.

Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқының алдындағы өз борышыңды жоғары сезіне түсуге көмектеседі.

Кез келген халықтың кемел келешегінің ең басты көрсеткіші – жастар екені анық. М.Шоқай өзінің еңбектерінде жастарға үлкен сенім артып, болашағына мол үміт күтті. Ұлт күрескері “Көтерілістен – ұйымшылдыққа” атты мақаласында *“Біз тәуелсіз Түркістан үшін керекті барлық қасиетті жас ұрпақтан күтеміз. Жастарымыздың көпшілігі Еуропада, Түркияда оқып жүр. Олардың бір бөлігі жоғары білім орындарын бітіргендер. Міне, бұл жастарымыз өздерінің Түркістандық замандастарымен бірге ата-мекеніміздің тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресін ең соңына дейін жеткізетін болады. Түркістан ұлттық ұйымының ең жоғары, ең маңызды және маңдай алды міндеті – әртарапта бытырап жүрген жас түркістандықтарды Түркістанның тәуелсіздік*

мұраттары жолындағы қасиетті күрес майданына топтастыру», – деп қорытынды жасайды. *“Ей, ертеңгі жас ұрпақ! Сен өзіңе жүктелген қасиетті міндеттің ауырлығын және барынша жауапты екенін ешқашан есіңнен шығарма! Атамекенді отаршылдардың тепкісінен құтқарып, тәуелсіз мемлекет құру жолындағы күреске жатпай-тұрмай дайындал”* [8, 84-88-б.], – деген М.Шоқайдың сөзі бүкіл халқымыздың жүрегіне жетіп, жанын тебіренітіп, мәңгілік ұранына айналды.

Қорыта айтқанда, М.Шоқайдың ұлттық құндылықтар туралы ой-тұжырымдары тәуелсіз еліміздің жастарын отаншылдыққа, ұлттық сананы рухтандыруға қызмет ететін рухани қазына болып табылары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бәкір Ә.Қ. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ойлар. Монография. Астана, 2018. 458 б.
2. Атабаев Б. Халық жадында қайта жаңғырған ұлы есім. Қызылорда, «Полиграфия баспа үйі» ЖШС. 2015. 250 б.
3. Мария Шоқай. Менің Мұстафам. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 2007. 3 том. 520-б.
4. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2005. 7 т. 728 б.
5. Шоқай М. Таңдамалы. Алматы: Қайнар, - 1999. Т.2. 520 б.
6. Шоқай М. Таңдамалы. Алматы: Қайнар, - 1998. Т.1. 512 б.
7. Шоқай М. Таңдамалы. Алматы: Қайнар, - 1998. Т.1. 512 б.
8. Шоқай М. Көтерілістен – ұйымшылдыққа. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 2007. 3 том. 520 б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕН KEЙІН

ӨОЖ 93/94 (075)ГРНТИ 03.20

САЙРАМ ӨҢІРІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ БИЛІКKE ЖАЗҒАН ШАҒЫМЫ

күнделікті өмір тарихын зерттеудің дереккөзі ретінде (XX ғасырдың 20-жылдардың соңы)

Жанабек ТАШТАНОВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан

Шағымдар қоғам өмірінің, әсіресе, астық дайындау, бұқаралық сананың қалыптасуы, сонымен қатар әлеуметтік толқулар жағдайындағы өзіндік барометрі болып табылады. Сайрам өңірінен шыққан Ташкент қаласындағы білім алған студенттердің өлкелік басшылыққа түскен шағымдары талқыланды.

Азаматтардың жазбаша өтініштері (мәлімдемелер, өтініштер, шағымдар) күнделікті өмір тарихын зерттеуде баға жетпес көмек көрсетуі мүмкін. Бұны соңғы кездері пайда болған зерттеулер мен дереккөздердің жариялануы растап отыр. Білік органдарына бағытталған хаттар – қоғам өмірінің түрлі жақтарын тануға, тарихтың сын кезеңдерінде адамдардың қалай өмір сүргендігін жақсы түсінуге ықпал ететін іс-қағаздары. Бұл зерттеудің ақпараттық негізін Түркістан облысының мемлекеттік қоғамдық саяси-тарихының архиві (ТОМҚСТА) қоры құрады.

Билікке жазылған хаттар халық өмірінің өзіндік «айнасы», сонымен қатар автордың өзін-өзі танытуда тілдік ерекшеліктердің бұқаралық дереккөзі ретінде рөл ойнайды.

Жазбаша өтініштерді олардың мекенжайлары бойынша (билік органдары, мекемелер, газеттер, бөлек шенеуніктер); адресаттар (бір автор-беруші немесе топ); әлеуметтік жағынан, автордың мүлкі, мазмұн бөлігі, ынталандыру жолдауы және басқаша жүйелендіруге болады. Сонымен қатар, хаттар құжаттардың әртүрлі аталуы бойынша шартты түрде келесідей бөлінген: 1) арыз; 2) өтініштер; 3) арыздар. Шағымдар жергілікті өмірдің ең өзекті мәселелері бойынша жолданды. Бір қызығы, шағым жазбаша өтініштердің жеке түрі ретінде (құжат түрінің атауымен) XX ғасырдың басында ғана кеңінен қолданылды.

Шағым – азаматтардың күнделікті өмірін нашарлатқан белгілі бір өзгерістерге жедел ден қоюының бір түрі. Осы ретте Сайрам ауданы азаматтарының шағымдарын тексеруге арналған материалдарды қарастырамыз.

Бұл шағымдарды қарастырмай тұрып тарихи фактілерге жүгінсек: Советтік реформалардың бір көрінісі – астық дайындау кезінде ұжымдастырудың алдында жасалған іс-шаралар. Ірі мал иелерін көм-пескелеу, тәркілеу саясаты басталмай тұрып-ақ, И.Сталин бастаған большевиктер партиясы елде бай кулак атаулыны жою саясатын бастап жіберген еді. Оның басты сылтауы астық дайындау жоспарының көңілдегідей орындалмауы болды. БК(б)П-ның барлық ұйымдарына жолданған «Дайындау науқанының алғашқы қорытындалары және партияның алдағы міндеттері» атты нұсқау хатта бұл жағдай түсіндірілді: *«... Егер 1927 жылғы қаңтарда біз 428 миллион пұт дәнді астық дайындап үлгерген болсақ, ал дайындалған дәнді астық 300 млн пұтқа әрең жетті. Демек, 1928 жылғы қаңтарда біздегі дефицит, жетіспеушілік 1927 жылғы қаңтардағымен салыстырғанда 128 млн пұт еді. Міне, осы жетіспеушілік астық дайындаудағы дағдарыстың шамамен көрсетілген цифрлы мөлшері болып табылады»* [1, 11-б.].

Жоғарыда көрсетілгендей астық дайындау жоспарының көңілдегідей орындалмауы кезіндегі орта шаруалар мен кедейлердің мүдделеріне қол сұғу бағытында айтарлықтай шектен шығулар бар екендігі туралы бірқатар шағымдар өлкелік партияның комитетіне түсті. Бұл шағымдар сонымен қоса Ташкент қаласындағы «Правда Востока» газетіне жолданды.

Бұл шағымдарды Сайрам өңірінен шыққан Ташкент қаласындағы САКУ (Среднеазиатский Коммунистический университет) білім алушы студенттері Медешев, Умаршаков, Караликент түсті. Олар Қызылорда қаласындағы облыстық комитетке Сайрам ауданынан 3000-ға жуық дихан шаруалар өз шаруа қожалықтарын біржола таратып жіберіп, Орта Азия территориясына қоныс аударды [2]. Қарастырылған мәліметтерге қарап Сайрам өңірі мен Ташкент қаласы патшалық билік құлағанға дейін алыс-беріспен саудасы ортақ болған.

Билік өкілдерінің тексеру барысында Сайрам ауылына келген шағымданушы САКУ студенттерінен түсініктеме алды. 1926 жылдан бері партия мүшесі болған студент Ғани Медешев жағдайды төмендегіше айтты берді:

«Ташкентте бізге Сайрам ауданы дихандарының ауылшаруашылық салығын шамадан тыс төлейтіндері белгілі болды, сол себептен көптеген дихан қожалықтары таратылып, «Правда Востока» редакциясының көмегіне жүгіну үшін Сайрам ауданынан көшуге мәжбүр болды. Сонымен қоса шамамен 2000-ға жуық шаруа қожалықтарының иелерін танитынын айтты. Бұл мәліметтерді ол Ташкент қаласындағы Мираб мөлтекауданына жиналған Сайрам өңірінен келген шаруа қожалықтарының иелерінен естіген» [3].

Ал, Сайрам ауданынан көшіп кеткен шаруалардың саны Сайрам ауылдық кеңесінің хатшысымен куәландырылды.

Студенттермен бірге Сайрам өңіріне бұрынғы «Правда Востока» газетінің редакторы Ильинцев келді. Бұл жерде «Правда Востока» редакциясы алқасының өкілі мен студенттердің келуіне не себеп болды? деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа Медешев: *«біз, студенттер, шаруа қожалықтарының жойылу себептерін анықтауды шештік, нәтижесінде жергілікті биліктің астық жинауда, ауылшаруашылық салық салу саласындағы саясатының асыра сілтеуі шаруа қожалықтарының тарауына алып келген деп шештік»*, – деп жауап берді [4]. Сайрам өңіріне келуінің тағы бір себебі «Правда Востока» редакциясының мәліметі бойынша олар таратылған шаруа қожалық иелерімен тікелей сөйлескен. Олар ескі Ташкент қаласында Сайрам ауданынан шыққан азаматтарымен жиналыс өткізді. Ол жиналыста шамамен 200-300 адам қатысты. Қатысушылардың ішінен Медешев Қарамұрт пен Сайрамда тұратын тек 7-8 адамды танитынын айтты, ал қалғандары оған белгісіз еді, бірақ диалектілеріне және киім үлгілеріне сүйене отырып, олар Сайрам ауданының азаматтары екен деп шешті [5].

«Правда Востока» қызметкері Михайлов осы кездесуде азаматтардың нақты неге шағымдарын анықтау керектігін және олардың арасында байлар болмау керектігін түсіндірді. Ол дихандарға қатысты барлық шағымдарды газетке жазу үшін түртіп отырды. Михайлов бұл материалдарды «Правда Востока» редакциясына тапсырған кезде, редакция өз тарапынан шағымданушылармен жеке танысуға және олардың әлеуметтік жағдайын анықтау қажет деп шешті. Нәтижесінде Ташкентте «пьяный базарында» (жексенбілік базары) екінші жиналыс шақырылды. Бұл екінші кездесудің ұйымдастырушылары Чинали, Назаралиев, Медешев және Хасанджанов болды. Екінші кездесуде 100-150 адам жиналды және бірінші кездесуде айтылған сөздер расталды. Біраз уақыт өтті, бірақ «Правда Востока» газетіндегі мақала шықпады, өйткені редакция бұл мәселені көтеріп жазуға қорықты, себебі орын алған асыра сілтеулер туралы барлық

фактілер тексерілмеді, сол себептен редакция мүшесі Ильинцев студенттер Медешев пен Ахунжановпен бірге Сайрам ауданына фактілерді тексеру үшін жіберілді.

Студенттер мен газет тілшісі Сайрам ауданында партияның аудандық комитетіне және партия мен кеңес органдарына өздерінің келу мақсаты туралы хабарлаған жоқ. Олар қарапайым көшеде, шайхана және т.б. жерлерде азаматтармен кездесіп сөйлесті, нәтижесінде олар келесі мазмұндағы жеделхат жасады: *«Сайрам ауданында астық дайындауда салықтың шамадан тыс көп екенін және тапсырмаларды орындамаған шаруалар тұтқындалған. Тұтқынға түскендер соққыға жығылған. Бұл іс-шаралар егін егу науқаны үрдісін бұзды, былтырғы көрсеткішке қарағанда Сайрам ауылында көлемі төрттен бір жер, ал Қарамұртта жарты жер көлемі өңделген. Аудан шаруалар жан-жаққа қашып кетуде. Сайрамнан – 150, Қарамұрттан – 300 дихан шаруалар қашқан. Ауданның басқа ауылдарына бара жатырмыз»*, – деген Ахунджанов пен Ильинцев жеделхатында [6].

Астықты дайындауға қатысты әрбір шағымды егжей-тегжейлі зерделей отырып, жергілікті билік органдарының бай және ірі шаруашылықтар арасында астық дайындау жоспарын әзірлеу дұрыс жүргізілді деген биліктің өкілдері жалпы жиналыспен бекітілген бұл жоспарды орындауға әдейі қарсылық білдірген ең қуатты бай шаруашылық өкілдері қашып кеткен, Ташкентке баруға бастама жасап, кедейлер мен орта шаруалардың атын жамылып жиналыс ұйымдастырған деген пікірде болды.

Бұл жағдайды сипаттау үшін кейбір шаруашылықтарды мысалға келтіреміз. Бірінші шаруашылық иесі Ниязқұлов Сүйерқұл – екі кездесудің де ұйымдастырушысы және қатысушысы. Салық комиссиясының мәліметі бойынша, оның қожалығында суармалы егіс – 7,25, жаңбырдан – 2,25 тұратын шаруашылығы бар. Ірі қара мал – 7 бас, жылқы мен түйе – 4, қой мен ешкі – 18. Астық дайындауды жүргізу барысында ол өзінің тұрмысын, қаржылық жағдайын қаржы органынан жасырғаны анықталды. Ол қазақтың үш жерінде егін салған – Бадам ауданының бірінші ауылында тұратын азамат Сарымсақ Сұлтановтың қос бұқасының көмегімен биылғы жылы қосымша егіс жүргізілді; 1926-1928 жылдар аралығында сол ауылдың азаматы Хуадбеков Мамбедбектің екі өгізімен жыл сайын тиісті егістерін еккен; 1926-1928 жылдар аралығындағы Қасымбаев Сыздықтың екі бұқасымен де солай жыл сайын егістерін еккен. Жоғарыда аталған Сүйерқұл өз шаруашылығында жалдамалы жұмыс күшін пайдаланғаны үшін дауыс беру құқығынан айырылған. Ол әлі күнге дейін өзін-өзі сақтандыру үшін 82 рубль төлемеген, ауылшаруашылық салығы бойынша – 259 рубль салық салынбаған. Жоспар бойынша одан 300 пұт астық алынуы керек еді, одан тек 195 пұт алынды [7].

Ал, екінші шаруашылық – Қарамұрттағы Мүменжанов Ахметтікі. Бұл – бұрынғы болыстық бастығы тұрмыстық жағдайы бойынша Қарамұрт ауылының жер иесі болып саналады. Оның иелігінде біртұтас квартал бар, 36 бөлмеден тұратын үйі бар, өте жақсы жабдықталған, үлкен санаторийге ұқсайды. Сонымен қатар екі бағы бар. Биліктен жасырған екі егістік алқабы болған, нәтижесінде 188 рубль көлемінде ауылшаруашылық салығы салынған. Астықты дайындау жоспарының кезінде ол бірде-бір пұт астық шығармай, Орта Азияға қашып кетті. Үшінші шаруа қожалығы – Қарамұрт ауылының тұрғыны Анарбек Еділбеков. Онда 17 десятина егістік алқабы, екі десятина жеміс-

жидек бақшасы бар. Ірі қара – 9 бас, өгіз – 9, жылқы – 2, есек – 1. Ауылшаруашылық салығы – 577 рубль 75 тиын, өзін-өзі сақтандыру – 186 рубль 88 тиын. Осы уақытқа дейін салық та, сақтандыру да төлембеген және бірде-бір пұт астық шығармаған [8].

Жоғарыда көрсетілген жайттарды қарап билік органдарының асыра сілтеулерін, халықтың тобының өзге жақтарға бас сауғалауын байқауға болады. Астық дағдарысынан шығудың ең басты жолы кулактарға қарсы РСФСР қылмыстық істер Кодексінің 107-бабын қолдану болды. Бұл бап бойынша сатып алу, тығып қою жолымен тауарларға бағаны қасақана көтерген кінәлілерді үш жылға дейін бас бостандығынан айырып соттау, олардың дүние-мүлкін түгелдей немесе ішінара көмеспекелеу көзделді [9, 34-б.].

Сайрам ауданынан көптеген шаруашылықтарды көшіру туралы. Бұл мәселені тексергенде, жергілікті жерде астық дайындаудан қашқан 13-17 адамнан тұратын байлардан басқа бірде-бір ауылшаруашылығымен айналысатын дихан шықпағаны, бірақ батрактардың басқа аудандарға және Ташкент қаласына маусымдық жұмыс істеуге барғандары анықталды. Сайрам және Қарамұрт ауылдарының дихандары бұл үрдіс жыл сайын жалғасып келетінін түсіндірді. Сайрам ауылдық кеңесінің анықтамасына сәйкес, биыл маусымдық жұмыстарға Орта Азияға – 151 адам, ал Қарамұрттан 35 адам кетті. Қарамұрт тұрғындары бұл адамдар жыл сайын Орта Азияға жұмыс істеуге барады, себебі олардың Қарамұртта шаруашылықтары мүлдем жоқ дейді [10]. Сайрамнан және басқа аудандардан ауылшаруашылық жұмысшыларын шығару партиялық және кәсіптік органдардың нұсқауларына сәйкес жүргізілді.

Шағымданушы студент Медешев жергілікті билік органдарын байларды осындай жағдайға жеткізді деп айыптайды, сол себептен олар жұмысшыларын жұмыстан шығаруға мәжбүр болды дейді. Медешевтің ойы былай еді: *«Неге қалада жұмысшылар үй жұмысшысын жалдай алады және олар дауыс беру құқығынан айырылмайды, ал тұрақты жұмыс күшін пайдаланатын дихан дауыс беру құқығынан айырылады. Мен мұны мүлдем түсіне алмадым, бұл сонда қандай саясат, байлардың жұмысшыларды жұмыстан шығару, осының бәрі жұмыссыз қалған кедейлердің жағдайына әсер етеді. Ендігі жерде байлар жұмысшыларын жұмыстан шығармайтындай етіп, олардың шаруа қожалықтарын қысқартпай, керісінше кеңейту керектігін айтты. Осының бәрі кедейшілікті жоюға арналған шара дейді»* [11].

САКУ студенттерінің аталған тобы – партия мүшелері, байлардың негізгі қолдаушылары болып табылады, олар астықты дайындау науқанына кедергі жасады деген айып тағылған [12].

Сол кезеңде елімізде байларға байланысты сот бойынша ешқандай қысым болған жоқ. Тек 61 және 107-баптар бойынша екі процесс болды, ал 107-бап шұңқырдан 800 пұт астық табылған байға қатысты қолданылды [14].

«Правда Востока» тілшісінің пікірінше, шағымдар мен жеделхаттарда айтылған жаппай қамауға алу мен ұрып-соғу туралы төмендегі жағдайлар Сайрам өңірінде 1928-1929 жылдары жаппай белең алды. Сайрам аудандық милиция өкілдерінің тарапынан ұрып-соғу орын алған еді. Ал осы мәліметтерді «Правды Востока» қызметкеріне жеткізіп, көрсеткен адамдар басқа қылмыстық істер бойынша қамауға алынды.

Ал билік органдарының тексеруі қорытындысы бойынша «Казкрайком» мен «Правды Востока» ша-

ғымдарының егжей-тегжейлі тексерілуі нақты материалдармен және билік органдарының куәліктерімен, сондай-ақ жекелеген шаруалардың айғақтарымен және жиынның шешімімен теріске шығарылды деп айту керек [16]. Бірақта бұл шағымдардың қорытындысын советтік идеологиялық көзқараспен қарастырылғаны айдан анық болып тұр.

Қорыта келе осы шағымданушылардың басты қозғаушы және ұйымдастырушы күші Ташкент қаласындағы студенттер тобы болды. Олар кедей және орта шаруалардың атынан Сайрам ауданындағы бай-шонжарлардың мүддесін қорғап, ауданның партия мен өкіметтің астық дайындау және салық салу бойынша жоспарын бұзу үшін ұйымдастырды. Аталған студенттер тобы «Правды Востока» тілшісімен бірге Сайрам ауданында болды. Олар астық дайындау жұмысына кедергі келтірді, нәтижесінде соңғы бес күнде астық дайындау қарқыны күрт төмендеді, өйткені жергілікті билік жақында қамауға алынады деген қауесет тарады. «Правды Востока» тілшісі Ильинцев осы шағымдармен айналысуға келген редактор және Орта Азия өкіметінің өкілі ретінде көрсетілді. «САКУ студенттерін оқудан шығарып, оларды партиялық жауапкершілікке тарту туралы мәселені тез арада көтеруді қолдаймыз», – деп сол кезеңдегі билік өкілдері қарсылықтарын білдірді.

РЕЗЮМЕ

Были проанализированы жалобы студентов, обучающихся в Ташкенте из Сайрамского района в областную администрацию. Письма являются своеобразным барометром общественной жизни, особенно в условиях заготовления урожая, формирования массового сознания, а также социальных волнений. В данном случае мы рассмотрим материалы для расследования жалоб граждан Сайрамского района.

Complaints of students from Tashkent from Sairam region to the regional administration were analyzed. Letters are a kind of barometer of public life, especially in conditions of harvesting, the formation of mass consciousness, as well as social unrest. Complaints were sent on the most pressing issues of local life. In this case, we will consider materials for investigating complaints of citizens of Sairam district.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қараңыз: Сталин И.В. Шығармалар, Алматы: Қазбір-мембас, 1950, 11 том, - 431 бет, -6 сем, 25000 дана, -11-б.
- 2.Түркістан облыстық мемлекеттік қоғамдық-саяси тарих архиві 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 1-п.
- 3.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 1-п.
- 4.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 2-п.
- 5.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 2-п.
- 6.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 3-п.
- 7.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 4-п.
- 8.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 3-п.
- 9.Уголовный Кодекс РСФСР редакцией 1926 года с изменениями 20 марта 1931 года. М., 1931, «История Советского крестьянства», 2-том, -34-б.Түркістан облыстық мемлекеттік қоғамдық-саяси тарих архиві 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 4-п.
- 10.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 5-п.
- 11.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 6-п.
- 12.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 6-п.
- 13.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 3-п.
- 14.Сонда, 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 3-п.
- 15.Уголовный Кодекс РСФСР редакцией 1926 года с изменениями 20 марта 1931 года. М., 1931, «История Советского крестьянства», 2-том, -34-б.
- 16.Түркістан облыстық мемлекеттік қоғамдық-саяси тарих архиві 1-қоры, 2-тізбе, 2-іс, 6-п.

СӘУІР ҚҰРЫЛТАЙЫ

Досалы САЛҚЫНБЕК,
ҚазҰлтАгрУ-дың кафедра меңгерушісі,
профессор, Қазақстан педагогикалық
ғылымдар академиясының академигі

1925 жылы 15-19 сәуір күндері Ақмешіт қаласында Қазақстан кеңестерінің 5-құрылтайы болды. Бұл бүкіл Қазақ жерлері біріктірілгеннен кейінгі өткізілген тұңғыш Бүкілқазақтық құрылтай еді. Яғни, Бүкілқазақтық құрылтайға 95 жыл толып отыр.

Десек те, сәуір құрылтайының шешімімен қабылданған тарихи құжаттардың маңыздылығына жете мән берілмеуі және сол құрылтайда қабылданған тарихи шешімдердің қабылдануына ерен еңбек сіңірген қайраткер тұлғалардың еңбегінің еленбеуі, бұрмалануы немесе басқа тұлғаға телінуі бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Бұндай жағдай тарихи сауатсыздықтан және тарихты қасақана бұрмалаудан туындайды.

Жалпы, сәуір құрылтайы туралы сөз қозғағанда қоғам және мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожановтың еңбегін ерекше бөліп-жарып айтамыз. Оның өзіндік себептері де бар. Өйткені, Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мүддесі жолындағы бұған дейінгі де дара күресінің бүкіл болмысы ұлттық республика құру, бөлшектенген Қазақ жерінің біртұтастығын қалпына келтіру, ұлт мектебін құру, Қазақстанда мемлекет тілін Қазақ тілі ету жолындағы күресінен көрініс тапса, бүкіл Қазақ жерін біріктіру ісі аяқталғаннан кейінгі жауапты қызметінде Қазақ республикасының астанасын Қазақ халқы көбірек шоғырланған қалаға ауыстыру ісінде айқын көрінді. Көзі қарақты оқырман қауымға белгілі, Орта Азия республикаларының аумағын межелеуді жүргізу барысында Сұлтанбек Қожанұлы Тәшкент қаласын Қазақ республикасының астанасы ету жолында аянбай күресті. Өз ойларын Сталиннің алдында дәлелдеп дәйектеді де. Бірақ, Орта Азия республикаларына қатысты терең ойластырылған зымиян әрекеттерді қолға алған Мәскеу, Сұлтанбек Қожанұлының арманының орындалуына кедергі жасап, Тәшкент қаласын Өзбекстанға беріп жіберген еді. Ендігі кезекте, Қазақ халқының әлеуметтік-саяси, рухани-мәдени және экономикалық өмірінің локомотиві болатын астана мәселесі күн тәртібінде тұрды. Сұлтанбек Қожанұлы астана мәселесін Сталиннің атына жазған хаттарында батыл көтерді және «Ақ жол» газетінің бетінде бірнеше мақалалар жазды. «Іс жүзінде орындалу керек» деген мақаласында астана жөніндегі ойын: «Сондықтан Қазақстан астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан Қазақтың киіз ауылында болса да, Қазақ ұлт жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ астанасы болуға Орынбор қаласы шетте болғандықтан ғана жарамсыз емес. Қазақ қаласы болмағандықтан, Қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, Қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, Қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қалпы қамына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын», – деп дәйектеген болатын [1]. Сұлтанбек Қожанұлы 1924-1925 жылдары Қазақ өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы, өлкелік партия комитетінің 2-хатшысы болып істеген кезінде астана мәселесін батыл түрде күн тәртібіне қойып, оны Қазақ халқы тығыз қоныстанған қалаға ауыстыруға қол жеткізді.

Сұлтанбек Қожанұлының тұлғалық қасиетін, саяси қызметін сөз еткенде халқымыздың тарихи атауын қайтару

жолындағы еңбегін айналып өту мүмкін емес. Отаршылдар бұрмалаған халқымыздың төл атауын қайтару ісінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және тағы да басқа Алаш қайраткерлері аз еңбек сіңірген жоқ. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлымен қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлы тізе біріктіре отырып шығарған газеттің атауын «Қазақ» деп айқайлатып қоюының астарында терең мән бар еді. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, сол кеңесте билік саласында лауазымды қызметтер атқарған С.Сейфуллин, С.Мендешов, С.Сымағұлов сынды қайраткер тұлғалар да бұл мәселені көтерді. Кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында Алаш қайраткерлері, Кеңестік билік тарапынан қуғындалып, бұндай саяси аса мәні бар мәселені көтеруге мүмкіндігі болмаса, сол кеңестік билік жағында үлкен лауазым атқарып жүрген қайраткерлер тарапынан батылдық жетпеді. Бұлар тарапынан баспасөз бетінде ұсыныс-пікірлер айтылды, мақалалар да жазылды. Бірақ, негізгі мәселе сол ұсыныс-пікірлерден әріге аса алмады.

Ұлтымыз үшін бұндай саяси-әлеуметтік аса маңызы бар мәселеде, қайтпас қайсарлық, ұлтжандылық және алған бетінен қайтпайтын табандылық керек еді. Сұлтанбек Қожанұлының бүкіл болмысында бұндай қасиеттер бар болатын. Ол, Қазақстан кеңестерінің 5-ші құрылтайында кезектен тыс сөз алып, батыл түрде халқымыздың дұрыс тарихи атауын қайтаруды, яғни қырғыз атауымен бұрмаланып келген халқымыздың Қазақ атауын қайтаруды күн тәртібіне қойып, Қазақ атауын қайтартқызды. Осы құрылтайда Ақмешіт қаласының атауын Қызылорда деп атау жөніндегі ұсынысты жасаған да Сұлтанбек Қожанұлы болатын.

Сұлтанбек Қожанұлының ұсынысымен кеңестердің Бүкілқазақтық 5-ші құрылтайы: «Қырғыз халқының тарихи дұрыс атын қалпына келтіру үшін кеңестердің 5-ші съезі қаулы етеді: Қырғыздар алдағы уақытта Қазақтар деп аталсын», – деген шешім шығарды. Қазақстан кеңестерінің 5-құрылтайының шешімін негізге алған Бүкілодақтық орталық атқару комитеті: «1. Қырғыз АКСР-інің аты Қазақ АКСР-і деп өзгертілсін. 2. Қырғыз АКСР үкіметі орналасқан жер – Ақмешіт қаласының аты Қызылорда қаласы деп өзгертілсін», – деген қаулы қабылдады [2]. Осылайша тарихи шешім заңды күшіне еніп, ұлт арыстарының арманына қол жеткізілді, халқымыздың азаттық күресі жолындағы қадамына тың серпіліс жасалып, рухани жан-дүниесіне күш-қуат берілді.

Сұлтанбек Қожанұлының іс-әрекетіндегі батыл қадамдарды сол кезеңде оның қарсыластары ұлтшылдыққа теңеп, бұрмаласа да, мойындауға мәжбүр болды. Ал онымен қызметтес болған және қызмет барысында қарсылас та болған кейбір қайраткерлер ашық айтты. Қоғам және мемлекет қайраткері Сымағұл Сәдуақасов кеңестік биліктің шовинистік саясатына қарсы күрес тәсілін сөз ете отырып: «Жер мәселесі жөнінде неше түрлі бейбастықтық орнап отыр, бел шешіп күресу керек, Қожанов отаршылдармен табандап күресті, алайда қазақы тәсілмен күресті, ал мұнда Шыңғыс ханның тәсілі керек... Бұл жөнінде Қожановтың айтқаны дұрыс, алайда мен табандап күресе алмадым», – десе [3], екінші бір қоғам және мемлекет қайраткері Ораз Жандосов 1925 жылы қазан айында қайраткер Садықбек

Сапарбековке, Сұлтанбек Қожанұлының Қазақстаннан Мәскеуге шақырылғаннан кейінгі Қазақстанда орын алып отырған саяси жағдайға байланысты жазылған хатында Қазақ автономиясының ұлттық-мемлекеттік дамуының болашағы, ұлттық мәселенің қойылуы, Қазақстандық партия ұйымдарындағы ішкі партиялық мәселелердің үлкен маңызға ие болып отырғанын сөз ете отырып: «Осы мәселелердің барлығында Сұлтанбектің өзіндік көзқарасы болды. Бұл мәселелердің барлығына ол тактик ретінде келді және оның тактикасының кейбір жағдайларында асыра сілтеушіліктер орын алды. Бірақ, шын мәнісінде (бұл менің жеке ойым) оныкі дұрыс. Ұлттық межелу жүргізіліп, Қазақстанның ұлттық-кеңестік республика болып қалыптасқан кезеңінде басқаша іс әрекет ету мүмкін емес еді. Сонымен қатар, ұлтаралық қарым-қатынастың шиеленісуін, Қазақ халқының өзінің артта қалғанын, Сұлтанбектің түгелдей жалғыздыққа қалған жағдайларын ұмытпауымыз керек», – дейді [4]. Сұлтанбек Қожанұлының ұлт мүддесі жолындағы қызметіне, ол Қазақстаннан шақыртып алдырылғаннан кейінгі (дұрысы кетірілгеннен кейінгі) қайраткер тұлғалар тарапынан ізін суытпай берген бағалары, өзіндік көзқарастары тұрғысынан деп пайымдасақ та Сұлтанбек Қожанұлының саяси қызметінен мол хабар береді.

Сәуір құрылтайында қабылданған шешімдердің маңызына зер салып қарасақ, онда республикамызды ұлттық республика ету жолында үлкен қадамдар жасалған еді және сол игі қадамдар жолындағы барлық мүмкіндіктер бар болатын. Бірақ, екіншіше орай біз білетініміздей олай болмай шықты. Оның да өзіндік себептері жоқ емес. Құрылтай өте салысымен-ақ құрылтайдың шешімімен бекітілген партия, үкімет және басқа да билік тармақтарының құрамына кірмей қалған «өкпешілдер» бірінен соң бірі төпелетіп Мәскеуге тікелей Сталиннің атына шағы хаттарын жөнелтіп жатты. Кер заманның қиырқы қыспағына түсіп, пенделікке ұрынғандардың қатарында мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин де бар еді. Ол халық комиссарлар кеңесінің (С.Сейфуллин 1924 жылы қараша айында орнынан алынды) төрағалығынан түскеннен кейін, ішінде қыз-қыз қайнап жатқан өкпе-ренішін Мәскеуден бір-ақ шығарды. Өзінің 1925 жылы сәуір айында құпия түрде бас хатшы Сталиннің атына жазған *«Мені мынадай нақты Қазақстанның қазіргі саяси жағдайы өзіңізге хат жазуға мәжбүрлеп отыр»*, – деп бастаған хатының алғашқы бөлігінде С.Сейфуллин Алашорда үкіметі мен Қоқан автономиясының төрағаларының атын атап, түсін түстеп, қызметін баяндай отырып, бұл революцияға қарсы күштер талқандалғаннан кейін, 1920 жылы кешегі революцияның қас дұшпандары Бөкейхановтың, Досмұхамедовтың және Тынышбаевтың мақұлдауымен РК(б)П құрамына кіріп алғандығына тоқталып өтеді.

«Қазақстанның қазіргі кезеңдегі жалпы саяси жағдайы қандай?» деген мәселеге жауап беруге тырысқан С.Сейфуллин бас хатшының атына жазған хатының екінші бөлігінде Қазақ халқының тарихында үлкен маңызға ие болған 5-і кеңестер құрылтайының маңызын төмендетіп: *«Сипаттама үшін мына бір кішкентай оқиғаға үлкен маңыз беріп келтіремін. Ақмешіт қаласында (Перовск) бесінші Бүкілқазақтық съезі ашылды. Бұл съезд бірінші біріккен съезд болып есептеледі. Өйткені бұл съезд Жетісу және Сырдария облыстарын өзіне қосып алғаннан кейін бүкіл Қазақстан тұтастыққа ие болды. Съезд ашылғаннан кейін екінші немесе үшінші күні маған бір жолдас: «Мәжіліс өтіп жатқан залдың ортасындағы қызыл тулардың жанында Құраннан аят жазылған Досмұхамедов басқарған батыс «Алашорданың» жасыл туы қойылыпты», – деді. Мен алғашында сенбедім, бірақ қызыл тулардың ортасында жасыл тудың тұрғаны есіме түсті. Кейбір жолдастар реніш білдірді. «Алашорданың»*

туын орнынан алды», – деп жазады [5].

Екінші бір жалынды большевик «өкпешілдердің» қатарындағы Әліби Жангелдин де 1925 жылдың 24 сәуір күні Сталиннің атына хат жазыпты. *«Қазақ АКСР-нің басшыларының кадр мәселесіндегі бағытымен және бұрынғы «Алаш» қайраткерлеріне деген қарым-қатынасымен келіспейтіндігі туралы»* деген тақырыппен жіберілген бүкіл хаттың мазмұнында бесінші құрылтайдың шешімдерінің мазмұндылығын жоққа шығарумен қатар, кадр мәселесіндегі өлкелік партия комитетінің басшыларын сынай отырып, Қазақстандағы билік органдарына бұрынғы Алашорда ұйымының басшылары кіріп алды, социализмнің негізі таптық жіктелу принциптеріне қарсы әрекеттер жүргізілуде дегенге саяды. *«Алашордалықтар өздерінің жақтастарын жауапты қызметтерге өткізіп жатыр, өздерінің туған-туысқандарын да қалыс қалдырар емес. Сондықтан мен Қырғызияның дәл қазіргі саяси-экономикалық өмірінде, ешқандай да нәтижелі жұмыс жүргізу мүмкін еместігіне сенімдімін»*, – деп жазған Әліби Жангелдин хатының соңында өлкелік партия комитетінің басшыларының барлығын орындарынан алып, кері шақыртып алдыруға ұсыныс жасай отырып: *«Сонымен қатар, Қырғыздарда аймақтық патриотизм әлі жойылған жоқ, олардың патриотизмі рулық патриотизм, олардың патриотизмі жеті аталық патриотизм, олардың патриотизмі ордалық (үш орда – ұлы, орта және кіші) патриотизм және олардың патриотизмі қырғыздық ұлттық патриотизм екендігін баяндаймын»*, – деген еді [6]. Әліби Жангелдин хатында сәуір құрылтайының басы-қасында болып, ұйымдастырып, онда қабылданған тарихи шешімдерге ат салысып жүрген С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Н.Нұрмаков сынды қайраткерлерді Алашордашыл ақгвардияшылардың бұрынғы басшылары, пролетариатпен ешқандай да байланысы жоқ, ұсақ буржуазияның өкілдері ретінде қаралап, жерден алып жерге салған еді. Көріп отырғанымыздай халық мәтелінде айтылатын «Өп-әдемі ән еді, пұшық шіркін қор қылды» дегеннің кері келді.

Қазақстаннан осындай мазмұнда толассыз жазылған хаттар өкінішке орай, қараусыз қалдырылған жоқ. 1925 жылы тамыз айында бас хатшы Сталин Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшылығына Ф.Голощекинді жіберді. Ол өз кезегінде хатта көрсетілген «кемшіліктерді», «қателіктерді» түзетуге білек сыбана кірісті. Оның ең бірінші қудалаған адамы Сұлтанбек Қожанұлы болатын. Сұлтанбек Қожанұлын Мәскеуге шақыртып алдыртқаннан кейін, өзге ұлтжанды қайраткерлерді қудалауға көшті.

Ертеде бір ағаш екінші бір терекке балта деген біреу шығыпты деседі, орманды жайпап жатқан көрінеді, біз жаққа келіп қалмаса екен бөлекет депті. Сонда терек несіне қорқасың жан-жағымызды қоршаған қалың орманның ортасында емеспіз бе? Жау шақырмай тұр депті. Сол кезде ағаш, терекжан балтаның басы темір болғанымен, сабы өзімізден екен, жау іштен шыққанда құтылар айлаң бар ма? – деген екен. Ия, расында іштен шыққан жау тістен шыққан даудан да, сыртта қойған аудан да қауіпті. Осы бір халық даналығында айтылған терең мағыналы тәмсілге не алып қосуға болады?

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұлтын сүйген ұлы тұлға. Республикалық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Шымкент, 2014. – 176 б.
2. КОКП және Кеңес үкіметі Қазақстан туралы. 1917-1977 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы, 1978. 78 б.
3. Ақиқат. 2012 ж. №7. 54-55-бб.
4. Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томник. - Алматы, Ел-шежіре, 2011.-407 с.
5. КР ПМ. 811-қор, т-24, іс-243. 7-17-пп.
6. Россия и Центральная Азия. 1905-1925 гг. Сборник документов / Авт.-сост. Д.А.Аманжолова. Караганды, 2005.-495 с.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯ

(XX ғасырдың 20-30-жылдары)

Танакөз ЖАҚЫПОВА,
Қазақ инновациялық-гуманитарлық
заң университетінің PhD докторанты,
Айгүл ӘДІЛБАЕВА,
тарих ғылымдарының докторы

XX ғасырдың 20-30-жылдары саяси оқиғаларға, науқандарға толы. Азамат соғысы тұсында салықты салғыртпен алмастырып, осыдан туындаған қарсылықтарға қарамастан, армияның есебіне деп шаруаның қолындағы бар азығын тартып алу олардың жағдайын әбден қиындатқан болатын. Халық арасында ірілі-ұсақты толқулар белең алып, үкіметтің саясатына қарсылық танытқандардың қатарында тек қазақ шаруалары ғана емес, өзге этнос өкілдері де болды. Олар салғыртты өнімдей беруге наразылық танытты. 1921 жылы салғыртқа Қостанай, Семей және Ақмола өңірлерінде қарсылық жасалды [1, 143-144-бб.].

1920 ж. 26 тамызда В.И.Ленин мен М.И.Калинин қол қойған «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декреті бойынша Семей облысына Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан, Қарқаралы уездері кірді [2, 251-252-бб.]. Декретте көрсетілгендей, Омбы уезінің нақты Қазақ және Сібір бөлігіндегі шекарасын айқындау Қазақ ревкомы мен Сібрревкомының келісімімен шешілетін болды және осы екі облыс түпкілікті басшылық орнағанша уақытша Сібір ревкомында қалатын болды. Бірақ Ақмола мен Семей облыстары 1921 жылдың бірінші жартысына дейін Сібір ревкомына бағынып келді. Аталған екі облысты Қазақ өлкесіне қайтару жайы бірнеше рет қарастырылды [3, 52-б.].

1920 жылы жүргізілген Бүкілресейлік санақ материалдарына сүйенсек, Қазақ АКСР-да 38 өзге ұлт өкілдері өмір сүрген екен. Солардың арасындағы сан жағынан көбі неміс ұлт өкілі болды.

Қазақстанға келген 62 760 неміс ұлты 8 аймаққа орналастырылған. Солардың арасында Ақмола облысына 22 348 адам (35,6%), Семей облысына 7 837 адам (12,5%), Қостанай облысына 16 471 адам (26,2%), Орынбор губерниясында 12 988 (20,7%), Ақтөбе облысына 2 233 (3,6%), Орал облысына 820 (1,3%), Торғайға 9,0 (0,0), Бөкей ордасына 54,0 (0,1%) орналасқан екен [4, 17-б.].

Бір уақыттарда түрлі себептермен Шығыс Түркістанға босып кеткен босқын қазақтардың өзі 1920 жылдары қазақ жеріне қайта орала бастаған. Шығыс Қазақстанның бір Зайсан уезінің өзіне 1,5 мың отбасы қайтып оралған [5, 59-б.].

1920 жылдың 28 тамызындағы Бүкілресейлік санақ санына сүйенсек, Семей губерниясында 1 125040 адам болып, оның 598 077-і еркек, 526 963-і әйел болған. Оның ішінде ауылды жерде 1 028521 адам мекендесе, қалалы жерде 96519 адам тұрды [6, 11-13, 15-17-бб.].

1921 жылы Семей губерниясынан 271 887 адамның Алтай губерниясына қосылып кеткендігін көлтіреді. Жалпы 1917-1920 жж. оның көрсетуінше, Семей губерниясында 1917 ж. қала халқы 100 пайыз болса, ал 1920 ж. 134,4 пайызға өскен. Ауыл тұрғындары 1917 ж. 100 пайыз болып, ал 1920 ж. керісінше 76,2 пайызға төмендеген. Сөйтіп, Семей губерниясындағы халық саны -20,1%-ке азайыпты [7, 5-6-бб.]. Бұған Азамат соғысы әсер еткені белгілі.

Қала халқының өсуінде үлкен лек пайда болды. Негізінен Қазан төңкерісінен кейін Семей губерниясында

Семей қаласынан басқа, Өскемен, Павлодар, Зайсан, Қарқаралы сияқты уездік орталықтар мен уездік емес Көкпекті қаласы болған. 1920 жылы бәрін қосқанда 15792 адамы бар қала түріндегі Риддер, Зырян сияқты поселкелер бой көтерді [7, 6-б.].

Дегенмен, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық республикаға үлкен қайғы-қасірет әкелді. Қазақ Орталық статистикалық Басқармасы ҚКСР далалық өлкесіндегі ашаршылықтың болуының себебін 1918-1919 жылдардағы Азамат соғысынан кейінгі шаруашылықтың күйреуі, бандитшілдіктің шығуынан деп тұжырымдады [3, 63-б.].

Аштықтың шығуына байланысты сол кезде статистиктер, ғалымдар түрлі пікірлер білдірген. Мысалы, Н.И.Мардаровский аштықтың шығуына өлкеде болған қуаншылық әсер етті десе, ал сол кездерде Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы болған, аштықты ауыздықтауда үндеу жариялап, өзі басшылық еткен С.Мендешев 1918-1920 жылдары болған Азамат, қуаншылық, жұт себепші болды деп тұжырымдаған [8, 10-11-бб.].

Ғалымдар Г.Ф.Дахшлейгер мен К.Нұрпейіс те аштықтың қасіретін ашып көрсетуге тырысты. Г.Ф.Дахшлейгер аштықтан жүздеген мың адамдар ашыққандығын, әсіресе, оған көшпелі аудандар іліккендігін, жем-шөптің жоқтығынан малдардың қырылғандығын айта келе, аштықпен күресуде өте ауыр жағдайда жүргізілгендігін келтіреді [1, 152-153-бб.]. Ал К.Нұрпейіс: «Аштық пен жалаңаштық, эпидемия, емдеу мекемелерінің жетіспеушілігі аурулардың өлім-жітіміне ұшырауын көбейтті», – деп жазады [9, 218-б.].

Ауыр жағдай туындаған кезде Семей мен Ақмола губерниясынан әжептәуір астық жиналды. Алайда бұлардың бәрі партия және кеңес ұйымдарының қатаң бақылауында болып, ашыққан қазақ губернияларына емес, ашығып жатқан Ресейге көмек ретінде жіберілді. Батыс губерниялардағы аштыққа шыдамаған шаруа-қоныстанушылар өздерінің келген жерлеріне, Украинаға, аштықтан аман деген өлкелерге, Түркістанға қарай босып кете бастады.

Ақмола мен Семей губерниялары аштық өңіріне енгізілмегендіктен, тамақ іздегендердің басымы осы өлкеге қарай ағылды. Аштықты жылдардың алдында яғни 1920 жылы Семей губерниясында 101 331 қала тұрғыны болса, аштықтан кейін 121 851 адамға, пайызбен көрсетсек, 20,3%-ке өскен. Керісінше бұл жылдар аралығында ауыл тұрғындарында сәл азаю үдерісі жүрді. Мәселен, 1920 жылы ауыл халқы 946473 адам болса, ал 1923 жылы 937056-ға түсіп кеткен, яғни 1,0-ға азайды.

Қазақстанның ішкі өңірінен босып келуінің нәтижесінде, губерния халқы 1,1 пайызға көбейді. Нақты санмен көрсетсек, 1920 жылы 1 047804 болған губерния халқы, 1923 жылы 1058907-ге жетті.

1920-1924 жылдардағы Қазақстан халқының динамикасына тоқталсақ, ішкі миграцияның есебінен Семей губерниясының халқы 21 мың (3,7%) адамға көбейген. Бұл 1920 жылы губернияда 565972 адамның 1924 жылы 605802 адамға өскендігін білдіреді [7, 10-11-бб.].

Бұл жерде біз, аштық жылдары Семей губерниясы аштық нәубетіне ілікпеді дей алмаймыз. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, ашаршылық жылдары Семей мен Ақмола губерниялары Батыс өңіріне қарағанда қатты аштық тынағына іліккен жоқ. Сол кездерде Семей губерниясына Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері қараған болатын.

Семей мен Ақтөбе губерниялары да аштықтың алғашқы күнінен бастап, басқа губерниялардан босып келгендерге көмек қолын созды. Төтенше комиссияның 1921 жылғы 6 тамызындағы отырысында Семей мен Ақмолада аштарға көмек қолын созу, губерниядағы барлық ұйымдары көмек жұмыстарына жұмылдыру, аштар үшін жылу жинау мен оны ашыққандарға үлестіру міндеттері жүктелді [3, 213-6.].

Ашыққандар осы екі губернияға қарай шұбырды. Босқындардың Семей губерниясына келуі 1921 жылдың шілдесінде басталды, 1922 жылдың 1 қаңтарына дейін губернияға 14198 босқын келген екен. Бұларды бір талайы санитарлық поездармен жетсе, көпшілігі жау-жалпы шұбырған. Күннің қатты суығынан, киімдердің жұқалығынан, азықтың жоқтығынан босқындардың көбін жолда қырылды. Ашыққандардың басымы көп жағдайларда қалалы мекендерге қарай шұбырды. Тамақтанатын асханалар, базарлар, дүкендердің жанында топ-топ болып, қайыр тілегендерден аяқ алып жүру мүмкін емес еді.

Архив деректеріне сүйенсек, Семей қаласы бұл босқындарды қабылдауға дайын емес еді. Дегенмен, аш шұбырғандарға бір уақыт ыстық тамақ берілді. Бастапқы кездерде 500 босқын адам тамақтандырылса, уақыт өте келе оның қатары азая түсті. Оның өзіндік себебі бар еді. Губерния тұрғындарынан жиналған азық-түлік Орынборға жіберілген болатын [9]. Семей губерниясынан ет, астық және басқа тауарлар Повольже, Башқұртстанға жіберілген. Мәселен, 1922 жылдың қаңтарында Семейден 225 вагон азық-түлік Саратов, Самара, Қазан, Мәскеу қалаларына жіберілген. Мәскеуге 170 вагон жөнелтілді [10].

Бұл босқындардың арасында Украина, Ресейден келгендер көп болған. Оларды орналастыру мәселесі қолға алынды. Губерния шекарасы маңына босып келгендер сол араға орналастырыла бастады.

Немістер 1921-1922 жылдары аштыққа ұшырай қоймаған Ақмола мен Семей өңіріне қоныстандырылған. Аштықтың алдындағы және аштықтан кейінгі жылдардағы қала халқының санының босқындардың есебінен көбейіп, көпшілігі сол жерлерде тұрақтап қалған. Оны 1897, 1920, 1923, 1926 жылдардағы халық санағынан бірден байқауға болады.

1-кесте. Халық санақтары бойынша Шығыс Қазақстанның қала халқының саны.

Қалалар	1897 ж.	1920 ж.	1923 ж.	1926 ж.
Семей	26,2	44,6	54,4	57,0
Өскемен	8,7	17,2	19,1	14,0
Зайсан	4,4	4,3	5,1	8,2
Қарқаралы	4,5	3,9	4,3	5,5
Павлодар	7,7	14,3	19,1	18,0

Бұған Риддер, Зырян қалаларындағы халықтардың саны енгізілмеген. Басқа өңірлерге қарағанда Шығыс Қазақстандағы қалалардың санының тез өскенін байқауға болады. Мәселен, 1920-1923 жылы халық санының өсуі 15%-ке жеткен [11, 57, 59-66.].

1923 жылғы санаққа сүйенсек, Қазақ АКСР-нде жалпы саны 3 801 521 ғана адам қалған. Олардың ішінде 446 323-і өзге ұлт өкілдері еді [12, 65-66-66.].

1923 ж. Семей өңірінде 15 822 татарлар, 68 573 орыс-

тар, 7849 немістер, 916 поляктар, 475 еврей, 779 венгр және 8714 басқа да аз ұлт өкілдері өмір сүрген [13].

1926 жылғы желтоқсандағы Бүкілодақтық санақ нәтижесіне сүйенсек, Қазақстандағы халықтың жалпы саны 6. 229,9 адам болып, оның ішінде 3. 627,6-сы жергілікті қазақтарды құраған (58,2%). Орыстардың саны 1.274,0-ге жетіп, 20,5 %-ті құраса, ал өлкедегі украиндықтар 860,2-ге жетіп, халықтың 13,8 процентін, немістердің саны 58,700-ге жетіп, 0,9 %-ті құраған. Сонымен қатар бұлардан да басқа аз ұлттар 408,5 - ға жетіп, 6,6 % болған [14, 15-46-66.].

1897 жыл мен 1926 жылдағы екі халық санағына сүйенсек, Қазақстанға өзге ұлт өкілдерінің келуінің өскенін байқауға болады. Қазақтар 234,8 мың адамға (107%), орыстар 820,7 мың адамға (281%), өзге ұлттар 993,1 мың адамаға (430%) көбейген екен. Бұдан республика халқының 2048,6 мың адамға көбейіп, 149%-ті құрағандығын көреміз, яғни өсім 1,5 есеге толыққан. Ал қазақтардың үлес салмағы 23,3-ке кемісе, ал орыстардыкі керісінше 9,6-ға, өзге ұлттардыкі де 13,7-ге артқан [11, 43-6.]. Бұлай болуының басты себебі, қазақ жерінде болған Азамат соғысының, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық екендігі айдан-анық.

1920-1927 жж. қазақ халқының өсу үдерісі 34,2% -ке, ал орыс және өзге ұлттар 14,3% -ке ғана өскен, 25,0%-ке ғана өскен [15].

Семей губерниясына қарасты ұлттардың санын төмендегі кестеден көруге болады. Губерния бойынша қазақтар 58,1% болса, өзге ұлттар 41,9 %-ті құрады. Алты уездердегі ұлттардың пайыздық мөлшерін төмендегі кестеден көруге болады.

2-кесте.

Уездер 1926 %/%	Пав- лодар қазақ	Қарқа- ралы қазақ	Семей қазақ	Өске- мен қазақ	Бұқ- тырма қазақ	Зайсан қазақ	Губ. бойынша
57,9	98,4	98,4	51,6	29,3	45,2	81,2	58,1
өзге	өзге	өзге	өзге	өзге	өзге	өзге	өзге
42,1	1,6	1,6	48,4	70,7	54,8	18,8	41,9

Кестеден байқағанымыздай, уездердегі қазақтардың пайыздық мөлшері біркелкі емес. Өзге ұлттардың ұлттық құрамына тоқталсақ, орыстар Өскемен уезінде 35,6%-тің, Семей уезінде 26,4%-тің, ал Бұқтарма уезінде 21,8%-тің құраған. Павлодар уезіне украиндықтар 48,6%-ті болып, уезд халқының 25%-ін құраған екен.

Павлодар уезінде 36,6% белорустар, 58,1% немістер мекендесе, ал Семей уезінде 25%-тей белоорустар, 38,8% татарлар және 32,2%-тей немістер орныққан. Бұл мәліметтер Семей губерниясының 1925-26 жылға арналған жылнамасынан алынды.

Семей губерниясына орыстардың келуі патша үкіметінің қоныстандыру саясатына жүргізіле бастаған кезде, яғни 1891 жылдан басталып, 1917 жылға дейін жалғасты. Алғашқы келгендер орыстар Өскемен уезіне, кейінгілері басқа уездерге шашыраңқы орналастырыла бастады. Губернияның алдында болашақта бейіт құрылыс белдеуі болатындықтан КСРО-ның халықтары тығыз орналасқан территорияларынан қоныстанушыларды әкеліп орналастыру мәселесі тұрды. Алғашқы бес жылдың ішінде жыл сайын 2,5% өзге ұлттарды, 1,28% қазақтарды орналастыруға болатын еді. Есеп бойынша 1932 жылы өзге ұлттар 10-11%-ті, ал қазақтар 7-8%-ті құрайды деген болжам жасалды. Халықтардың өсуі сондай қарқынды болмаса да, губерниядағы ауылшаруашылығын көтеруде олардың маңызы зор болды.

1926 жылдағы есепке сүйенсек, губерния аудандарындағы қазақтар мен өзге ұлттардың ішінде орыстардың пайыздары бірдей болды. Ал 1927 жылғы есепте, губернияда 708 984 қазақ, 519 346 орыс ұлт

өкілдері барлығы келтіріледі [16].

1925-1926 жж. жалпы Қазақстанда 407-і болыстық болса, Семей губерниясында 39 қазақ, 30 орыс, 7 казак және 5 аралас, барлығы 81 болыстық болды [17].

1926 жылғы ҚССР-дің ұлттық құрамы бойынша Семей губерниясының 6 уезінде жергілікті қазақтар мен орыстардан украин, татар, неміс, мордва, белорус, еврей, поляк және басқа аз ұлт өкілдері мекендеді. Оны төмендегі кестеден көруге болады:

Уездер	украин	татар	неміс	еврей	поляк
Семей	19427	9658	899	351	402
Павлодар	40812	1642	6738	34	102
Зайсан	626	1203	5	5	10
Қарқаралы	853	454	5	-	15
Бұқтырма	536	322	-	-	-
Өскемен	10931	1300	771	33	66

Бұл уездерде белорустан 544, мордвалардан 239 адам өмір сүрді [18].

А.Н.Алексеевның зерттеуіне сүйенсек, 1926 жылы Шығыс Қазақстанда өзге ұлттардан барлығы 1034 мың адам болса, оның 551 мыңы қазақ, 357 мыңы орыс, 85 мыңы украин, 13 мыңы неміс, 28 мыңы басқа аз ұлт өкілдерінен еді [7, 22-б.].

1926 жылғы халық санағының дерегінше, Семей облысындағы Семей, Бұқтырма, Зайсан, Қарқаралы, Павлодар, Өскемен уездеріне орналастырылған екен. Жалпы Семей губерниясында қазақтардан басқа өзге 190 этнос өкілдері мекендеген екен. Жергілікті қазақтардан басқа бұл ұлттардың арасында орыстар – 398 657, украиндар – 140 233, белорустар – 9644, поляктар – 759, чехтар мен словактар – 35, серб – 8, болгар – 1731, латыш – 440, литвалар – 70, немістер – 11 859, ағылшындар – 3, шведтер – 3, молдовандар – 102, мордвалар – 4790, шувастар – 538, татарлар – 18 765, бұхарлықтар – 182, қырғыздар – 2517, сығандар – 361, корейліктер – 27, шеркестер – 21, қытайлықтар – 71 болды. Барлығын қосқанда өлкеде 1 309 857 адам шоғырланған екен. Сонымен қатар санақ мәліметінше, губернияда 329 шетелдік азаматтар тіркелді.

Осы ұлт өкілдерінің 63,628-і және шетелдіктердің 110-ы Семей қаласында тұрған. Ал қалған 1 189 478 ұлт өкілдері мен 86-ы шетелдік азаматтар ауылды жерлерді мекендеді [19, 28-22-бб.].

1926 жылғы халық санағының мәліметінше неміс этносы Шығыс Қазақстанда 11859 адам болып, бұл 23,2 процентті, губерниядағы халықтың 0,90 пайызын құрады [20, 17-21-бб.].

Негізінде Шығыс Қазақстан территориясында ХХ ғасырдың басынан бес неміс поселкесі болған. Олардың төртеуі Змеиногор уезінде (қазіргі Шемонаиха ауданы), ал біреуі Өскемен уезіндегі Екатериновка поселкесі еді. Осы Екатериновка поселкесіне ХХ ғасырдың басында Вайскербер, Фрай, Штанг, Николаус, Пфо және т.б. католик дініндегі неміс отбасылары қоныстанған. Неміс отбасылары бастапқы орналасқан жерінен қатты желдің өтіне қалғандықтан көшуге мәжбүр болды.

Шығыс Қазақстанға орналасқан немістердің басымы лютерандар болды. Осы жердегі немістердің Кенигово (Кенюхово) колониясының атауы ағылшындардың кенішінде қызмет еткен неміс инженері Отто Кенигтің атымен байланысты. Ол Алтай округінің Бас басқармасымен 1902 жылы 20 наурызда келісімшартқа отырып, Том губерниясының Змеиногор уезіне қарасты Александровск болысына жақын Сугат селірінің мағынан ауылшаруашылығына пайдалануға жерді жалға алды. Бастапқыда жалға 6 жылға алынып, кейіннен

ұзартылды. Жалданған жер Кенигтің атымен аталып, бұл жерлерге немістер қоныстана бастады.

Семей уезінде Пруггер отбасы Семей уезінің Матвеевка селосына келіп қоныстана бастады. Бұдан кейін де бірнеше неміс отбасылары көшіп келіп осы жерлерге тұрақтана бастады. Шемонаиха селосының солтүстік-батыс үш неміс селолары қалыптасты [21, 17-19-бб.].

XX ғасырдың 20-жылдары неміс колонияларында шаруашылық жүйесін ретке келтіру іс-шаралары жүргізілді. Ауылшаруашылық басқармасы поселкелердің жерге орналастыру жұмыстарын қолға алды. 1923-1925 жж. Семей уезі Шемонаиха болысының Кенигов селосында жерді пайдалану мен жерге орналастыруды реттеу ұйымдастырылды. 1923 жылы осы жерлерге топограф Глушков осы жердің геодезиялық контурын жасады [21, 25-б.].

20-жылдардың соңында Шығыс Қазақстан территориясында қоныстанған бес неміс поселкелерінің 5 мыңдай десятин жері болды. Осы поселкелерде қанша неміс өкілдері тұрғандығын 1926 жылғы Бүкілодақтық санақ барысы арқылы білуге болады. Мәселен, Америка селосында – 109 адам, Дубрьда – 244 адам, Горкуновода – 196, Герасимовск селосында – 165 адам, Екатериновскде – 76 адам, Пороженск – 88 адам, Пруггерово – 75 адам, Зеленое селосында – 401 адам, Чудовск селосында – 213 адам, ал Сухая Балка селосында – 280 адам тұрған екен.

Жалпы, осы 1926 жылғы Бүкілодақтық санақ мәліметіне сүйенсек, бойынша Шығыс Қазақстан облысында 1732 немістер мекендеген. Бұлардың басымы селолық жерлерде, тек 18-і ғана Өскемен қаласында тұрған екен. Өскемен уезінде – 984, Семей уезінде – 615, Зайсан уезінде – 86, Бұқтарма уезінде – 47 неміс ұлт өкілдері мекен еткен [22, 7-б.].

Өзге ұлт өкілдерінен Семей губерниялық партия ұйымында немістерден коммунистік партия қатарындағы 15 мүшесінің 3-уі әйелдер болды. Бұлардың 10-ы нақты мүшесі болса, олардың 2-уі әйелдер еді. 5 мүшелікке кандидаттардың 1-і әйел азаматы еді [23].

Партия қатарындағы немістер Семей губерниялық атқару комитетінің ұйымдастырған арнайы дайындығынан өтіп, партиялық жұмысқа тартылды. Жалпы Семей губерниясының 1927 жылдың 1 қаңтарындағы есебіне сүйенсек, партия қатарындағы 5071-дің 3136-ы мүшесі, ал 1935-і партияға кандидат болды. Бұларды ұлт өкілдеріне бөліп көрсетсек, 1454-і қазақтар, 2624-і орыс, 551-і украин, 112-і татар, 19-ы неміс, 147-і белорус, 28-і поляк, 23-і мордва, 17-і еврей, 27-і латыш болды [24].

1927 жылы КСРО одақтас республикаларды әкімшілік-аймақтық аудандарға қайта бөлу жұмыстарды пәрменді түрде жүргізіле бастады. Семей облысына сол кезде 23 аудан қарады [25, 176-бб.]. Бұл әкімшілік-аймақтық аудандарға қайта бөлу ұлт құрамының өзгерісіне де әсер етті. Ұлттық өзгеріске сонымен қатар үкіметтің қабылдап отырған түрлі қаулы-қарарлары, жарлық-бұйрықтарының да әсері болған еді.

Кеңес үкіметінің 30-шы жылдары болған түрлі науқандар, саяси оқиғалар демография саласына үлкен өзгерістер әкелді. Жаппай саяси департациялаудың нәтижесінде Қазақстанға жер аударып әкелінген өзге этностардың қатары көбейді. Шығыс Қазақстанда да жергілікті ұлт өкілдерінің қатарына өзге этностар қосылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дахшлейгер Г.Ф. Избранные труды. – Алматы: Изд-во «Елтаным», 2015. – 616 с.
2. Образование КазАССР. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1957. 368 с.
3. Смағұлова С. Ашаршылық қасіреті. 1-кітап. – Алматы:

«Елтаным баспасы», 2019. – 272 с.

4. Немецкое население Казахстана в конце XIX–XX вв. (По материалам всеобщей переписи населения 1897–1999 гг.). Сборник/ Сост. Бургарт Л.А. Науч. Консульт. А.Н.Алексеевко. – Усть-Каменогорск, Универсаль. сервис. агентство, 2002. – 227 с.

5. **Базанова Ф.Н.** Формирование национального состава населения Казахстана в годы гражданской войны и восстановления народного хозяйства //Вестник АН КазССР.– 1979.– №1.

6. Предварительные итоги переписи населения 28 августа 1920 г. Труды ЦСУ.– М., 1921.1-т. Вып.2.

7. **Алексеевко А.Н.** Население Казахстана. 1920–1990 гг. – Алматы: Ғылым, 1993. – 126 с.

8. **Мардаровский Н.И.** Голод в Киргизии и борьба с недородами. – Оренбург, 1922.

9. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚРОМА). 320-қ., 1-т., 8-іс. 55-п

10. ҚРОМА. 224-қ., 2-т., 161-іс. 101-103-пп.

11. **Асылбеков М.Х., Галиев А.Б.** Социально-демографические процессы в Казахстане (1917–1980). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 192 с.

12. **Харлампович К.** Национальный состав КССР по переписи 1923 г. // Статистический вестник. – 1924. – №5.

13. Қазақстан Республикасы Президент Архиві (ҚРПА). 139-қ., 1-т. 693-іс. 52-п.

14. 1926 ж. Бүкілодақтық халық санағы бойынша құрылған: Т.8. М.1928. 15-46 бб.

15. ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы
16. ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы 152-1-667-211, 212-213, 219-пп.

17. 17 ҚРПА. 141-қ., 1-т. 876-іс. 14-п.

18. ҚРПА. 141-қ., 1-т. 970-іс. 1-п.

19. Всесоюзная перепись населения 1926 года. Казахская АССР. (Отдел I. Народность, родной язык, возраст, грамотность). Отдельный оттиск табличной части Т. VIII. – Москва: Издание ЦСУ Союза ССР, 1928.

20. **Краснобаева Н.Л.** Динамика численности и этнический состав населения Казахстана по данным I Всесоюзной переписи 1926 г. // Известия Алтайского государственного университета. – 2004. – №4.

21. Бургарт Л. Из истории немецких поселений в Восточном Казахстане (нач. XX века– 1941 г.). Усть-Каменогорск, 1999. – 72 с. 17-19-бб.

22. **Алексеевко Н.В.** Народы Восточного Казахстана. – Усть-Каменогорск, 1994.

23. ҚРПА. 141-қ., 1-т. 694-іс. 179-п.

24. ҚРПА. 141-қ., 1-т. 8804-іс. 7-12, 14-18-пп.

25. Справочник по административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 – декабрь 1936 г.). – Алма-Ата, 1959. – 176 с.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

АТЫРАУ БАЛЫҚ-ҚҰТЫ КОМБИНАТЫ

Ұлы Отан соғысы жылдарында

Болат НЫҒМЕТОВ,

тарих ғылымдарының кандидаты, С.Өтебаев
атындағы Атырау мұнай газ университеті

Кеңестер Одағы Жайық-Каспий бассейнінде балық өнеркәсібін қайта құруды өркендету ісінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1931 жылғы 29 қыркүйектегі «Ет және балық-құты өнеркәсібін дамыту туралы» қаулысының маңызы зор болды [1, 29-б.].

Аталған қаулы бойынша одақ көлемінде 23 жүзбелі және 36 жағалаулық балық-құты зауыттарының құрылысын салу белгіленген болатын. Оның ішінде, Гурьевте балық-құты комбинатын салу көзделді. Гурьев облысының балық өнеркәсібін дамытуды өкімет орындары үнемі назарында ұстап, мемлекет қорларынан балық зауыттарын салуға қаражат бөлді.

Сөйтіп, 1931 жылдың 4 қазанында Гурьев қаласынан 7 км жердегі ашық далада салтанатты түрде комбинаттың іргетасы қаланды. Жұмыс күшінің, көліктің, инженер-техниктер мен өндіріс жабдықтарының тапшылығы, ауа-райының қолайсыздығы, құрылыс материалдарының жетіспеуі, темір жол қатынасының жоқтығы құрылысты тез қарқынды жүргізуге кедергі болды. Соған қарамастан, құрылысшылар мен балықшылар тәулігіне 11-12 сағаттан жұмыс жасап, комбинатты мерзімінде іске қосу жолында қажырлы еңбек етті. Жұмыс күндіз-түні толастаған жоқ. Әсіресе, Досжанов, Бейімбетов, Сұлтанов басқарған құрылысшылар бригадалары еңбек етудің тамаша үлгілерін көрсетті. Досжанов жетекшілік ететін бригада жұмыс жоспарын айына 262 пайызға орындады.

1933 жылдың алтыншы қарашасында Гурьев балық-

құты комбинаты іске қосылып, алғашқы өнімдерін бере бастады. Комбинат өнім шығару көлемі жөнінен КСРО-да Астрахан балық-құты комбинатынан кейінгі екінші орында, дүние жүзі бойынша үшінші орында болды. 1934 жылдың өзінде Гурьев балық-құты комбинаты мемлекетке 25,2 мың центнер тоңазытылған, 200 центнер ысталған, бір мың центнер кептірілген балық пен 6 миллион құтылар өндірді. Облыстың халық шаруашылығында балық кәсіпшілігінің үлес салмағы 1939 жылдың өзінде-ақ 38 пайызға жетті [2, 229-б.]. Сол кездің өзінде-ақ Жайық-Каспий бассейні Кеңестер одағы үшін балық өнімдерімен қамтамасыз етуде стратегиялық маңызы бар өлке болды. Мұндай жетістікке қарапайым қазақ балықшыларының ауыр да қажырлы еңбегінің арқасында жеткендігі анық еді. Аталған тұста Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресінің басшысы болып ұзақ жылдар бойы Г.М.Жұмаханов қызмет атқарды. Балық өнеркәсібінің өркендеуіне алғашқы Қазақ КСР балық өнеркәсібінің халық комиссары Ш.Әбішев және Қ.Тастайбеков, Е.Жазықбаев, Ғ.Б.Қожақбаев сияқты өндіріс басшылары өз үлестерін қосты. Сол сияқты балықшы ұжымшарлардың шебер ұйымдастырушылары Х.Өтегенов, Қ.Ищанов, З.Ғұмаров, Қ.Құрмашев, Х.Сұлтанов, Қ.Жүсіпов т.б. көптеген азаматтардың есімдерін атауға болады.[3,14-15-б.] Ұлы Отан соғысы қарсаңында Гурьев облысының балық өнеркәсібінің жүйесінде қызмет атқарған мекемелер қатарында В.И.Ленин атындағы балық-құты комбинаты, Баутино балық

комбинаты, Шортанбай балық зауыты, С.М.Киров атындағы мемлекеттік балық аулау базасы, Жайық-Каспий тресінің екі балық өңдеу зауыты, Маңғышлақтағы Каспий аң-балық тресі, 8 жүзбелі балық зауыты, Моторлы-балық аулау станциясы, 63 ұжымшар болды. Олардың құрамында 20 мыңға жуық жұмысшылар, ұжымшаршылар мен қызметкерлер еңбек етті [4, 97-б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жайық-Каспий бассейндегі ең ірі кәсіпорын Гурьев балық құты комбинаты болды. Зауыт құрамына балық кесу, балық пісіру, балықты өңдеу цехтары енген. Комбинат шетелдік және отандық машиналармен жабдықталып, аса сапалы балық өнімдерін, қосымша цех ретінде тоңазытқыш цехы мұздатылған балық өнімдерін шығарды. Тоңазытқыштың балық қабылдау қуаты тәулігіне 600-700 центнер болған [5]. 1941 жылдың 10 шілдесінде облыстық партия комитетінің бюросы және облыстық еңбекшілер кеңесі депутаттарының атқару комитеті «Жайық-Каспий» мемлекеттік балық тресінің 1941 жылдың екінші жартыжылдығына арналған міндеттері мен бірінші жартыжылдықтың орындалуы барысы туралы» мәселе қаралып, қаулы қабылдады. Барлық балық өнеркәсібінің мекемелері мен ұжымшарлары жұмыстарын қайта құрып, «бейбіт кәсіпорындар болуы мүмкін емес, әрбір зауыт, әрбір мекеме соғыс қажетін қанағаттандыру үшін жұмыс жасауы керек» деп көрсетілді [6, 65-67-пп.].

Соғыстың алғашқы кезінде Республика балық өнеркәсібінің алғы болып есептелетін балық-құты комбинатының жұмысшылары кездескен қиыншылықтарды жеңе отырып, аса зор жігермен еңбек етті. Балық өндірісінің майталманы, Социалистік Еңбек Ері Айнаш Байжігітова осы қаһарлы жылдарды еске ала отырып: *«Әйтеуір балықты жас балалар мен қыздар бөшкемен тасып үлгеріп беріп тұрды. Біздің міндет – балық кесу. Бұл бір асқан мұқияттылықты, оған қоса шапшаңдықты керек ететін кәсіп. Мен бұл жұмысты көптеген жасқа үйреттім. Олардың көрген бейнеті босқа кеткен жоқ. Ақыры маңдай тері, төккен бейнетінің зейнеті жеңіс сағатын жақындатты»,* – деп әңгімелейді [7, 316-б.].

Балық құты комбинаты ұжымы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарына қарамастан, майдандағы жауынгерлерге балық тағамдарын үнемі жөнелтіп отырды. 1942 жылы 3 маусымда Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресінің ұжымшаршылары қоршаудағы ленинградтықтарға 2 вагон азық-түлік, 10 мың тонна кептірілген балық, 10 мың балық құтыларын, 12 тонна тұздалған балық, ал 1942 жылы мамыр айында Гурьев балық кооперативі мен балық құты комбинатының ұйымдастыруымен 590 кг уылдырық дайындалып, майданға жөнелтілді. Балық-құты комбинатының ұжымы 1943 жылы Жайық-Каспий бассейнінің өндіріс орындарымен бірлесе отырып, жоспардан тыс өндірілген 140 мың центнер балық өнімін КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетіне жіберді. Сыйлықты Орталық майданның қолбасшысы, армия генералы К.К.Рокоссовскийге Қазақстаннан барған делегация құрамында болған, комбинаттың даңқты уылдырық жасау шебері Жаңабай Сарбәпиев Жайық-Каспий балықшылары атынан тапсырды. Балық-құты комбинатының ұжымы Сталинград майданы кезінде аса зор патриоттық бастама көтеріп, өз еңбек ақыларынан 182,7 мың ақшаны «Казахстанский рыбақ» атындағы танк колоннасын жасауға аударды [8]. Шевченко, Новобогат, Гурьев және Теңіз аудандары Отанымыздың қорғаныс қорына жоспардан асыра ауланған мыңдаған центнер балық берді. Тек Микоян атындағы Гурьев балық ұжымшары 1943 жылдың өзінде-ақ жоспардан тыс 36 мың пұт балық тапсырған [9, 428-429-пп.].

1944 жылдың 1-тоқсанында 10 мың пұт, соғыс

жылдарында Гурьев облысының балықшылары қорғаныс қорына 1 200 мың пұт балықты жоспардан тыс өткізген болатын [10, 219-п.].

1944 жылы Гурьев балық-құты зауытының жұмысшылары мен қызметкерлері сапалы балық өнімдерін шығаруға күш салып, бүкілодақтық социалистік жарысқа қосыла отырып, 1944 жылдың жоспарын 7 қарашаға орындау; 1-ші тоқсанның жоспарын 250 пайызға орындап, жоспардан тыс тоқсанның аяғында 5000 центнер балық өнімдерін тапсыру; 2-ші тоқсанның жоспарын 25 мамырға орындап, жоспардан тыс 3 000 центнер балық өнімін тапсыру міндеттемелерін алды [11, 23-п.].

Міндеттемелерді орындау жолында балық-құты зауыты еселі еңбек ете отырып, жарты жылдық жоспарды 60 күн бұрын 1 мамырда орындап, жоспардан тыс 8 900 центнер балық өнімдерін тапсырған. 1944 жылдың бас кезінде балық-құты зауыты социалистік жарысты өрістетіп, жылдық жоспарды орындау үшін күресті. Жыл басында 8 комсомол жастар бригадасы ұйымдасып, жыл бойы бір-бірімен социалистік жарысқа түсті. Зауыт әкімшілігінің бұйрығымен жоспарды артығымен орындағаны үшін 108 үздік стахановшыға ақшалай сыйлық беріліп, 65 стахановшыға алғыс жарияланды. Бұл марапаттар еңбек өнімділігінің өсуі мен стахановшылар қозғалысының өрлеуіне мүмкіндік берді. Балық-құты комбинатының құрмет тақтасына 115 стахановшылардың аты жазылды. 1944 жылы орташа жұмыс нормасын стахановшы Б.Құбиева 195 пайызға, балық кесуші К.Есениязова 149 пайызға, слесарь Т.Қошқаров 184 пайызға орындады [11, 84-85-пп.]. Егер 1944 жылдың қаңтарында 100 стахановшы болса, социалистік жарыстың өрістеуіне орай, 1945 жылдың 1 қаңтарында стахановшылар саны 182 адамға жетті. Балық-құты зауыты жұмысшылары негізінен жастардан тұрды. Зауыттағы 485 жұмысшының 224-і он жеті жасқа дейінгі жастар болды [11, 48-п.].

Балық-құты зауыты ұжымы өз сертінде тұрып, 1944 жылдың жоспарын 5 қарашада орындап шықты. Соғыс жылдарында зауыт құтылар шығаруды арттыра отырып, балық құтыларын шығару жоспарын 1944 жылы 393 пайызға орындады [11, 58-п.]. Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау күндерінде комбинат ұжымы бүкіл халықтық социалистік жарысты өрістете отырып, комбинат жұмысшылары Отан Қорғау қорына авиоэскадрилья мен танк колонналарын жасақтауға ақша жинап, оны мемлекетке тапсырды. Мұны біз Москваға жолданған мына жеделхаттан айқын көреміз. Бұл телеграммада: *«Жаңа 1945 жыл фашист басқыншыларын түпкілікті жеңу жылы болу үшін, Жайық-Каспий мемлекеттік балық тресіне қарасты Гурьев балық-құты комбинатының жұмысшылары мен интеллигенциясы өздерінің жеке жинақтарынан Қызыл Армияның жеңіс қорына 612 мың сомның мемлекеттік заем облигациясын тапсырды. Бұл біздің Қызыл Армияның гитлерлік Германияны талқандауды жеделдетуге және Берлин үстінде жеңіс туын желбіретуіне көмегіміз болсын»,* – делінді. Ұжым Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің төрағасы И.В.Сталиннің құттықтауына ие болды. Жауап жеделхатта И.В.Сталин жолдас: *«Қызыл Армияның жеңіс Қоры үшін 612 мың сомның мемлекеттік заем облигациясын жинаған Гурьев балық-консерві комбинатының қызметкерлеріне өзінің туысқандық сәлемімді және Қызыл Армияның алғысын жолдаймын»,* – деген болатын [12-б.].

Ұлы Отан соғысы жылдарында комбинат ұжымы Қызыл Армия үшін жылы киімдер, балық тағамдарын жөнелтіп және Отан қорғау қорына, авиоэскадрилья мен танк колонналарын жасақтауға өзінің лайықты үлесін қоса білді.

Қазақстан еңбекшілері өздерінің жанқиярлық еңбегімен жауды талқандауға қомақты үлес қосты. Сондықтан да «Правда» газетінің 1943 жылғы 6 ақпанындағы бас мақаласында: «Қазақстан өз жерінің барлық байлығымен, өз тауларының асыл қазыналарымен майданды қуатты діңгектей тірел тұрды», – деп көрсеткен еді [13-б.]. Гурьев балық-құты комбинатының жүздеген ер-азаматтары қолына қару алып, Отанымызды фашистік Германия басқыншыларынан қорғауға аттанды. Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығын қорғауға аттанғандар қатарында: Кеңес Одағының Батыры Қ.Смағұлов, жұмысшылар Д.Жұмағалиев, А.Жақсылықов, С.Бисембиев, Н.А.Филатов, К.Жапаев, комбинаттың күзет және өрт сөндіру отрядының бастығы П.Матвеев, қатардағы отряд күзетшілері А.П.Бакиров, И.В.Максин, М.Төлешов, Т.Құбашев, Қ.Ақжігітов және тағы басқалары болды. Гурьев балық-құты комбинатының еңбеккерлері майдан мен тылда асқан зор ерлік пен қажымас еңбектің үлгісін көрсете отырып, Қызыл Армияның неміс-фашист басқыншыларын талқандауына лайықты табыспен жауап берді. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында қарапайым еңбек адамдарының қажырлы еңбегінің арқасында, майданға күндіз-түні балық өнімдері жөнелтіліп, жеңіс сағатын жақындатуға облыс балықшылары өздерінің сүбелі үлесін қосты.

РЕЗЮМЕ

В этой статье описывается становление Гурьевского рыбоконсервного комбината и значение рыбных продуктов для страны. Из архивных данных мы раскрываем героический труд рыбаков, который приблизил нашу

победу в годы Великой Отечественной войны.

Ключевые слова: Великая Отечественная Война, Гурьевский рыбоконсервный комбинат, рыбная промышленность, Советский Союз, Урало-Каспийский бассейн, Красная Армия.

This article describes the formation of the Guriev fish cannery and the importance of fish products for the country. From the archive data, we reveal the heroic work of fishermen who brought our victory closer during the Great Patriotic War.

Key words: The Great Patriotic War, Guriev fish cannery, fish industry, the Soviet union, Ural-Caspian basin, Red Army.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бакиев Ж.Б. Социалистическое преобразование рыбного хозяйства Казахстана (1917-1937 гг.) // Автореферат диссертаций к.и.н. – Алма-Ата, 1972. – 33 с.
2. Таным таразысында (мақалалар жинағы). – Атырау, 2006. – 313 б.
3. Нығметов Б. Жайық-Каспий өңіріндегі балық өнеркәсібі (1941-1991 жж.) Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018 ж. 224 б.
4. Уженов В.С. Каспий-край рыбацкой славы. – Алма-Ата, 1987. – 183 с.
5. Прикаспийская коммуна. – 1940. – 29 октября.
6. АОММ. 1-қор, 4-тізбе, 9-іс.
7. Сейтім Ә. Жеңісті жақындатқан жандар. – А., 2005. – 316 б.
8. Каспий таңы. – 1985. – 23 ақпан.
9. ҚРОММ. 544-қор, 1-тізбе, 6-байлам.
10. АОММ. 1-қор, 10-тізбе, 5-іс.
11. АОММ. 181-қор, 2-тізбе, 177-іс.
12. Прикаспийская коммуна. – 1945. – 17 марта.
13. Социалистік Қазақстан. – 1985. – 19 наурыз.

Артиллерия барлаушысы Нағи Батырдың ерлік іздері: тың деректер

Құндызай ЕРІМБЕТОВА,
ҚР БҒМ Ғылым комитеті Мемлекет тарихы
институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты



Кеңес Одағының батыры Нағи Ілиясов 1920 жылы Қазақ КСР-нің Қызылорда облысы Тереңөзек ауданы Қызыл Коммуна колхозының 8-ауылында кедей-шаруа отбасында дүниеге келген. Оның әкесі Ілияс Жәрімбетов 1932 жылы қайтыс болады. Арыс балалар үйіне осы мезгілде түскен болу керек. Осы жылдың соңында анасы мен әжесі үшеуі Ташкентте тұратын ағасы Ибадулла Нұрмұхамедовті паналап барады. Ол Ташкенттегі жоғарғы оқу орнында теориялық саяси экономика пәнінің оқытушысы болып жұмыс


атқаратын. 1933 жылдың басынан 1936 жыл аралығында Ташкенттегі № 5 балалар үйінде тәрбиеленеді. 1936 жылы ОАМУ-нің Рабфак-ның 2-курсына қабылданады. 1937 жылы Ташкент педагогикалық училищесінің үшінші курсына түседі. 1939-1941 жылдар аралығында Жоғарғы Шыршық ауданындағы Каганович атындағы бастауыш мектебінде тарих, қазақ тілдерінен сабақ береді, 1941-1942 жылдың қаңтар айы аралығында Тереңөзек ауданының Жәдігер орта мектебінде неміс тілі мен тарих пәнінен сабақ беріп, мұғалім болып жұмыс атқарады. Ол өзінің өмірбаянында: «1942 жылдың қаңтар айында Ұлы көсем Сталиннің Отан қорғауға шақырған үндеуінен кейін мен Қызыл Армия қатарына қабылдандым. Даярлықтан өтіп, 152-ші атқыштар бригадасының дербес артиллериялық дивизионының барлаушысы болғанын» жазады. 1942 жылдың 14 қаңтарында Қызыл Армия қатарына қабылданған. 1942 жылдың 5 қазанынан бастап майдан алаңындағы ұрыстарға қатысады. 1943 жылдың 19 қаңтарынан БК(б)П мүшесі. 1943 жылдың 3 қыркүйегінен бастап Оңтүстік майдан құрамында, 1943 жылдың 15 ақпанынан І-ші Украин майданы, 1944 жылдың 29 қыркүйегінен ІІ-ші Украин майданы құрамындағы 46-шы армия 99-шы атқыштар дивизиясының 473-ші артиллериялық полкінің 2-ди-

визионының ефрейторы, аға барлаушы, барлау бөлімінің командирі, артиллерист-барлаушылар сержанты ретінде шайқасқа қатысып, елге Батыр болып оралды. Ол екі рет: арқасынан және аяғынан (18.7.1943 ж., 5.12.1944 ж.) жараланған.

1942 жылдың 1 қыркүйегінде Оңтүстік-Батыс майданындағы Астраханнан 80 шақырым жердегі Халхута деревнясы түбінде 152-ші атқыштар бригадасының жеке артиллериялық дивизионының барлаушысы Нағи Ілиясов Еділге таяған жау әскеріне қарсы ұрысқа қатысады. Қарсыластармен болған жойқын ұрыс таңғы 4-тен күндізгі 2-ге дейін жалғасты, бұл уақытта атқыштар бригадасы қарсы шабуылға көшіп 10 шақырым алға жылжыды. Нағи Ілиясов барлаушы-артиллерист ретінде алдыңғы шепте өзінің артиллериясымен жаудың от лауған жалынды көздері мен құралдарын жоя, дұшпанның танктеріне қарсы оқ жаудырып, олардың жаяу әскерлері мен автоматшыларын жан-жаққа ыдыратты және өзінің үшінші батальонына жауға қарсы шабуылға шығатын жолын ашып берді. Жаудың екпіні тоқтатылды. Осы ұрыста қолданған әскери шеберлігі үшін 1-қыркүйек күні кешке Нағи Ілиясовқа бригада командирі мен дивизион командирі алғыс жариялаған болатын. Жауға қарсы қорғаныс шебін жауынгерлер 19 қарашаға дейін ұстап тұра алды. Қызыл армия әскерінің Жоғарғы Бас қолбасшы бұйрығымен 1942 жылдың 19 қарашасында барлық майдандар қарсы шабуылға шықты. 152-ші атқыштар бригадасы жау әскерінің теріскей қапталына орналастырылды, олардың тыл беті болатын. Бірақ бұл тұсқа қарсыластардың Батыстан Элиста жағынан резервтік мотомех бөлімдерін жылжытып тартылған болатын. 11 адамнан тұратын кеңес барлаушылары дұшпанның жіберген мина жарылысына тап болды, осы сәтте Нағи Ілиясов сол жақ құлағынан жараланды да контузия алды. Барлаушы-артиллеристер оларға қарсы биіктікке келіп бекінеді де, жаудың 8 танкісін, 17 автокөлігін, танкінің соңынан ерген техавтоматшылар қысымға түскенде, естері тана қаша қаша ежелді. Осы үш күнге созылған күресте 152-ші атқыштар бригадасы дұшпан әскерін қуалай, Батысқа қарай 40 шақырым алға жылжыды. Қызыл Армия әскері қарсы шабуылды жалғастыра Зимовник, Элиста, Пролетарска, Сальска, Батаеска, Дондағы Ростовты алып, 1943 жылдың 14 наурызында Таганрог түбіндегі Миус өзеніне дейін жетті. Бұл жерде немістердің мықты нығ айтылған қорғаныс шебі бар болатын.

Осы ұрыста Нағи Ілиясов «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. «Из Приказа подразделения № 11/н от 13.04. 1944 Награждаю медалью «За отвагу». «Разведка Управления 2 д-на 473 артиллерийского полка, ефрейтора Ильясова Нагия. За то, что он в боях за гор. Тарнополь 31.3.44г. одним из первых в числе штурмующих ворвался на окраину города и ведя разведку обнаружил: 1 мм комстную 1 артиллерийскую батарею и 10 пулеметных точек, которое было уничтожено огнем дивизионов. Чем было обеспечено продвижение пехота вперед».

Мамыр айында 152-ші атқыштар бригадасы қорғанысқа Ворошиловград түбіне орналастырылды. Мұнда Бас қолбасшы бұйрығымен **152-ші атқыштар бригадасы** қайта құрылып, атқыштар дивизиясы деп аталды. Нағи Ілиясов **99-шы атқыштар дивизиясының 473-ші артиллериялық полк** құрамына аға барлаушы ретінде қосылды. Бұдан кейін 473-ші артиллериялық полк қалтарыста тұрған станция түбіндегі Есеп бөлімін ауыстырды. 1943 жылы 14 тамыз-



Әскери іс-қимыл - Тернополь бағыты.

да дивизия Сталин облысы «Политотделец» колхозы ауданына орналастырылды. Қарсы шабуыл операциясы алдында 1943 жылдың 15-17 тамызы аралығында үш барлаушы Богатырев Николай, Кузнецов Борис, Нағи Ілиясов алдыңғы шепте қарсыластар қорғанысының алдыңғы шебін барлады. Артдаярлық өткізілді. Нағи Ілиясов қарсыластардың қорғанысын бұзып-жарып өткен мезгілде алдыңғы шепте оқты нысаналай алды, дұшпанның пулеметі мен минометтік батареясын, 1 ДЗОТ және взводқа жуық жаяу әскер жауынгерлерін жойды. Дәл осы ерлігі үшін Кеңестер Одағы Жоғарғы Кеңесі Президиумы Жарлығымен Н.Ілиясов **«Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен** марапатталды:

«ВЫПИСКА ПРИКАЗА

По 473 Артиллерийскому полку 99-й Стрельковой дивизии.

22 августа 1943 года № ¾ Действующая армия

От имени Президиума Верховного Совета Союза ССР награждаю: медалью «За боевые заслуги» старшего разведчика П-го дивизиона ефрейтора Ильясова Нагия за то, что он 17 и 18 августа 1943 года в районе колхоза Полит отделец Сталинской области во время прорыва обороны противника, находясь на переднем крае обнаружил и корректировал огонь, уничтожив пулемет, миномет, один ДЗОТ и до взвода пехоты противника.

1920 года рождения, член ВКП(б), казах, призван в Терен-Узякской РВК.

Домаш. адрес: Кзыл-Ординская область, Терень-Узякский район, аул № 8.

п.п. Командир полка

Подполковник: /Кафтанюк/

Верно: Завдел.

Ст. сержант /Марин/.»



2-6928. Танкке қарсы құрылғы есебінің алдыңғы шепке орналасуы.

Жау әскері үлкен бөлімдерінен айырылып, шығынға ұшырады, оның ізінен қуған кеңес жауынгерлері Макеевканы, Донбастың жүрегі – Сталиноны, Шестяковоны алып, Запорожьяға жетті. Осы жерде дивизияға демалыс жарияланды. 1943 жылдың 25 қыркүйегі күнгі Атқыштар дивизиясы (АД) 473 артолқы бұйрығымен Нағи Ілиясов № 33 «Отличник разведчик» төсбелгісімен марапатталды. 1943 жылдың қақаған қыс айында кеңес әскері жаудың қорғанысын бұзып, 24 желтоқсан күні қарсы шабуылға көшті. 1944 жылдың 1 қаңтарында дивизия Житомирді жаудан азат етіледі, осы ерлігі үшін дивизияға **«Житомирлік дивизия»** атауы берілді. Бұдан соң Старокопстантинов-ке тікелей шабуыл жасалды. Бұл шайқас үшін **дивизия «Жауынгерлік Қызыл Ту» орденін** алды. Қанды майдан болған шайқастардың бірі Тарнополь түбінде болды, АД-сы дұшпан әскерінің мықты күшіне шабуыл жасай, орағыта айла-тәсілмен Тарнополь қаласын қоршауға түсірді. Сәуір айының басында дивизия қаланың Оңтүстік-Шығыс тұсынан тіке шабуылға шықты, жауынгерлер қолдарына зеңбіректері мен қаруларын сүйрей қондырғыдан тікелей көздей жау әскерін жапыра жайрата түсіп, жеке қаруларымен қалаға кірді. Бірнеше күндізгі түнгі және күндізгі шиеленіскен көше ұрыстары нәтижесінде екі генерал мен 15,0 мыңға жуық неміс солдаттары мен офицерлерін жойып, тұтқынға түсіріп Тарнополь қаласын алды. Кеңес әскері күннен күнге алға қарай жылжып, Германия шекарасына жақындай түсті. Ежелгі қалалардың бірі Львов маңында дұшпан әскерімен кескілескен ұрысқа қатысады. Әскери өмірінің естен кетпес тарихы ретінде Львов үшін болған ұрысты Н.Ілиясов былайша еске алады: *«...Я совместно, Ланчук и Паромоновым будучи на разведках на самой передовой линии в лесу под деревней Гутоверхобужи двигаясь то ползком, то бегом сквозь ураганные огни и минные взрывы противника захватили живыми 17 немецких фашистов и доставили в штаб. В село гутоверхобужи было занято нами, но немцы пытались приостановить наше продвижение контратаковали нас при поддержке орудий самоходки танков. Здесь при отражении этих атак фашистской армии в ожесточенном бою 17 июля 1944 года я был ранен в спину в 3-х местах. И когда старишина медицинской службы вынес меня из поля боя, и занес в этом селе церковь, я перевозимая боль, спросил его, не прошли ли немцы? Он ответил:- что немцы не прошли лежи спокойно».*

Осылайша, далалық госпитальге түскен Н.Ілиясов үш күннен кейін оның көңілін сұрай келген, өзімен 1942 жылдың қаңтарынан бастап бірге ұрысқа қатысып келе жатқан майдангер досы майор Семенов қаруласының Жоғары мемлекеттік марапат – **Үшінші дәрежелі Даңқ орденімен** марапатталғанын жеткізеді.

Полк командирінің 04.09.1944 жылғы № 23/н бұйрығынан:

«Во время боев за населенные пункты Баткув, Гута-Пеняцкая и Гута Верхобуска Львовской области с 14.7. 1944г. по 18.7.1944 г. неоднократно обнаруживал отдельные группы вражеских солдат, которые уничтожались огнем дивизиона, в результате чего пехота успешно выполняла задачу. В селе Гутта-Верхобуска группа автоматчиков противника пошла в контратаку на командный пункт 197 стрелкового полка т. Ильясов с группой разведчиков заняв оборону, отбили контратаку, уничтожив 10 немецких солдат. В этом бою тов. Ильясов был ранен, но не покинул поля боя, пока атака немцев не была отбита»

Предан делу партии Ленина-Сталина и Социалистической Родине.

Достойн правительственной награды орденом

«Славы III Ст.»


Командир полка Искурат. 28 июля 1944 г.»

Бір айдан кейін өзі ем алып жатқан далалық госпиталь маңынан жөндеуден өткен өздігінен жүретін артиллериялық қондырғы құрылғыны көрген Нағи Ілиясов, жарақаты толықтай жазылмаса да өзінің дивизиясына майдан даласына бағыт алады да Польшаның Жешув қаласы түбінде қуып жетеді. Жешув және Демиц қалалары үшін болған ұрысқа қатысады. 1944 жылдың 3 қыркүйегінде корпус жауынгерлері тыныс алуға шығарылады. Араға бір ай салып, корпус Румыния арқылы Венгрияға жетеді. 1944 жылдың 5 қарашасында Будапештке 17 шақырым қалғанда Диалпуста стансасы түбінде немістердің іріктелген СС-тің дивизиялары, «Ұлы Германия» деп аталған танк дивизиялары және Берлин гестаполық полициясынан құрылған полктармен ұрысқа түседі. Майданның дәл осы ұрыс даласында Нағи Ілиясов бірнеше күнге созылған қанды шайқасқа қатысады, қараша айының екінші жартысында оның дивизиясы жедел Дунайдан өту мақсатындағы тапсырма бойынша Будапештті азат ету үшін өзеннің теріскей қапталындағы жауға қарсы ұрысқа жұмылдырылды. 1944 жылдың қараша айының соңында Н.Ілиясовқа, қасына екі барлаушы және бір байланысшы қосып, Дунайдың солтүстік жағалауындағы дұшпанның барлық оқ атылатын нысаналы нүктелерін, қорғаныс құрылғыларын, ату құралдарын бақылау және айқындау тапсырмасы берілді. Олар түнделете жүріп Дунайдың солтүстік жағалауына жетеді де өздерінің жеделдетіп бүркемелеп жасаған бақылау пунктіннен жан-жаққа бақылау жасай бастайды. Бір апта бойы жаудың әскери күштерінің орналасуын бақылаған олар, дивизия командирі берген тапсырманы толықтай орындайды. Күндіз қауіпті болатын, бұл мезгілде немістер оң жағалау биіктігіндегі өздерінің бекіністерінде үнемі тап-жылмай отыратындықтан, қажетті азық-түлік үшін полк штабына тек түнгі мезгілде жіберілетін. Осылайша кеңес барлаушылары Дунайдың сол жағалауындағы биіктікке қол жеткізді.

1944 жылдың 3 қарашасында дивизия командирі, генерал майор Сараев Нағи Ілиясовты шатабқа шақыртады. Нағимен бірге оның қаруластары майор В.И.Семенов, аға лейтенант А.М.Амасенков, барлаушы П.Д.Паромонов, лейтенант Шаров та келді. Олардан бұрын дивизия командирімен бірге Бірінші атқыштар полкының екінші батальонының командирі, лейтенант - Забабонов, 2-батальонның 2-рота командирі, лейтенант – Поляков келіп отыр екен. Дивизия командирі жиналғандарға 1944 жылдың 4-нен 5-ші желтоқсанға қараған күні Дунайдан өту қажеттігін және эшелонда алғашқы болып Дунай өзенін кесіп өтетіндер: екінші рота батальон командирі Забабоновтың басшылығымен, 473 артолқтың 2-дивизионы артиллеристерімен Семенов, 2-дивизионның 6-батальонының командирі лейтенант Шаровтың, 2-дивизионның барлаушылар басшысы аға лейтенант Амосенко, барлау бөлімінің командирі Ільясовтың басшылығындағы екі барлаушы, үш байланысшы, екі радис өзеннен өтетіндігін жеткізді.

1944 жылдың 5 желтоқсанына қараған түні 23 сағатта Дунайдың сол жағалауына жеткен соң, Ілиясовтың барлау бөлімі қайыққа отырады. Бұл 13-ші нөмірлі оң қапталдағы барлау бөлімі болатын. Шартты тапсырмаға сәйкес қайықты суға түсіргенде жоғарыға жасыл ракета, Дунай өзенінің ортасына жеткенде қызыл ракета ұшыруға міндетті болатынбыз, бұл мезгілде Дунайдың сол жағалауындағы артиллерия біздің арқа тұсымыздан Дунайдың оң жағалауына бекінген немістер орналасқан биіктікке қарсы оқ жаудыруы тиіс.


Барлаушылар бөлімі Дунайдың оң жағалуына жеткенде жоғарыға ақ ракета жіберулері міндет болды. Нағи Илиясов бастаған бөлімнің жоғарыға атқан бірінші жасыл ракетасы көрініс бергеннен немістер оларға қарсы пулеметтерімен оқ жаудырды бастады, ал қызыл ракетаны көргенде қарсыластар өздеріне қарсы атылған оққа қармастан оң жағалаудағы бекіністегілер жылжып келе жатқан барлаушыларды көріп бұрынғыдан да бетер жақыннан минометтік, шоғырлата пулеметтік оқтың астына алды. Барлаушылар бөлімі оң жағалауға жеткен сәттегі ақ ракета белгісінен кейін кеңес артиллериясы оқ атуды тоқтатты. Бірақ бұл мезгілде жау әскері бұрынғыдан да бетер барлаушылар тобына қарсы автоматтармен, пулеметтермен оқ жаудырып, граната лақтыра бастады. Қос тараптың атысы басталды. Осы сәтте кеңес әскерінің жауынгерлері көп шығынға ұшырайды. Қарсыластардың алдыңғы қапталы мен сол қанатының, оның оң қанатымен салыстырғанда мықты қорғанғаны айқын болды.



46-шы армия 99-шы атқыштар дивизиясының әскери қимыл бағыты

Нағидың барлаушылар тобы атыс жүргізе, түнішінде дұшпанның траншеясын алу мүмкін болмағандықтан, өзімен қоса құрамында 7 адам дөңгің етегіне бекінеді. Олар үнсіз еңбектей оңға бағытқа қозғалады да тар шатқалды тауып соған жетіп, оның бойымен жоғары жотаға жеткен кезде неміс траншеяларын байқап қалып соған қарай жүгіреді, оған граната лақтыра автоматпен оқ жаудыра траншея ішінде ұрысқа түседі, қарсыластарды траншеядан ығыстыра, бірнеше ондаған дұшпанның көзін жояды.

Бұдан соң барлаушылар траншеядан шыға жүгері егілген егістіктің арасымен Будапешт және Ерши тас жолына дейін жетті де, сондағы бұталардың түбіне жата қалады. Бірнеше минуттан кейін барлаушылар Будапештен Ершке бағытталған оқ-дәрі тиелген 17 арбаның қозғалысын байқайды да, бір-бірінен 40 метр қашықтықта орналасқан барлаушылар жан-жақтан гранаталарды лақтыра, денелерін бүркей жата қалады. Осылайша осы жерде дұшпандар атылды, жойылды, тұтқынға алынды. Олардың барлығын штабқа жеткізу де мүмкін болмайтын. Одан әрі барлаушылар жақын жердегі Маренахаза деревнясына бағыт алады, оған жете бере моторлардың гүрілің естиді, бұталардың түбіне жата қалып елді-мекеннің шығыс бөлігіндегі кеңес әскерінен қаша шегініп келе жатқан дұшпанның автокөліктерін жақынырақ өткізіп жіберіп, 9 автокөлікті жарып жібереді. Мұнан соң селоға кіргенде қашып үлгірмеген неміс әскері күштері және олардың штабының үстінен түседі. Оған қарсы



Нағи Илиясовтың Марапат парағы. 12 желтоқсан 1944 жыл.

оқ жаудырылып жан-жаққа ыдыратады да, 5 қару-жарақ қоймасын, 3 азық-түлік қоймасын қолға түсіреді.

Осы сәтте Нағи Илиясов аяғынан жараланады, ол ұрыс даласын тастамастан, жарасын таңып Будапешт-Ерши темір жолы желісіне шығып, 61 биіктікті алуға қатысады. Бұл плацдармға өзге де кеңес әскерінің құрама күштері келіп жетті. Осылайша, Нағи Илиясовтың барлау бөлімі қолбасшылықтың тапсырмасын орындап шықты. Тапсырманың мақсаты: Дунайдың оң жағалауындағы плацдармды алу болатын. Осыдан кейін ғана Нағи Илиясов емделуге санбақа кетті.

1945 жылдың 24 наурызындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен ефрейтор Нағи Илиясовқа Ленин ордені және «Алтын Жұлдыз» медалімен қоса, Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Жауынгерлік ерлігі туралы қысқаша мәлімет:

«При форсировании реки Дунай в ночь на 5 декабря 1944г. в районе, 25 километров южнее города Будапешта тов. Ильясов первым высадился на правый берег Дуная и ворвавшись в траншею противника гранатами и огнем личного оружия уничтожил 10 немцев, будучи ранен в этом бою не ушел с поля боя. При овладении селом Маренахаза тов. Ильясов несмотря на ранение в числе первых ворвался в село и огнем личного оружия и гранатами уничтожил 6 немцев и захватил радиостанцию противника.

При отражении попытки немцев выбить нашу пехоту из села тов. Ильясов вместе с пехотным подразделением отражал эту контратаку противника уничтожив 4 немцев, чем способствовал отражению контратаки противника.

Предан делу партии Ленина-Сталина и Социалистической Родине.

Достоин присвоения звания Героя Советского Союза.

Командир полка, подполковник Чинашвили
12 декабря 1944г.

7 подписей

Гл. Упр. Кадрами НКО СССР, 2-е Упр-е, 1944 г.»

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылдың 24 наурызындағы Жарлығымен, неміс басқыншыларына қарсы күрес майданында қолбасшылықтың әскери тапсырмаларын үлгілі орындағаны үшін және батылдық пен ерлік көрсеткені үшін ефрейтор Нағи Илиясовқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен Қызыл Жұлдыз медалі қоса тапсырылды. Барлаушылар артиллериясының сержанты Нағи Илиясов Секешфехервар, Будапешт,

Естерг, Дьер, Камаров, Мадярвар және Кремница, Вена қалалары үшін болған ұрысқа қатысты. Батырдың ерлік істері мәңгі жадымызда қалмақ. Кеңес Одағының батыры Нағи Илиясов 1946 жылы әскери қызметінен запасқа жіберіледі. Бейбіт өмірде Қазақстанды көркейтуге үлесін қосады. 1987 жылдың 6 мамыр күні дүниеден озды. Алайда Илияс батыр салып кеткен ерлік іздерін жас ұрпақ жалғастыруда. Жақында Қызылорда облысының мемлекеттік архивінің археографы Айнұр Әлиасқарованың «Халқына қорған, ұрпаққа ұран болған Нағи» мақаласы жарық көрді және батырдың соғыс және соғыстан кейінгі белсенділігін айқындайтын деректер көрсетілген. Сырдария ауданынан шығарылатын «Тіршілік тынысы» газетінен (21.03.2020) Батырдың ұлы Ринат Илиясовпен жүргізілген Ақтөре Ибрагимұлының сұқбаты жарық көрді. Сол сұқбаттан ұққанымыз Баймұрат батырдың тұяғы Нағи Илиясовтың өмірлік жолдасы Гүлбаршын да, Шомбал бидің ұрпағы Жүсіп бидің шөбересі болып келеді екен. Дана халқымыз «тектіден текті туар» деген ғой.

Батырдың ұрпақтары: Нұрлан, Алмагүл, Темірлан, Ринат, Болат. Балалары да республиканың ғылым және білім саласында өзіндік орны бар, тіпті елмен елді елдестіріп жүрген тұлғалар қатарында. Бүгінгі күні батырдың немерелері мен шөбелері заманға лайықты батыр даңқын асқақтатуда. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы болар. Ер есімі әрқашан халық жадында мәңгі сақталмақ!

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется героизм Героя Советского Союза Наги Ильясова с новыми историко-архивными данными. Сержант разведки артиллерии Наги Ильясов принимал участие в боях за Секешфехервар, Будапешт, Эстергом, Дьер, Камаров, Мадьярвар и Кремница до Вены.

The article analyzes the heroism of the Hero of the Soviet Union Naga Ilyasov with new historical archival data. The intelligence Sergeant of artillery Nagi Ilyasov took part in the battle for székesfehérvár, Budapest, Esztergom, jer, Kamarov, Magyarovar and Kremnica to Vienna.

ДЕРЕКТЕР

1. ҚР Орталық мемлекеттік архиві. Кеңес Одағының Батыры Нағи Илиясовтың жеке қоры. ҚР ОМА. 1660-қор, 1-тізім, 101-іс.; Ленинский путь, 20 ноября 1946 г.; Ленинский путь, 26 ноября 1946 г.

2. РФ Қорғаныс министрлігі Орталық архиві қорынан: <https://pamyat-naroda.ru>: Ф.33. Оп. 690155.Д.4754.3ап. 35370553. ;Ф. 33.Оп.690155.Д.4754; Ф.33. Оп.793756.Д.19; Ф.33.Оп.686044. Д.603.; Ф.33.Оп.0000001.Д.0002.; // pamyat-naroda.ru/warunit/473 [10.11.2019; 17.03.2020].

3. <https://ru.wikipedia.org/wiki> [10.12.2019].

ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМДЕР

ХИУАЗ ДОСПАНОВА – тарихи сананы жаңғырту мәселесіне

Күлаш ТӨЛЕНТАЕВА,
Маржан ДАУЫТБЕКОВА,
тарих ғылымдарының кандидаттары,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің доценттері

1941 – 1945 жылдары ел басына күн туған шақта, азамат жүгін арқалаған мыңдаған қыз-келіншектер Мәскеуден Берлинге дейін уақыт сынынан, тарих талқысынан сүрінбей өтті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Армиясы қатарында **330 мыңнан аса әйел жауынгер** болды. Соның ішінде, соңғы құжаттық мәліметтерге қарағанда, **Қазақстаннан майданға 5183 қыз-келіншек** аттанған [1,122-б.]. Оларды майданның әр тұсынан, әскери құрамалардың әр түрінен кездестіруге болатын-ды. Соғыс майдандарындағы **қазақ қыздарының арасынан ұшқыш та, танкист те, радист те, барлаушы да, партизан да шықты.**

Ұлы Отан соғысы жылдарында әскери авиациямен даңқты ерлік жолдарын байланыстырған қазақ қыздары да бар. Солардың ішінде шоқтығы биігі – қазақтың тұңғыш әскери-ұшқыш қызы Хиуаз Доспанова.

Хиуаз қазіргі Атырау облысы Құрманғазы ауданы Ганюшкино селосында 1922 жылдың

15 мамырында дүниеге келді. Оның ата-анасы өз кезіндегі сауатты және сыйлы адамдар болғанды. Әкесі Қайыр Доспанов заң білімін меңгеріп, партия жұмысында қызмет атқарса, анасы Меруерт ұстаздықпен айналысқан еді. Сөйтіп, көзі ашық азаматтар балаларына жоғары білім беруге ұмтылып қана қоймай, кеңестік кезеңнің рухани құндылықтарын бойларына бекемдеп, оларды өз Отанының патриоттары етіп тәрбиеледі де.

Бүгінде Кеңес үкіметінің саясатын бір жақты бағамдап, барлығын келеңсіз құбылыстармен көмкеруге дайын тұратынымыз бар. Дұрысы – әрбір тарихи дәуірдің танымдық, ұтымды тұстарын көрегендікпен барлау абзал болмақ. Бұл жерде айтпағымыз – сол заманда Отанды Сүю, Отанға Адал қызмет ету – қасиетті борыш, мақтаныш; адамгершілікті кеңес азаматын қалыптастыру социализмнің рухани өзегін құрағаны сөзсіз. Ал осындай ізгілікке толы дұрыс жолды бұрыс деп тапсақ, әділеттікке қиянат жасағандық болмас па екен?! Сондықтан өрелі де

өсер Ел Мәртебелі Тарихтың ғибратты ұғымдарымен қаруланып, болашағына бағдаршам етулері керек. Ұтпасаң ұтылмайсың!

Сонымен салауатты отбасынан сындарлы тәлім алған қаршадай қыз 1940 жылы Орал қаласындағы №1 орта мектепті алтын медальмен бітіреді. Хиуаздың қолына кәмелеттік аттестатпен қоса, жергілікті аэроклубтың запастағы (қосалқы) пилоты куәлігі де тапсырылған-ды, себебі мектеппен қатар ол аэроклубтағы оқуды да бірге алып жүрген болатын.

Көк аспанның төріне құлаш ұрып, ұшқыш болуға бел байлаған Хиуаз тікелей Мәскеудегі Жуковский атындағы Әскери-әуе академиясына құжаттарын тапсырды, алайда мақсаты арманға айналды: «... Но там девушке из казахской степи отказали – вежливо, но твердо. Не женское, мол, это дело – летать» [2, 3-б.].

Хиуаз таңдау жасап, студенттік өмірін Бірінші Мәскеу медициналық институтымен байланыстыруға шешім қабылдады; мектепті үздік белгімен аяқтаған түлек емтихансыз студенттер қатарына қабылданды. Бірінші курс артта, алайда қыз көңілі аспан тұңғығына сүңгуді әлі де аңсау үстінде еді. Алғашқы студенттік демалысы 1941 жылғы қандыбалақ Ұлы Отан соғысымен тап келді. Соғыстың қысылтаяң шағында елдің Бүкілодақ комсомол ұйымы астананы қорғауға үндеу тастаған сәтте, қыр қызы шақыруға үн қосып, туған өлкесіне қайтудың орнына қол ұшын беруге бекінді.

Міне, осы тұста арманына бір табан жақындауға мүмкіндік туады. Мұндай құбылысты қазақтар «Жазмыштан озмыш жоқ» немесе бір сөзбен «Тағдыр» деп атайды. Сөйтіп, кейінде Кеңестер елінде аты аңызға айналатын Кеңес Одағының Батыры Марина Раскованың белсенділігімен ұйымдастырылып жатқан қыз-келіншектерден тұратын әскери авиаполктың құрамына бекітіледі.

Аталған құраманың қатарына қосылғанға дейін Дала қызының бірқатар қиындықтар мен кедергілерді еңсеруіне тура келді. **Біріншіден**, Хиуаз өз еркімен майданға баруға тілек білдірді. Мәскеудің әскери комиссары оны қабылдап, өтінішімен танысқаннан кейін «*Ойбай, айналайын-ау, өзің қуыршақтай ғана қызсың, әлі кішкене баласың, штурвалға әлің келмейді ғой*» деп күлгенде, қазақ қызы «*Иә, рас айтасыз, мен ғойшентаймын. Бірақ менің үмітім үлкен, арманым үлкен, ең бастысы – мақсатым үлкен*» деп жауап қайтарған екен [3, 5-б.]. Не деген өрлік!!!

Екіншіден, тілегі қабылданған соң Саратов әскери-әуе училищесіне оқуға жіберіліп, 6 айлық қатаң әскери дайындықтан өтті. **Үшіншіден**, 1942 жылдың көктемінде емтихан сынынан сүрінбей өтіп, Хиуаз сол жылы жасақталған 588-түнгі бомбалау авиаполкінің штурман-атқышы болып бекітілді.

Сөйтіп, қайсар қыздың майдангерлік-жауынгерлік жолы басталды. Әйелдер авиаполкі соғыс тактикасында өзіндік айырмашылықтармен ерекшеленді: **біріншіден**, әскери тапсырмалар тек түнде іске асырылды, **екіншіден**, олардың міндетіне жаудың әскери техникасы мен жау күші шоғырланған маңызды стратегиялық бекіністерді жою жүктелді, **үшіншіден**, көзделген нәтижеге қол жеткізу үшін мүмкіндігінше жерге бауырлай түсіп қана нысанаға дөп түсіп құртуға болатын, себебі олардың мінгені «күндіз көзге түссе винтовкамен де атып түсіруге болатын» қарапайым жасақталған ПО-2 ұшағы-тын.

Әуе кемесіндегі штурманның рөлі өте маңызды да жауапты болды; тас қараңғы түнде аядай тар кабинада

объектіні дөп басып болжап, ұшқыштың маневрлік әрекетін үйлестіру сынды болмыстық қабілеттер бойына дарыған адам ғана операцияның сәтті аяқталуына және аман-есен әскери базаға оралуға жағдай жасамақ. Сын сағаттарда одан асқан шеберлікті, көз ілеспес шапшаңдықты, математикалық дәлдікті талап етілді. Хиуаз Доспанованың Ерлік жолымен табыстырған журналист Наталья Тодорованың сөзіне құлақ салалық: «*В обязанности штурмана входило точно вывести на цель самолет, точно сбросить бомбы, сначала осветительную, потом на поражение. И следить в оба глаза при этом, чтобы уберечь экипаж и воздушное судно от огрызающегося огнем противника, увернуться от поднятых в небо истребителей. При необходимости штурман должен взять управление на себя, чтобы вернуться на базу*» [2, 3-б.]. Міне, көріп отырғанымыздай – бар-жоғы 20 жастағы қыз өзінің 300 мәрте жауға шүйіле соққы берген сәттерінде жауапкершіліктің ауыр жүгін қажыр-қайратпен абыройлы да мүлтіксіз орындап шықты.

Хиуаз алғашқы жауынгерлік қадамын Мәскеуден бастап, жағрапиялық атлас тізбегімен жүрсек, Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша, Германия көгінде жаумен шайқасты.

Экипажда Екатерина Пискарева, Полина Белкина, Ирина Себрова, Юля Пашкова, Евдокия Носаль сынды өжет қарлығаш қыздармен бірге ұшып, небір қым-қуат қысылтаяң шақтарды бастан кешірді. Тапсырмалық ұшу барысында үш рет ауыр жараланып, өмірмен қош айтысқан ауыр кездерді де бастан кешірді. О дүниеден оралған оған жауынгер достары «Қайта тірілген» деген ат та таңған-ды.

Қанды көйлек достарының ерен ерліктерін паш еткен үзік сырларымен бөліскен Хиуаздың 1960 жылы орыс тілінде «Под командованием Расковой», 1963 жылы қазақ тілінде «Халқым үшін» атты естеліктері баспадан жарық көрді. Естеліктерінде және журналистерге берген сұхбаттарында майдандастарының даңқты жолдарын тебірене пайымдаудан талған емес. М.Раскова жөнінде: «... Ол біздің әскери полкты ұйымдастырудың басында тұрған адам-тын»,– десе, «*Ира Ракобольская, Екатерина Тимченко-Оксентюк, Ирина Себрова, Шура Акимова, Серафима Амосова, Евдокия Бершанская, менімен бірге экипажда болған Белкина сияқты батыр қыздардың ерлігі аңыз бол айтылатын*»,– деп әңгімесін сабақтайтын-ды [4, 4-б.]. «... Біздің қыздар шетінен батыр еді. Олар 23 мың 672 рет әуеге көтеріліп, жауды бомбалады. 23 ұшқыз қыз Кеңес Одағының Батыры атанды»,– деген құнды деректі мәліметтерді айғақтап ұсынды [4, 4-б.].

Соғыстан кейін сол бір сұрапыл соғыс жөнінде мемуарлық естеліктерінде полктас майдандастары Хиуаз Доспанова туралы жүрекжарды ойларын ортаға салып, қазақ қызының жауынгерлік портретін сомдауда бұлтартпайтын айғақтық материалдарды берді. Мәселен, Кеңес Одағының Батыры Раиса Аронова Хиуаз Доспанованың үш мәрте әскери тапсырманы орындау барысында отқа оранғанын баяндаса («Ночные ведьмы», 1969), КОБ, қаһарман ұшқыш (кейінде космонавтика саласына үлкен үлес қосқан) Марина Чечнева («Небо остается нашим», 1970) «*Катя Доспанова көзсіз батырдың нағыз өзі. Қашанда болсын жарқылдап жүретін қыздардың бірі болды*»,– деп келтіреді. **Александр Магидтің «Гвардейский Таманский авиационный полк»** деректі тарихи туындысында да қазақ қызының ерлігі толымды пайымдалады [4, 4-б.].

Соғыс майданында көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», I және II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Ту» ордендерімен, «Кавказды қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» және т.б. медальдармен марапатталды.

Хиуаз Ұлы жеңісті Берлин түбінде қарсы алды. Елімен қауышты, алайда майданнан екінші топтағы мүгедек болып оралды. Тән жарасына қарамастан, елінің қайнаған қоғамдық өміріне белсене араласты. Бейбіт өмірдегі еңбек жолын саралап көрелік. Туған жері Батыс Қазақстанда аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметінен бастап, содан кейінгі іс-қызметі тікелей Алматы қаласындағы жұмыс орнымен сабақтасады. Қазақстан Комсомолы Орталық комитетінің (тарихи атауы – ҚазКСР-ның Лениншіл Комсомол Жастар Одағының ОК=ЦК ЛКСМ КазССР) бірінші хатшысы, Алматы қалалық партия комитетінің екінші хатшысы сынды мәртебелі жұмыстарды атқарды [5, 10-б.].

Сонымен қатар 1951 жылы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің (қазіргі парламент) депутаты және осы мемлекеттік органның бірінші сессиясында жауапты хатшысы, Қаз КСР Коммунистік партиясы Орталық комитетінің (ОК) бюро мүшесі болып сайланды.

Оның өзі қызмет атқарған уақытының өн бойында республикада өріс алған бүкіл жұмыстардың басықасында болғаны бүгінде айғақ. 1954 жылы Кеңестер елінде бастау алған тың және тығайған жерлерді игеру (Қазақстанда 25,5, дұрысы – 26,4 млн. га алапат жер жыртылғанын және оның дұрысынан гөрі бұрыс жақтарының басым болғандығын білесіздер) үдерісіне қатысты.

Хиуаз Қайырқызымен өткен кезекті бір журналистік сұхбаттан төмендегідей әңгіме жолдарына тап боласыз: «...Тыңды мен көтердім, – деді сосын. – Маған «Тыңның 50 жылдығы» медалін, «Жеңістің 60 жылдығы» медалін беру керек» [6, 10-б.].

Орайы келіп тұрғанда айтайық, **Қазақстанда 2004 жылы тың игеруге 50 жыл толды.** ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев айтулы оқиғаға орай Жарлық шығарып, «Тыңға – 50 жыл» мерекелік медалін тағайындады және онымен 3,5 мың тың ардагері марапатталған-ды [1, 140-б.].

Хиуаз Доспанова – елде мектептер мен балабақшалар салуға, Медеу мұз айдынын тұрғызуға, Ғани Мұратбаев атындағы пионерлер мен оқушылардың Сарайы құрылысы мен оны көркемдеп әрлеу жұмыстарына ерен еңбегі сіңген бірегей азамат. Біз бұл жерде күнделікті күрделі де күрмеуі көп мәселелермен айналысуды тілге тиек етпей, оның тек мемлекеттік қызметінің кейбір қырларын ғана атап өттік.

Хиуаз орысша білім алған адам, өз сөзімен ойын сабақтасақ: «... мектепті Орал қаласында бітірдім. Орысша оқыдым. Жалғыз қазақ мектебі бар еді, ол бар баланың оқуына тарлық ететін» [4, 4-б.]. Дегенмен, орыс классиктерінің туындыларын былай қойғанда, қазақ әдебиеті майталмандарының шығармаларын терең білгендігін, демек, өз заманының озық ойлы азаматтары қатарынан сүбелі орын алғандығын бағамдаймыз: «... Мен мына классиктерді жатқа білуші едім. Мұхтар, Ғабит, Сәбит, Ғабиден ... түгел оқыдым. Орыстың жазушылары болса да ғой. Пушкин, Лермонтов, Чехов, Шолохов...» [6, 10-б.]. Естелік кітаптарды жазу идеясын да Ғабит Мүсірепов айтқан көрінеді.

Хиуаз Доспанованың бүкіл ғибратты өмірінің мәндік тұғырын түйіндеген тұсқа да келіп жеттік.

Соғыс барысында жаумен арыстанша арпалысқан қазақтың жаужүрек ұлдары мен қыздарының әрқайсысы Кеңес Одағының Батыры жоғары атағына лайық еді. Иә, әбден лайық еді, амал нешік?! Кеңес Одағы соғыс басшылығының ұлттық сипатпен көмкерілген қиянатты саясаты Тәуелсіз Отан тарихына бойлаған сайын айқындала түскені ешкімге де жасырын емес. Саралар болсақ, тек арғысын қозғамай, бер жағымен шектелген күннің өзінде ұзын-сонар тізбекке ұласары хақ. Мәселен, Бауыржан Момышұлы (тек өзі дүниеден өткенде, 1990 жылы ғана қалың қауымның ықпалымен КОБ атағы берілді), Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Бақтыораз Бейсекбаев, Абдолла Жұмағалиев және т.с.с. Міне, осы тізімнің ішінде от жүректі қазақтың бармақтай қызы – Хиуаз да бар. Ерлік қарымды жауаппен бекемделмеді.

Еліміз Тәуелсіздіктің Туын көтерген уақыт алашапыран кезеңге ұласты. Республика үшін 1999 жыл ауыр да болса, бетбұрыстық жыл болды. 2001 жылы экономиканың көп жылдан бергі дағдарысынан кейін тұрақтылық кезеңге аяқ басуға бағыт алды. Бұл пайымдаулардың төркіні неде? Айтпағымыз – етек-жеңімізді жинауға мәртебелі мүмкіндік туды, өшкенімізді жаңғыртып, тарих ақтаңдақтарын сындарлы ой елегінен өткізуді бастадық. Сөйтіп, қоғамның зиялы қауымы кеш те болса, ӘДІЛДІКТІҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ үшін күреске кірісті.

Мәселені басынан сабақталық. Менің қолымда құрылтайшы-редакторы академик Алдан Аимбетовтың «Казахская правда» тәуелсіз газетінің 1997 жылғы № 1 (20) саны тұр. Газеттің алғашқы бетінен бастап аты аңызға айналған әйел-ұшқыш Хиуаз Доспанова туралы Қанапия Ахметовтың очеркі жарияланған.

Қайсар қыздың жауынгерлік даңқты жолын толымды баяндай келе автор «қанатты қыз» атанған Хиуаз Доспанова бүгін қалай өмір сүріп жатыр? деп оқырман аудиториясына сұрақ тастайды. Оның Қазақстанның жетістіктеріне қуанып, сәтсіздіктеріне қынжылып, Туған Елінің тыныс-тіршілігімен қанаттаса өмір сүріп жатқандығын бір толғап барып, отбасылық тұрмыстық келеңсіздіктерді де назарында ұстайды.

Ұлттық жадымызға сын болып табылар очеркке үңілейік: «Недавно отметила «круглую дату», которую не заметила наша общественность. В честь 50-летия Победы большая группа ветеранов столицы, в том числе многие члены самого Совета ветеранов, были представлены к наградам. Но фамилии славной летчицы мы там не встретили» [7, 1-б.].

Очерктің аяғында бұрынғы әскери ұшқыш, аспандағы соғыстың не екенін жақсы білетін П.Л.Балтуктың жазған мақаласынан үзінді келтіріліпті. Соны сол күйі ұсынайық: «Многие боевые подруги Хиуаз в России еще в военные и первые послевоенные годы были отмечены званием Героя Советского Союза, а некоторые, дожившие до 50-летия Победы, – Героя Российской Федерации уже в наше время». Одан әрі Қанапия Ахметов была деп жалғастырады: «И высказал мнение: «Было бы вполне справедливо представить Хиуаз Доспанову к званию «Халық қаһарманы»» [7, 1-б.]. Осы пікірмен автор өз очеркін аяқтайды.

Тарихи ақиқатты орнату мұратын ұстанған Қанапия Ахметовтың «Егемен Қазақстан» газетінің 2004 жылғы 20 қазан күнгі нөмірінде «Хиуаз» атты кезекті мақаласы жарияланды. Шығармашылығына қайта-қайта оралып жатқан автор жөнінде бірер сөз. Қанапия Ахметов – соғыстан кейінгі Алматыдағы

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) тарих факультеті түлектерінің бірі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері. Мақалада қаһарман қыздың ерліктері, тура да әділ мінезі әрекет отырған саяси жүйемен қайшылыққа түсуі салдарынан қызметтен аластатылып, зейнеткерлікке мерзімінен бұрын шығарылуы, Кеңестер елінде кең көлемде аталып өткен Жеңістің 50 жылдығы мерейтойында атаусыз, ескерусіз қалғандығы мәселелері көтерілді. Мақаланың түйіні: автор Жеңістің 60 жылдық мерейтойына орай Хиуаз Доспановаға «Халық қаһарманы» атағын беру туралы ұсыныс жасайды.

Қ.Ахметовтың ой-пікіріне ақын Қадыр Мырза-Әлі, жазушы Әзілхан Нұршайықов (екеуі де еліне танымал азаматтар) журналиске сұхбат және «Жазылған жайдың жаңғырығы» рубрикасы бойынша мақала жариялап, үн қосты. Көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадыр Мырза-Әлі сұхбатының соңында «... Бірақ логикаға арқа сүйер болсақ, осынау екеуара әңгіме жерде қалмауға тиіс. Өйткені бұл – қара бастың қара бақырлық мұңы емес, елдің елдігі, ердің елдігі туралы әңгіме. Ортақ әңгіме, ортақ шер. ... Хиуаз апамыздың өзіне лайық, ерлік істеріне лайық Батыр атағын ала алмауы – бәрімізді де ойландыруға тиіс», – деген-ді [3, 5-6.].

Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов Хиуаздың жауынгерлік жолы туралы баянатын өзінің қызмет барысында Хиуаз Доспановамен істес болғандығы туралы тартымды әңгімелерімен жалғастырады. Жазушының Хиуаздың Адамдық болмысы тұрғысындағы тұжырымдары назарда ұстарлық: «... Мен бекітілген бюро мәжілісін Хиуаз Доспанованың өзі басқарды. Шапшаң қозғалып, жігерлі сөйлейтін, қағылез денелі қара торы әйел екен. Бюро мәжілісін ұршықтай иіріп, басқарып отырды. Артық сөз, жүріс, қозғалыс жоқ. Барлық мәселе бірінен соң бірі нақ-нақ қаралып жатыр».

Жазушы Хиуаздың отты жылдардағы сияқты оның бейбіт өмірдегі де іс-қызметін Туған елі мен Отаны үшін ерен Ерліктің үлгісі ретінде бағамдайды: «... Хиуаз Орталық комсомол комитетінде жалынды жұмыс жасады. Күні-түні тыным таппады. Тіпті демалыс күндерінде де жақын жерлердегі пионер лагерьлерін, мектептерді аралап, шәкірттермен, мұғалімдермен кездесіп, олардың жай-күйін біліп отыруды бұлжымас әдетіне айналдырды» дей келе, бірлескен жұмыс сапарынан келелі тұжырым жасайды: «... Осы сапарда мен Хиуаздың ұйымдастырғыш, ұйымшылдық, кішілік, кісілік қасиеттерін өз көзіммен көрдім» [8, 4-6.]. Автор жазбаларына үңіле отыруымыздағы басты себеп – өскелең ұрпақты адами қасиеттердің тағылымдық өнегесіне жетелеу.

Жазушы Жеңістің 50 жылдығына қатысты Қ.Ахметовтың мәлімдемелерін айғақтау мақсатымен өзінің архивтік деректеріне жүгіну жолымен төмендегі мәліметтерді ұсынып ойын қорытады: «... Жеңістің 50 жылдығында Ұлы Отан соғысына қатысқан 203 адам наградталыпты. Оның үшеуі «Халық Қаһарманы» атағын алған. 62 адам ордендерге, 138 адам медальдарға ие болған. Осылардың ішінде Отан соғысына жанын аямай белсене қатысқан қазақтың жалғыз ұшқыш қызы Хиуаз жоқ» [8, 4-6.].

Хиуаз Доспановаға жоғары атақ беру ұсынысына қатысты пікірге көзқарасын жазушы толымды етіп жеткізеді: «Мақала аяғында автор қазақтың ержүрек қызы Хиуаз Доспановаға Жеңістің 60 жылдығына орай «Халық Қаһарманы» атағын беру

туралы мәселе көтереді. Оның осындай орынды ұсынысын Қазақстан Республикасының бұрынғы Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы генерал Сағадат Нұрмағамбетов те қолдапты. Бұл лайықты ұсынысты Ұлы Отан соғысының жауынгері мен де қолдаймын. Қолдайтын себебім, кешегі соғыс кезінде жасалған ерлік ересен көп болды. Бірақ, көбі ескерілмей қалды. Лайықты бағасын ала алмады. Сол ерен ерлігі бағаланбай қалғандардың бірі осы кісі. ... Ұлы Отан соғысының ардагері, профессор Қанафия Ахметовтың бұл ұсынысы өте орынды деп есептеймін».

Сонымен, жоғарыда біз талдауға түсірген 2004 жылдың ішінде бірінен кейін бірі жарық көрген (20 қазан, 6 қараша, 10 желтоқсан) мақалалар, мақала-сұхбат ел ішінде ТАРИХИ САНАҒА серпін беріп, ҚОҒАМДЫҚ ОЙДЫ қозғалысқа түсіріп, оған тегеурінді ықпал етті. Міне, ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАСАМПАЗ ҚОЗҒАЛЫСЫ 2004 ЖЫЛЫ ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ АҚ ТУЫНЫҢ орнап, САЛТАНАТ құруымен аяқталды

ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 2004 жылы 300-ден артық әскери тапсырмамен ұшып, ерлік көрсеткен аяулы қызымызға **Халық Қаһарманы** атағы беріліп, **Алтын Жұлдыз және «Отан» ордені** тапсырылды.

ЖЕКЕ БІР АДАМНЫҢ ЕМЕС, БІР ҰЛТТЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ТАРИХИ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАНЫҢ РӘСІМ-ДЕЛУ сәтін деректік мәліметпен шегенделік: **«Бүгін (15.12.04) Алматы қалалық әкімдігінде қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов Хиуаз Доспановаға «Халық Қаһарманы» атағының айрықша белгілері – Алтын Жұлдыз бен «Отан» орденін тапсырды»** [6, 11-б.].

ҚР-ның орталық басылымы «Егемен Қазақстан» Қазақстан халқына ЖАҚСЫ ХАБАРДЫҢ жаршысы болды: «Ел газеті «Егеменге» жүрекжарды қуанышты хабар келіп түсті. Ұлы Отан соғысында ерен ерлік көрсеткен батыр апамыз Хиуаз Доспановаға Тәуелсіздік күніне орай «Халық Қаһарманы» атағы берілді! ... Ендеше, қазақтың ержүрек қызы, майдангер батыры Хиуаз Доспанова апамыздың «Халық Қаһарманы» атағы құтты болсын демекпіз!» [9, 1-б.].

Көріп отырғанымыздай – Елбасының тікелей де іскер белсенділігі мен атсалысуы арқасында қазақ зиялы қауымы көтерген 2005 жылы Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай Хиуаз Доспановаға жоғары атақты беру мәселесі қысқа уақыттың ішінде шешімін тапты. **Біріншіден**, 2004 жылдың өзінде-ақ ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығы шықса, **екіншіден** және ең бастысы – дүниежүзілік картаға ЖАҢА ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТІҢ келгендігін бүкіл ғаламға паш еткен халқымыздың ҰЛЫҚ МЕРЕКЕСІН тойлау қарсаңында берілуі жан тебіренерлік құбылыс. Орай келіп тұрған Елбасының қанатты сөзін қалың қауымның есіне бір салып қойғанымыз артық болмас: **«Нағыз адам – Отанының даңқын шығарады, риза болған Отаны – өз ұлының даңқын шығарады»** [10, 14-б.].

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев қан майдандағы әйелдер қауымының қайсарлығын өзінің әржылдық Қазақстан халқына арналған мерекелік сөздерінде назардан тыс қалдырған емес. Мәселен, жауынгер әйелдерге бағытталған мына бір арнауы ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫ айғақтай түседі: «... Ал майданда біздің әйелдер талай қиындықтарды бастан кешті! Қазір қолдан келместей көрінгенімен, бірақ сол кездері нәзік жанды әйелдер кез келген батырлардың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашанда

жауынгерлермен бір сапта тұрды. Тіптен, дәл осы әйелдердің біреуі болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға күш-қуат бергені де анық. Осы ержүрек әйелдердің көпшілігі қазір біздің арамызда. Мен оларға өзімнің құттықтау сөзім мен ең ізгі тілектерімді арнаймын» [11, 286-б.].

ХИУАЗ ДОСПАНОВА ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫНЫҢ БИІК ТҰҒЫРЫНА көтерілді. Дегенмен түйткілді ойлар маза бермеуде. НЕГЕ КЕШ ұғындық?! Соғыстан қайтқан жауынгер қыздың өзінен бұрын Еліне оның даңқы жеткен жоқ па еді?!

Бұл сөзімізге Бақтылы Боранбаева сынды қаламгер ғалымымыздың кезекті кітабында Х.Доспанова өмірінен келтіретін бір мысалдың өзі-ақ айғақ бола алады. Аттап өтіп, автор жөнінде үнқатпау ағаттық болар. Б.Боранбаева – сонау студент кезінен Ұлы Отан соғысы жылдарында Өмір мен Өлім арасында жас өмірін сарп еткен қазақ қыздарының жауынгерлік жолын зерттеуді мұрат еткен азаматша. Міне, бүгінгі күнде қажырлы еңбегінің арқасында ғалым мақалалар тізбегі мен монографияларын жарыққа шығарып, ТАРИХИ АҚИҚАТҚА жан бітіруден талмауда. Сонымен, оқиға желісін жалғастырып, автордың кітабынан үзінді келтірейік: «...соғыс жылдарында облыстық радионың дикторы болған, кейін ұзақ жылдар бойы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде дәріс оқыған ұстаз Меруерт Жолдықайырқызы 1946 жылы соғыс ардагері Х.Доспанованы радиоға шақырып, кездесу ұйымдастырғанын бүгінгі жас ұрпаққа мақтанышпен айтып отырады» [12, 38-б.].

Жау қамалына 300 рет бомба тиелген ұшақпен қырғидай тиген, ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ӘСКЕРІ ҰШ-ҚЫШ ҚЫЗЫ туралы тез арада-ақ ешкім жақ ашпай, еш жерде жазылмай атаусыз қалуы неде?

Ойымызды мүмкіндігінше жүйеге келтірелік. Келеңсіз құбылыстың астары Хиуаздың соғыста алған ауыр жарақаты сияқты, себебі **біріншіден**, 37 жасында, өте ерте зейнеткерлікке шығуға мәжбүр болды, бұл, өз кезегінде, қоғамдық ортадан аластауды тудырады, адамды қажетсіну факторы төмендеді. **Екіншіден**, Хиуаздың болмыстық портреті оның еркіндік рухымен, өрлік сезімімен сабақтастырылады, ендеше мемлекеттік құрылымдармен байланыстың тұралауы (дәрігерлік көмек, демалыс орындарына жолдама, т.б. өтініштердің түспеуі). **Үшіншіден**, аталған субъективтік факторларға орай Хиуаздың ұзақ уақыт томаға-тұйық өмір кешуі (қоғамға керек болмағанын сезінгеннен де болуы ғажап емес). **Төртіншіден**, Қазақ КСР-ның Кеңестер Одағы шеңберінде жүргізілген сәтсіз әрекеттер мен өрістеген дағдарыстық құбылыстар (шаруашылық реформасы, тоқырау және қайта құру кезеңдері) ағынымен жүріп, Адам факторына деген немқұрайдылықтың салқыны тигізгені сөзсіз. **Бесіншіден**, Тәуелсіздік жарияланғанымен, елді тар жол, тайғақ кешуден алып шығу сынды алапат міндет тұрды. Республиканың экономикалық тұралауынан тұрақтылыққа бастаудың алғышарттары 2000-жылдан бастап қана көрініс тапқаны баршамызға белгілі. Мұндай жағдайда жеке тұлғаның сырт қалуы мәселесіне сын айту ағаттық сияқты. **Алтыншыдан**, жоғарыда сараланған себептерді алға тартқан күннің өзінде де, соғыс және еңбек ардагерлері мәселесімен тікелей айналысқан құрылымдық органдардың өз іс-қызметін жауапкершілікпен атқармағаны, үлкен олқылықтар жібергені айдан анық. **Жетіншіден**, Хиуаздың қазақтың жалғыз әскери ұшқыш және соғыстан кейінгі атқарған лауазымдық қызметін еске-

рер болсақ, оның қоғам өмірінен қалыс қалуы ақылға сыйымсыз. **Сегізіншіден**, Қазақстанның кеңестік және егемендік кезеңдеріндегі жүргізілген патриоттық тәрбиенің рекордтық пайыздық көрсеткіштерін қалай түсіндіреміз?! **Тоғызыншыдан**, Хиуаздың өз тілімен айтсақ, «бұрындары қарт кісілерге көмектесетін тимуршылар командасы деген болушы еді» [4, 4 б.], оның ізбасарларының жолын кескен кімдер? **Оныншыдан**, Жеңістің әр жылында желбіреткен «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес» = «Никто не забыт, ничто не забыто» Ұранымыз тек желкілдеткен құрғақ сөз болғаны ма? **Он біріншіден**, қоғамның, оның әрбір азаматының, немқұрайдылық, селқостық (равнодушие) бейнесін көреміз, сонда кеңестік кезден дәріптеліп келген **белсенді азаматтық ұстанымымыз** қайда қалды?! Сұрауы келіп тұрған Елбасының түйреп айтқан тұжырымына жүгінбеске болмас: «Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз» [13, 19-б.]. Иә, солай!!! Неге тек жоғарыдан түскен нұсқаулар ғана қоғамды қимыл-қозғалысқа түсіруі керек, әр министрлік тиесілі міндеттерін неге ыждақаттылықпен және аса жауапкершілікпен атқармасақ! Ең бастысы – мемлекеттік мекемеде отырған әр қызметкер тек ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ етуден басқа ешқандай артықшылығы (привилегия) жоқ екенін ұққаны жөн. **Он екіншіден**, АЛАШ ҚЫЗЫ ХАЛҚЫНА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ үлгісін көрсеткен Алаштың асыл азаматтарының ізімен жүрді: «Менің Отанға берген антым бар. Біріншісі – партияға, екіншісі – әскери қызметке адал болу» [4, 4-б.]. Сөйтіп, оның моралі – қоғамға адал болу және оны лайықты орындап та шықты. **Он үшіншіден**, мақаланың бүкіл мән-мазмұнының тобықтай түйіні – қолдан өрілген ерескел қателіктерді қайталамауға бетбұрыстық сана керек, демек, бұл ТАРИХТАН САБАҚ алуымыз қажет деген ұғымды шегендей түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тулентаева К.А. Қазақстан тарихы (1917-2017 жж.): оқу құралы. Алматы: «АҚНҰР» баспасы, 2018.-418 б.
2. Тодорова Н. Крылатая девушка. // Казахстанская правда.- 2004.-08.05.- стр.6
3. Қадыр Мырза-әлі. Қаһарман болуға қай-қай жағынан да лайық, бірақ омырауына тағып жүретін жұлдызы ғана жетпей тұрған бір ерекше адам бар. // Егемен Қазақстан.- 2004.- 6 қараша.- 8 бет.
4. Төлепберген М. Халқым сыйлайтын, ұрпағымды ұялтпайтын өмір жолынан өтіп келемін деп ойлаймын. // Егеменді Қазақстан.- 2004.- 15 желтоқсан.- 8 бет.
5. Майдандағы қазақ қыздары. // Ана тілі. - № 9.- Наурыздың 3-і, Мешін жылы, 2005.-12 бет.
6. Қазақтың батыр сол қызы. // Ана тілі. - № 51-52.- Желтоқсанның 16-сы, Мешін жылы, 2004.-24 бет.
7. Казахская правда.- №1 (20).- 1997.- стр.8
8. Нұршайықов Ә. Қайсар қыздың қаһармандығы. // Егеменді Қазақстан.- 2004.- 10 желтоқсан.- 6 бет.
9. Хиуаз Доспанова. // Халық Қаһарманы. -2004.- 15 желтоқсан.-6 бет
10. Назарбаев Н.Н. Жылдар мен ойлар/Құраст.:Қасымбеков М.Б., Молдағаринов А.М., Әлімқұлов Қ.Н., Әлібеков Ә.С. - Алматы: Алматыкітапбаспасы, 2013.- 352 бет.
11. Н.Назарбаев. Тәуелсіздігіміздің бес жылы.- Алматы: Қазақстан, 1996.-640 бет.
12. Боранбаева Б.С. Ұлы Отан соғысына қатысқан Батыс Қазақстан облысының қазақ қыздары / Ғылыми зерттеулер - «Полиграфсервис». Орал. - 2015.-228 б.
13. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.- Алматы: 12.04.2017.-20 бет.

АСАНБАЙ АСҚАРОВТЫҢ МЕМУАРЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

Жанар БЕЛГІБАЙ,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

Жеке адамдық дерек көздеріне тән ғұмырнамалық, мемуарлық естеліктер жазу үрдісі елімізде тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жедел дами түсті. Осы бағытта бірқатар тұлғалардың мемуарлық еңбектері жариялана бастады. Академик М.Қ.Қозыбаев: «*Ғұмырнама – негізінен өмірбаяннан құралған тарих. Плутарх өзінің «Жизнеописания» атты еңбегінде: «Біз тарих емес, өмірбаян жазамыз» – деген-ді. Шындығында да тарих әрбір адамның, содан қалған қауымның, қоғамның тарихы, олардың ішінде ұлылардың өмір жолы – тарихтың сүбелі жанры, саласы. ...Ғұмырнаманың бір қайнары – естелік, мемуарлық еңбектер. Екеуі егіз қозыдай, пәндінің өміріне байланысты етене жанр»*,– деп жазған еді [1, 8-9-б-б.].

90-жылдары ғұмырнамалық жанрда жазылған еңбектер жариялана бастады. Осы жылдары Асанбай Асқарұлы да шығармашылық салада өнімді еңбек етті. Оның туындыларының қатарында «Тағдыр», «Көзқарас» атты мемуарлық еңбектерінің алар орны мен маңызы ерекше. А.Асқаровтың аталған еңбектерінің мазмұны мен сипаты осы мақсатты орындауға қызмет етеді. Әйтсе де мемуарлық еңбектер сипаты жағынан субъективті болып келгенімен қайраткер өмір сүрген дәуірдің барлық болмысын және сол қоғамның өзіндік ерекшеліктерін танып-білуге мүмкіндік береді. А.Асқаровтың бұл еңбектері ғұмырнамалық қана емес, өзінің өмір тағылымына талдау жасаумен қатар кеңестік қоғамның тарихи шындықтарын нақ болмысында баяндауымен, әлеуметтік ортаға қатысты ой-толғамдарымен бағалы екендігі сөзсіз.

«Тағдыр» (Судьба) атты прозалық туындысы қазақ және орыс тілдерінде 1992-1994 жылдары «Журналист» шығармашылық бірлестігінен жарық көрді. Қайраткердің осы туындысы жөнінде белгілі қаламгер Б.Ақбаев: «*Кітап, әсіресе жастар үшін, оларды Отанын шексіз сүйе баулитын патриоттық қазақы рухта тәрбиелеу үшін таптырмас қазына... бұдан автордың айтар ақылы, көрсетер үлгі-өнегесін таныған жөн. Осы тұрғыдан алғанда өмір тағымның бастан кешкен, ел сенімін арқалаған А. Асқаровтың деректі кітабы сол жылдардың шынайы табиғи зердесі»*,– деп жазды [2]. Бұл еңбекте қайраткердің еңбек жолы нақты деректер арқылы шынайы баяндалады. Өзі өмір сүрген кезеңдегі кеңестік жаңа қоғамдық қатынастардың пайда болуын, сол дәуірдің саяси ахуалын сипаттаумен қатар замандастарының қызметіне талдау жасайды. «*Мен өзімнің жаңа дәуір адамы ретінде қалыптасып, өскен сол кездердің кейбір сәттерін еске түсіре отырып, сол кездегі көпшіліктің сауаты төмен, бірақ адамгершілігі соншама зор адамдардың ұлылығына, жаңа іске соншама берілгендігіне осы күндерге дейін қатты қайран қаламын»* [3,11-б.],– деп жазды. Шынтуайтында, кеңестік идеология аясында тәрбие алған жастар ілгері үмітке жетелейтін бүкілхалықтық

энтузиазм мен отаншылдық рухында қалыптасып келешекке сеніммен қарады. Жастық шағын баяндай отырып, ол коммунистік партияның айрықша роль атқарғандығын және коммунистік идеология талабына сай қызмет еткен ұрпақтың өкілдері екендігін де ашып көрсетеді. Кеңестік идеологияны сынға алған зиялылардың жаппай қуғын-сүргінге ұшырап кеткендіктен бұл ұрпақтың коммунистік көзқараста болуы әрине заңды құбылыс еді.

А.Асқаров мемлекеттік қызметке келген ортада, комсомол, партия қызметі барысында өзіне үлгі-өнегесімен әсер қалдырған Ш.Базарбаев, Б.Бөкенов, Қ.Байғожаев, Қ.Асылбеков, О.Бөрібаев, Б.Көкебайұлы, И.О.Фадеев, А.М.Зинин, А.Өтеулин сияқты замандастарының игі істерін үлгі етеді. Сондай-ақ бұл еңбекте Меркі ауданына КСРО-ға белгілі даңқты қолбасшы С.М.Буденныйдың келу сапарын, оған деген елдің құрметін және өзінің онымен диалог-суын әсерлі баяндайды. «*Егер мен сол кездегі кеңес халқының К.Е.Ворошилов, С.М.Буденный, Тимошенко, Г.К.Жуков, К.М.Васильевский, К.К.Рокоссовский сынды қолбасшылардың мейлінше құрметтеп, қастерлеп, төбесіне көтергендігін айтсам, тілімді жазықты ете қоймас. Олар халықтың шын мәніндегі қаһарман ұлдары болды. Бұларға деген сүйіспеншілікте шек жоқ еді»* [4, 59-60-бб.],– деп атап көрсетеді. Халық алдында жемісті еңбегімен танымал болған азаматтар жайлы мәселен, Жамбыл ауданындағы «Красная звезда» колхозы басқармасының төрағасы, Социалистік Еңбек Ері М.Нұрбаев, еңбек озаттары С.Оңғарбаева, Д.Жантоқова сынды азаматтардың жемісті еңбектері жайында да әңгімелейді. Соғыстан кейінгі жылдарда салынған ірі құрылыстың бірі саналған Мойынты-Шу магистралінің іске қосылуы, аталған құрылыста алғаш рет Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Д.А.Қонаевпен кездесу сәті де сипатталады. Автордың көрнекті қайраткердің саяси портретін беруде күрделі көркемдік тәсілдерді шебер қолдануын І.Омаров, Ж.Шаяхметов, Н.Оңдасынов секілді мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы естелік жолдарында да байқатады. Сонымен қатар кеңестік Қазақстанды басқарған басшылар туралы, олардың жүргізген саясатының келеңсіз жәйттерін айқындап көрсетеді. Мәселен, 1958 ж. республика басшысы болып келген Н.И.Беляевтің тұсында ауыл шаруашылығы саласында астықты бөлектеп орудісін қолға алып, бұл тәсіл қолайлы саналғанымен, оңтүстік облыстардың жер жағдайына тиімсіз болғандығын, соған қарамастан оның республика аймағында осы тәсілді қолдануды талап еткендігін жан-жақты баяндайды. «*Мен партияның да, мемлекеттің де көптеген қайраткерлерімен талай кездесіп, талай әңгімелесіп те, тіпті сапарлас болып шетелдерге де барып-қайтып жүрдім. Сондағы бір көңіл қойып байқағаным, жоғарыдағылар ұлттық республикалардың ерекшеліктерін, өзіне ғана тән қасиеттерін түсінбейтіндігі, түсінейін*

деп мән бермейтіндігі еді», – деп ойын қорытады автор [4,170-б.]. Расында да Кеңестер Одағы қарамағындағы республикалардың қолында нақты билік болмағаны белгілі. Олар тек орталықтың тікелей нұсқауын орындап отырды. Лауазымды кадрларды да орталық бекітіп тағайындады. Ал, Мәскеуде КОКП ОК-нің хатшысы А.Б.Аристов Н.И.Беляев пен И.Юсуповке мүлде қарама-қайшы тұлға ретінде бейнеленеді. Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы ретінде тағайындалған А.Асқаровқа ақыл-кеңестерін бере отырып, ол Жамбыл ақынға арнап ескерткіш орнатылмауын «сондай ұлы адамға ескерткіш орнатпағандарың жарамаған» деген пікірін де келтіреді. Автор өзі басқарған облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерін партия, кеңес және шаруашылық ұйымдарында жетекшілік еткен Р.Мақашев, А.Мансуров, П.А.Алексеев, Х.Бижанов, Ә.Ахметов, Ү.Нұрғазиев, Қ.Ұлта-рақов, З.Батталханов, Қ.Аухадиев, Б.Тұрысжанов, Ш.Беркімбаева, С.Серкебаев, Ә.Арзиев, М.Г.Моторико, М.Д.Дайыров, Э.Х.Гукасов, Ж.Таңқыбаев, Ш.Қабылбаев, В.Т.Шевченко сияқты азаматтардың еңбегімен байланыстырады.

Мемуарлық еңбектің «Тағдыр шіркіннің төлкегі» атты соңғы бөлімі А.Асқаровтың жазықсыз қамауға алынып, төрт жарым жыл ауыр азап пен тар қапаста қылмыскер мен баскесерлердің ортасында өткізген жағдайына, тергеу ісінің барысына, заңды белден басатын айлакер тергеушілердің теріс іс-әрекеттеріне арналған. Істің қайта қаралуы үшін КСРО Бас прокуроры атына, КСРО Президенті М.С.Горбачевтің атына өтініш білдіргенін, бірақ жауапсыз қалғанын сабақтай келе, алайда істің әділ шешілуін талап еткен 20 мыңнан астам адамнан өтініш түсіп, оның 443-сі республика депутаттарының, көрнекті жазушылардың атынан болғандығы көңіліне сәуле түсіргендігін де жасырмайды және осындай қиын кезеңде арашашы бола білген азаматтарға да шексіз алғысын білдіреді.

Алдыңғы еңбегінде баяндалған кеңестік кезеңнің әлеуметтік-саяси және рухани-мәдени өміріне қатысты өзіндік көзқарасын автор ғибраты мол «Көзқарас» атты еңбегінде нақтылай түседі. 1996 ж. «Жалын» баспасынан А.Асқаровтың «Көзқарас» атты еңбегі қазақ және орыс тілінде жарыққа шықты. А.Асқаров бұл еңбегінде кеңестік кезеңдегі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің саяси қызметтеріне, кеңестік қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық үдерістерге қатысты өз тұжырымын жасайды. Партиялық қызметте болған кезеңдегі (40-жылдары екінші жартысымен 80-жылдары орта шені) қоғамның даму үдерістеріне көзқарасын білдірудегі ой еркіндігі де назар аударарлық жәйт. Бұл еңбегінде автор кеңестік кезеңнің саяси ахуалын ашып көрсетіп қана қоймай өзіндік көзқарас тұрғысынан тарихи үдеріске талдау жасайды. Одақ көлемінде Н.С.Хрущевтен М.С.Горбачевке дейінгі кеңестік биліктегі саяси қайраткерлермен қатар республика көлеміндегі Д.А.Қонаев, І.Омаров, Н.Оңдасынов, Б.Момышұлы, Ы.Жақаев, Ж.Қуанышбаев, т.б. тұлғалар туралы да тербеніске толы естелігін келтіреді. Автор Д.А.Қонаевты «XX ғасырдың аса көрнекті адамы, өз халқының адал ұлы» [3,140-б.] деп бағаласа, «Илияс Омаров, – дейді автор, – жүзінен нұр төгіліп тұратын кісі-тұғын. Ол өз халқының лайықты ұлы, ірі саяси қайраткер. Ондай адамдар сирек туады» [4,64-б.]. Ал, Ы.Жақаев жөнінде «Егер әр адам тап осы кісідей еңбек етсе, біз әлдеқашан бай елдер қатарына қосылар едік...» дейді [4,122-б.].

А.Асқаровтың мемуарлық еңбектерінде тек жо-

ғары лауазым иелерін ғана емес қатардағы кеңес, партия қызметкерлері, қарапайым еңбек адамдары да ерекше орын алып ілтипатпен баян етіледі. Социалистік өндірістік қатынас жағдайында әр еңбеккердің орны қоғамдағы жағдайымен және оның қоғам алдындағы міндеттерімен айқындалады. «...әр еңбек озатының істерінен кеңес адамдары еңбекке деген жаңаша көзқарасты көреді. Олар үшін «Мынау – менікі, анау – сенікі» деген сөз жоқ, алыс-жақын деп айырып жатпайды, олар ортақ іске, социалистік қоғам үшін еңбек етіп жатқандарын біледі. Міне, солардың бірі – Жазылбек Қуанышбаев» – деп атап өтеді [4,124-б.].

Академик К.Нұрпейісұлы аталған еңбекке қатысты пікірінде: «А. Асқаровтың әңгіме арқауы болып отырған кітабы таза саяси мемуарлық еңбек емес. Онда сөз жоқ өткен-кеткен саясат мәселелері аз сөз болмайды. Дей тұрсақ та, осы кітапқа жас ұрпақ ғибрат алар қазақ халқының өткендегі өмір салты мен әдет-ғұрпының кейбір тағылымдық жақтары да автор назарынан тыс қалмаған. Олардың қатарына қазақ ұғымдағы құрдастық пен достық, қазақ аулындағы «жазылып қойған» ақылгөй ақсақалдар ролі, аға ұрпақ пен жас ұрпақ (әке мен бала мәселелері) жөніндегі авторлық тоғаныстарды жатқызуға болады. Бұл жайттар дос-құрдастар Лұқпан мен Әлімқұлдың, Құлназар мен Мұқаметжанның кісілік тектілік қарым-қатынастары туралы тоғаныстар арқылы Сарыұйсін Бәйет қажы жөніндегі кейбір этнографиялық суреттемелер хақындағы пайымдаулар арқылы баяндалған», – деп атап көрсетеді [5].

А.Асқаровтың еңбегіне зер салсақ, мынадай жайт назар аудартады: сол кездегі ҚКП ОК хатшысы В.Н.Титов А.Асқаровты Алматы қаласының шаруашылығы мәселесі бойынша қабылдауына шақырады. «Мен кабинетіне кіргенде В.Н.Титов отыруымды өтінді. Сәл үнсіздіктен кейін ол сөйлеп кетті. Әңгіме қала шаруашылығы жайлы екен. Енді бір сәтте Абай ескерткішін тұрған жерінен алып, қаланың басқа ауданына орнатса қалай болар еді деп сұрады. Мұндай күрделі сұраққа бірден жауап бере қойған жоқпын. Мен ол кісіден бұл мәселені кімнің көтеріп отырғанын сұрадым. Ол: «Халық» – деді. Мен тағы да: «Қай халық?» – деп сұрадым. Ол үндеген жоқ. Мен осыдан кейін ғана: «Виталий Николаевич, бұл халықтың көтеріп отырған мәселесі емес. Халық олай демеуге тиісті. Ұлы Абайдың ескерткішін көшіру арқылы халықтың намысына тиетін түсінбейтін жауапсыз кісілер ғана ұсыныс жасауы мүмкін. Өз басым партия қызметкері ретінде, адам ретінде мұндай қадамға бара алмаймын. Қазақтар Абайды өздерінің ар-намысы санайды, шынында да солай. Біздің халқымыз өзінің бүкіл өмір тарихында өткен жолын құрметтеуден таймай, әруақ алдында, яғни, бабалар рухы алдында бас июмен келеді. Аталарымыздың өткен жолынан сан ұрпақ адамгершілік тәрбиесін алудан танған емес», – дедім. Әңгімеміз сәтті аяқталды. Виталий Николаевич істің мәнін бірден түсінді.» [4,105-б.]. Бұл жолдардан А.Асқарұлының ұлт мүддесіне терең мән бергендігі байқалады.

Аталған еңбегі барысында автор ұлтының патриоты ғана емес, саясатта да, экономикада да стратегиялық тұрғыдан ойлайтын қайраткер екендігін дәлелдей түседі. Жалпы алғанда бұл еңбекте Отанымыздың кеңестік тарихына қатысты мәліметтер автордың сол тарихи оқиғалар куәгері ретінде жеткізген деректеріне негізделеді. Әйтсе де автордың

өзі өмір сүрген социалистік дәуірге, сол дәуірде орын алған өрескел қателіктер мен кемшіліктерге қатысты жекелеген ой-тұжырымдардың субъективті болуы да ықтимал. Әрине, оның себебі, автордың тарихи оқиғаларды өзіндік дүниетанымы мен қоғамдық ұстанымына байланысты ой-түйсігімен қабылдауында жатыр. Аталған еңбектердің мазмұны мен сипаты осы мақсатты орындауға қызмет етеді. Әйтсе де мемуарлық еңбектер сипаты жағынан субъективті болғанымен қайраткер өмір сүрген дәуірдің барлық болмысын және сол қоғамның өзіндік ерекшеліктерін танып-білуге мүмкіндік береді.

А.Асқаровтың бұл еңбектері ғұмырнамалық қана емес, өзінің өмір тағылымына талдау жасаумен қа-

тар кеңестік қоғамның тарихи шындықтарын нақ болмысында баяндауымен, әлеуметтік ортаға қатысты ой-толғамдарымен бағалы екендігі сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қозыбаев М. Тарих зердесі. (Арыстар тұғыры). – Алматы: Ғылым, 1998. – 2 кітап. – 280 б.
2. ҚРОММ. 2237-өк., 1-т., 127-іс. 1-п.
3. Асқаров А. Тағдыр. – Алматы: Журналист. 1992. – 250 б. (116.)
4. Асқаров А. Көзқарас. – Алматы: «Жалын», 1996, – 328б. (59,60,170,140, 64,122,124,105,19,206б.)
5. Нұрпейісұлы К. Көзқарас тұрақтылығы // Жетісу. 1997. – 19 наурыз.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

«АУЫЛ ЖЫЛЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (2003-2005 жылдар)

Елизавета ИСИБАЕВА,
Балжан ДӘУЛЕТІЯРОВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің доценттері,
тарих ғылымдарының кандидаттары

Ауыл – алтын бесік. Ауыл дегенде оның бұрқыраған жусаны мен кең жазық даласы еріксіз ойға оралады. Бірақ осындай теңеулерге лайық ауылымыз бір жылдары жадау тартып, келбеті сұрқайланып кетті. Халықтың әлеуметтік тұрмысы нашарлап, жастар арасында жұмыссыздық белең алды. Жалпы, Елбасының арнайы бұл жылдарды “Ауыл жылы” деп жариялауында үлкен мән бар [1]. Ондағы негізгі мақсат, сонау 1995-1997 жылдары оңтайландыру, экономикалық тоқырау кездерде азып-тозуға шақ қалған ауылды көтеру. Ауыл мен ауыл шаруашылығы еліміздің экономикалық және әлеуметтік өмірінде айрықша орын алатыны анық. Жалпы, бұл тек Қазақстанның ауыл шаруашылығын көтеру жылдары ғана емес, бұл – қазақтың ауылын қайта жандандыру, түрлендіру деген сөз. Ауыл–халықшаруашылығыныңкөптегенсалаларын шикізатпен қамтамасыз ету көзі. Ауыл бүгінгі күнімізге дейін қаншама тарихты басынан өткізді. Бетбұрыс, қайта құру сияқты егеменді қазақ елінің 80-жылдардың екінші жартысынан бастап өтіп жатқан төңкерістің ішкі сыры, мәні. Қайта құруды толып жатқан олқылықтарына қарамастан төңкеріс деуіміз неліктен? **Біріншіден**, ол біздің қоғамның ұзақ жылдар дәуірлеген сталинизмнің зорлығынан, бұрмаланған социализмнен бас тартуы, **екіншіден**, ол егеменді елдің мүмкіндігін толық аша алатын үлгісін қалыптастыру, **үшіншіден**, ол ұзақ жылдар зорлық пен қорлыққа ұшыраған, үріккен, жапа шеккен, арасына жік түскен халықтың психологиясын, санасын заманның жаңа бағытына, мүддесіне сай қайта құру, **төртіншіден**, қазақ халқының әл-ахуалын мәдениетін, ой-өрісін жаңа сапаға көтеру, **бесіншіден**, тәуелсіз Қазақстан Республикасының экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету, шындай түсу, ұлтаралық қатынастарды, экологияны, демографиялық хал-ахуал-

ды, сыртқы саясатты жаңаша ойлау идеологиясы рухында дамыту [2,4-5-б.]. Өтпелі кезеңнің зардабы ауыл шаруашылығына және бүкіл аграрлық секторға қолайсыз болды. Аграрлық дағдарыстың табиғаты, негізгі себептері және одан шығу жолдары ғылыми және көпшілік әдебиетте аз жазылған жоқ. Қазақ ауылдарының артта қалуы, ондағы қазіргі келеңсіз жәйттер аграрлық саясатта жіберілген қателердің зардаптары екені белгілі. Әкімшілі әміршіл өкіметтің орнығуы, халықты әбден титықтатқан «жоспаршылдық» соғыстан кейінгі дамуда өз билігін кеңінен жүргізді [3, 65-б.]. Ауыл тұрғындарын «жаппай өрге сүйреу» барлық адамдарды белгілі-белгісіз әйтеуір бір іске құлшындыру тұрпатындағы саяси-экономикалық науқандар тұтас Кеңес империясы көлемінде жүргізілген тәжірибелер деп атауға болады. Бұл кезде байқалған құбылыс – ауыл тұрғындарының қалаға ағылуы. Миграция, бір жағынан, ауылдың экономикалық және әлеуметтік жадайының индикаторы болды. Екінші жағынан, ауыл халқының қалаға көшуі ауыл жағдайының төмендеуі негізгі себептерінің бір көрінісі еді. Міне, осы әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан өте артта қалған ауыл мен селоның әлеуметтік-мәдени өмірін дамытуға партия мен Үкімет ұдайы қамқорлық жасауға ұмтылып қаншама қаулы, қарар қабылдады. Ауыл мен селоның әлеуметтік құрылысының күрделі қоғамдық мәселелерін шешу, оның тұрғындарының мәдени-тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық, тұтыну талаптарын қанағаттандыруға бағыт-бағдар сілтеді [4,26-б.]. Сөйткен ауылға енді біржолата бетбұрыстың жасалуы елдің үмітін оятты десек артық емес. Ауылдың ауыр жағдайының сыры неде болды? Ауыл қиыншылықтарының бірі бұл осы салада орын алып отырған қиындықтардың басты себебі ауыл

шаруашылығы өнімдері мен өнеркәсіп өнімдерінің бағалары арасында тепе-теңдіктің болмауында. Ауыл қиыншылықтарының келесі бір үлкен себебі, халықтың сатып алу мүмкіндігі бар сұранысының күрт төмендеуімен байланысты, тағы да бір себебі колхоз-совхоздардың кәсіпорындармен өзара есеп айырыса алмау, есеп айырудың банкілер тарапынан шабан атқарылуы, ұзаққа созылуы болды. Сонымен қатар, халық шаруашылығы мемлекет тарапынан басқарудың әлсіреуімен де тарапынан басқарудың әлсіреуімен де тікелей байланысты еді. Сонымен, Кеңес өкіметінің тұсында жүргізілген аграрлық саясаттың табыстары болғанымен кейбір реформалар өз нәтижесін бермеді [5, 12-б.].

Біріншіден, ел азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі толық қамтамасыз ететіндей, сөйтіп артылғанын сыртқа шығаратындай болуға ұмтылуды басым бағыт ретінде ұстану. Бұл үшін сапаны жақсартып, азық-түлікті ұқсатуды жетілдіру болып табылады. **Екіншіден,** ауыл шаруашылығының тұтастай алғанда агроөнеркәсіптік кешені сияқты жүйені қалыптастыратын басқа да салалармен бірге ел экономикасын тұрақтандыратын буын болуға, дамуға, демеу беретін тұтқа болуға да мүмкіндігі бар, солай болуға да тиіс. Ауыл шаруашылығын өркендету арқылы бүкіл экономиканы дамытуға қуатты қарқын болып табылады. Мұның өзі жалпы ішкі өнімге мол үлес болды. Халықтың әл-ауқатын арттыруға жаңаша, серпінді бетбұрыс осы істен басталды. **Үшіншіден,** ауылда өмір сүруге лайықты жағдай жасау. Бұл үшін өндірістік міндеттерді шешу де әлауқатты арттыру да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға барлық мүмкіндікті жасайтын мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру деңгейіне қол жеткізу де маңызды. Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап, елде жүргізілген аграрлық реформалардың оңды тенденциялары да теріс зардаптары да болды. Нарықтық қатынастарға көшу жөніндегі құқықтық және заңдық база жасалды, мүлік пен жер үлесін жеке адамдарға бере отырып, мемлекеттік меншік жекешелендірілді, көп тұрпатты экономиканы дамытудың жаңа алғышарттары баға несие-қаражат жүйесі жасалды. Егер «ауыл жылдары» басталардан бұрын аграрлық саланы қолдауға 27 млрд. теңге қаржы бөлінсе, соңғы екі жылда оның мөлшері екі есеге артып, 57,5 млрд теңгені құраған. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі 13,5 %-ға өсіп, 2004 жылдың қорытындысы бойынша 693,3 млрд.теңгеге жеткен. Сонымен бірге азық-түлік тауарлары мен ішкі нарықты толықтыру мәселелері тұтастай тұрақталып, экспорт көлемі 35 %-ға артты. Ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты түрде өсе бастады. Бұл саланы тиімді бизнес көзіне айналдырып оған инвестициялық ағымдардың қиылуына оң жағдай туғызды. Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешені республиканың бюджетіне ауыл шаруашылығына қатысты бірқатар жаңа бағдарламалар енгізді. Аталмыш бағдарлама бойынша ауылдық ақпараттық инфрақұрылымын дамытуға 170 миллион теңге егіншілік саласындағы міндетті сақтандыру жүйесін қолдауға 1миллиард теңге ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға екінші деңгейдегі банктерден бөлінетін несиенің сыйақы ставкаларын жеңілдетуге 395 миллион теңге МТС-терді құру мен жарақаттандыруды қамтамасыз ету үшін 1-миллион теңге қарастырылды. 2005 жылы екінші деңгейдегі банктердің өзі осы ауыл шаруашылығы саласына 125 млрд.теңге аударған. Бұл 2002 жылмен салыстырғанда екі есеге артық. Ауылда өндірісті шоғырландыру процестері басталып, іріленген өндіріс құрылымдары қанат жайды.

«Ауыл жылдары» аясында республикада 4919

мемлекеттік емес кәсіпорындардан (ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері түрлі шаруашылық серіктестері және акционерлік қоғамдар) 157 мың шаруашылық қожалықтарынан және 65 мемлекеттік заңды тұлғалардан құрылған негізінде тұрақты аграрлық құрылым қалыптасты. Оған қоса аграрлық құрылымның құрамына ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын ауыл халықының 2 миллионнан аса жеке шаруашылықтарын және шамамен 3 мың бау-бақша шаруашылықтары мен саяжай кооперативтері ашылды. Сондай-ақ сала еңбеккерлерінің орташа жалақысы 17 %-ға өсіп, 11 мың теңгеге жетті. Өткен кезеңде ауылдағы әлеуметтік саланың даму мәселелеріне де баса назар аударылды. Ауылдық аумақтарды 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, өткен жылы әлеуметтік дамудың нормативтік негізі қаланып, оның мониторингін жүргізу жұмыстары жүзеге асырылды. Осы бағдарлама бойынша, ауылдық жерлердің әлеуметтік мәселелерін шешуге мемлекет тарапынан бағытталған 51,3 млрд. Теңгенің игерілу жұмыстары қадағаланып, сарапталынған. «Ауыл жылдары» ауылға мемлекет тарапынан үлкен көмек көрсетілді. Осы үш жыл ішінде ауыл шаруашылығындағы ішкі жалпы өнім көлемі үнемі өсу үстінде болды. 2004 жылы ол 694,7 миллиард теңгеге дейін жетті. Бұл 1999-2002 жылдардың орташа жылдық деңгейінен 11%-ға ал оның алдындағы үш жылғыдан 31 %-ға жоғары. Осы жылдары ауыл шаруашылығының жерлерінің пайдалану тиімділігі де өсті. 2003-2004 жылдары егістіктің әр гектарынан алынатын жалпы өнім көлемі жылына орта есеппен 10051 теңгені құрады. Бұл 1999- 2002 жылдардың орташа жылдық деңгейінен 11 %-ға ал оның алдындағы үш жылдағыдан 31%-ға жоғары. Осы жылдары ауыл шаруашылығының жерлерінің пайдалану тиімділігі де өсті. 2003-2004 жылдары егістіктің 10051 теңгені құрады. Бұл 1999-2002 жылдары ұқсас көрсеткіштен ұқсас көрсеткіштен 7,1 %-ға ал оның алдындағы үш жылғыдан 60,3 пайызға артық. Осы жылдар ішінде сырттан келетін азық-түлік импортының үлесі едәуір азайған. Мәселен, шұжық импортының 32 %-дан 26%-ға төмендеген. Басқа өнім түрлері жөнінде де осылай деуге болады. Есесіне, экспорт көлемі азайды. Себебі, жалпы өндіріс көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу өнеркәсібінің үлесі артты. Республикалық бюджеттен 2003 жылы 54,7 миллиард теңге қаржы бөлінді. Бұл 2000 жылғы көрсеткіштен 5 есе ал өткен жылғыдан 39%-ға артық. Бюджет арқылы қаржыландырылатын бағдарламалар саны 47-ден 62-ге ұлғайтылған Республикалық фитосанитарлық диагностика мен болжам жасау орталығы агрохимиялық қызметтің ғылыми-әдістемелік орталығы», «Қазагромелио-сушар», «Қазагромаркетинг», «Астық қолхаттарын кепілдендіру қоры» секілді аса қажетті мемлекеттік құрылымдар дүниеге келді. Мал тұқымдарын асылдандыру, өсімдіктер мен малдарды түрлі зиянкестер мен аурулардан қорғау, минералдық тыңайтқыштармен қамтамасыз ету, егістікке су жеткізу жұмыстары шығындарының бір бөлігі мемлекет есебінен өтілетін болды. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге бюджеттен несие бөлу 88% -ға ұлғайып, 11,7 миллиард теңгеге жетті. 2003жылдан бастап, мемлекет астық нарығын реттеу мәселесіндегі өзінің қатысушылық қызметін арттырды. Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы 2 миллион тоннаға жуық астықты нарықтық баға бойынша сатып алып, оның бағасының шаруалар үшін тиімді болуына екінші жағынан алғанда ішкі нарықтағы тұтынушылар мүддесін қорғауға өз үлесін қосты. 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы барлық егістік жерлер 0,5 млн.гектарға ұлғайып, 18 млн.

гектарға жуық болды. Егістік жерлер тек облыстарда 70,4 мың гектарға азайған. Мүйізді ірі қараның 85%, қой мен ешкінің 77%, шошқаның 83%, жылқының 81%, құстың 53% тұрғындардың жеке меншігінің үлесіне келеді. Өндірілген еттің 875, сүттің 915, жұмыртқаның 495, жүннің 79% тұрғындарының жеке меншігінің үлесіне келді. Қазақстандағы аграрлық қайта құрулар мал шаруашылығы салаларындағы мал басының саны, өнім өндірісі және шаруашылық санаттарына бөлінуі бойынша айтарлықтай өзгерістерді әкелді. Мал басы түліктүрлері бойынша 4-тен 11%-ға, мал өнімдерін өндіру әрбір өнім түрлері бойынша 4-тен 10%-ға артты. Өнім өңдеу жұмыстары да жақсара түсті. Реформа жылдары мал басы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жұртшылық шаруашылықтарына ауысты. 2005 жылы осы шаруашылықтарда 4650,2 мың бас ірі қара мал, 1045,8 бас шошқа, (87,5), 10829,8 мың бас қой мен ешкі (82,1%), 915,9 мың бас жылқы (83%) ұсталған. Халық шаруашылықтарында құстардың жартысынан көбісі өсірілген. Өлі де болса азық базасының әлсіздігінен азық рационы теңгерілмеген болмағандықтан, мал өнімділігінің тұрақсыздығы әлі де сақталуда. Тек 2006 жылы ғана шұжық шығару 36%, сары май өңдеу 12%, ірімшік өңдеу 21%, көк өңіс қалбырларын шығару 5 есеге артты. Егіншілік саласында миллиард пұт алынды. Картоп пен көк өңіс 75 майлы дақылдар 45%-ға артты. Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі оның алдындағы жылдан 50 миллиард теңгеге артып, жиыны 607 миллиард теңгені құрады. Ауыл шаруашылығы саласын техникамен қамтамасыз ету қарқынды түрде ілгеріледі. 2005 жылы ғана 1356 астық комбайны сатып алынды. Соның нәтижесінде, бұрын бір комбайнға түсетін жүктеме 474 гектарды құрап келсе, өткен егіс науқанында ол 90 гектарға төмендеп, 384 гектарды құраған. Республика бойынша бір жылда өндірістің алға басу нәтижесінде 109 рентабельділігі 8%-дан 22%-ға артты.

Қазақстанда ауыл жұрты 44%-ды құрайды.

Сондықтан да мұндағы жұмыс қолының көптігінен жұмыссыздар саны көбеюде. Реформаға дейінгі кезеңде жұмыс орны кеңшарлар мен ұжымшарлар есебінен қамтамасыз етілген. Атап өткен бір жетістік, ресми түрде жарияланған Ауыл жылдарында агросектордағы жұмысшылардың саны едәуір артқан. Нақты мысалға жүгінсек, 2003-2005 жылдар аралығында ауылдық жерлерде 208 мың жаңа жұмыс орны ашылған. Жұмысшылардың еңбекақысы да тұрақты өсіп келеді. Орташа айлық жалақы 2004 жылы 11 мың 978 теңгені құраса, 2005 жылдың тоғыз айында ол алдыңғы жылдың тоғыз айында 32%-ға көбейген. Мемлекет ауылшаруашылық саласына деген қолдауды осымен доғармақ емес. Келер жылғы республикалық бюджет бойынша еліміздің аграрлық секторын дамытуға 16%-ға артық қаражат бөлінеді. Бұл сан алдағы уақытта да арта бермек. Ендігі алда тұрған міндеттердің ең бастығы аграрлық секторды Дүние жүзілік сауда ұйымына кіруге даярлау, ауыл шаруашылығы саласындағы өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Ауылды қолдау ол мемлекеттің материалдық-техникалық қорлардың табиғи монополияларының өніміне бағаның тепе-теңдігін қамтамасыз еті және мемлекеттік тапсырыс бойынша сатып алынатын ауыл шаруашылық өніміне кепілді баға белгілеу жөніндегі реттеуші қызметін көтерді [6,19-6.]. Астыққа мемлекеттік тапсырысты қалпына келтіру немесе өндірушілердің өндірістік шығынын өтеп, қайтарып, және белгілі дәрежеде табыс беретін кепілді бағмаен «Азық-түлік корпорациясы» арылы мемлекет мұқтажы үшін сатып алынатын өнім көлемін 50%-ға көбейту,

сондай-ақ экспортқа бағдарланған өнімді міндетті түрде мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз етті. Ауылдық аумақтарын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында екі жылда 126,9 миллиард теңгенің қаржысы бөлінген. Бұл қаржы ең алдымен ауылдағы білім беру денсаулық сақтау, ауыз сумен қамту мекінді әлеуметтік салаларды жақсарту ісіне бағытталған еді. Соның нәтижесінде тек 2005 жылы 55 мектеп пайдалануға берілсе, 70-ке тарта мектеп қайта жаңғырды. Мұның сыртында 595 елді мекендегі мектептерде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Елді мекендерде 58 балабақша ашылса, бұл жұмысты тиімділікпен жүргізудің жолдары да қарастырылып, соның нәтижесінде балаларды мектепке дайындау ісімен шұғылданатын 145 шағын орталық ашылған еді. Ауылдағы дәрігерлік қызмет көрсету мәселесіне де үлкен көңіл бөлінді. Тек бір жыл ішінде ғана (2005 жылы) 19 денсаулық сақтау нысаны қайта ашылса, құрылыс және жаңғырту жұмыстары 146 нысанды қамтыды. Ал, мәдениет мекемелерінің саны 146 бірлікке артты. Ауылды таза сумен қамту мәселесі ауылды мекендердің басым бағыттарының бірі. Сумен қамту жүйелерін жақсарту мақсатында мемлекет жыл сайын қаржы бөліп отырады. Мәселен, 2005 жылы республикалық бюджеттен 4,7 миллиард теңгенің қаржысы бөлінген. Бұл 86 нысан бойынша құрылыс және жаңғырту жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік берді. Ең бастысы осы үш жылдың ішінде ауыл адамдарының тұрмыс тіршілігі жақсара түсті. Яғни, үш жылдық мемлекеттік бағдарлама өзінің алға қойған негізгі мақсатынан қазірдің өзінде көрініс берді деп айта алуымызға болады. 2003-2004 жылдары ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің орташа айлық жалақысы 46,7%-ға өсіп, 11978 теңгеге жетті. Ал, 2005 жылдың тоғыз айында 2004 жылмен салыстырғанда айлық жалақы тағы да 29,4%-ға өсті. Реформалар басталғаннан бері, республиканың ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылық тауарлар өндірушілердің құрылымында түбегейлі өзгерістер орын алды. Меншіктің мемлекеттік емес, нысаны ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде басым еді. Оның өндіріс көлеміндегі үлесі 1990 жылдағы 38,9%, 1999 жылдағы 99,3%-ға көтерілді. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығының соңғы жылдарда елдегі жағдайға жалпы алғанда оң әлсірететін факторлардың арасында Адам дамуы тұрғысынан ең нағыздылығы болып табылады. Бұл тұрғыдан ең әлсіз болып табылатын халық – Атырау, Жамбыл, Қызылорда мен Маңғыстау облыстарындағы жағдайы шиеленіскен аудандарда тұратын ауыл халқы. Мұнда қоршаған орта жағдайының нашарлығы денсаулыққа бала туу деңгейіне және тұрмыс деңгейіне кері әсерін тигізді, тіршілік ауқымын тарылтты және ақырында кіріс деңгейінің төмендеуі мен жұмыссыздыққа алып келді. Нарықтық экономикаға көшу ең алдымен ауылға ауыл азаматтарына өте ауыр соққанын уқыт көрсетіп берді. Оның үстінде өтпелі кезеңде Үкімет көбінесе ауылдың нарыққа өтуіне ерекше қамқорлық жасаудың орнына оның қиындықтарына ауыл азаматтарының «мойнына» арқалатып оңсыз объективті жағдайларға байланысты мемлекеттен жәрдем күткен ауылды «жетімсіретіп» келді. 2004 жылдан бастап ауыл өмірі мен ауыл шаруашылығы саласында Елбасының тапсырмасымен үлкен өзгерістер ең алдымен жаңадан қабылданған заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар арқылы мемлекет қаржысымен қуатталды. Сөйтіп, бір жылдың нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласындағы нарықтық қатынастарды мемлекеттің қолдауымен одан әрі тереңдетілді, дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етуде едәуір нәтижелерге қол жеткізілді. Сөйтіп Ауыл

жылдары өткенімен бұрынғы қолдау одан әрі жалғасты. Ауыл шаруашылығының дамуына бетбұрысты сипат беретін Жер, Су, орман кодекстері, «Астық туралы» «Өсімдіктерді қорғау туралы» заңдар мен жүздеген астам нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Сонымен қатар, аграрлық ғылым саласын өндіріске жақындатып, тиімділігін арттыру мақсатында реформалау шаралары қолға алынды. Су, орман шаруашылықтарының жұмысы жүйелендірілді. Несие саясаты ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге берілетін банк қарызына ішінара мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз етуге несие үшін алынатын өсім деңгейін төмендетуге мемлекет қатысуымен несие серіктестіктері желісін ұйымдастыруға қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несие беру жүйесін қалпына келтіруге бағытталған. Қысқа мерзімді несие үшін қолайлы ақы жылына 10-12%, ұзақ мерзімді несие үшін 3-5% болып табылады, несиені банктартауар өндірушілерге жыл басында аса сапалы тұқым және асыл тұқымды мал сатып алуға төмен пайызбен беріп отырған.

Ауылға деген ерекше көзқарасымыздың бірі – демографиялық көші-қон және әлеуметтік астарлары жөніндегі мәселе. Бұл ауылдық жерлерге адамдарды қоныстандыру саясаты. Қазақстанда тарихи тұрғыда әсіресе, әкімшіл-әміршіл экономика кезеңінде нарық экономикасы жағынан да, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық пайым жағынан да барынша сәтсіз жүргізілгенін айтқан жөн. Соның салдарынан, көптеген ауылдық аудандарда тоқыраушылық экономика тамыр тартты. Жердің сапасы жағынан сондай-ақ табиғи және әлеуметтік өлшемдері жағынан алғанда да миллионға жуық адам өзіндік жетімділіктің ең төменгі қалыпты жағдайында өмір сүріп жатқанын еш бүкпесіз тілге тиек теуге болады. Ауыл жұртының көптігінен аудандардың көпшілігінде жұмыссыз дендеді, ал мұның өзі еңбек нарығын әлсіретті сөйтіп оның елдегі ең төменгі деңгейге дейін арзандытылды. Соның салдарынан ауыл жұры аудан орталықтары мен қалаларға жаппай көше бастады. Айталық, 2000-2001 жылдары келешегі күмәнді, сол себепті адамдар тастап кеткен, 186 мекен тарады, ал 2002 жылы 9,3 мекенде жер таратылған еді [7,94-б]. Ауыл жылы Президент бағдарламасын орындау барысында, өзінің игілікті, тиянақты істерімен Ақтөбе облысына танымал Мұғалжар ауданын атап өтпеске болмас, бұл аудан бойынша 2004 жылда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 1,3 млрд. теңгені құрады, 2003жылдың тиісінше мезгілінің деңгейіне 64,4 % мал шаруашылығының өнімі - 981,5 млн. теңге және 107% . Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің құрамында өсімдік шаруашылығының үлесі 34%- дан 24%-ға дейін төмендеген, мал шаруашылығының үлесі 60%-дан 76%-ға дейін жоғарылаған түрінде өзгеріс орын алған. Ауданда дөңді дақылдар 44,1 мың гектар жерден жиналған. 15,4 мың тонна астық жиналған. Ауданның ауыл шаруашылық құрылымдары 3800 тонна картоп және 1600 көкөніс жиналған. Ауыл шаруашылығы саласындағы шағын бизнес шаруа қожалықтарының дамуымен сипатталады. 2004жылдың 1 қазанында ауданда 364 шаруашылық тіркелген, олардың 89% жұмыс істеп тұрғандар. Жұмыс істеп тұрған шаруашылықтарға малы бар немесе егістік жерлерді пайдаланылатын шаруашылықтар жатады. Ауылдық тіршілік ету ортасын дамытудың өзіндік құндылығы бар, өйткені, өңірдің құлдырауы оның ішінде адамның мұндай ортаны «тіршілік» аясына кіргізуден бас тартуы есебінен құлдырауы, адам мен сыртқы әлемнің қатынастарындағы жалпы өркениетті қорларды тарылтты. Ауылдық жерлерде тұратын халық бірегей ұлттық-тіршілік аясында табиғи-климаттық,

жағрафиялық, мәдени, ақпараттық сипаттағы қиыншылықтарды өтейтін және ауылдық жерлерді дамытудың субъектісі ретінде адам дамуының мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін ұлттық қорлардың бір бөлігінің ондай жерлердің пайдасына бөлінуіне құқықты. Мұндай жерлерде тұратын халық тіршілік ету ортасын өзгертуге көмек күтуге құқықты, оның үстіне, мұндай жерлер келешекте басқа жағдайларда басқа жағдайларда дамуға қор болып қалмақ. Жалпы алғанда, республика ауыл шаруашылығында соңғы жылдары біраз оңды тенденциялар байқалды. Экономиканың көп түрлілігі тұрақты сипат алды. Барлық аймақтарда шаруа қожалықтары мен кооперативтер шаруашылық серіктестер акционерлік қоғамдар арасында оңтайлы арақатынас қалыптасты. Ауылды жерде аграрлық қызмет көрсету өнімді өңдеу және сату саласы қалыптасты, ондағылар негізінен фермерлермен өзара тиімді экономикалық шартпен жұмыс атқарады. Заңдылық құқықтық база ауылды жерде шаруашылық кәсіпті табысты атқаруға қолайлы жағдай жасады. Адамдардың жер иелегіне, өнімді сататын базарларға еркін қолы жетуі жұмысқа ынталы фермерлер мен кәсіпорындар басшыларына ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырып табысты молайтуға мүмкіндік тудырды. Қазіргі кездегі жағдайда азық түлікпен қамтамасыз ету үшін қолайлы тенденция деп үй шаруашылығы секторында өндірістің өсуін және оның ұсақ тауарлы шаруашылыққа айналды. Мұның өзі еліміздің көпшілік аймағында халықтың өзін-өзі қамтамасыз етуін жақсартты. Ауылды жердегі демографиялық ахуалдың шиеленісуі халық санының ұдайы кемуімен, қартайған адамдар санының көбеюімен, ауылдан қалаға көшумен, мамандардың тұрақтамауымен қабаттас жүруде. Қоныс аудару процесінің тиындықтары мен ауыртпалықтарынан туындайды. Тұрған жерін айырбастау көшіп қонудан едәуір рухани күштің жұмсалуды уақыт және материал-қаражат шығындарын (олардың көлемі мүшелерінің санына, оның материалдық жағдайының деңгейіне және басқаларға байланысты) талап етеді. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының аса маңызды бағыты ауылды жерлер мен ауыл халқы тұрып жатқан аудандардан тіпті экологиялық қолайсыз аймақтардан еңбекке жарамды халықтың көшіп кетуін болғызбау. Мал өсіруімен шұғылданатын аймақтар тұрғындарының өмір сүруіне қажетті жағдай жасау керек деген ойдамыз. Аграрлық саясаттың міндеті елімізде қаңырап қалған аймақтар жасау емес, оларды дәйекті түрде көркейту. «Халықты жұмыспен қамту туралы» күшіндегі заң ауылда жұмыспен қамтудың ерекшеліктерін толығымен ескерілмейді, еңбек базарында ауыл тұрғындарын қала тұрғындарымен тең емес жағдайға қояды. Бұл еңбек жұмсау өрісінің шектеулілігі тұрғын үй базарының жоқтығы, жұмыс күші бағасының арзандығы жұмыс істейтін орынның тұрғын үйден алыстығында. Мемлекет тұрғындарының атамекеніндегі жағдайды жақсартуға қарағанда олардың қоныс аударуына қаржы өлшеусіз шығындалған. Сөйтіп, сату нәтижесінде, тек 2005 жылы 53 мыңнан ауыл тұрғындары жердің бір қолда шоғырлануы жалғаса түсті. Бос қалған жердің бір қолда жинақталуын шектеуге болады. Мұндай саясат Ресейде 1906 жылы қолданылған еді – жоғарғы лимит 6 үлес болып белгіленді, ал іс жүзінде 30 және одан да көп үлес қолға жинақталған. Тіпті адал да қатал саясаткер Столыпін де белгіленген норманың сақталуын қамтамасыз ете алмады, ал жемқорлыққа бейім қазір жергілікті атқарушы билік мұндай міндеттің үлесінен шыға алмайтын еді. Ауыл шаруашылық жерінің аса үлкен көлемі және салыстырмалы түрде аз деп саналанатын 3.5 миллион ғана еңбекке жарамды ауыл халқы жер барлығына жетеді

деген жалған елес туғызады. Шын мәнінде сатып алу сату және қайтадан сату операцияларының салдарынан шалғай аудандарға ығыстырылып кету қаупі туындайды. Сондықтан ауыл адамының өзінің жер үлесін өз ұрпағына өткізе аламын деген үміті орындалмас арман болып қалуы әбден мүмкін.

Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын. Егер аграрлық азық-түлік бағдарламасы агроөнеркәсіптік кешенді, яғни шаруашылықтар мен ауылға тән тіршілікті қаржыландыруды (соның ішінде мал аурулары мен егіншілік зиянкестеріне қарсы күресу және олардың алдын-алу, шаруашылықтар мен халық қолындағы мал тұқымдарын асылдандыруға жәрдемдесу, тағы басқалар) қарастырса, ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасы ауылдың әлеуметтік жағдайына, яғни білім беру мен денсаулық сақтауға, мәдениет пен тұрмыс мәселелеріне арналған. Ауыл шаруашылығын қазіргі таңда елімізде астық нарығын дамытудың мемлекеттік реттеу тетіктерінің бірі. Өйткені, бүгінде еліміздің орташа жылдық көлемі 4,4млн тоннаны құрайтын астығы әлемінің қырықтан астам еліне экспортталған. Мал шаруашылығы бойынша да дамудың оң үрдісі сақталды. Мал тұқымын асылдандыру шаралары негізінде 2005 жылы барлық асыл тұқымды түлік түрлері екі есеге өскен. Мал шаруашылығы нарығын кеңейту мақсатында құрылған «Мал өнімдері корпорациясы» акционерлік қоғамның қазіргі уақытта өндірістерінде арнайы құрал-жабдықтармен жарақтанған 39 қосыны жұмыс істейді. Акционерлік қоғам мол өнімдерімен айналысатын отандық 60-тан астам кәсіпорынмен ынтымақтаса еңбек етіп, Қытай, Ресей елдерінде өз өкілдіктерін ашқан. Германия, Италия, Түркия, Қытай, Ресей, Украина, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан нарығына отандық өнімдерді тұрақты түрде экспорттауды жүзеге асырды. Осы мерзім аралығында шығарылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсарту және кәсіпорындардың халықаралық стандартқа өту жұмыстары атқарылды. Ақтөбе облысында 10 ауылдық несие беруші серіктестіктер, 19 микрокредит ұйымдары жұмыс істейді. Ауылдық несие беруші серіктестіктер 616,6 млн. теңге несие қаржыны таратты, ал шағын несие беру ұйымдары мен ауыл шаруашылығын қолдаушы қор жыл ішінде 218,3 млн. теңге несие қаржымен мыңнан астам заемшыларды қамтыды. Ақтөбе облысының агроөнеркәсіп кешеніне салынған инвестиция көлемі өсті, 2006 жылы негізгі қордың 2,7 млрд.теңге қаржыны игерді. Енді кәсіпорынның 1,7 есеге артты. «Туркуаз Эдидл Ойл Индастриес» ЖШС мен Мартөк, Қарғалы, Алға, Хромтау, Әйтеке би және Қобда аудандарының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері арасында өзара пайдалы ынтымақтастық қатынас жасау туралы келісімдерге қол қойылған. Ет өндіруге кластерлік бастаманы дамытуда Алға ауданының «Тоқпансай» ЖШС-де «Алшағыр» ауылдық тұтыну кооперативі құрылған. Ол Атырау облысына ағылшын «ЮСС Суппорт Сервисез» фирмасымен ет өнімін жеткізу туралы келісім шарт жасалған және цех жөнделген малды қабылдау және сою қызметтері көрсетілген және ет өнімдері сатылған. Сүт кластерін дамыту жолында 2006 жылы 4 сүт өңдейтін кәсіпорындар қайта жаңарту шаралары жүргізілді, бұл шығарылатын сүт өнімдерін түрлендіруге жабдықтардың қуатын арттыруға мүмкіндік береді. Облыстың өнім өңдейтін кәсіпорындары көрші облыстармен жаңа байланыстарды жолға қоя бастады. 2006 жылы Атырау және Маңғыстау облыстарына 3,4 мың тонна сүт өнімдері жеткізілген. Ондаған жылдар бойы қалыптасқан экономикалық жүйенің ауысуын

көздеген реформаны жүзеге асырудың көп жағдайда стихиялы болып өтпелі процесстердің реттелмеуінен көруге болады. Бұл процесстің нәтижесін қазіргі ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық жағдайы көрсетіп отыр. Ауылға деген құрмет – мемлекеттік идеологияның басты қазығына айналып, ауылды жерде қызмет істейтін бюджет қызметкерлеріне, ең әуелі мұғалімдерге, дәрігерлерге, әлеуметтік саланың мамандарының жалақысын бір жарым есе көбейту және арнайы жеңілдіктер қарастыру қажет-ақ. Шындығында, ауыл – қазақ руханиятының, мәдениетінің, дәстүрлі шаруашылықтың қайнар көзі, қазақтың жаны мен жүрегі. Ендеше, ауылды түлету, ауыл шаруашылығын өркендету халқымыз бен Отанымызды көркейту деген сөз. Барлық құқықтар сақталған.

РЕЗЮМЕ

В статье описываются итоги программы «Год села» (2003-2005). Сельская тема - это вечная тема. В этот «Год села» (2003-2005) в селе были проведены масштабные рыночные реформы. Система колхозов-совхозов в то время была демонтирована административными методами, и в частном секторе преобладали фермерские хозяйства и аграрные хозяйства. По итогам программы «Год села» сельское хозяйство получило беспрецедентные прямые государственные инвестиции, была восстановлена социальная, транспортная и инженерная инфраструктура села, агропромышленный комплекс стал технически и технологически инновационным, были внедрены международные стандарты развития инфраструктуры, сельское хозяйство стало развиваться на кластерной основе.

The article presents the results of the «Year of the village» program (2003-2005). The theme of the village is an eternal theme. In this «year of the village» (2003-2005), large-scale market reforms were carried out in the village. At that time, the collective-state farm system was administratively destroyed, and the private sector was mainly formed by farms and agricultural enterprises. According to the results of the agricultural years: agriculture received unprecedented direct state investments, social, transport and engineering infrastructure of the village was restored, technical and technological renewal of the agro-industrial complex was introduced, international standards for infrastructure development were introduced, and agriculture was developed on a cluster basis.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 23 желтоқсан. 2005, <https://turkystan.kz/article/49269-auyl-zhyly-auyl-a-ne-berdi>
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Агро-өнеркәсіп кешені, - Алматы, 2006, -222 бет.
3. Берденова К.А., Иманбердиева С.И. Аграрная политика тоталитарного государства как фактор кризисного состояния сельского хозяйства Казахстана. - Алматы: Ғылым, 1994, -142 с.
4. Байтілен С.А. Кеңес мемлекетінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: Ауылшаруашылығындағы экстенсивті бағдар және дағдарыс (1965-1990) т.ғ.д... дисс, авторефераты, -Алматы, 2006, -36 б.
5. Байсарина Қ.Қ. Қазақстандағы ауыл шаруашылығының дамуы: тарихы және сабақтары: т.ғ.д...дисс, авторефераты, -Алматы, 2006, -34-бб.
6. Медеуов Т.Ж. Қазақстандағы колхоз құрылысының соңғы кезеңі: дағдарыстан шығу жолдарын іздестіру тәжірибесі (1981-1991): т.ғ.к... дисс, авторефераты, - Алматы 1999, -27б.
7. Мұқатова Д. Тоқырау жылдарындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік жағдайы (1971-1991 жж.): т.ғ.к... дисс, автореферат, -Алматы, 2007, -27 б.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру

Олжас ШАҒАНБЕКҰЛЫ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің 2-курс магистранты

Елімізде бірліктің бірегей моделін қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы маңызды рөл атқарады. Жалпы, Қазақстанның бірінші жаңғыруы КСРО-ның қирандысынан шығып, өз жолымызды дербес мемлекет ретінде табуға қадам басудан басталса, ал екінші жаңғыру «Қазақстан – 2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорданың салынуымен басталды. Одан кейін үшінші жаңғыру Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен жалғасын тапты.

Ұлт санасының жаңғыруын мақсат еткен бұл еңбек – бағдарламалық құжат. Үлкен екі бөлімнен тұратын мақаланың екінші жартысында Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен ұлттық болмысқа, кейіннен дәстүрдің заманауи сынынан сүрінбей өткен озығына негізделетіндігін қадап айтты. Бұл іргелі мақаланы халық «Мәңгілік Ел» мұратын жүзеге асырудың түп негіздерін көрсеткен тұжырымдамалық бағдарлама ретінде қабылдады.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы этностар арасындағы бейбітшілікті, достықты және татулықты нығайтуда заңды шараларды қолданудың негізі болып табылды. Сонымен бірге азаматтардың этникалық шығу тегіне қарамастан, бәрінің құқықтарын, мүмкіндіктерін бекітіп берді. Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекет ретінде орнықтырды және болашақта дамыған 30 елдің қатарына ену мақсатында жаңа жоспар, бағдарламалар жасауда. Осының дәлелі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы болмақ. Осы бағдарламаны жүзеге асыруда Қазақстан халқы ассамблеясының рөлі өте зор.

Қазақстан халқы Ассамблеясының басты мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық бірлестігі және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету.

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді [2,4].

Қазақстан халқы Ассамблеясының осы уақыт көлемінде атқарылған жұмыстары ұшан-теңіз десек болады. Мысалы, Қазақстанның тіл саласындағы саясаты. Қазақ тілі – қай ұлттың өкілі екеніне қарамастан, Қазақстанды мекен еткен барша халықты біріктіретін құдырет. Қазақ елін өзіміз Отаным деп танитын әрбір азамат мемлекеттік тілді білу қасиетті парызы екенін жан жүрегімен сезінуі қажеттігін ұғындыру жолында да Ассамблея тынымсыз еңбек етуде.

Жалпы алғанда Республика көлемінде өзбек, төжік, ұйғыр және украин тілдерінде толық оқытатын 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте Қазақстанда тұратын 22 этностың тілінде өз бетімен оқытылады. Осы аталғандарға қосымша балалардан басқа ересектерді

де 30 түрлі этностың тіліне үйрететін 195 арнайы лингвистикалық орталықтар ашылған. Қазақстанның көпэтникалық тұрғындары бар барлық өңірлерінде «Достық үйлері» жұмыс істейді. Елбасының тапсырмасымен Алматыда «Заңғар» ғимаратты, Нұр-Сұлтанда «Бейбітшілік және келісім» сарайы бой көтерген. «Бейбітшілік және келісім» сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының жыл сайынғы сессиялары, әлемдік және дәстүрлі діндердің съездері өтеді. Ақпараттық кеңістікте этникалық тілдерде 58-ден астам газет, журнал, радиобағдарлама шығады. Мемлекеттің қолдауымен жарық көретін алты республикалық этникалық газет бар. Тұтасымен алғанда ел көлемінде газет, журналдар он бір тілде басылса, радио хабарлары – сегіз тілде, телехабарлар – 7 тілде беріледі [3,4].

Республиканың бірқатар ірі қалаларында қазақ, орыс театрларынан басқа өзбек, ұйғыр, қырғыз, көріс және неміс театрлары жұмыс істейді, яғни елдегі тыныштық пен ынтымақтың дәлелі осылар бола алары сөзсіз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде рухани ықылым келісім мен бейбітшілік мәдениетінің ата-бабалардан мирас болып, замандардан қанымызға сіңген басты 7 қағидасын атап өтті. Тең құқылық, ортақ жауапкершілік, байсалды тіл саясаты, зайырлы ел сипаты, жалпыға ортақ еңбек қоғамы, жалпықазақстандық мәдениет және Қазақстан халқы Ассамблеясы қағидалары тұтаса келгенде еліміздегі бейбітшілік пен бірліктің формуласын айқындап, Ассамблеяның бүгінгі және ертеңгі келбетін толғымен ашып береді. Ассамблея барша азаматтардың мүдделерін қорғайтын бүкілхалықтық өкілдіктің инновациялық үлгісі, әрі еліміздегі демократиялық үрдістің табысты тетігі, ұлтты ұлы істерге жұмылдыратын халық билігінің органы ретінде болашақта да қоғамдағы рөлін нығайта түсетіні даусыз. Оған қаны бөлек болғанымен жаны бір, түрі бөлек болғанымен үні бір, біртұтас халқымыздың өмірлік қағидасы – қоғамдық келісімнің ұйтқысы болу, мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының, саяси партиялардың, діни конфессиялардың, жалпыға ортақ еңбек қоғамының ортақ үйлестірушісі болу міндеті жүктеледі. Елбасы Ассамблеяға қоғамдағы бейбітшілік пен келісім мәселері жөніндегі партияаралық ынтымақтастықтың Парламент қабырғасындағы әмбебап тетігі болып қана қоймай, бұл жұмыста аймақтардағы мәслихаттарда да жүйелі түрде жүргізуді міндеттеді.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена роли Ассамблеи народа Казахстана в реализации программы «Рухани жаңғыру».

The article is devoted to the role of the assembly of the people of Kazakhstan in the implementation of the «Rukhani Zhangyru» program.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Әбжанов Қ., Әсиев Ш., Аяған Б., Богинская И., т.б. Қазақстанның этностары 2014ж.
2. <https://assembly.kz/ru/etnokulturnye-obedineniya> Ассамблея сайты
- 3.Нысанбаев А.Н. Глобализация и транзитное общество // ANALITIC. Аналитическое образование. 2001. №4. 2-4 б.
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Жаһандану>.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ (Тәуелсіздік жылдары)

Ботагөз САПАРБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті, Шымкент қаласы

Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан бергі күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістер халықтың демографиялық дамуына да өзіндік ықпал еткені белгілі. Қоғамтанушы ғалымдар экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да үдерістерді талдап зерттеуде демографиялық статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, демографиялық ахуалды еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамудағы өзекті мәселелерімен байланыстыра отырып қарастырады. Халық – мемлекетіміздің қайнар көзі бола отырып, тәуелсіз Қазақстанның кешегі, бүгінгі және болашақтағы дамуының тірегі екендігі анық. Мемлекетіміздің демографиялық саясаты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» атты Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген халықтың дамуын қамтамасыз етудегі алға қойған міндеттерімен сәйкес келді. Демографиялық бағытта үлкен жетістіктерге жету еліміздің әлеуметтік дамуының негізгі табыстарының бірі саналады және елдің қорғанысын арттырып, дербестігін қамтамасыз етуде айрықша орын алып, экономикалық дамуымыздың келешегі болып табылады. Сондықтан да халықтың санын, білімін, ұлттық құрамы мен оның жасы мен жынысы туралы толық мәліметті білмей, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және демографиялық және көші-қон саясатын жүзеге асыру мүмкін емес.

Республика тарихи демографиясының соңғы кезеңде жедел қарқынмен дамуы және жеке аймақтар халқының өсіп-өнудегі ерешеліктерін зерттеп талдау жасау демографиялық және көші-қон саясаты үшін маңызы бар. Кейінгі кезеңдегі елімізде туудың азаюы, өлім көрсеткішінің жоғары болуы және көші-қон үдерісінің өсуіне байланысты тұрғындар санының күрт кемуі демографиялық жағдайдың шиеленісуіне алып келді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында дамуымыздың келеңсіз сипаттары қатарына демографиялық өнімсіздігімізді жатқыза отырып «1992 жылдан бастап соғыстан кейінгі 50 жыл ішінде біздің халқымыздың саны қысқара бастады» [1] деп атап өткен еді. Расында да 1999 жылғы халық санағының мәліметтеріне сүйенсек, елдегі тұрғындар саны 1989 жылмен салыстырғанда 1 млн. 246 мың адамға, яғни 7,7% - ға кеміп кеткен [2]. Алайда 2009 жылғы санақ нәтижесі еліміздегі халық санының өсімі бар екендігін көрсетті. Қазақстан халқының нақты саны 2010 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша – 16 млн. 196 мың адамды құрады. Бұл көрсеткіш бұған дейін өткен 1999 жылғы санаққа қарағанда 1 млн. 22 мың адамға артқан [3]. Еліміздегі халықтардың этнодемографиялық дамуын зерделей отырып аймақтық дамудағы ерекшеліктері мен алдағы міндеттерді ашып көрсету, қоғам дамуының негізгі көзі – халық дамуын зерттеу мақсатымыздың бірі болмақ. Этнодемографиялық және әлеуметтік ахуалдың түбірлі өзгеруіне Қазақстан халқының өз дамуындағы ішкі факторлар ғана емес, сыртқы күштердің ықпалынан дамуы болғандығы анық. Еліміздің ұлттық және әлеуметтік дамуындағы өзгерістерді аймақтық, атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстандағы, Жетісу өңіріндегі, Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық дамудың ерекшеліктерін негізге ала отырып қарастыру аталған мәселені терең білуге мүмкіндік береді.

Оңтүстік Қазақстан облысында үлкен демо-

графиялық потенциал шоғырланғандықтан, республикада айрықша орын алады. Оңтүстік Қазақстан облысы өзге облыстарға қарағанда, ұлттық-мәдени, дәстүрлік, өндірістік, табиғаттық жағдайына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Облысымызда халық тығыздығы 1 шаршы км-ге 18,6 адамды құрайды, бұл көрсеткіш республикалық көрсеткіштен 3 есе көп. Оңтүстік Қазақстан облысы халқы тәуелсіздікке дейін 1989 жылғы халық санағы бойынша 1 млн. 823,5 мың адам болса, 1999 жылы 1 млн. 978,3 мың адамды құрады, яғни 155 мыңға жуық адамға көбейді, ал 2009 жылғы халық санағы бойынша 2 млн. 381,5 мың адамға жетті, яғни 20 жыл ішінде 558 мың адамға өсті. Егер 1989-1999 жж. арасында Қазақстан халқы 1 млн. 246 мыңға азайғанын, ал 2009 жыл 16 млн.-нан асып, сол 20 жыл бұрынғы деңгейге (16 млн. 199 мың) енді ғана жақындағанын ескерсек, Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының демографиялық дамуындағы басты ерекшелік олардың саны көбеюінде екенін көреміз. Осыған тығыз байланысты облыс тұрғындарының ұлттық құрамында да елеулі өзгерістер көзге түседі, әсіресе, 1989 жылы облыс тұрғындарының жартысынан сәл ғана асқан (55,8%) қазақтар енді басым көпшілікке (70,1%) айналды [4]. Бұл ерекшелік бірінші кестеден айқын көрінеді:

1-кесте. Оңтүстік Қазақстан облысындағы ұлттардың пайыздық көрсеткіші (1989-2009 жж.)

Жылдар	1989	1999	2009
Барлығы	100	100	100
Қазақтар	55,8	67,8	70,1
Орыстар	15,3	8,2	6,2
Өзбектер	15,6	16,8	17,4
Татарлар	1,9	1,2	0,9
Украиндар	1,8	0,6	0,4
Немістер	2,5	0,3	0,2
Басқа ұлттар	7,1	5,1	4,8

Бұл кестеден бірінші жағынан, қазақтардың үлесі артып, басымдыққа жетуімен қатар өзбектердің де күрт өсуі, екінші жағынан орыс, неміс, татар, украин және т.б. ұлт өкілдерінің кемігендігі байқалады. Соңғы санақ нәтижесі де Қазақстанда адам санының өсімін және оның ішінде қазақтардың саны 10 млн. 98 мың адамға жеткендігін көрсетті.

Жалпы мұндай санақ кезінде халықтың 100 пайыз санаққа ілінуі мүмкін емес. Мәселен, 1999 жылғы I бүкілқазақстандық жалпы ұлттық халық санағына қатыспай қалғандар ресми есеп бойынша 1,3% деп айтылғанымен, жуықтап алғанда ол 3%-ды құраған болатын. Бұл шамамен 600-700 мың адам. Оған үйсіз-құйсіз жүрген баспанасыздардан бөлек, саяжайда, жатақханада тұратын жастар мен жанбағыстың қамымен кәсіп іздеп, сыртта жүрген халықты қосуға болады. Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындары арасында қазақтардың үлесінің өсуінің негізгі себебі, оралмандардың келуі мен қазақтардың табиғи өсімі едәуір жоғары болғандығында еді. Мәселен, тәуелсіздік алғаннан бері аймаққа оралған оралмандардың ұзын саны 600 мың адамға жеткен [5]. Е.С.Асылбековтың зерттеуі бойынша Оңтүстік Қазақстан облысында 1999 жылы қазақтардың табиғи өсімі 31,619 мың адамға жетсе,

орыстар 2632 адам, өзбектер 8909 болса, басқа ұлт өкілдері 2617 адам болған [4]. Оңтүстік Қазақстан облысында 120 этнос өкілі тұрады. Олардың ішінде – қазақтар – 55,8%, орыстар – 15,3%, өзбектер – 15,6%, әзербайджандар – 1,5%, татарлар – 1,9%, тәжіктер – 1,1%, украиндер – 1,8%, шешендер – 0,2%, гректер – 1,1%, белорустар – 0,2%, башқұрттар – 0,1%, қырғыздар – 0,1%, армяндар – 0,1% және басқа этнос өкілдері 1,4% құрайды [6]. Бұдан біз қазақтардың табиғи өсімі басым, ал өзбек ұлтының туылуы 10 жыл ішінде артқандығы, орыстардың депопуляция процесіне ұшырағаны байқалады, ал басқа ұлт өкілдерінің төмен көрсеткішке ие болып отырғанын көреміз.

Тәуелсіздік алғаннан бері урбандалу үдерісінің нәтижесінде, әсіресе, қазақтардың қалаға жылжуы үдей түсті. Бұл жылдары қала халқы 56,7%-дан 54%-ға төмендегенімен, Оңтүстік Қазақстан облысында қала тұрғындары арасында қазақтардың үлесі – 55,8%-дан 70,1%-ға дейін өсті, яғни 14,3% көбейді, өзбектер – 10,8% өсті, ал басқа ұлт өкілдерінің үлесі кеми түсті. Республикамыздағы 2009 жылғы халық санағы бойынша, қала тұрғындары арасындағы қазақтардың үлесі, соның ішінде, Оңтүстік Қазақстан облысында – 59,8% (552 171) құрап, 19%-ға өсті, ал өзбектер – 21,5% (197 775) құраса, 10 жыл ішінде 42 мың адамға көбейген, ал орыс, татар, украин, неміс, т.б. этнос өкілдері – 12,5% (172 417) құрап кеміген. Республика көлемінде үшінші қала мәртебесін алған 566,996 тұрғыны бар Шымкент қаласында қазақтардың үлесі – 57,5% (325 777) құрап, 10 жыл ішінде 118 мыңға көбейді, ал Арыс қалалық әкімдігінде – 65 920 адамды құраса, оның ішінде, қазақтардың үлесі – 95,2% (62 761) адамды құрап, яғни 32 мыңға өсті, Кентау қалалық әкімдігінде – 87 265 адамды құрап, оның ішінде, қазақтардың үлесі – 65,7% (57 305) адамды құрап, 5 мыңға көбейді, ал Түркістан қалалық әкімдігінде – 202 182 адамды құраса, оның ішінде, қазақтардың үлесі – 52,6% (106 328) адамды құрап, 13 мыңға көбейді [4].

Облыста 1989 ж. қала тұрғындары – 40,5%, 1999 ж. – 36,8%, 2009 ж. – 38,7% құраса, ауылдық жерлерде 1989 ж. – 59,5%, 1999 ж. – 63,2% болса, 2009 ж. – 61,3% құрап отыр, яғни Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының көпшілігі ауылдық мекендерде тұрады. Оңтүстік Қазақстан облысындағы ауыл тұрғындары арасында қазақтардың саны басым екендігі анық. Ауылдық жерлерде де, 20 жылдың ішінде қазақтар 76,6%-ды құрап, яғни 10,7%-ға көбейді, өзбек, орыс, татар, неміс, украин ұлттарының ауылдық мекендерде 17% болып, 10%-ға төмендеп, ал қалған ұлттарда 6,4% құрап, яғни 0,7%-ға кеміді. Республикадағы 2009 жылғы санақ бойынша, аймақтардағы ауыл тұрғындары арасындағы қазақтардың үлесі, оның ішіндегі, Оңтүстік Қазақстан облысында – 61,8% (1млн. 471,6 мың) құрады [4]. Облыстағы ұлттық құрамын қарастыратын болсақ, кейінгі жылғы статистикалық санақ бойынша, Мақтаарал, Сайрам, Сарыағаш аудандарында полиэтникалық (көпұлттылық) құрам басым, ал Шардара, Ордабасы, Отырар, Созақ, Төлеби, Түлкібас аудандарында моноэтникалық (бірұлттылық) тұрғыда дамығандығын байқатады.

Кейінгі кезеңдегі елдің демографиялық ахуалының нашарлап бара жатқанын ресми деректер де теріске шығармайды. Мемлекет тарапынан көмек жасалып отырса да, бүгінгі күнгі проблема азаяр емес. 2001 жылдан бастап демографиялық ахуал жақсарғанымен, әр жанұяда баланың туу деңгейі төмендеп кеткен. Мысалы, әрбір отбасында қазір 1-2 бала ғана тұрақтанады. Бұл, әрине, үлкен мәселе. Зерттеулердің нәтижесі бойынша, мұның басты себептері – отбасының ажырасуы, еркектер арасындағы өлім көрсеткішінің жоғары болып отырғандығы. Сонымен қатар халқымыздың арасында көптеген аурулардан қайтыс болуы, содан кейін қазіргі

жас отбасылар арасында азаматтық неке, яғни, тіркеусіз тұра беретіндер де көбейіп барады. Зерттеулер спирттік ішімдіктермен әуестену, нашақорлық сияқты факторлардың да бұған әсері үлкен екендігін анықтап отыр. Балалардың дүниеге келу санының азайып бара жатқанына мұның тікелей әсері бар. Әйтседе республика көлемінде бала туу деңгейі бойынша жақсы қарқынмен өсіп келе жатқан аймақтар да бар. Оның қатарында Оңтүстік Қазақстан облысы 2008 жылы бала туу көрсеткіші бойынша 21%-ға көбейген [3]. Халықтың бала туу деңгейін көтеріп, өлімді азайту мен салауатты өмір салтын қалыптастыру – демографиялық саясат пен отбасын нығайтудың 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының негізгі мақсаты болып табылады. Бұл бағдарламада 2010-2020 жылдар аралығында елімізде бала туу көрсеткішінің артуына қолдау көрсету, өлім көрсеткішін төмендету, миграциялық көрсеткіштерді оңтайландыру, отбасыларға жағдай жасау шарттары көзделген. Сонымен қатар жәрдемақы көлемін арттыру, жас отбасылардың баспаналы болуы, еліміздегі мүгедектер мәртебесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, халық өсімін шет елдегі қандастарымызды тарту есебінен көбейту қарастырылған. Бүгінгі күні ана мен баланың денсаулығын қорғау бағдарламасына сәйкес көптеген жұмыстар жасалып жатыр.

Оңтүстік Қазақстан облысы халқының әлеуметтік-демографиялық дамуын зерттеуде әлі де шешімін табуы тиіс, мәселен, ұлттық ерекшеліктер, туу, өсу, эмиграциялық және иммиграциялық үдерістердің орны мен әсері, т.б. сияқты мәселелердің бар екендігін де ескерген жөн. Десек те Оңтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік-демографиялық дамуына жағдай жасай отырып, егемен еліміздің ұлттық татулығының нығаюына, демографиялық дамуына мүмкіндіктер жеткілікті десек қателеспейміз. Облыстағы этностар ішінде қазақтар басым және ұлтаралық қатынастардың нығая түсуіне ұйытқы болары анық. Осы жайттарды назарға алып мемлекетіміздегі ұлттық қарым-қатынасты, әлеуметтік-демографиялық ахуалды жақсарту түсу үшін ықпал еткеніміз абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Назарбаев Н.Ә.** Қазақстан – 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: «Білім», 1998.- 94 б. (22 б.).
2. **Асылбеков М.Х., Козина В.В.** Казахи (демографические тенденции 80-90-х годов). Алматы: «Өркениет», 2001.- С.112.
3. ОҚО демографиялық ахуалы әлі де ақсап тұр // www.topreferat.com.
4. ОҚО халықтарының ұлттық ерекшеліктері // kk.wikipedia.org/wiki/
5. Қазақтың демографиялық діңгегі // www.aikun.kz
6. **Исмаилов А.И.** Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-географиялық очеркі. Оқу құралы. Шымкент, 2007.- 48 б. (28, 29-бб.)
7. **Спабеков Ж.Қ.** Оңтүстік Қазақстан облысы халқының ұлттық құрамындағы ерекшеліктер (1989-2009 жж.). // <http://el.kz/>
8. **Асылбеков М.Х., Козина В.В.** Народонаселение Казахстана в условиях суверинитета. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 152 с.
9. **Асылбеков Е.С.** Оңтүстік Қазақстанды мекендеген ұлттардың демографиялық тарихы. // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. № 3 (38). 2005.
10. Итоги переписи населения 1999 года по Южно-Казахстанской области. Том 1. Агентство Республики Казахстан по статистике. Алматы, 2001.- 157 с.
11. Итоги переписи населения 1999 года по Южно-Казахстанской области. Том 2. Агентство Республики Казахстан по статистике. Алматы, 2001.-255 с.
12. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. 2009 жыл басына Қазақстан Республикасы халқының облыстар, қалалар және аудандар бойынша саны. 2009. – 47 б.

РЕАЛИЗАЦИЯ СТРАТЕГИИ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА: теоретико-практические аспекты

А.ТУЯКОВА,
ассоциированный профессор, кандидат исторических наук,
Э.СЕЙТОВ,
кандидат исторических наук, КазУЭФМТ, г. Нур-Султан

